

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ  
«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

# РАХАТ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

Мухтарова Г.Р., Айтқұл Х.А., Тулегенов Т.Ж.,  
Зікірия Д.Қ., Құрбанәлі Ж., Дин Янь

ЕСІК 2025

«Рахат археологиялық кешені» монографиясын баспаға  
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Мәдениет комитеті  
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының  
Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған

**Рецензент:**

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Байгунаков Д.С.

Мухтарова Г.Р., Айтқұл Х.А., Тулегенов Т.Ж., Зікірия Д.Қ., Құрбанәлі Ж.,  
Дин Янь

Рахат археологиялық кешені. – Есік: ЖШС «MoNaVi», 2025. – 343б.

ISBN 978-601-82201-3-5

Еңбекте Рахат археологиялық кешенінде «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ғылыми қызметкерлерінің ғылыми-қолданбалы жобалар аясында және Ресей, ҚХР, Корея Республикасы мамандарымен бірлесіп жүргізген далалық археологиялық зерттеулерінің нәтижелері қарастырылады

ISBN 978-601-82201-3-5



УДК 92/904 (574)  
ББК 63.4 (5Каз)  
Р24

© Мухтарова Г.Р. және басқалар.

© «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2025.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>4</b>
<b>I. РАХАТ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ ТАБИҒИ-ТАРИХИ ЛАНДШАФТЫ .....</b>	<b>13</b>
<b>II. РАХАТ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР .....</b>	<b>23</b>
<i>II.1 РАХАТ I-V топтарындағы далалық зерттеулер</i>	
2.1.1. РАХАТ V тобындағы жоғарғы палеолит тұрағы .....	23
2.1.2. РАХАТ V тобындағы қола дәуірінің обалары .....	33
2.1.3. РАХАТ IV тобындағы (Өрікті) ерте темір дәуірінің обалары .....	44
2.1.4. РАХАТ IV тобындағы ерте темір дәуірінің обалары .....	52
2.1.5. РАХАТ II тобындағы ерте темір дәуірі обалары (M1) .....	58
2.1.6. РАХАТ I тобындағы ерте темір дәуірінің обалары .....	71
2.1.7. РАХАТ IV тобындағы ерте темір дәуірінің обалары .....	79
2.1.8. РАХАТ III тобындағы археологиялық барлау және M6 обасына жүргізілген қазба жұмыстары .....	102
2.1.9. РАХАТ IV тобындағы (Өрікті) түркі дәуірі обалары .....	110
<b>III. РАХАТ ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР</b>	
3.1. РАХАТ ескерткішіндегі ортағасырлық нысан (шаруашылық шұңқырлар) .....	122
3.2. РАХАТ ескерткішіндегі ортағасырлық жерлеу орындары .....	143
3.3. РАХАТ ескерткішіндегі №1 орталық төбешігі (F1) .....	159
3.4. РАХАТ ескерткішіндегі ортағасырлық жартылай жертөле (F2) .....	170
3.5. РАХАТ ескерткішіндегі №1 орталық төбешігінде жүргізілген зерттеулер .....	181
<b>РАХАТ ЕСКЕРТКІШІНДЕ ТАБЫЛҒАН МАТЕРИАЛДАРҒА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР</b>	
Қыш ыдыс материалдары .....	193
ҚОРЫТЫНДЫ .....	222
<b>ҚОСЫМША</b>	
Қыш ыдыстардың рентгендифракциялық талдаулары .....	226
Остеологиялық материалдар .....	248
Геоморфологиялық зерттеулер .....	272
Палинологиялық және карпологиялық зерттеулер .....	295
Генетикалық талдаулар .....	299
<b>ҚОСЫМША .....</b>	<b>315</b>
«Рахат ескерткіші: 2017-2022 жж. археологиялық зерттеулер нәтижесі» көрмесі .....	316
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорына қабылданған артефактілер тізімі .....	318
Рахат археологиялық кешені бойынша жарияланымдар тізімі .....	331
<b>ҚОСЫМША .....</b>	<b>339</b>

## КІРІСПЕ

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы «Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы», 2009-2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасы аясында құрылды. Қорық-музейді құрудағы негізгі мақсат Жетісу сақ-үйсіндерінің тарихы мен мәдениетін зерттеу және 1970 жылы табылған, еліміздің символының біріне айналған «Алтын адам» тарихын зерделеу. Себебі «Алтын адам» табылған обаға жүргізілген қазба жұмысының барысы, оба құрылымы, табылған олжалар мен жәдігерлер тағдыры, сол заманда өмір сүрген сақ-үйсіндердің мәдениеті мен ортасы, олардың қаракеті жайлы сауалдар Есік қорымы зерттелгеннен бері көпшіліктің қызығушылығын тудырып келгендігі белгілі. Мұндай сұрақтардың туындауы заңдылық та. Осы тұрғыдан келгенде Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылдық округіндегі Рахат ауылының жоғарғы жағында Іле Алатауының солтүстік етегінде орын алған нысанның музей қызметкерлері тарапынан таңдап алынуы кездейсоқтық емес (бұдан кейін – Рахат ескерткіші деп қарастырамыз). Біріншіден, бұл нысан жоғарыда аталған сауалдардың бірқатарын шешуге өзіндік септігін тигізеді, екіншіден, археолог Бекен Нұрмұханбетовтың концептуалды ойын негіздеуге мүмкіндік береді. Археолог кезінде Рахат ескерткішін «Алтын адамның» мекен тұрағы болуы ықтимал деген пайымдама жасаған еді.<sup>1</sup>

1999 жылы археолог Бекен Нұрмұханбетовтің жетекшілігімен «Қайнар» университеті мен «Алтын адам» ассоциациясының бірлескен кешенді археологиялық барлау

---

<sup>1</sup> Б.Н. Нурмуханбетов, Т.Ж. Тулегенов, Е.А. Джасыбаев. Городища Рахат и Өрікті – резиденция сакских царей и города сакской элиты. Археология шыңына шыққан: К.А. Ақышевтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2014., 248-256.; Туранин И. Древний город – возле Рахата. // Еңбекшіқазақ. 1999, №38.

экспедициясы мүшелері «Рахат ескерткішіне» алғашқы барлау жұмыстарын жүргізген болатын.

2004 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты қызметкерлері «Рахат ескерткішін» барлау-бақылау мақсатында қазба жұмыстарын жүргізді. Осы жылы биік топырақ үйінділерінен құралған 8 төбеден тұратын нысанның ортасындағы төбенің солтүстік-шығыс шетінде көлемдері 4x4 м стратиграфиялық шурф салынды. Қазба барысында әртүрлі тереңдікте қыш ыдыстардың бөлшектері (ернеуі, түбі және ыдыстардың бүйірлері) анықталды. Нәтижесінде төбелердің табиғи емес, адам қолымен тұрғызылғандығы расталып, ерте темір дәуірінен ортағасырға дейін адамдардың мекені болуы мүмкін деген қорытынды жасалды. Келесі 2005 жылы К.М. Байпақов, Б.Н. Нұрмұханбетов және Г. Ахатов сынды археологтар «Алматы облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын» басып шығару жобасы аясында ескерткіштерге тоқталып, сипаттама беріп өтті.<sup>2</sup> Олардың тарапынан алынған материалдар негізінде осы шағын ауданда тіршілік еткен көшпелілерге тән мәдениеттің қалыптасуы, ескерткіштер мәдени-хронологиялық атрибуциясына тиесілі жекелеген мәселелер ғылыми есептерінде ішінара көрініс тапты.

«Рахат ескерткішімен» бірге нысанның қасында орналасқан бірнеше төбешіктен тұратын, 2000 жылы археолог Б. Нұрмұханбетов тарапынан жүргізілген археологиялық барлау нәтижесінде анықталған, «Өрікті қонысы» да музей-қорық қызметкерлерінің назарынан тыс қалмады. Себебі соңғы жылдардағы топонимикалық атауларға байланысты екі нысанның атауларының екі түрлі болғанына қарамастан, олардың тарихи-мәдени байланысының болғандығында күмән жоқ еді.

«Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының іске асыру жөніндегі кеңестің кезекті көшпелі отырысы аясындағы

---

<sup>2</sup> ОТЧЕТ о работах Алматинского отряда по Своду памятников истории и культуры Алматинской области. Научный руководитель: академик НАН РК Байпаков К.М. Государственная программа Республики Казахстан «Культурное наследие» Институт археологии им. А.Х. Маргулана МОН РК. Министерство культуры, информации и спорта Республики Казахстан. Алматы, 2005.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ресми ашылу салтанатында музей-қорық директоры Гүлмира Райылқызы Мухтарова «Рахат» және «Өрікті» қала жұрттары орналасқан жер телімдері өз мақсаттарында, яғни ғылыми, мәдени, музейлік, білім беру және туристік мақсаттарда пайдаланылмай келе жатқандығын және бұл ескерткіштерді музей-қорық иелігіне өткізу туралы мәселе көтерді.<sup>3</sup>

Осыған орай 2011 жылы 10 мамырда Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі «Рахат ауылының оңтүстік шығысындағы «ежелгі сақ патшасының «Ақ ордасын» және Өрікті ауылының оңтүстік батыс жағындағы ежелгі сақтар қаласын қорғау және сақтау» туралы №388 және №389 Қаулыларын шығарды. Қаулылардың мәтінінде Рахат және Өрікті сақтар қаласын насихаттау жұмысын музей-қорыққа жүктеу, Өрікті аумағында қайтыс болған адамдарды жерлеуді тоқтату және осы аумақтарда құрылыс салу, бау-бақша отырғызу және басқа да мақсаттарға пайдалануға тиым салу туралы айтылған. Міне, осыдан кейін жоғарыда аталған кешендерді зерделеу жұмыстары жаңа арнаға түсе бастады. Ендігі кезекте кейінгі зерттеу жұмыстарының барысында Өрікті қонысы Рахат археологиялық кешенінің бір бөлігі ретінде қарастырыла бастады.

2011-2012 жж. арналған ҚР ММ 005 «Қолданбалы ғылыми зерттеулер» республикалық бағдарлама бойынша «Есік қорымы және Жетісу сақтарының мәдениеті» (жоба жетекшісі Г.Р. Мухтарова, экспедиция жетекшісі Т.Ж. Төлегенов) атты ғылыми-қолданбалы жоба аясында 2012 ж. Өрікті ескерткішінде алғаш рет археологиялық далалық экспедиция ұйымдастырылып, топографиялық жоспары жасалып, топосуреті түсіріліп, топографиялық жоспары жасалды, 2x2 масштабтағы стратегиялық шурф салынды, 1 нысан №1-2 обаларға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

2013 жылғы 9 тамыздағы Алматы облысы мәслихатының шешімімен Өрікті қонысы (ерте темір ғасыры, б.з.д. VII – б.з. XI

---

<sup>3</sup> 2009-2011 жж. арналған «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің көшпелі отырысының Хаттамасы. №32-67.10 маусым 2011 ж..

ғғ.) 19,5 га қорғау аймағы, 44 га қорғалатын табиғат ландшафты аймағы, жалпы алғанда 63.5 га жер көлемін құрайтын және Рахат ескерткіші (ерте темір ғасыры, б.з.д. VII – б.з. XI ғғ.) көлемі 5,2 га қорғау аймағы, 15 га құрылыс салуды реттеу аймағы және 63 га қорғалатын табиғат ландшафты аймағы, барлығы 83,2 жер көлемі заңды түрде «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорғау аймағына енгізілген кезден бастап музей-қорық ескерткіштерге өз тарапынан барлау жұмыстарын жүргізуді бастады.

2015-2017 жж. арналған «Есік қорымы және Жетісу сақтарының мәдениеті» (жоба жетекшісі Г.Р. Мухтарова, экспедиция жетекшісі Т.Ж. Төлегенов) атты ғылыми-қолданбалы жоба аясында 2015 жылы Рахат ескерткішінен оңтүстік-шығысқа қарай 1 шақырым жерде барлау-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде табылған археологиялық нысандардың жобасы жасалып, географиялық координаттары анықталды. «Рахат ескерткіші» биік топырақ үйінділерінен құралған 8 төбеден тұрады. Рахат ескерткіші территориясының жалпы аумағы 51 га шаршы метрді құрайды. (GPS – географиялық координаттары: N: 43°20.250'; E: 077°22.614'). Орталық төбенің биіктігі 20-25, ені 70-75 м. құрайтын, тік төртбұрыш пішінді, биік конус тәрізді төбенің жоғары бөлігінің ені тарлау, ал астыңғы табаны жалпақтау платформа тәрізді келген, биіктігі 18 метр, жоғарғы бетінің аумағы 3200 шаршы метр, орталық бөлікті айнала жасалған орлар қоршап тұр, ордың сыртқы қабырғасының диаметрі шамамен 220 метрді құрайды және айналасын бес бірдей созылып жатқан үйінді топырақ қоршаған.

Ендігі кезекте бұл нысандар орналасқан аумақ археологиялық кешен ретінде мамандар тарапынан зерттеліне бастады.

Музей басшылығы тарапынан халықаралық ынтымақтастыққа назар аударылып, осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына да жол ашылды. Мысалы, Қытай Халық Республикасының профессоры Ван Цзянь Синь мырза 2015 жылы «Есік» музей-қорығына келген сапарында Рахат ескерткішіне

зерттеу нысаны ретінде қызығушылық танытты. 2016 жылы 1 маусымда Халықаралық стратегиялық «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы аясында Шэнси провинциясы Археология институтымен келісім-шартқа қол қойылып 2017 жылы Рахат ескерткішіне қазақ-қытай бірлескен археологиялық барлау (қазба) жұмыстары басталды (Қазақстан тарапынан жетекші – Г.Р. Мухтарова, КХР тарапынан – Дин Янь). 2017-2019 жылдары Рахат ескерткішінде қазба жұмыстары үзіліссіз жүргізілгенмен, «COVID-2019» коронавируc пандемиясының салдарынан жұмыстар аздап кібіртіктеп қалғанмен, араға біршама уақыт салып тек 2023 жылы ғана зерттеу жұмыстары қайтадан жалғасын тапты.

Қытайлық әріптестермен бірлескен зерттеу жұмыстарының алғашқы жылы Рахат ескерткішіндегі аумағы 32 шаршы метр жерді алып жатқан үш орынға (тұрмыстық-шаруашылық шұңқырлар),<sup>4</sup> ерте түркі дәуіріне тиесілі жерлеу кешені орындарына қазба жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Рахат ескерткішінің оңтүстік-шығысындағы аттас өзеннің батыс жағалауының жоғарғы жайылмасындағы ретсіз тізбектен тұратын 25 оба анықталып, ғылыми мәліметтері алынып, М1 обасына қазба жұмысы жүргізіліп, бұл аумақ ендігі кезекте Рахат II ескерткіші ретінде қарастырылды.

Далалық ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында Рахат ескерткішіне жақын орналасқан Өрікті қонысының Рахат археологиялық кешенімен тығыз байланысы болғандығы нақты дәлелденді. Яғни шағын аумақта іргелес жүйені құрайтын кішігірім қоныстар болғандығы белгілі болды.

2017 жылы Өрікті I қорымындағы №4 обаға (Рахат IV топ) Мәдениет және спорт министрлігі «Қолданбалы ғылыми зерттеулер» 002 бағдарламасы бойынша «Есік қорымы және Жетісу сақтарының мәдениеті» (жоба жетекшісі Г.Р. Мухтарова, экспедиция жетекшісі Т.Ж. Төлегенов) ғылыми-қолданбалы жоба аясында «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық және

---

<sup>4</sup> Г.Р. Мұхтарова, Т.Ж. Тулегенов, Ж. Құрбанәлі, Дин Ян, Миау Ифей, Жау Хан Чин. Рахат қалашығындағы 2017 жылы жүргізілген археологиялық ізденіс жұмыстарының кейбір қорытындылары. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 2(14), 2018.

«Бекен-Ата» Қайырымдылық қорының бірлескен алғаш рет «Нұрмұханбетов экскавейшнс» атты халықтық еріктілерден жасақталған археологиялық экспедиция жұмыстары ұйымдастырылды.

2015-2018 жылдары «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі келісім шарт негізінде Корея Республикасының Сеул Ұлттық университетінің тарихи зерттеу институты, DONG-SEO Корея Республикасы мәдени құндылықтар Институты, Тарихи мұралар орталық институты, Mahan мәдениеті ғылыми-зерттеулер орталығы, Daehan Корея Республикасы мәдени құндылықтар институты сынды 5 ғылыми мекемесімен бірге қазақ-корей бірлескен археологиялық зерттеу экспедицияларын ұйымдастырды. 2017 жылы бірлескен қазақ-корей халықаралық экспедициясы Өрікті III қорымындағы 2 обаға зерттеу жұмыстарын жүргізсе, 2018 жылы аталған ескерткіш аумағында қорымдағы 32 обаны анықтап, олардың құжаттарын (ғылыми паспорты, тіркеу карталары) жасады.

2018-2019 жылдары Ресей Федерациясы Ғылым Академиясының Археология институтымен жасалған келісім-шарт негізінде Іле Алатауының солтүстік тау бөктерінде, Рахат өзенінің оң жағалауында орналасқан Рахат тұрағына зерттеу жұмыстары жүргізілді (экспедиция жетекшісі Д.Ожерельев). Археологиялық ескерткіштің Еуропа мен Азияның басқа аймақтарына тән кейінгі палеолиттің ерте кезеңіне жататыны анықталды. Рахат тұрағы палеолит кезеңіне жататын Жетісу аумағындағы толық стратиграфиялық сараптама жасалған екінші ескерткіш. Бұл ескерткіштен алынған материалдар Рахат археологиялық кешенінің хронологиялық шеңберін кеңейте түскен еді.

2019-2020 жылдары ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық-бағдарламалық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша Рахат ескерткішінде «Сақ дәуірінен XIII ғасырға дейінгі Рахат археологиялық кешенінің материалдары негізінде Жетісу материалдық мәдениетінің семиозисі» (жоба жетекшісі Г.Р.

Мухтарова, экспедиция жетекшісі Т.Ж. Төлегенов) атты ғылыми қолданбалы жоба бойынша археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жоба аясында Рахат археологиялық кешені құрамындағы, негізгі Рахат ескерткішінің оңтүстік бағытындағы алаңқайда 200 шаршы метр жер теліміне, (дәлірек айтқанда тұрмыстық-шаруашылық орындарға) стратиграфиялық шурф салынды. 2020 жылы Өрікті қонысының жоғарғы бөлігінде Өрікті I, II, III обалы қорымдары анықталып, ғылыми төлқұжаттары тіркеліп, жоспары жасалынды, сонымен қатар барлау-бақылау жұмыстары жалғастырылды.

Ал 2021-2023 жж. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыты бойынша «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» (жоба жетекшісі Г.Р. Мухтарова, экспедиция жетекшісі Х.А. Айтқұл) ғылыми-қолданбалы жобалық зерттеу жұмыстары жүзеге асырылды. Жоба аясында Рахат ескерткіші, қола, ерте темір дәуірі және Өрікті қорымында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Бастапқыда тек «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына қарасты, территориясы 51 га, қорғау аймағы бекітілген, негізі 8 төбеден тұратын шартты түрде «Рахат ескерткіші» деп аталған нысан, бірнеше жылғы зерттеу нәтижесінде территориясы 250 га астам жерді алып жатқан – ***Рахат археологиялық кешенін құрады.***

Рахат археологиялық кешенін – Рахат ескерткіші және Рахат I, II, III, IV, V топтарға бөліп қарастырамыз. Кешенді мұндай топтарға бөлуге негіз ретінде 2005 ж. жасалған Алматы облысы тарих және мәдени ескерткіштерінің жинағында берілген анықтамалар алынды <sup>5</sup>.

---

<sup>5</sup> Отчет о работах Алматинского отряда по Своду памятников истории и культуры Алматинской области. Научный руководитель: академик НАН РК Байпаков К.М. Государственная программа РК «Культурное наследие» Институт археологии им. А.Х. Маргулана МОН РК, МКИС РК. – Алматы, 2005.

Сонымен, 2012 жылдан бастап «Есік» музей-қорығы тарапынан және шетелдік әріптестермен бірге археологиялық зерттеу жүргізіліп келе жатқан Рахат археологиялық кешенін төмендегідей аймақтарға топтастырдық:

Рахат ескерткіші - негізгі нысан (Түркі жерлеу орны, ортағасырлық жертелелер F1, F2, жерлеу орындары, шаруашылық шұңқырлар анықталды);

Рахат I – негізгі нысанның шығыс бөлігінде орналасқан (сақ-үйсін обалары анықталды);

Рахат II – негізгі нысанның оңтүстігінде орналасқан (сақ-үйсін обалары анықталды, қазба жұмыстары M1 обасына жүргізілді);

Рахат III – негізгі нысанның шығысында орналасқан (сақ-үйсін обалары анықталған, қазба жұмыстары M6 обасына жүргізілді);

Рахат IV – негізгі нысанның шығысында орналасқан (сақ-үйсін обалары, «Өрікті қонысы», Өрікті I қорымы);

Рахат V – негізгі нысанның оңтүстік-шығысында орналасқан (Палеолит тұрағы, қола кезеңінің обалары, сақ-үйсін обалары, Өрікті III).

Оқырманға ұсынылып отырған еңбек төрт тарау мен төрт қосымшадан тұрады. Олардың барлығы Рахат археологиялық кешен материалдарының ғылыми негіздемесін құрайды.



## **I ТАРАУ**

### **РАХАТ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ ТАБИҒИ-ТАРИХИ ЛАНДШАФТЫ**

Рахат археологиялық кешені шағын аумақта тас дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырларға дейінгі аймақ тарихын байқауға болатын ерекше тау алқабында орналасқан. Зерттеліп отырған Рахат археологиялық кешені – Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Іле Алатауы жотасының солтүстік баурайындағы осы аттас сайды бойлай ағатын өзеннің жазыққа шыға беріс жайылма тұсында, Талғар мен Есік қалаларының арасындағы Орман шатқалы (қазіргі Рахат, ертеректегі Солдат сайы) жолының бойын камтиды.

Археологиялық кешеннің топографиялық аумағы төменгі тау жайылмалары біртіндеп құлдилай отырып ыңғайлы алқапты құнарлы жайылымдық жерлерге ұласып кетуімен ерекшеленеді. Ежелгі мәдени-тарихи кезеңдерде аталған террасалар өмір сүруге ыңғайлы орын болған еді. Мұны осы аумақтарда орналасқан тарихи-археологиялық кешендер нақты аңғартады. Яғни, байырғы ландшафт өз кезегінде таулар тарапынан төнетін түрлі табиғи қауіптерге тосқауыл немесе бөгесін бола отырып, жайылымдар мен егіншілікке ыңғайлы телімдер, тұщы су көздері ежелгі дәуір халқының өмір сүруіне қолайлы барлық жағдайларды жасады. Рахат шағын өңірінен табылған археологиялық нысандардың орналасуын зерделеу нәтижесінде мұнда тас дәуірінен бастап, кейінгі орта ғасыр нысандарын қоса алғанда, едәуір ұзақ уақыт бойы әртүрлі хронологиялық шеңберді қамтитын ескерткіштердің анықталуы кездейсоқтық емес. Бұл шағын өңір мыңжылдықтар бойы өмір сүруге қолайлы ерекше аймақтардың бірі болып келді. Сонымен қатар осы микроөңірдің жайылымдары қазіргі уақытта да пайдаланылып келе жатқандығын да ескергеніміз абзал.

Рахат шатқалы мен өзімен аттас өзен сағасындағы солтүстік бағыттағы ысырынды конусында, тау етектерінің алқабындағы барлық төбешіктер мен ұзынша келген жалдар көктем мен күз

айларында белсенді түрде көрінетін уақытша су ағындарының құрғақ арналарымен, яғни сайлармен бөлінген.

Далалық зерттеу жұмыстары Рахат тас дәуірінің ескерткішінен (тұрақ) бастап төмен қарай 250 м солтүстік-батыста орналасқан биік және ұзындау болып келетін жалмен жазықтарда жүргізілді. Жалпы, аталмыш ысырынды конусында оңтүстіктен солтүстік-шығысқа және солтүстік бағытта үш жал



1-сурет Тармақталған жалдар



2-сурет Орталық және солтүстік тобы

орналасқан (1-сур.). Алғашқы екеуі солтүстік-шығысқа қарай яғни, Өрікті ауылына қарай бағытталса, үшіншісі солтүстікке қарай бағытталған. Далалық зерттеу барысында, осы төбешіктер мен ұзынша келген жалдар үстінде археологиялық ескерткіштер, (обалар, ежелгі және орта ғасырлық тұрақ, қоныс орындары) ораласқаны анықталды. Аталмыш микроөңір бірнеше бағытта орналасқан (шығыс, орталық және солтүстік, оңтүстік және батыс) кең хронологиялық диапазонды

қамтитынын ескерткіштерден тұрады (2-сур.). Әдеттегідей, ежелгі отырықшылардың қоныстары мен қыстақтары жерлеу орындарымен қатар орналасқан.

Аталмыш жалды ерте заманнан бастап ежелгі тұрғындар өз қажеттілігіне тиімді пайдалана білген. Жалдың оңтүстік басынан бастап бастап орта тұсына, кей жерлерде Талғар-Есік авто жолына дейін қоныс және қорым ретінде пайдаланған. Оны пайдаланудың негізгі себебі жалпы, жалдың географиялық орналасуында деп пайымдаймыз. Өйткені, жалдың екі жағындағы саймен ертеректе өзен суы төмен қарай, яғни солтүстікке қарай ағатын болған. Осы жалдардың шығыс жақ беті, тау алды беткейінің алқапты жері біркелкі жазыққа ұласады. Бұл дегеніміз жер өңдеуге, яғни егістікке қолайлы екенін көрсетеді. Сондай-ақ, археологиялық барлау жұмыстары барысында тау алды етектерінде көне ирригациялық (арық) жүйелерінің іздері анықталды. Ирригация дегеніміз – мол өнім алу үшін жауын-шашын, өзен, көл және жер асты суларын оңтайлы пайдалана отырып, егістік жерлерді тиімді суландыру. Ирригациялық жүйелер рахаттық шағын ауданында да, онымен іргелес



аймақтарда да кеңінен орын алған. Мұны өз кезегінде осында егіншілікке пайдаланған құралдар мен алуан түрлі ыдыстардың археологиялық қазба барысында табылуы да дәлелдесе керек.

Рахат археологиялық кешені орналасқан аймақ өзінің табиғи-тарихи ландшафтымен ерекшелінеді. Ол Іле Алатауының солтүстік беткейінің аумағына кіреді. Оны шығысында Шелек өзенінен батысында Шамалған өзеніне дейінгі таулардың етегін бойлай ұзындығы – 150-180 шақырымға, ені 50-70 шақырымға созылып жатқан аумақ ретінде де сипаттауға болады. 6 000 шаршы шақырым ауданды құрайтын аумақтың солтүстік бөлігі Қапшағай су қоймасымен тұйықталады. Бұл аумақ Іле тау аралық ойпаты түбінен (қазіргі Қапшағай су қоймасының табаны) 4-4,5 мың метр биіктікте, ендік бағытта созылып жатқан өте күрделі жер бедерімен, Іле Алатауындағы тау түзілісінің тарихи-геологиялық дамуымен тығыз байланысты екендігі белгілі.

Тарихи-мәдени аумақтағы ең биік шыңдар Талғар тау шоғыры деп аталатын орталық бөлігінде орналасқан (ең биік нүктесі Талғар шыңының абсолюттік биіктігі – 5017 м). Жотаның батыс және шығыс қапталдары аласара келе, батыс жағында қырат тәрізді Кіндіктас сілеміне ұласып, шығысында тармақталып Сарытау, Бақай, Қараш, т.б орта тау сілемдерін құрайды. Іле Алатауының айқын аймақтық құрылымы бар [Емельянова, 1970, 71-75].<sup>6</sup> Тау жүйесінің өзі Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі су ресурстары қалыптасатын ағынды сулардың қайнар көзі болып табылады [Илийский артезианский бассейн, 1980].<sup>7</sup>

Аймақ континенттің тереңінде орналасқан және полярлық, тропиктік және арктикалық ауа массаларының солтүстік, солтүстік-батыс бағыттардан дендеп енуіне ұшырап отырады. Полярлық ауа массалары ең үлкен жиілікке ие, ал арктикалық ауа массалары оған қарағанда мейлінше аз. Қыста аумақта Сібір антициклоны басым, көктемде циклондар жиі болады, ал

---

<sup>6</sup> Емельянова Л.А. Формирования стока рек «Карасу» в Илийской предгорной равнине // Известия Всесоюзного географического общества. Т. 102, Вып. 1. - Л., 1970. – 105 б.

<sup>7</sup> Илийский артезианский бассейн / Под ред. У.М. Ахмедсафина. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1980. – 148 б.

Арктикалық аймақтар мен Жерорта және Қара теңіздердің ылғалды массалары жылдық жауын-шашынның көп бөлігін әкеледі.

Аймақ бойынша атмосфералық жауын-шашын біркелкі түспейді. Оның себебі, аймақтың географиялық ерекшелігі мен тарихи-табиғи ландшафтында жатыр. Мұнда жылына 300-750 мм жауын-шашын жауса оның көп бөлігі жылдың жылы мезгілдеріне тиесілі. Зерттеліп отырған аумақтың батысы мен шығысында жауын-шашын мөлшері ортаңғы бөлігіне (Талғар тау торабында) қарағанда аз.

Іле Алатауы солтүстік беткейіндегі тау етегі – жазық аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамында гидрокарбонат иондарының басым екендігі байқалған. Катиондар арасынан негізгі орынды сілтілі жер металдарының иондары алады. Шығару конусы аймағынан тау етегі мен жазыққа ауысқанда атмосфералық жауын-шашында еріген заттар иондарының мөлшері азая түседі. Атмосфералық жауын-шашынның химиялық режимін зерттеу және сараптау су қоймаларындағы судың тұзды режимін болжау үшін өзен суының тұздануын қадағалауға, елді мекендерді сумен қамтамасыз ету және суармалы мақсатта пайдаланылатын судың сапасын бағалауға және талдауға мүмкіндік береді.

Іле Алатауы солтүстік баурайларын, оның ішінде Рахат шатқалы аумағын зерттеу барысы ежелгі адамдардың табиғи жағдайларды өз қажеттіліктері үшін толық пайдаланғанын көрсетті. Тіршілікті қамтамасыз етудің маңызды мәселесі тұрғылықты жерде судың болуы болып табылады. Анықталған бірқатар елді мекендер қазіргі бұлақтарға жақын орналасқан. Зерттеу нәтижесінде ежелгі қоныстардың аумағына арықтар бойынша судың тікелей жеткізілгендігі анықталды. Ірі өзендердің аңғарларында ежелгі қоныстар көбінесе құрғақ шұңқырларда немесе бұлақтардың жағасында, соның ішінде бүгінгі күнге дейін ағып жатқан бұлақтар маңында орналасқандығын да атап кеткен ләзім.

Аталып отырған еңбек тас дәуірінен бастап біздің заманымыздың кейінгі орта ғасырларына дейінгі археологиялық олжалар мол табылған шағын аудандағы ежелгі мәдениет тарихымен кеңінен таныстырады. Жалпы алғанда, Жетісу ежелгі дәуірден бастап Оңтүстік Сібір, Орталық Азия, Шығыс Түркістан және Таяу Шығыс халықтарымен қарқынды байланыста болған көшпелі және отырықшы халықтардың жетістіктерінің жемісті синтезі болған аймақ екендігі белгілі.

Соңғы уақытқа дейін Жетісудың ежелгі мәдениеттерінің алғашқы нысандары қола дәуіріне (б.з.д. II – б.з.д. I мыңжылдықтың басы) жататын ескерткіштер болып саналып келді. Жақында ғана бұл аймақта палеолит дәуірінен бастап адамдар қоныстанғандығы туралы айғақтар табылды. Ежелгі қауымдастықтар мен аймақтың табиғи ортасының өзара байланысқа түсу үдерісі тас дәуірінен бастау алады. Іле Алатауының тау бөктеріндегі аймағында Есік тарихи-географиялық ықшамауданында адамдардың ежелден өмір сүргенін айғақтайтын Рахат тұрағы анықталды [Джасыбаев, Ожерельев, Мамиров, 2019, 215-223].<sup>5</sup> Бірнеше мәдени қабаттан тұратын Рахат тұрағында жүргізілген далалық зерттеулер бұл нысанның аталмыш аймақтың және жақын орналасқан өңірлердің ежелгі кезеңін зерттеу үшін бірегей нысан екендігін анықтады. Себебі аймақта палеолит дәуірінің мәдени қабаты сақталған ескерткіштері өте сирек. Аталмыш тұрақта жүргізілген жұмыстар орман шөгінділерінің орналасу ретін бақылауға мүмкіндік беріп қана қоймай, жәдігерлері бүлінбеген сегіз мәдени қабаттың сақталғанын көрсетіп берді. Ескерткіш үлкен ғылыми әлеуетке ие. Сол себепті оны зерттеушілер болашақ мәні зор нысан деп бағалап отыр. Тұрақтан алынған археологиялық мәліметтер бойынша мұнда орта палеолит соңы мен жоғарғы палеолиттің басында алғаш рет адамның пайда болғанын, кейіннен бұл орынды бірнеше мыңжылдықтар бойы адамзаттың үздіксіз мекендегенін көрсетеді. Дегенмен аршып алынған тас коллекциясының қомақты еместігіне қарамастан, әртүрлі қабаттардан табылған тастан дайындалған құрал-саймандар Тянь-Шань тауының солтүстік тоғандық

аумағында кейінгі плейстоценнің екінші жартысындағы тас дәуіріне тиесілі археологиялық мәдениеттің қалыптасқандығын және осы мәдени-тарихи дәуірдегі өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Азияның жоғарғы палеолит өндірісінің (мәдениеттердің, кешендердің) пайда болуы мен дамуының жергілікті әлде неғұрлым ауқымды кезеңделу үлгілерін жасауға жағдай туғызады. Рахат тұрағы – кешенді ғылыми зерттеу басталған және одан әрі жалғастырылатын, Қазақстанның бүкіл оңтүстік-шығыс аумағы бойынша кейінгі палеолит дәуіріне тиесілі стратиграфиялық қабатын сақтаған жетісулық екінші ескерткіш болып саналады [Джасыбаев, Ожерельев, Мамиров, 2019, 221-223].<sup>8</sup>

Сондай-ақ, Іле Алатауының ең көне ескерткіштері қатарына қола және ерте темір дәуірлеріне тән археологиялық нысандарды да кіргізуге болады. Бұл мәдени-тарихи кезеңдер де көне тарихтың қатпарлы беттерін құрайды. Осы кездері түрлі археологиялық мәдениеттер де қалыптаса бастаған еді. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағын андроновтық мәдени-тарихи қауымы тайпаларының қоныстануы б.з.д. II мыңжылдықтың бірінші жартысында басталды [Марьяшев, Горячев, 1993, 5-19].<sup>9</sup>

Ол Алакөл мен Федоров дәстүрлерінің жекелеген қорымдардың материалдарымен сәйкес келуі, Жетісудың бұл кезде Орталық және Шығыс Қазақстан тайпаларының белсенді қарым-қатынас аймағы болғандығымен түсіндіріледі. Б.з.д. дейінгі II мыңжылдықтың ортасынан бастап Қазақстанның далалық аудандарынан андроновтық мәдени дәстүр иелерінің шоғырлануы тек далалық аймақта ғана емес, сонымен қатар, Жетісудың тау етегі мен таулы аудандарына да көшіп-қону сипатына ие болды [Гасс, Горячев, 2016, 85-123].<sup>10</sup> Көптеген мамандар мұндай жаппай қоныс аударудың себептері халық санының күрт өсуі және

---

<sup>8</sup> Бұл да сонда.

<sup>9</sup> Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Вопросы типологии и хронологии памятников эпохи бронзы Семиречья // РА. 1993. № 1. – 272 б.

<sup>10</sup> Гасс А., Горячев А.А. К вопросу о типологии и хронологии могильников эпохи бронзы в высокогорной зоне Заилийского Алатау // Вестник НГУ. Сер.: История, филология. 2016. Т. 15, № 5: Археология и этнография. 85-123 бб.

Қазақстанның далалық аудандарындағы құрғақшылықтың әсері деп санайды.

Жетісу аумағында Андрон мәдени-тарихи құндылығына тән Алакөл және Федоров тайпаларының аралас дәстүрлі мәдениеті дамиды [Марьяшев, Горячев, 2011].<sup>11</sup> Б.з.д. XIV-XIII ғғ. андронов тайпаларының мәдени дәстүрлерінің білікше (валиковая керамика) қыш ыдыс жасау мәдениетінің ортақтығы трансформациялана түсті [Карабаспакова, 2011, 184-187].<sup>12</sup> Бұл кезеңде Жетісу халқының Орталық Қазақстанның Беғазы-сарғара тайпаларымен өзара іс-қимылы мен байланысының күшеюі байқалады [Карабаспакова, 2011, 113, 2-кесте].<sup>13</sup>

Б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысында Жетісу үндіеуропалық (прототохар және үнді-иран) тайпаларының қоныстану аймағына кірді. Прототохар тайпаларының инвазиясы (Шығыс Түркістанда табылған тохар тілдері кельт, хет және дравидиандықтармен байланысты анықтады) кем дегенде б.з.д. II мыңжылдықта тохар халқының этникалық массиві қалған Жетісу аумағы арқылы өтті деп болжауға негіз бар. Б.з.д. I мыңжылдықтың басында Жетісуға шығыс иран тілдерінде сөйлеген тайпалар, атап айтқанда Шығыс Түркістаннан келген буддистік құжаттардан белгілі хотан-сақ тайпалары енеді. Осылайша, өңірде қола дәуірінің Жетісу мәдениетінің иелерімен Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштеріне ұқсас ескерткіштермен археологиялық тұрғыдан байланысқан «тохар-сақ» этномәдени кешені қалыптасты. Оның жұрнақтары өлкенің тарихи даму барысында өзінің бастапқы мәнін жоғалтқан топонимикасында да сақталған.

Жетісуда қола дәуірі өңірдің табиғи және мәдени ерекшеліктеріне оңтайлы бейімделген қой, жылқы шаруашылығы немесе ірі қара өсіру, жартылай көшпелі мал шаруашылығы

---

<sup>11</sup> Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Итоги изучения памятников эпохи бронзы Жетысу // Свидетели тысячелетий: археологическая наука Казахстана за 20 лет (1991-2011) / гл. ред. Б.А. Байтанаев, отв. ред. А.З. Бейсенов. Алматы: ИА КН МОН РК, 2011. 313-337 бб.

<sup>12</sup> Карабаспакова К.М. Жетысу и Южный Казахстан в эпоху бронзы. Алматы: ИА КН МОН РК; НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2011. – 220 б.

<sup>13</sup> Бұл да сонда.

отырықшы өмір салты мен жоғары деңгейде дамыған металлургиясымен бірге дамыған нақты шаруашылық-мәдени типті (қосу) үйлестіру процесі ретінде сипатталады. Шаруашылықтың бұл түрі соңғы уақытқа дейін дәстүрлі болып қала берді.

Жетісуда қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелуі – обалы қорымдары, қоныстар, қыш ыдыстар, қола бұйымдарының көмбелері, жартас суреттерінің циклдері, ғұрыптық және зергерлік бұйымдар ең алдымен Орталық Қазақстанның андронов мәдениетінің таралу аймағына, әсіресе оның кейінгі кезеңі (б.з.д. X-VIII ғғ.) Орта Азияның оңтүстік-шығысымен байланысын көрсетеді (Жетісуда Ферғанамен параллельдері бар бояумен өрнектелген қыш ыдыстардың кешендері табылды). Бұл байланыстар Жетісуға батыс пен солтүстіктен халықтың көп этникалық топтарының (шығыс ирандық болуы мүмкін) енуінен көрінеді. Олар негізін ең алдымен прототохар тайпалары құрайтын «Жетісу мәдениеті» иелерінің ортасына қосылды.

Петроглифтер үндіеуропалықтардың Жетісу аймағында тіршілік ету ортасының бір көрсеткіші болып табылады. Ол дегеніміз, күн күймелері, шабандоздар, жабайы және үй бұқалары, жылқылардың жартастарындағы бейнелері үнді-еуропалық халықтардың мифтік сюжеттерін дәл суреттейтін сюжеттері бар көптеген бейнелік композициялар. Қола дәуіріндегі Жетісудың этномәдени тарихы үшін мұнда Орталық Қазақстаннан Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп аталатын тайпалардың тікелей енуі маңызды болғандықтан, аталмыш жобаның күнтізбелік жоспарында болған монографияның құрылымын түзу, тарихнамалық шолу жасау (алдын-ала дайындық жұмыстары) мақсатында сипаттама беріліп отыр. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері (жерлеу құрылыстары, қыш бұйымдар, өнер туындылары, еңбек құралдары және т.б.) элиталық келбетке ие, оларды қалдырған тайпалар Орталық Қазақстанның қола дәуіріндегі рулық құрылымда жоғары орынға ие болды. Жетісуда скиф-сақ уақытында олар ерте көшпелілер қоғамының элитасына айналды.

Ерте темір дәуіріндегі Жетісу өңірінде орналасқан қоныстарының арасында ең көп зерттелгені Іле Алатауының солтүстік беткейлерінің археологиялық кешендері болып саналады. Олар Шелек және Жіңішке өзендерінің аңғарларында, Түрген шатқалы, Асы үстіртінде, үлкен және кіші Алматы шатқалдарында, Көк жайлау үстіртінде, Есік, Талғар, Қаскелең, Қарғалы, Майбұлақ, Ынтымақ, Қызылауыз, Қастек сияқты жоталардың шығысында, Сарыжазық алқабында, сондай-ақ, Суықтөбе, Дегерес, Ақтас секілді Іле Алатауы сілемдерінің солтүстік беткейлерінен анықталған болатын. Оның әр шатқалынан дерлік ерте темір дәуірінің қоныстары мен тұрақтары анықталған. Шатқалдардан шыққан жердегі ескерткіштердің едәуір бөлігі тау бөктеріндегі, тау алды алқаптарда орналасқан, аталмыш ескерткіштердің ең үлкені Рахат және Алмарасан қоныстары болып табылады. Олар басым көпшілігі ерте орта ғасырлардағы бекіністі қала жұрттары сақ-үйсін дәуіріндегі қоныстардың мәдени қабаттарының үстіне тұрғызылған. Яғни, жергілікті археологиялық материалдар негізінде мұнда тарихи-генетикалық байланыстың үздіксіз орын алғандығын аңғаруға болады.


Рахат археологиялық кешені орналасқан аймақтағы тарихи нысандардың дамуы табиғи-тарихи ландшафтқа тікелей байланысты болды деуге негіз бар. Ілкі замандардағы адамдар тіршілікке қолайлы шағын аудандарды пайдаланып, табиғи ресурстарын күнделікті қарекет үшін сан ғасырлар бойы қолданып келді. Табиғатпен етене жақындық ежелгі қауымдар дамуының кепілі іспеттес болған еді.

## II. РАХАТ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

### II. 1. РАХАТ I-V тобындағы далалаық зерттеулер

#### 2.1.1. РАХАТ V тобындағы жоғарғы палеолит тұрағы

Тянь-Шань және оған іргелес жатқан Қазақстан далалары мен шөлдерінің кең жазықтары бір жағынан Алдыңғы және Орта Азиямен, ал екінші жағынан Сібір және Шығыс Азиямен шектесетін аралық байланыс аймағында орналасқан (1-сур.). Ежелгі адамдардың өзара мәдени ықпалы мен миграциялық



1-сурет Тянь-Шань тау жүйесі мен Майбұлақ (2) және Рахат (1) жоғары палеолит тұрағының картасы

ағымдары бұл өңірді мәдени және технологиялық трансформацияның бірыңғай үдерісіне қатыстырмай өтуі мүмкін емес еді. Соңғы жылдары Солтүстік Тянь-Шаньның тау бөктерінде жүргізілген археологиялық зерттеулер мұнда көне Homo sapiens

өкілдерінің жоғары палеолит мәдениетінің қарқынды қоныстануы мен дамуын көрсетеді. Айта кету керек, небәрі жиырма жыл бұрын таулы жоталардан бастап Балқаш көліне дейінгі кең аймақ тас дәуірінің археологиясында «ақтаңдақ» болып саналып келді. Қазіргі уақытта Солтүстік Тянь-Шаньның ірі жоталарының бірі – Іле Алатауының солтүстік беткейлерінде жоғарғы палеолит кезеңіне жататын ондаған көпқабатты ескерткіштер ашылды. Бұл адам баласының осы аймақты жоғарғы палеолит дәуірі кезінде тұрақты түрде мекендегенін дәлелдейді. Мұндай тұрақтардың

қатарында жетісулық Майбұлақ, Рахат, Ұзынағаш 1-3, Қызылауыз 1-2 және т.б. атап өтуге болады. Тұрақтар өзара ұқсас геоморфологиялық жағдайда – тау шатқалының шыға берісінде, өзі аттас өзендердің оң немесе сол жағалауларында орналасады. Әдетте мұндай орындар бостан бос таңдалмайды. Тұрақ тұрғындары хайуанаттардың шатқал арқылы тауға немесе керісінше жазыққа түсетін қоныс аудару жолдарын бақылап отыратын болған. Бір жағынан өзен арнасы тұрғындарды сумен ғана емес, құрал-жабдықтар жасауға қажетті материалмен қамтамасыз етіп отырған.

Солтүстік Тянь-Шань бөктері ұсақ тозанды бөлшектердің – эололық негізден шығатын құмайтты шөгінділермен тығыз қапталып жатыр. Тянь-Шань жоталары Солтүстік пен солтүстік-батыстан үрленіп, әкелінген шанды материалға өзіндік тосқауыл болды. Тозанды материалдардың негізі таудың солтүстігінде орналасқан Мойынқұм, Бетпақдала, Сартауқұм, Сары есік Атырау және т.б. көптеген құмдар мен шөлейттерден келеді. Құмайтты шөгінділердің пайда болуы орта және кейінгі плейстоцен кезінде үздіксіз жүрді.<sup>14</sup> Аумақ негізінде құмайтты шөгінділердің тығыздығы бірнеше метрден бірнеше ондаған метрге дейінгі әр бөлікте әртүрлі бағаланады. Құмайтты шөгінділердің тұрақтар орнын жылдам басып тастағанының арқасында себепті тұрмыстық қалдықтар сол алғашқы қалдырылған қалпында сақталып қалды. Осылайша әлденеше ондаған мың жылдар бойы жалғасты. Адамзаттық мәдениетті жарыққа шығару мен жасыру күдіретіне ие құмайтты шөгінділердің процесі қазіргі заманғы геологиялық уақытта да бәсеңсіген емес. Зерттеліп отырған жоғары палеолит ескерткіштеріндегі мәдени қабаттарда көміліп қалған тұрақтарда ежелгі тұрғындардың көмір дақтары, ойықтары, ошақ пен от орындарының қалдықтары кездеседі. Кейде шаруашылық мақсаттағы шағындау орларды да кездестіріп қаламыз. Тас құралдар мен кейде сүтқоректі жануарлардың сүйек қалдықтары мұнда ошақтармен бір деңгейде кездеседі. Мәдени қабаттардың

---

<sup>14</sup> Ломонович М.И. Генезис лесса юго-восточного Казахстана на примере Заилийского Алатау. Труды Комиссии по изучению четвертичного периода. 1957. Т. 13. С. 276-282.

қалыңдығы 10-15 см аспайды. Ескерткіштердің әрқайсысы жоғары палеолит шеңберіндегі бірнеше әртүрлі уақыттағы мәдени қабаттан тұрады. Жоғарыда аталған барлық сипаттамалар бұл ескерткішті өз тұрғысында бірегей етіп қана қоймай Қазақстанның ғана емес, тұтастай Орталық Азияның палеолит тарихын зерттеуде өте жоғары маңызға ие қылады.

Іле Алатауының бөктеріндегі жоғары палеолиттік мәдени дәстүрлердің әрі қарайғы даму жолын Рахат өзені (Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы) аңғарында орналасқан көп қабатты Рахат тұрағы материалдары арқылы бақылауға болады. Тұрақ өзі аттас өзеннің оң жағалауында тау шатқалының шыға беріс аузында орналасқан. Ескерткіш 2006 жылы ашылды. Алайда Рахаттағы толыққанды археологиялық қазба жұмыстары 2018 жылы басталып әлі күнге жалғасын тауып келеді.<sup>15</sup> Ескерткішті «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы және РҒА Археология институты, кейінірек «Есік» мемлекеттік тарихи-



2-сурет Рахат тұрағы, 2021 жылғы қазба көрінісі.

мәдени музей-қорығы, РҒА Археология институты мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты бірлесе зерттеді.

Ескерткіштің мәдени қабаттары кейінгі плейстоценнің екінші жартысында пайда болған қалыңдығы 13 метрлік борпылдақ негіздегі саздақ

<sup>15</sup> Ожерельев Д. В., Джасыбаев Е.А., Мамиров Т.Б. Первые данные о стратиграфии и культурной атрибуции многослойной стоянки верхнего палеолита Рахат (Юго-Восточный Казахстан). КСИА. 2019. Вып. 254. С.57-70.; Ожерельев Д. В., Джасыбаев Е.А., Мамиров Т.Б. Особенности культурного слоя и поселенческие объекты на стоянке верхнего палеолита Рахат (слой 2) в Юго-восточном Казахстане. КСИА. 2021. Вып.262. С.7-26.; Ozherelyev D. V. Asia, Steppe, East: Paleolithic Kazakhstan // Encyclopedia of Archaeology (Second Edition) / Eds.: E. Nikita, T. Rehren. Academic Press. 2024. P. 350-359. <https://doi.org/10.1016/B978-0-323-90799-6.00146-4>.

топырақтың түрлі деңгейлерінде орналасқан. Алты жыл ішінде (2018-2023 жж.) 60 м<sup>2</sup> аумақтағы мәдени қабаттар толық зерттелді (2-сурет).


Тұрақта барлығы он алты мәдени қабат анықталып, онда көптеген оймалар, көміртекті дақтар, сондай-ақ, көлемі бойынша ең үлкенінің диаметрі 1,5 м-ге дейін жететін ошақ шұңқырлары табылды. Ошақ шұңқырларында қызыл түсті ойық қабаты білінеді және қара, қара-сұр түсті көміртекті масса толтырындысы анықталды (3-сурет). Жануарлардың сүйек сынықтары көп жағдайда күйдірілген күйде ескерткіштің қазылған алаңының түрлі деңгейлерінде кездеседі.



3-сурет. Рахат тұрағы, 4/3 қабат. Қазба барысындағы тас олжалар мен сүйек қалдықтары бар ошақ.

Мәдени қабаттардағы археологиялық нақтылықтар мен тасты өңдеу ерекшеліктерінің технологиялық дамуының басты көрсеткіші тас құралдары болып табылады. Аталған тұрақта барлығы 8000-нан астам тас олжалар (құралдар) табылды (4-сур.

1-9). Тұрақтағы ең ертедегі тіршілік іздері 12-ші мәдени қабатта (нөлдік реперден шартты түрде алғанда -12,73/-12,85 м тереңдікте) анықталды (4-сур.: 9). Он екінші мәдени қабаттың уақыт шеңбері шамамен 30000 кал.л. Майбұлақ және Ұзынағаш 1-3 тұрақтарындағы тас құралдар индустриясымен ұқсастығы бойынша оны жоғарғы палеолиттің ерте кезеңінің соңғы уақытымен сенімді түрде байланыстыруға болады.



4-сурет Рахат тұрағы. Түрлі қабаттардан табылған олжалар:

1-3 – нуклеустер; 4-9 – қырғыштар; 5-8 – жүздер; 10-11 – ойықталған қабыршақ әшекей.

Қимасы бойынша жоғарыда орналасқан 7, 8/1, 9, 10 мәдени қабаттарда (тереңдігі -10.50/-11.50 м) жарықшақты микропластина өндірісіне негізделген өзге тас құралдар индустриясы анықталды. Тұрақтан табылған тас құралдардың мәдени маркері ретінде үш түрлі пішіндегі – майда жапырақтәрізді жүзді; сирек жағдайда сағақтала бөлінген

жүз; оң жиегі мұқалған доғал және негізі V-тәрізді қиғаш жүзді үлгілерді негізге аламыз. Соңғыларының ұзындығы 20-30 мм және ені 4-8 мм дейін жетеді және жоғарғы палеолиттің орта кезеңіндегі микрогравет пішінді құралдармен белгілі бір ұқсастықтарды байқауға болады (4-сур.: 7-8).

Тікелей баламалары жоқ мұндай жүзді тас құралдар индустриясы Қазақстан мен Орта Азия аумақтары үшін бірегей көрсеткіш болып табылады және микрограветті жүзді үлгілермен сипатталатын Шығыс Еуропа және Кавказ ескерткіштерімен жалпы мәдени-сатылық деңгейде салыстыруға болады.<sup>16</sup> 6 және 8/2 мәдени қабаттарынан (тереңдігі -9.80/-10.90 м) тегістелген диск тәрізді нуклеустар, бүйірі өңделген (жіңішкерген) айтарлықтай ірі нуклеустар, ірі жаңқалар, жекелеген құралдар табылды. Тас топтамасында микролиттік құралдар мүлде ұшыраса қоймайды.

Мұндай индустрияның пайда болуы соңғы мұз басудың бастапқы кезеңіндегі (26000-19000 ж.б.) ландшафттық-климаттық аймақтардың оңтүстікке қарай ығысуына себепкер болған климаттық өзгерістермен (мұз басуға) тығыз байланысты болып отыр. Палеогеографиялық жылжулар флора мен фаунаның айтарлықтай өзгеруіне әсер етті және бұл құрал-саймандарды қолданысқа пайдалану мақсаты мен олардың жасалу технологиясының нәтижесі өз кезегінде мәдени-шаруашылық өзгерістерге әкелді. Айтарлықтай климаттық өзгерістердің көрінісі -7.80/-9.80 м тереңдікте қимасы бойынша жоғары бөліктегі шөгінділерден анық байқалады.

Жекелеген тас олжалар (құралдар) кездескен глейлену іздері байқалатын бұл екі метрлік тығыз саздақ топырақты қабаттың басқа литологиялық қабаттардан айырмашылығы, мұнда құрлықтағы моллюскалар фаунасы мүлде байқалмады. Мұндай саздақ топырақ суық климаттың соңғы максималды салқындату кезеңінде (LGM) пайда болды. Жоғары және төмен орналасқан мәдени қабаттардағы саздақ топырақтың пайда болу уақыты радиокөміртекті мерзімдеулер бойынша шамамен 23000-20000 ж.б. болып белгіленді. Нәтижесінде бұл уақыттар тұрақтағы тіршілік сипатының болымсыз көрінісімен сипатталады.

---

<sup>16</sup> Svoboda J. Pavlov I - Northwest. The Upper Paleolithic burial and its settlement context. (ed. by Jiří Svoboda). Brno, 1997. 472 p.; Bar-Yosef O., Belfer-Cohen A., Mesheviliani T., Jakeli N., Bar-Oz G., Boaretto E., Goldberg, P. Kvavadze E., Matskevich Z. Dzudzuana: an Upper Palaeolithic cave site in the Caucasus foothills (Georgia). *Antiquity*. 2011. №85. pp. 331-349.

Сондықтан, аталған аумақта ұзақ мерзімді немесе маусымдық тіршілік қамы бұл кездерде қолайсыз болды. 20000-19000 ж.б. Рахат тұрағында топырақтың түзілу белгілері байқалатын саздақ топырақ қабатының қалыптасуына негіз болған қолайлы климаттық жағдайлар тіркелді. Бұл шөгінді белдеулерде (-6.40/-7.80 м) тұрақтағы тіршілік аясы білінетін көптеген мәдени қабаттар анықталды. Тасты өңдеу мен құралдарды жасаудағы жаңа технологиялық үдерістер төменгі жағы қиғаш негізді (ұзындығы 3 см кем) үшбұрышты асимметриялы пішінді алғашқы геометриялық құралдар легінің пайда болуымен байланысты болды.

Бұл шөгінді қабатты даму шегі бойынша анықтай келе, тас құралдар индустриясындағы типологиялық жағынан біршама ерекшеліктері болғанымен өте ұқсас екі мәдени байланыстарға көз жеткіздік. Анағұрлым кейінгі (1-3) қабаттарда тырнақ тәрізді ұсақ қырғыштар, бұрышты кескіштер, ойықты пластинкалар, жиектері мұқалған және қиғаш негізді үшбұрышты пластинкалар (4-сур. 4, б) кездесті.

Тас құралдар индустриясына қатысты ерте (4/1, 4/2, 4/3 және 5) қабаттарда категориялық жағынан бір-бірімен ұқсас құралдар жиынтығы мен жекелеген түрде кездескен шағын үшбұрышты тас тіліктер (пластиналар) (4/3 қабаттар) анықталды. Сонымен қатар, жоғарғы қабаттарда мүлдем кездеспеген пішіні үшбұрыш тәрізді өткір жүзді құралдардың табылуы айырықша белгілерімен ерекшеленеді. Доғал тас тіліктері түрінде орындалған мұндай құралдар морфологиялық жағынан үшбұрышты микролиттерге өте ұқсас. Өлшемі бойынша жүзі үшбұрышты микролиттерден (жүзінің ұзындығы 3-5 см) біршама үлкен және дөңес беті екі жағында өткір қырлы (4-сур. 5) болып келеді.

Сонымен бірге, Рахат тұрағының тас құралдар жиынтығының басқа да ескерткіштердегі құралдармен салыстырмалы түрде ұқсастықтары Додекатым-2 (Орта Азия) тұрағының 2 қабатының материалдарында, ерте Зарзиан (Иран

таулы өлкесі), Кебаран және Масракан (Левант) ескерткіштерінде көрінеді.<sup>17</sup>

Геометриялық пішінді стандартты құралдар мен құралдардың құрама бөліктерінің жаппай пайда болуымен байланысты жаңа технологиялық шешімдер осы аймақтарда жоғарғы палеолит пен эипалеолит кезеңіндегі мәдениеттерде одан әрі дами түсті. Жоғарғы палеолиттің соңғы уақыттары Солтүстік Тянь-Шань аумағында мүлдем зерттелмеген және тек бір жағдайда ғана Майбұлақ тұрағының 1 қабатынан табылған аздаған топтамамен сипатталады.

Рахат тұрағында табылған ерекше және сирек кездесетін олжалар арасында қызыл жоса қалдықтары сақталған тесіктері бар бір тұтас және үш фрагменттен тұратын су моллюскаларының қабыршағы (4-сур. 10-11) табылды. Қабыршақтар әшекей бұйымдар ретінде пайдаланылған. Бұл олжалар бірегей үлгі болып табылады, себебі осы уақытқа дейін Қазақстан территориясында палеолит кезеңінің әшекейлері табылмаған еді. Мұндағы әшекей ретінде қолданылған түрге жататын моллюскалар (*corbicula tibetensis*) Солтүстік Тянь-Шань тау бөктерінде мүлдем кездеспейді. Бұл моллюскалардың қабыршағы табылған ең жақын орын тұрақтан солтүстікке қарай жүздеген шақырым жердегі Балқаш өзені аумағындағы қазба орындарынан белгілі және кейінгі плейстоцен уақытымен мерзімделеді.

Бір қызығы, бұл моллюскалардың қабыршағынан жасалған әшекейлер Алтайдағы Денисов үңгірінен және Қытайдың солтүстігіндегі Шуйдунгоу тұрағынан табылып отыр.<sup>18</sup> Тұрақ тұрғындары құрал жасауға керек шикізаттарды қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында барынша пайдалана білген. Мұндай

---

<sup>17</sup> Кривошапкин А.И., Колобова К.А., Харевич В.М. Индустрия стоянки Додекатым-2 (Узбекистан): новые данные по верхнему палеолиту региона. Вестник НГУ. Серия: История, филология. 2009. Т.8, вып.5: Археология и этнография. С.74-97.; Olszewski D. The Zarzian in the context of the Epipaleolithic Middle East. *International Journal of the Humanities*. 2012. №19. pp. 1-20.

<sup>18</sup> Деревянко А.П., Шуньков М.В. Становление верхнепалеолитических традиций на Алтае. Археология, этнография и антропология Евразии. 2004. № 3. С. 12-40.; Wei Y., d'Errico F., Vanhaeren M., Li F., Gao X., An Early Instance of Upper Palaeolithic Personal Ornamentation from China: The Freshwater Shell Bead from Shuidonggou 2. *PLOS ONE*. 2016.№11(5): e0155847.

шақпақ тас және яшма тәрізді жыныстар тұрақтан солтүстікке қарай ондаған шақырым қашықтықтағы Іле ойпатындағы қазба орындарынан белгілі.


Табылған олжалардың басым көпшілігі Рахат өзенінің жанындағы арнадан ерте кезде жинап алынған вулканогендік порфириттер мен эффузивтерден жасалған. Аталған деректер Орталық Азияның құрғақ аймақтарының жоғарғы палеолит дәуірінде өмір сүрген тұрғындарының шаруашылық қызметі мен өмір-салтының ерекшеліктерін зерттеуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Айта кетерлік жайт, Рахат тұрағын зерттеу кешенді пәнаралық зерттеулер сипатына ие болып табылады. Тас құралдар коллекцияларын археологиялық тұрғыда зерттеумен қатар, тұрақтың түрлі кезеңдердегі қызметінен хабар алу үшін шөгінділердің OSL-мерзімін белгілеу мен радиокөміртекті сараптама, саздақ топырақтың түс ерекшеліктеріне байланысты спектрофотометриялық талдау, шөгінділердің гранулометриялық және изотоптық құрамын анықтау, споралы-тозаңдық, сүйектер мен моллюскі қабыршықтарын зерттеу үшін палеонтологиялық талдаулар сияқты жаратылыстану бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда Ресей мен Қазақстанның түрлі академиялық мекемелерінің мамандары зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Алынған нәтижелер соңғы плейстоцендік мұз басу кезеңіндегі климаттық жағдайлардың өзгеруі мен Солтүстік Тянь-Шанның тау бөктерінде тұрғындардың қоныстануы себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Соңғы мұз басудың максималды климаттық кезеңін қоспағанда – 30000-20000 ж.б. тұрақ ертедегі адамдар тарапынан үнемі қолданыста болды. Осы уақыт аралығында *Homo sapiens* мәдениеті дамып, түрленді – тасты өңдеу әдістері өзгерді, құралдардың түрлері мен оларды жасауға қажетті тас дайындамалардың түрлері мен пішіндері өзгеріске ұшырады. Ескерткіштің маңыздылығы да сонда, тұрақтың материалдары аталған өзгерістерді нақты сипаттауға толық мүмкіндік береді.

Осылайша, Солтүстік Тянь-Шанның тау бөктерін жоғарғы палеолит кезеңінде тұрғындардың белсенді қоныстанған аумағы деп сенімді түрде айтуға болады. Қазіргі уақытта мұнда көміліп қалған түгел дерлік көп қабаттан тұратын он шақты тұрақ ашылды. Айтарлықтай зерттелген уақытқа жоғарғы палеолиттің ерте және орта уақыттары жатады. Аймақтағы жоғарғы палеолиттің мәдени тұтастық ретінде дамуы Еуразияның батыс бөлігі үшін біртұтас шеңберде қарастырылады. Сонымен қатар, жоғарғы палеолиттің түрлі кезеңдеріндегі тас құралдардан да айтарлықтай ерекшеліктер байқалады. Бұрындары «ақтаңдақ» болып есептелген Солтүстік Тянь-Шанның таулы және тау бөктерінің аумағы көптеген жаңа ашылулармен толықтырылып, Батыс пен Орталық Азияның жоғарғы палеолит кезеңін зерттеп білуде айырықша маңызға ие болмақ.

2024 жылы ҚХР Хэнань провинциясы Хэнань университеті, География және инженерия факультетінің доценті Ран Мин Рахат палеолит ескерткішінен топырақ үлгілерін алып сараптама жасады.



«Рахат» кешені Қазақстанның Алматы облысындағы Есік қаласында орналасқан. Археологиялық профильдің қалыңдығы 11,7 метр, оның негізін өзен гравийінен тұратын қабат құрайды. 2024 жылдың тамызында 12 дана шөгінді сынама және 6 дана

көмір сынамалары алынды. Барлық далалық үлгілері зертханадағы MICADAS жүйесі арқылы радиокөміртек бойынша талданды. Нәтижелер, көмір үлгілерінің және шөгінділердің көлемдік сынамаларының жас ерекшелігі голоцен шөгінділерінде жалпы алғанда сәйкес келетінін көрсетеді. Дегенмен, шамамен 650 см тереңдіктен алынған төрт көмір сынамасы сәйкес шөгінді үлгілеріне қарағанда айтарлықтай жас екенін көрсетті. Бұл сәйкессіздік көмір бөлшектерінің жергілікті емес екенін, олардың жаңбыр суының әсерінен сырттан тасымалданған болуы мүмкін екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, профильдің жоғарғы жағы шамамен б.з.д. 380 жылдарға, ал негізгісі шамамен б.з.д. 27 500 жылдарға жатады. Осылайша, «Рахат» археологиялық кешені негізінен кеш төрттік кезеңде (яғни соңғы шамамен 27 000 жыл ішінде) қалыптасты. Жоғарғы шамамен 150 см қабат Голоцен дәуіріне тән шөгінділерді білдіреді, ал 150 см-ден 1170 см-ге дейінгі аралықтағы қабаттар соңғы Мұз дәуірінің кеш кезеңінде (Теңіз изотоптық, кезең-2) түзілген шөгінділерге сәйкес келеді. Хронологиясын одан әрі нақтылау үшін біз шөгінділердің уақыттық шкаласын дәлірек анықтау мақсатында **оптикалық стимулданған люминесценция (OSL)** сияқты қосымша даталау әдістерін қолдануды жоспарлап отырмыз.

### **2.1.2. РАХАТ V тобындағы қола дәуірінің обалары**

Рахат V тобына тиесілі аймақта солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеліп орналасқан 50-ден астам түрлі кезеңдермен мерзімделетін обалардан тұратын қорым анықталды. Аталмыш қорым ішінен қола дәуіріне жататын 2 оба зерттеу нысаны ретінде таңдалды.

I-нысан – жоспары шағын, төбесі тегістеу келген, диаметрі 5 м болатын оба. Жер қыртысындағы қарашірік қабатының біркелкі болмауы, кей жерлерінде мүлде болмауы салдарынан өсімдіктер бірқалыпты өспегенін байқаймыз.


Үйіндіде тонаушылар қалдырған ойысты орындар байқалмағанмен батыс бөлігіндегі сопақша ойысты жері тонаушылардан қалған ба деген күдік тудырады. Ортасында, солтүстік-оңтүстік (С-О әрі қарай географиялық бағыттар осы дәстүрде қысқартылып беріледі) және БШ сызығы бойымен ені 0,50 см болатын жиек белгіленіп, үйінді толықтай аршылды (1-сур.).

Оба үйіндісі топырақтан тазартылғаннан соң тас қоршаудың іші 0,30 см-ге дейін тереңдетіліп, топырақтан тазартылды. Аталмыш тереңдіктегі топырақ қабатынан кара шірік пен аралас саз топырақ және ұсақ тастар анықталды.

Стратиграфиялық кескінде саз топырақтан тұратын жоғарғы қабаты, сондай-ақ ұсақ тастармен араласқан кара шірік топырақ қабатынан тұратын төменгі қабаты анық байқалады.


Негізінен, бұл құбылыс керісінше болуы керек еді. Демек обаның мәдени қабаттарының ауысуын табиғи жағдайлардың әсерінен болған құбылыс емес, адамның араласуынан болған жағдай ретінде қарастырған дұрыс болып қалар.

Қарашірік топырақ қабатын алып тастағаннан кейін шығыс-батысқа бағытталған сопақша келген топырақ қабатының бет түсі өзгеше, анық емес контурлары байқалды. Төмен қарай 0,40 см тереңдіктен сүйек және қыш ыдыстың бөлшектері аршып алынды.



1-сурет. I-нысан, қола дәуірінің обасы

Жоғарыда аталып отырған аралас қабат 0,40 см тереңдіктен кейін байқалмады. Бұл жерден байқайтынымыз осы тереңдікке дейін обаның мәдени қабатында болған өзгерістер, аталмыш обаның құрылымының бірнеше рет бұзылғанын көрсетеді. Оған



2-сурет. I-нысан, қола дәуірінің тас қоршаулы обасы

дәлел ретінде бірнеше факторларды атап кетсек болады: біріншіден, обаның жалпы сыртқы құрылысына байланысты мәселе – оның тас қоршауында және тастардың орналасуында. Негізінен, дәстүрлі қола дәуірінің тас қоршауында үлкен-кішілі бұрыштары бар жалпақ тастарды пайдаланады және белгілі бір ретпен шеңбер бойымен қойылады (2-сур.). Осы мәселелердің барлығы обада бірнеше

рет техногендік өзгерістердің орын алғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, екіншіден, обаның сыртқы құрылымымен қатар ішкі жерлеу дәстүрлерінің бұзылғанын мәдени қабаттардың өзгеруінен аңғаруға болады. Мәдени қабаттардан анықталған (табылған) қыш ыдыстардың фрагменттері алдын-ала болжам бойынша қола дәуірі және ерте темір ғасырымен мерзімделеді. 0,70-0,90 см аралығындағы топырақ қабаттарынан қыш ыдыстардың фрагменттері аршылды, обаның солтүстік-шығыс және шығыс қабырғаларынан 0,80-0,90 см тереңдікте жалпақ өзен тастары анықталды.


Осы тастар қабатынан қыш ыдыстардың бірнеше фрагменттер табылды. Бұл жағдай обаның алғашқы бұзылуының нышандары деген болжам жасауға болады. 0,90 см тереңдікте әлсіз сызықтың контурлары байқалды. Сызық обаның батыс

бөлігінде яғни, обаның жарты бөлігінен солтүстік-шығыс және оңтүстік шығысқа бағытталған теріс «С» тәрізді бейнеде (2-сур.).

Аталмыш сызықтың шығыс бөлігінің топырақ қабаты бастау (тығыз емес) болған соң, оңай тазартылды. Обаның шығыс бөлігін 0,20 см төмен қарай топырақтан тазарту барысында батыс жақ бөлігінің бүйірінен жарты ай тәрізді сызықтың контуры айқын көріне бастады. Қазба тереңдігі 1,50 м жеткенде тығыз саз топырақ қабаты аршылды. Яғни, обаның еденіне жеті және жарты ай тәрізді сызықтың төменгі бөлігі де осы жерден аяқталды. Жарты ай тәрізді сызықтың ішін топырақтан тазарту барысында оның «лақат» екендігі белгілі болды. Лақат іші толығымен топырақтан тазартылғаннан соң, оның ішінен ұзындығы 1,80 м болып келетін адам қаңқасы (*скелет*) анықталды (3-сур.).

Оңтүстіктен солтүстікке бағытталған лақат ішінің жалпы өлшемі: 2x1 м болып келеді. Адам қаңқасы анатомиялық бүлінбеген жағдайда сақталған «*in situ*», басы солтүстік қарай, беті батысқа қарай яғни, құбылаға қарап орналасқан (3-сур.).

Қойылған қаңқа астына жуандығы 0,10-0,15 см болатын ағаш бұтақтарынан төсеніш жасалғандығы мәлім болды. Аталмыш мүрдеге келер болсақ, жалпы сипаттамасынан мынадай көріністі аңғаруға болады: біріншіден, көр шұңқырының құрылымы, оның тереңдігі және лақаттың жасалу әдісі мен орналасуы; екіншіден, адам қаңқасының орналасуы (*бағыты*) және бас сүйегіндегі бет




3-сурет. I нысан, қола дәуірінің тас қоршаулы обаның лақатта орналасқан адам қаңқасының бас сүйегінің. Беті құбылаға қарап орналасқан

бөлігінің батысқа (*құбыла*) қарай орналасуы, сондай-ақ, ағаш бұталарынан жасалған төсенішін айтуға болады.

Қола дәуірінің (Рахат шатқалы) тас қоршаулы I обасында жүргізілген далалық археологиялық қазба жұмыстары бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады: аталған обаның алғашқы иелері қола дәуірінің тұрғындары. Оған дәлел ретінде айтарымыз: біріншіден, обаның сыртқы құрылысындағы тастарды орналастыру әдісі; екіншіден, 0,70-0,90 см тереңдіктен кейін қыш ыдыс фрагменттерінің (қола және ерте темір дәуірі) табылмауы, яғни, ежелгі тұрғындардың ғұрпы мен дәстүріндегі жерлеу орнының тереңдігі обаның көлеміне (өлшемі) байланысты болып келеді.<sup>19</sup>

Сонымен қатар, көрсетілген тереңдікке дейін табылған қыш ыдыс фрагменттерінің арасында ерте темір ғасырымен мерзімделетін бірнеше бөлшектердің кездесуі, обаның үш кезеңге тән жерлеу мәдени қабаттарынан тұратындығын аңғартады. Обаны ерте темір ғасырында да қолданылғандығын сақ-үйсін



4-сурет. I-нысан, қола дәуірінің тас қоршаулы обаның тас құрылымы

кезеңіне тиесілі қыш ыдысы фрагменттерінен бөлек обаның сыртқы құрылымындағы өзгерістерінен де байқауға болады (4-сур.).

Тас қоршаудағы тастардың орналасуы және олардың өлшемі қола дәуірі мен сақ-үйсін кезеңінде болған өзгерістерді көрсетеді. Боялған тастар қола дәуіріне тиесілі, ал бояусыз түрде жатқан

<sup>19</sup> Древний археологический комплекс верховьев ущелья Киши-Турген. Монография / отв. ред. Г.С. Джумабекова. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2020. 260 с.


тастар кейінге уақытпен мерзімделінеді; яғни, олардың сақ-үйсін кезеңінде қойылғанын аңғаруға болады (4-сур.).

II-нысан. Бұл обаның көлемі шағын, төбесі тегістеу, диаметрі 6 м. Аталған оба бірінші обадан 3 м оңтүстік-батыста, жалдың батыс бөлігінде орналасқан. Жер қыртысындағы қарашірік қабатының біркелкі еместігі, кей жерлерінде мүлде болмауы салдарынан өсімдіктердің бірқалыпты өспегендігі байқалады.

Үйіндіде тонаушылар қалдырған ойыс орындар көзге бірден байқала қоймайды, алайда шығыс бөлігінде ойыстау жерін аңғаруға болады. Оның ортадағы үйіндісі аздап сопақша болып ШБ бағытымен батысқа қарай ойысқан. СО бағытымен ені 0,50 см болатын жиек белгіленді, топырақ пен ұсақ тастар аралас үйіндісі алынды.

Қазба жұмыстары жүргізілген бұл обаның стратиграфиялық кескінінде қабаттардың алмасуы, бұзылуы немесе қозғалуы айқын байқалады. Жоғарғы қабаты қара шірік топырақтан, төменгі қабаты ұсақ тастармен араласқан саз топырақтан тұрады. Қарашірік қабатын аршығаннан кейін 0,30 м төмен тереңдікке түсу барысында қыш ыдыс пен сүйек бөлшектері аршып алынды. Оба ішінің жер қыртысы шығыстан батысқа қарай ойыстау екенін

аңғарылды. Обаның орта бөлігінен 0,40-0,50 м тереңдіктен көлемі үлкен өзен тастары байқалды. Бұл жәйт, обаның ертеректе тоналып кетуі не болмаса үстінен кейінгі жерлеу орындарының түсуі мүмкін екендігін аңғартады. Оба ішін топырақтан тазарту барысында 0,60-0,80 м тереңдік арасында



5-сурет. II-нысан, қола дәуірі обасы

көптеген ұсақ және ірі өзен тастарымен қатар қыш ыдыс пен сүйек фрагменттері аршып алынып жатты. Бұл жерден байқайтынымыз: осы тереңдікке дейін обаның мәдени қабатында бірнеше рет өзгерістер орын алып, құрылысы бірнеше рет бұзылған. Оған дәлел ретінде бірнеше мысал келтірсек болады: біріншіден, обаның жалпы сыртқы құрылысынан бастасақ, мәселе оның тас қоршауында және тастардың орналасуында болып тұр. Негізінен дәстүрлі қола дәуірінің тас қоршауында үлкен-кішілі бұрыштары бар жалпақ тастарды пайдаланады және белгілі бір ретпен шеңбер бойымен қойылады. Осы мәселелердің барлығының сақтала қоймауы аталған оба құрылысының бірнеше рет сыртқы күштер әсерінен өзгергенін көрсетеді (5-сур.).

Обаны топырақтан тазарту барысында 0,90 см тереңдікте


сүйек пен тас пышақ табылды.

Аталмыш тереңдіктен 0,20 см төменіректе, яғни, 1,10 м шамасында адам қаңқасының сұлбасы анықталды.

Адам қаңқасын топырақтан тазарту барысында оны сол жақ бүйірімен жатқызып, тізелері бүгіліп, сол жақ қолы иегіне жасталған күйі қойылғаны белгілі болды (6-сур.).

Адам қаңқасының бас сүйегі,

оң қолы мен жамбас сүйегіне дейінгі бөлігі аздап солтүстік-батысқа қарай шалқайған. Жалпы, адам қаңқасы шығыс-батыс бағытымен қойылғанмен түрлі кеміргіштер «әрекеті» әсерінен қаңқаның аздап анатомиялық қалпы өзгерген болуы да ықтимал. Зерттеуші мамандар тарапынан адам қаңқасының ұзындығы 1,55




6-сурет. II нысан, қола қола дәуірінің обасы

м болуын және сүйектерінің майдалау екенін ескере отырып оны әйел адамға немесе жасөспірімге тиесілі қаңқа болуы мүмкін деген алдын-ала болжам жасалды.

Аталмыш адам қаңқасынан 0,35 см оңтүстік-батыста сопақша келген өзен тастарынан қаланған шеңбер орны анықталды. Тас шеңберді топырақтан тазарту барысында оның астынан жер құдыққа ұқсас, ойық шұңқырдың орны айқындала бастады. Құдықшаны топырақтан тазарту барысында оның оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталғаны мәлім болды, ал 1 м тереңдіктен адам қаңқасы аршылды. Адам қаңқасын топырақтан тазарту барысында оның шалқасынан жатқызылғаны, аяқ және қол сүйектері сыртқа қарай бүгіліп «8» саны тәрізді жерленгені анықталды (7-сур.). Адам қаңқасы шалқасынан жатқызылған жерлеу орнының ені 1,30 м-ді, ұзындығы 2,30 м-ді құрайды. Жалпы обаның құрылымы, көлемі, қаңқа сүйектің орналасу бағыттары, оны жатқызу ғұрпы сол замандағы жерлеу дәстүрінің жай-күйі туралы мәлімет береді.<sup>20</sup> Қабір шұңқырының орналасуы мен қайтыс болған адам сүйегінің белгілі бір нұсқада жатқызылуы бойынша әрқилы ғылыми болжам жасауға негіз бар.

Сондай-ақ, құдықша ауыз тұсына қойылған сопақша тастар ерте темір дәуірі тұғыр тастарына ұқсас келетінін аңғаруға болады (7-сур.). Адам қаңқасының ұзындығы 1,95 м, яғни сүйектері



7-сурет. II нысан, қола қола дәуірінің обасы

<sup>20</sup> Лбова Л.В., Жамбалтарова Е.Д. Характерные признаки погребального обряда раннего неолита Западного Забайкалья / Вестник НГУ. Серия: История, филология. 2009. Том 8, выпуск 3: Археология и этнография. 296 с.

өте ірі. Мұның өзі ер адамның (жауынгердің) қаңқасы болуы мүмкін екендігін нақты аңғартады. Сонымен қатар жоғарыдағы мүрде төменгі мүрденің алдында құл есебінде тізерлеп отыруы да мүмкін екендігін де айта кеткен ләзім.

Қола дәуірінің тас қоршауынан тұратын II обасында жүргізілген далалық археологиялық қазба жұмыстары бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады: аталған оба алғашқы иелері қола дәуірінің тұрғындары болғандығы сөзсіз. Оған дәлел ретінде біріншіден, обаның сыртқы құрылысындағы тас қоршаудағы тастарды орналастыру әдісін (құрылымын); екіншіден, 0,60-0,80 см тереңдіктен кейін қыш ыдыс бөлшектерінің (қола және ерте темір дәуірі) табылмауын, яғни, ежелгі тұрғындардың жерлеу дәстүріндегі жерлеу орнының тереңдігі обаның көлеміне (өлшемі) байланысты болып келгендігін айтуға болады.<sup>21</sup>

Сонымен қатар, аталған тереңдікке дейін табылған қыш ыдыс фрагменттерінің арасында ерте темір ғасырымен мерзімделетін бірнеше бөлшектер бар, мұның өзі обаның екі дәуірге тән мәдени қабаттан тұратындығын аңғартады. Обаны ерте темір ғасырында пайдаланғандығы сақ-үйсін кезеңіне тиесілі қыш ыдысы фрагменттерінен бөлек обаның сыртқы құрылымындағы өзгерістерінен байқауға болады (5-сур.). Тас қоршаудағы тастардың орналасуы және олардың өлшемі қола дәуірі мен сақ-үйсін кезеңінде болған өзгерістарді көрсетеді, боялған тастар қола дәуіріне тиесілі ал, бояусыз жатқан тастар кейінгі, яғни, *сақ-үйсін* кезеңінде қойылғандығы аңғарылады (5-сур.).

Қазба жұмыстары аяқталғаннан кейін зерттелінген обаларға *геотекстиль* материалы пайдаланылып, жерлеу орындарын рекультивациялау (қайта көму) жұмыстары жүргізілді (8-сур.).

---

<sup>21</sup> Древний археологический комплекс верховьев ущелья Киши-Турген. Монография / отв. ред. Г.С. Джумабекова. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2020. 260 с.



8-сурет. Обаларды рекультивациялау (кайта көму) жұмыстары

жерде шірімейді, жаңбырда немесе қарда өзінің қасиеттерін жоғалтпайды, оған кеміргіштер де зиянын тигізе қоймайды.

Бұл материал төменгі қабатты сол қалпында ұстап тұрады, топырақтың түсуіне немесе жылжуына жол бермейді, ал өзі үнемі өзгеріссіз қалады. Тоқылмаған мата өзінің сапасын бірнеше ондаған жылдар бойы жоғалтпай, өте ұзаққа шыдайды.

Алдын-ала болжам бойынша ескерткіштен алынған материалдар бойынша әрі қабір үсті құрылыстары, қыш ыдыс бөлшектерінің табылу деңгейлері, қабір шұңқырларының орналасуы және бағыттары, қола дәуірі ортаңғы кезеңінен кейінгі кезеңіне ауысу уақытымен мерзімдеуге болады.

Геотекстиль – геосинтетиктердің бір түрі; геомата (тоқылған кенеп), сондай-ақ, полипропилен немесе полиэфирлі жіптерден инемен тесу, термотіркелген (бумен өңдеп үтіктеу) немесе гидротіркелген тәсілдермен дайындалатын тоқылмаған мата.<sup>22</sup> Бұл материалдың көптеген пайдалы қасиеттері бар.<sup>23</sup> Геотекстиль қоршаған ортаға әсер етпейді. Ол

<sup>22</sup> John N.W.M. Geotextiles. – Taylor & Francis, 1987. – 347 с. – ISBN 9780412013515.

<sup>23</sup> Методические указания по применению геосинтетических материалов в дорожном строительстве / МАДИ. - М., 2001. – 100 с.: ил., табл.; 21 см.




### 2.1.3. РАХАТ IV тобындағы (Өрікті) ерте темір дәуірінің обалары

2017 жылғы дала маусымында «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы базасында «Есік қорымы және Жетісу сақтарының мәдениеті» ғылыми-зерттеу жобасы аясында «Бекен-Ата» қайырымдылық қоры (Бекмұханбет Нұрмұханбетов атындағы қайырымдылық қоры) бірлесе отырып, алғашқы халықтық археологиялық «Нұрмұханбетов экскавэйшнс!» экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедиция, аты аңызға айналған археолог, Қазақстан тәуелсіздігінің символына айналған «Алтын адамның» алғашқы ашушылардың бірі Бекмұханбет Нұрмұханбетовтың (1935-2016 жж.) өмірден өткеніне бір жыл толуына және туған күніне арналды. Бекен ата «соңғы экспедицияға» аттанғаннан кейін шәкірттері мен ізбасарлары оны еске алу шарасы ретінде дәл осы халықтық экспедицияны ұйымдастыруды жөн көрді. Академиялық, жалықтырмайтын, әр адам шынайы қазбаларға қатысып, археологиялық жаңалықтардың куәгері бола алатын ерекше формат оның стилі еді. Экспедицияның атауы Бекен Нұрмұханбетовтың ағылшын тіліндегі ең сүйікті сөзі – **EXCAVATIONS** (қазбалар) сөзінен шыққан. Ол бұл сөзді әрдайым ерекше шабытпен, жауынгерлік ұран секілді айтып, жаңа зерттеулер мен ғылыми жаңалықтарға шақырып тұрғандай әсер қалдыратын.

Ерте темір дәуірінің жерлеу орны ретінде Өрікті I қорымының № 4 обасы таңдалды. Өрікті I қорымы (Рахат IV тобы) Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Өрікті ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 0,5 км жерде орналасқан. Бұл ескерткіш алғаш рет 1985 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының ТАЭИ Алматы археологиялық экспедициясы жасағы тарапынан зерттелген. Кейіннен, 2004 жылғы «Ескерткіштер жиынтығы экспедициясының Алматы жасағы тарапынан қосымша зерттеу

жұмыстары жүргізілген.<sup>24</sup> 2012 жылы «Есік» музей-қорығының кешенді археологиялық экспедициясы бірқатар археологиялық нысандарға рекогносцировкалық зерттеулер жүргізді, сондай-ақ Өрікті қалажұртының қамал кешені аумағында орналасқан екі обада далалық зерттеулер өткізілді. Зерттеу жұмыстары жүргізілген кезеңде жергілікті жерге топографиялық түсірілім жасалып, Өрікті қалажұртымен Өрікті I қорымының (Рахат IV тобы) топографиялық жоспары түсірілді.

Қорым оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеліп орналасқан төрт обадан тұрады (1-сур.). Сақталған обалардың топырақ пен тастан құралған жер үсті құрылымдары ежелгі тонаушылық әрекеттерінің іздерін көрсетеді. Обалардың диаметрлері 12-ден 40 метрге дейін, биіктігі 0,5-тен 3,5 метрге дейін. Сыртқы белгілері бойынша, бұл обаларды ерте көшпелілер дәуіріне (б.з.д. V-III ғғ.) жатқызуға болады.



1-сурет. Өрікті I қорымының (Рахат IV тобы) ситуациялық жоспары

<sup>24</sup> Архив Института археологии Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан. Отчет о работах Алматинского отряда по Своду памятников истории и культуры Алматинской области за 2005 г. Алматы, 2005. – 44 с.

Қазба жұмыстары №4 обаға жүргізілді (GPS – географиялық координаттары: N 43° 21.955'; E 075°22.961'). Обаның диаметрі – 15 м, биіктігі – 1,30 м (2-сур.). Орташа көлемді оба топырақ үйіндісі трапеция тәрізді, панцирлы қабатпен жабылған және жалпақ төбелі шағын төбешік түрінде көрінеді. Топырақтың қара шірік қабатының жұқалау болғаны себепті өсімдіктер сирек кездеседі. Оба үйіндісінен тонаушылардың ізі байқалмайды. Орталықта, оңтүстік-шығыс және батыс-шығыс бағыттары бойынша ені – 0,50 см болатын жолақ белгіленген. 50 м<sup>2</sup>-ді қамтитын зерттеу ауданында жұмыстар қолмен жүргізіліп, 70 м<sup>3</sup> топырақ шығарылды. Қазба жұмыстары барысында әртүрлі тереңдіктерде көптеген қыш ыдыс сынықтары анықталды. Жер үсті құрылысы қолмен, қабат-қабатымен және сектор-секторымен, шахматтық тәртіпте тазаланды (болашақта музейлендіру мүмкіндігін ескере отырып).



2–сурет. Өрікті I қорымы (Рахат IV тобы),  
№4 оба. Қазба жұмыстарына дейінгі көрініс

Жер үсті құрылысы мұқият тазаланып, фото және графикалық сызу жұмыстары жүргізілді. Оба үйіндісінің стратиграфиялық қималары анықталып, жоспарлары құрастырылды, сондай-ақ ескерткіштің бастапқы жер үсті құрылымының негіздері анықталды. Тазалау жұмыстарының нәтижесінде үйіндінің

стратиграфиясы айқын көрінді. Қарашірік қабатын алғаннан кейін дөңгелек құрылым анықталды (3-4 сурет). Құрылым орта түйіршікті гранит тастардан тұрғызылған екен.




3-сурет. Обаның шымтезек қабаты алынғаннан кейінгі жалпы көрінісі



4-сурет. Обаның жоспары

Үсті жапқан құрылым (тас жамылғысы) 25x10x8 см-ден 45x35x25 см-ге аралығында өзгеріп отыратын әртүрлі көлемдегі тастардың бірқабатты төсемінен тұрады. Айналдыра қалауы айқын көрініп тұратын, өзіндік қырларымен ерекшеленетін тастар бір-бірімен тығыз жымдастырыла отырып осьтерімен құрылымның ортасына қарай бағытталған. Бұл құрылым үш қатарлы тұғыр тастардан тұрады (5-сур.). Орталық бөлікте тастар жоқ. Обаның стратиграфиясын анықтау мақсатында екі шурф салынды (6-сур.).



5-сурет. Обаның тұғыр тастары

6-сурет. Обаның кима-кескіні

Обаның ортасын мұқият тазалау жұмыстарынан кейін тіктөртбұрыш пішінді жерлеу шұңқыры анықталды (7сур.). Шұңқыр батыс-шығыс бағыты бойынша қазылған екен. Шұңқырдың ұзындығы – 3 м, ені – 1,2 м, тереңдігі – 2 м. Жерлеу шұңқырының қабырғалары тас қалаумен шегенделген (8-сур.).

Осы ерекше тас жәшік ішінде ағаш жабындыдан қалған іздер – ұсақ ағаш жаңқалары кездесті. Қабір шұңқыры түбінен күлдің қалдықтары анықталды. Сондай-ақ, қабір шұңқырының табанынан темір түйреуіш пен үш алтын жапсырма моншақтар табылды (9-10 суреттер). Алайда, оба тоналған болып шықты. Жерлеу шұңқыры тазаланып, қалған заттар алынған соң, төбесінен тік төмен қарай ұңғыма тәрізді жасалған (конус секілді шұңқыр) арқылы тонау жасалғаны анықталды. Зерттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін ашылған аумақтардың кейбір бөліктері консервацияланып, рекультивацияланды (қайта көмілді).




7–сурет. Жерлеу камерасы



8-сурет. Қабырғалардың тас қалауы



9-сурет. Темір түйреуіш



10-сурет. Алтын тездер

Жалпы алғанда, бұл ескерткішті эталондық деп атауға және оны кейінгі сақ-үйсін мәдениетіне жатқызуға болады. Аталған ескерткіштің конструктивтік ерекшеліктерін тереңірек зерттеу ғалымдарға типологиялық және синхронологиялық кестелерді жаңа мәліметтермен толықтыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тарихнамалық талдау негізінде зерттелген обалар Жетісудың сақ-үйсін мәдениетіне жатқызылып, жалпы алғанда б.з.д. III-II ғғ. мерзімделеді.<sup>25</sup>

№4 оба тек маңызды археологиялық дерек көзі болып қана қоймай, мәдени мұраны қорғауға қоғамды тартудың үлгісі болды. «Нұрмұханбетов ЭКСКАВЭЙШНС!» жобасының арқасында археология кабинеттер шеңберінен шығып, далаға, халыққа, тарихқа, бастауларға жол тартты. Далалық маусымның нәтижелері бойынша «Мұрагерлер» атты музейлік көрме ұйымдастырылды.

2017 жылғы экспедиция тек ғылыми шара ғана емес, сонымен қатар мәдени бірігу әрекеті болды. Ол «Citizen Science» – ғылыми еріктілер форматында өтті. Қазақстан археологиясының тарихында алғаш рет студенттерден бастап балаларымен келген отбасыларға, сондай-ақ Франция, Венгрия, Скандинавия және Украинадан келген мамандарға дейін кез-келген адам нағыз қазба жұмыстарына қатыса алды. «Нұрмұханбетов ЭКСКАВЭЙШНС!» тек археологиялық жоба ғана емес, өмір мектебі болды.

Кешкі аспан астында, от басында көне дәуірлер мен оны зерттеуге өмірін арнаған адам – Бекен-ата туралы естеліктер айтылып, археологиялық қызықты сәттер сұхбатқа арқау болып, оның қырсырымен бөлісілді.

---

<sup>25</sup> Акишев К.А., Кушаев Г.А. Культура саков долины р. Или VII-IV вв. до н.э. // Древняя культура саков и усуней реки Или. Алма-Ата: Академия наук КазССР, 1963. 300 с.; Тулегенов Т.Ж. Археологические раскопки на могильнике Рахат // Международная археологическая конференция «2017 Asian Archaeology». – Тэджон, 2017. – С. 143-150.; Бексеитов Г.Т., Тулегенов Т.Ж., Оспанов Е.Б., Рахметов А.Н. Полевые археологические исследования в 2019 году на курганном могильнике Орикти // «Далалық археологиялық зерттеулердегі жаратылыстану ғылымдарының әдістері мен әдіснамасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 139-147 бб.; Бексеитов Г.Т., Тулегенов Т.Ж. Конструктивные особенности курганов сакской культуры Жетысу на материалах могильников Орикти I и Рахат III (итоги сезона 2019 г.) // История и

## 2.1.4. РАХАТ V тобындағы ерте темір дәуірінің обалары

2017 ж. Рахат қорымындағы қатар орналасқан екі обаға Қазақстан-Оңтүстік Корей бірлескен археологиялық экспедициясы аясында қазба жұмыстары жүргізілді. Қорымдағы жұмыстар обаның хронологиялық шегі мен функционалдық мәнін анықтау мақсатында геомагниттік зерттеулерден басталды (1-сур.).



1–сурет. Геомагниттік зерттеу

*І-нысанды (оба) корей мамандары зерттеді. Жер үсті құрылысын талдау қолмен мәдени*



2–сурет. Шахмат тақтасы тәртібі бойынша

қабатты анықтау және сектор бойынша құрылысын зерделеу арқылы жүргізілді. Әсіресе негізгі зерделеулер шахмат тақтасы тәртібімен атқарылды (2-сурет). Жабындыны мұқият тазарту атқарылып, жоспар мен стратиграфиялық кесінділерді фото және графикалық тұрғыдан бекіту жүргізілді, сипаттамалар жасалды. Тазарту нәтижесінде жағалаудың стратиграфиясы нақты анықталды.

Құрылысқа орташа түйіршікті гранит тастар пайдаланылған. Қабір

---

культура Великой степи. Материалы Международной научно-практической конференции / Под ред. М.Х. Абусейтовой. Составители: Н.Ж. Шаймарданова, З.С. Табынбаева. – Алматы: «Шығыс пен Батыс», 2020. – С. 58-64.; Мухтарова Г.Р., Тулегенов Т.Ж., Айтқұл Х.А., Құрбанәлі Ж., Дин Ян Кейінгі сақ кезеңіндегі обалардың құрылымындағы өзіндік ерекшеліктері // Еуразиялық далалық өркениет: адам және тарихи-мәдени орта. Еуразия даласы археологиясы V халықар. конгресінің м-ры. 5 томдық. 2-том / Ред.: А.Оңғарұлы және т.б. Алматы, Түркістан: МАИ, 2022. 265-276 бб.; Омаров Ф.Қ., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б. Есік қорымы және оған іргелес жатқан Оңтүстік Шығыс Жетісудың ерте көшпелілердің жерлеу кешендері // Bulletin of history. 2022. No 2 (105). – С. 195-202.

үсті құрылысы (тас жабынды) – 25x10x8 см-ден 45x35x25 см-ге дейінгі әртүрлі мөлшерде бір қабат етіп төселген. Өзіндік периметрі бойынша төселген тастардың беткейлері айқынырақ, тұғыр тастар бір-бірімен жымдастыра қаланған және ұзын осьпен құрылыстың ортасына қарай бір қатарға бекітпетас (крепида) орнатылған. Мұқият тазалаудан кейін қорған ортасында батыс-шығыс бағытындағы тікбұрыш пішінді екі қабір шұңқыры анықталды. Қабір шұңқырлары таспен шегенделген.

Осынау өзгеше пішінді цистадан үстін жапқан ағаштардың ұсақ бөлшектері табылды. Оба толықтай тоналғандықтан ешқандай заттай материалдар табылмады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары аяқталған соң ашылған аландардың бір бөлігіне консервация және рекультивация жұмыстары жүргізілді.

*II-нысанды (оба) қазақстандық ғалымдар зерттеді.* Жабындысы таспен қымталған орташа оба шағын ғана үйінді түрінде көтерілген. Обаның қара топырақ жабындысы аса құнарлы болмағандықтан шөп өскіндері тақырлау әрі сирек шыққан. Үйінді үстінде шұңқыр мен ойықтары жоқ. Обаның ортасынан солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша 0,50 м өлшемінде стратиграфиялық қазба салынды. Зерттеушілер тарапынан үйіндінің батыс жартысын материктік қабатқа дейін аршуға шешім қабылданып,



3–сурет. №2 оба қимасы

солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша салынған оба қимасына тазалау жұмыстары жүргізілді (3-сур.).

(GPS – географиялық координаттары: N 43° 21.955'; E 075°22.961'). Оба диаметрі – 16 м, биіктігі – 1,50 м. Қазба



4-сурет. Қабір үсті құрылысы (оба 2)

жұмыстары кезінде түрлі тереңдікте аса үлкен көлемдегі қыш ыдыс сынықтары анықталды. Жерлеу шұқыры қабір асты құрылымының ортасында орналасқан. Ол солтүстік жағынан шығатын орны бар дөңгелек бұрышты, сопақ пішінді түрде жасалып, жұмыр тастармен толтырылған (4-сур.).

Қазба барысында қазылған алаңның

ұзындығы – 3,4 м-ге, ені – 2,6 м-ге жеткізілді. Тастарды аршумен қатар қабырғаларды анықтай отырып жерлеу нысанына тазалау жұмыстары жүргізілді. Қабір шұңқыры қара топырақты саздақтан тұрады. Оның барлық периметрлері бойынша ірі және орташа өлшемдегі тастар кездеседі. 0,5 м тереңдікте қабірде ағаш бөрене мен бір домалақ тәж түріндегі жерлеу камерасының қалдықтары анықталды. Қабір шұқыры шығыс-батыс бағытында 1x1,9 м өлшемінде, жекелеген төртбұрышты түрде сақталған. Тонаушылықтың әсерінен 2-обаның орталық жерлеу шұқырындағы қаңқа сүйекті анықтау мүмкін болмады. Жерлеу орнынан қыш ыдыстар сынықтары, ағаш пен адам сүйегінің қалдықтары табылды. Басқа заттық материалдар анықталған жоқ.

Негізгі орталық жерлеу орнының солтүстік тұсынан тоналмаған бала қабірі анықталды. Бұл қабірді аршу кезінде жас баланың өте нашар сақталған сүйек қалдықтары мен балалар заттары шықты. Олар: біреуінің ортасында бұрғыланған ізі бар

асық пен кәдуілгі асықтар, тастан жасалған моншақтар мен пасталар, бүтін қыш ыдыс табылды (5А, Б-сур.).



5А–сурет. Бала қабірі



5Б–сурет. Бала қабірінен табылған заттар

Жерлеу орнынан анықталған заттардың сипаттамасы. Біздің бірінші кезекте назарымызды аударатын нәрсе зерттелген жерлеу орындарының хронологиясын анықтауға қолданылуы мүмкін материалдар екендігін айта кеткен жөн.

Моншақтар – 25 дана, олардың ішінде – 20 паста және 5 дана майда моншақ бар. Жерлеу орындарында моншақтарды орналастыру ерекшелігі, моншақтардан жасалған алқа комбинацияларының түрлері ескеріліп, материалдың өзіндік сыныптамасы жасалынды. Бұл топтамада түтікшені кесу әдісімен жасалған шыны моншақтар басым; тартылған таяқшадан жасалған моншақтар үлесі шамалы; көгілдір түсті моншақтар кездеседі. Мұның өзі моншақтар жинағының б.з. I мыңжылдықтың бірінші жартысындағы сақ кезеңіндегі Жетісу ескерткіштерімен ұқсастығы туралы айтуға мүмкіндік береді. Ал асықтар жиынтығы 12 дана. Мұндай олжалар әдетте балалар қабірінен көптеп кездесіп жатады.

Зерттеуші Е.В.Куприянова Оңтүстік Орал аумағындағы (алакөлдік және сынташты) андронов материалдарын зерттеу кезінде асықтарды көбіне балалар мен жеткіншектер жерлеу орындарынан кездесетінін атап өткендігі белгілі.<sup>26</sup> Ғалым С.С.Марков болса асық жиынтығы бар балалар қабірі ересектердің қабіріне қарағанда анағұрлым көбірек екенін және оның төмендегідей бірнеше нұсқаларын атап өтеді: сүйек ойындарына арналған жинақ; бал ашуға арналған жинақ; ырыс-берекенің символы; тұмар.<sup>27</sup> Археология тарихнамасында жерлеу орындарынан табылған асықтар саны 1-ден 159 аралығында болғандығын кейбір ғалымдар есептеп шыққан.<sup>28</sup> Азов маңындағы Север Донц және Донецк бөрелелі қабірлерді зерттеу кезінде жерлеу ғұрпы мен мүліктер категорияларына байланысты

---

<sup>26</sup> Куприянова Е.В. Половозрастная стратификация как аспект культурного своеобразия древних обществ (по материалам некрополей бронзового века Зауралья) // Бронзовый век Восточной Европы: Характеристика культур, хронология и периодизация. Самара: НТЦ, 2001. 451 с.

<sup>27</sup> Марков С.С. Астрагалы в погребальной обрядности эпохи бронзы Южного Зауралья // Вестн. о-ва открытых исследований древности. Челябинск: Аркаим, 2002. 142 с.

<sup>28</sup> Крамарев А.И., Кузьмина О.В. Кости животных в погребальном обряде срубной культуры // XIV Урал. археол. совещ.: Тез. докл. Челябинск: Рифей, 1999. - 204 с.: ил., табл.; 26 см.

жыныстық-жастық өзара байланыстарын анықтау жүргізіліп, ол өз кезегінде балалардың жерлеу орны мен ересектер қабіріне қатысты белгілерді анықтап алуға септігін тигізді. Сонымен қатар, бұл белгілер таза әрі жеке сипатта болып келеді. Асықтардың балалардың әрі ересектердің қабірінен кездесуі таза белгілер қатарына қосылды.<sup>29</sup> Археолог С.С.Черников болса Алексеев қонысынан табылған 20 асықтан тұратын жиынтық сол маңнан анықталған қой асықтарының жиынтығы сияқты ойынға арналған деген тұжырымға келген болатын.<sup>30</sup> Осылайша біздің тарапымыздан аршып алынған қой сүйектерін (асықтар) алдынала жоғарыда айтылған ғылыми нұсқалар бойынша ойын сүйектері деп есептейміз.

II-нысанның №2 обасынан табылған табақ жартылай шеңбер түрінде, түбі жайпақ, ернеуі сыртқа қарай сәл қайырылған ыдыс болып табылады. Ыдыс едәуір биік, түсі ашық қоңыр, биіктігі – 9 см, диаметрі – 18,5 см, тұрқының диаметрі – 16,5 см. Қыш табақтың түрі, сапасы және жасалу технологиясы бойынша б.з.д. IV ғ. – б.з.д. II ғ. бірінші жартысы аралығындағы Жетісу жерлеу ескерткіштерінде көптеген түрлері кездеседі.<sup>31</sup>

Рахат қорымындағы зерттелген обалар жерлеу ғұрпы бойынша анағұрлым бір үлгіде болып келеді. Жерлеу орындары тас негізді болып келетін тас-топырақты үйінділермен жабылған. Барлық зерттелген обалардың топырақ қабатында кезінде ағаш бөренелермен немесе таспен жабылған жерлеу шұңқырлары бар.

Зерттелген обалар негізгі жерлеу ғұрыптары бойынша Жетісудағы<sup>32</sup> және көршілес Қырғызстанның<sup>33</sup> дамыған сақ кезеңі

---

<sup>29</sup> Литвиненко Р.А. Некоторые черты половозрастной организации срубных могильников Донецкого региона // Древности Волго-Донских степей в системе восточноевропейского бронзового века. Волгоград: Перемена, 1996. 128 с.

<sup>30</sup> Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. «Материалы и исследования по археологии СССР», № 88, Изд-во Академии наук СССР, М. – Л., 1960, 272 с.

<sup>31</sup> Акишев К.А., Кушаев Г.А. Культура саков долины р. Или VII-IV вв. до н.э. // Древняя культура саков и усуней реки Или – Алма-Ата: Академия наук КазССР, 1963 – 300 с.

<sup>32</sup> Нурмуханбетов Б.Н., Трифонов Ю.И. Курганные могильники Шубарат и Молалы // Саки и савроматы Казахских степей: контакт культур: Сборник научных статей, посвященный памяти археолога Бекена Нурмуханбетова. – Алматы, 2016, – 252 с.

<sup>33</sup> Ташбаева К.И. Культура ранних кочевников Тянь-Шаня и Алая. Бишкек: Илим, 2011. 274 с.

ескерткіштерімен сәйкес келеді. Яғни, осы аймақтардағы жерлеу орындарының мәдени және хронологиялық контексті ешқандай да күмән тудыра қоймайды. Демек олар Жетісу сақ мәдениетіне тән болып келеді әрі археологиялық деректемелері бойынша б.з.д. IV ғ. – б.з.д. II ғ. бірінші жартысы аралығымен мерзімделеді.


Сондықтан да, зерттелген обалардың негізгі бөлігін Жетісу сақ мәдениетіне жатады деп топшылауға толыққанды негіз бар.

### **2.1.5. РАХАТ II тобындағы ерте темір дәуірі обалары (M1)**

Қазақстан-ҚХР бірлескен археологиялық экспедициясы ескерткіштің оңтүстік тобында орналасқан ерте темір ғасыры обаларына қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттеушілер тобы таңдап алған қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектелген 25 обадан тұрады.

Қазба жұмыстары жүргізілген алғашқы обаға шартты түрде M1 деген нөмір берілді. Қазылған обаның пішіні жер бетінен айқын көрінеді, оның биіктігі 1 м, диаметрі 12 м.

Көзбен барлау нәтижесінде ұзақ жылдар бойы өзен сулары жарды шайып, құлатып, өзен бойында болған бірнеше обалардың құрылысы бұзылып, кейбіреулері мүлдем жойылып кеткендігі айқындалды (1-сур.).




1–сурет. M1 обасы

M1 обаның құрылыс-құрылымы тас пен топырағы аралас, етегінен ортасына қарай 1,2-1,3 м, болатын тас жолақпен шеңберленген, сонымен қатар, жолақтың төменгі айнала бөлігін (етегін) тігінен қойылған, сопақша келген тұғыр тастар құрайды.


Қазба жұмыстары барысында обадан үш жерлеу шұңқыры анықталып, қабір шұңқырларының орналасуына қарай М1а, М1б, М1с деген нөмірлер беріліп, барлы түгелдей зерттелінді (2-сурет).

Мыңдаған жылдарға созылған табиғи және антропогендік әсерден қорым обаларының сыртқы пішіні өзгеріске ұшыраған. Кейбірі жақсы сақталған. Солардың қатарына М1 оба үйіндісін жатқызуға болады. Оған, біріншіден – обаның тау етегіне өте жақын орналасуы, екіншіден – оны айналдыра қоршай өскен бұталы өсімдіктердің қорғаныс жүйесін атқаруы себеп болған болса керек. Осы жағдайды ескере отырып М1 үйіндісінің негізгі аумағы мен құрылысын анықтау мақсатында обаға солтүстіктен-оңтүстікке, батыстан-шығысқа қарай қазба түсіріліп, қабір шұңқырының орналасқан орны анықталды.

Жалпы алғанда, обада жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары бірнеше кезеңдерден тұрады. Обаға алдымен негізгі құрылыс қабаттары мен қалыптасу ерекшеліктерін анықтау мақсатында солтүстіктен-оңтүстікке қарай 16 м, батыстан шығысқа қарай 15 м, ені 2 метрлік (шурф) қазба салынды. Обаның солтүстіктен және оңтүстік бөлігінің шым қабаттарының астынан малта тастар анықталды. Аталмыш бағыт бойынша жасалған жұмыс нәтижесінде бірінші және екінші қабаттағы топырақ тазаланып, малта тастардың аумағы мен тас үйінді шекарасы белгілі болды. Қазба жұмыстарының барысында М1 обасының ірге шекарасы анықталды (3-сурет).



2-сурет. М1 обасының сызбасы мен кимасы




3-сурет. Батыс-шығыс және оңтүстік-солтүстік қазбалары

Оба ортасында орналасқан M1b қабір шұңқыры сәл ертерек салынса керек. Қабір шұңқыры ішіндегі адам қаңқасы жақсы

сақталған және бір қыш ыдыс (кұмыра), шаппа (пышақ) тәрізді темір құрал алынды.

Қорғандағы қазба орнының жарты бөлігіне алдымен топырақтан тазарту жұмысы жүргізіліп, оба үйіндісінің батыс бөлігіне (3-сурет), соңынан үйінді шығыс жарты бөлігіне топырақтан тазарту жұмыстары жасалды. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде малта тастардың орналасуы пішіні айқындалды. Бұл тастар оба жабындысының ең соңғы қабатына, яғни, ең жоғарғы қабатына төселгені белгілі болды (бірінші тас жолақ) (4-сурет, а, б, в, г).




4-сурет. M1 обасындағы малта тастардың орналасуы

Қазба орнында кездескен ағаш тамырын жойып жібермеу үшін обаның оңтүстік-шығыс бөлігінің топырағы аршылған жоқ. Обаның 1-ші тас үйіндісінің оңтүстік-батыс жағындағы малта тастардың орнынан жылжуына байланысты осы бөлігі дөңгелек шұңқырға айналған. Қазба маңындағы өсімдіктерге қарай, бұл шұңқыр осыдан ондаған жылдар бұрын ағаштың өсу кезінде қалған шұңқыр болуы мүмкін деген зерттеушілер тарапынан болжам жасалынды.

Обадағы 1-ші тас үйіндінің батыс бөлігіне және төменгі 1-ші және 2-ші топырақ қабатына жасалынған тазарту жұмыстары кезінде 2-ші топырақ қабатының астында екі тас үйіндісі байқалып, олар орналасқан реттік санына қарай 2-ші және 3-ші тас үйіндісі деп белгіленді.


Далалық ізденістер барысында обаның тазарту аймағы кеңейтілді. Одан кейін 2-ші және 3-ші тас үйінділері толық аршылды, оба құрылыс-құрылымының жасалу ретіне қарай солтүстік жақтағы тас үйінді оңтүстік бүйіріндегі тастардан кейін салынғаны белгілі болды (5-сурет, а, б, в).



5-сурет. М1. 2-ші, 3-ші тас үйіндісінің сызбасы

Обадағы кезекті топырақ пен тастан тазарту жұмыстары барысында 2-ші және 3-ші тас үйіндісінің астында орналасқан үш жерлеу шұңқыры анықталды. 3-ші тас үйіндісінің аумағында М1а, М1б екі қабір шұңқырлары тігінен, ал 2-ші тас үйіндісінің

астындағы М1 с тікбұрышты қабір шұңқыры оңтүстік-шығыс пен солтүстік-батыс бағытымен жатыр (6-сурет, а, б).




6-сурет М1. 2-ші, 3-ші тас үйіндісі және обаның қоршау шеңбері

Қазба соңында М1 оба аумағының солтүстік және батыс жағын, сондай-ақ, шығыс және оңтүстік жақтарын топырақтан тазарту арқылы қазба көлемі аздап кеңейтілді, нәтижесінде М1 үйіндінің сыртқы жағында орналасқан ордың орны белгілі болды (6-сурет, в).

Бірнеше кезеңнен тұратын тазарту жұмыстарының нәтижесінде обаның құрылымы мен құрылыс сипаттамалары туралы деректер алынды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында белгіленген нысанның мәдени қабатын анықтауға арналған заманауи технологияларды пайдалана отырып өте құнды археологиялық материалдарға қол жеткізілді.

Обаның жалпы стратиграфиялық құрылымы күрделі. Сайып келгенде, М1 обасының оңтүстік жағы биік, ал солтүстігі аласалау аумақта орналасқан. Қазба жұмыстары ескерткіштің

стратиграфиялық қазбасы арқылы оның сегіз мәдени қабаттан тұратындығын анықтап берді (7-сурет).



7-сурет. М1 обасының қимасы

Археологиялық нысанның бірінші мәдени қабаты 1-ші және 2-ші шым қабаты деп екіге бөлінеді. Бірінші шым қабатының қалыңдығы шамамен 0,37 м, оның оңтүстігі биік, солтүстігі аласа, яғни көлбеулене орналасқан, топырағы борпылдақ, түсі сұрғылт, топырақ арасынан өсімдіктер тамыры, қыш ыдыстың сынған бөлшектері, жануарлар сүйектері мен тастар аршылды. Екінші шым қабаты обаның шеткі аумағында орналасқан, қалыңдығы 0,45 м, топырағы жұмсақ, түсі сұрғылт. Құрамында өсімдік тамырлары, құм аралас қызыл қыш ыдыс фрагменттері, жануар сүйектері мен тастар бар.

Екінші мәдени қабаты малта тастармен жабылған. Ал таспен жабылған сыртқы сақина (тұғыр) диаметрі шамамен 11,5-12 м-ді құрайды. Тас үйіндісінің жоғарғы бөлігінен бір дана сынған тас құрал табылды.

Үшінші мәдени қабат 1-ші және 2-ші топырақ үйіндісі болып екіге бөлінеді. Шым қабаты мен 1-ші тас қабатының астында орналасқан бұл мәдени қабаттың қалыңдығы 0,45-0,65 м. 1-ші тас қабатының топырағы жұмсақ, қоңыр түсті, топырақ арасында жануарлардың сүйектері, қыш ыдыс фрагменттері және аз мөлшерде өсімдік тамырлары кездеседі. Ең қалың бөлігі шамамен 0,65 м. Солтүстік бөлігінің диаметрі шамамен 12,4 м. 2-ші

топырақ қабатының топырағы сұр түсті, жұмсақ, арасында жануарлар сүйектері, аз мөлшердегі өсімдіктер тамырлары кездесетін бұл мәдени қабат 1-ші тас қабатының аумағында орналасқан, оңтүстік пен солтүстік бөлігінің диаметрі шамамен 10,8 м, ең қалың бөлігі 0,35 м, ал солтүстік пен оңтүстік бөлігінің арасындағы биіктік айырмасы шамамен 1,4 м-ді құрайды. Екі тас үйіндісі орналасқан 2-ші топырақ қабатының астында оңтүстіктен солтүстікке қарай ұзындығы 6 метр, ал батыстан шығысқа қарай ені 4,6 метр. 2-ші және 3-ші тас үйіндісі дөңгелек пішінді, 2-ші тас үйіндісінің диаметрі 2,87 метр, солтүстіктен оңтүстікке қарай 2,3 м диаметрі, биіктігі 0,50 м. Ал, 3-ші тас үйіндісі батыс пен шығыс диаметрі 4 және 6 м, солтүстіктен оңтүстікке қарай 3,7 м диаметрді құрайды, биіктігі 0,9 м. Екі шағын үйіндіні жапқан малта тастар мен топырақтың орналасуына қарай көр шұңқырының салыну реті белгілі болды.

Төртінші мәдени қабат 2-ші тас қабатының аумағында, бір қабатты малта тастармен жабылған, дөңгелек пішінді, тас қабатының сыртқы жиегі обаның сыртқы шекарасымен аяқталады. Ені шамамен 1,2-1,3 м, ішкі жағындығы малта тастардың көлемі кіші, диаметрі 0,2-0,3 м, сыртқы жиегіндегі тастар көлемі үлкен, диаметрі 0,40-0,60 м. Малта тастар кездеспейтін 2-ші тас үйіндісі сопақша келген, батыстан шығысқа қарай диаметрі 1,6 м, солтүстіктен оңтүстік диаметрі 1,1 м. Екі тас үйіндінің жиегіндегі малта тастар белгілі бір жүйемен орналасқан.

Бесінші мәдени қабаты топырақпен жабылған, сұр түсті, қалыңдығы 0,15 м. М1с жерлеу шұңқыры осы қабаттың астында орналасқан.

3-шісі тас үйіндісінің аумағында орналасқан, бір қабатты малта тастармен шеңберлене жабылған алтыншы мәдени қабаттың ені шамамен 0,83 м - 1,4 м, ішкі жақтағы тастардың көлемі кішкентай, ұзындығы мен ені шамамен 0,2-0,3 м, ал, сыртқы жақтағы тастар ірі, ұзындығы 0,4 см, ені 0,6 см құрайды. Арасында тастармен жабылмаған жер сопақша келген, шығыстан батысқа қарай 2,7 м, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 1,2 м. Тас жабындысының солтүстік жиегіндегі малта тастар 2-ші тас

жабындысының оңтүстік жиегіндегі тастармен жабылған, 3-ші тас жабындының астында жоғарғы және төменгі болып қосақтала екі көр шұңқырлары орналасқан, оларды оңай ажырату мақсатында M1a және M1b деп нөмірленді.

Жетінші және сегізінші мәдени қабатының топырағы ақ сұр түсті, қалыңдығы шамамен 0,2 м-ді құрайды. Тас жабындысының сыртқы жиегіндегі тастардың көлемі үлкен, олар обаның шекарасын қорғау мақсатында пайдаланған. Малта тастардан ешқандай жасанды өңдеудің белгілері байқалмады, дегенмен олардың Рахат өзенінен алынғаны белгілі.

M1 обасы ордан және орталық жабындыдан құралып, малта тастармен дөңгелектене жабылған. Бұл жабындылар бірнеше қабаттармен салынған, олардың ішінде дөңгеленген 3 қатар тас үйіндісі, 3 қатар топырақ қабаты, 2 қабат топырақ төсендісі және үш қабір шұңқырларынан (M1 a, b, c) құралған (2-сурет). Сондай-ақ, M1 обасының 3-ші мәдени қабатына екі жерлеу шұңқырлары (M1 a, M1 b), ал, 2-ші қабатында бір жерлеу шұңқыры (M1 c) орналасқан. Жерлеу шұңқырының орналасқан орны мен құрлымына қарай, олардың барлық бөлігі бір-бірімен тығыз байланыста болғанын байқауға болады, жерлеу шұңқырларының маңында малта тастар жоқ, тек M1 a жерлеу шұңқырының іші малта тастармен толтырылған.

Ішін таспен толтырған төртбұрышты M1a қабір шұңқырының ұзындығы шамамен 1,37 м, ені 1 м және тереңдігі 0,3 м. Бағыты 285° қабір шұңқыры ішінен адам (жасөспірім бала) қаңқасы анықталды (8-сурет).

Мүрде шалқасынан жатқызылып екі қолы жамбас сүйектің жанына қойылған, басы батысқа, аяғы шығысқа қарай бағытталған. Қаңқа сүйегінің көлемінен және қабір шұңқырының ауданынан оның жасөспірім екендігін байқауға болады. Сүйектің қасынан бірге қойылған ешқандай ғұрыптық бұйымдар табылған жоқ.

Тік келген қабір шұңқырының қабырғасынан еңбек құралдардың іздері байқалмайды, дегенмен жерлеу шұңқырының орта тұсына белгі ретінде тас қойылған (?). Топырақ арасынан аз




8-сурет. М1 а қабір шұңқырының қимасы

мөлшерде тастар мен құм аралас қызыл қыш ыдыстардың сынықтары кездесті.

3-ші үйіндідегі малта тас жоқ аумақ та аршылды. М1 а қабір шұңқырына қосақтала орналасқан жерлеу шұңқыры анықталды. Оның пішіні тікбұрышты, шұңқырының ернеуі тар, түбі кең болып келген. Қабір шұңқырының тереңдігі 0,3 м, екінші қабаттың тұғыр алаңымен салыстырғанда біршама тегіс болып келеді, ені шамамен 0,34-0,4 м және биіктігі 0,5 м шамасында. Қабырғалары түзу, онда еңбек құралдарының іздері байқалады. Құралдардың ені шамамен 0,06 м (күрек пішінді құрал болуы мүмкін), жерлеу шұңқырының бағыты  $285^{\circ}$  (9-сурет, а, б).

Қабір шұңқыры ішінен ағаш табытқа салынған адам қаңқасы аршылды, мүрде шалқасынан жатқызылып, басы батыс жаққа, аяғы шығысқа қарай бағытталған, қолдары екі жағына ұзынынан қойылған. Қаңқа сүйектердің пішіні мен ғұрыптық заттарға қарағанда қабірге ересек ер адам жерленген. Бас сүйектің батыс жағынан бір темір бәкі, бір қыш құмыра және уақ малдың құйымшақ сүйегі табылды (9-сурет, в, з).



9-сурет. М1: а - М1 в қабір шұңқыры; б - М1 с обасы; в, г - М1 в қабір шұңқыры түбі; д – уақ малдың құйымшақ сүйегі

Жерленген адамның денесі жатқызылған ағаш табыт шіріп кеткендіктен, оның қалдық іздері бойынша өлшемдері алынды. Зерттеу жұмыстарына қатысқан мамандар тарапынан оның ұзындығы 2,3 м, ені 0,35-0,4 м, биіктігі 0,15 м, қалыңдығы 0,06 м болғаны деп топшыланды. Ағаш табыттың толыққанды пішінін және дайындалған материалын нақты анықтау мүмкін бола қоймады.

Қабір шұңқырының бетінде 5 көлденең жабылған ағаш бөрененің ізі байқалды: ағаштың ұзындығы шамамен 1,2 м, ені 0,12 м, ал аралығы 0,55 м. Топырағы сұр-қоңырқай түстес, арасында көп мөлшерде қиыршық тастар бар. Тереңдігі шамамен 0,8 м, түбіндегі қиыршық тастар жоғарғы бетіндегі тастарға карағанда сәл үлкендеу, жылтыр, өңделген белгісі жоқ, диаметрі

0,5-0,7 м, сондай-ақ, арасында біраз қиыршық тастардың бетінде от іздері байқалады.

М1с жерлеу шұңқыры 2-ші жабынды аймағының орта тұсында орналасқан, жер бетіне дейін шамамен 1,2 м. Қабір шұңқыры сәл дөңгелек тікбұрышты келген, ұзындығы 2 метр, ені шамамен 0,75-1 м және тереңдігі 1,1 м, қабырғасы тік, жақсы сақталған, көр түбінің солтүстік және оңтүстік бөлігінде табиғи топырақ қабаты байқалады. Қабір етегінен және ондағы топырақ арасынан шашырап жатқан сүйектер аршылды (9-сурет, б).

Сырт көзбен қарағанда қабір төбешігінен ешқандай тонаушылықтың іздері байқалмайды. Ішінен жас бала қаңқа сүйегінің бөлшектері, тісі, т.б. табылды. Қабір сұр келген топырақ пен көп мөлшердегі үлкен тастармен толтырылған, шамамен 0,4 м тереңдіктегі тастар ұсақтау, одан төменгі тұстағы тастар сәл үлкендеу болып кездесті. Үлкен қиыршық тастардың диаметрі шамамен 0,5-0,7 м-ді құрайды (10-сурет, а).



а



б



в



г

10-сурет. М1а - М1с кималары: б - тас құрал; в - қыш ыдыс;  
г - темір құрал;

Қорғанның сыртқы шекарасын қоршаған ордың ішкі диаметрі 17,8 м, сыртқы диаметрі шамамен 19 м. Ордың көлденең

қимасы «U» тәрізді, ернеуі сәл үлкен, етегі тарлау келген, ернеуінің ені шамамен 0,9-1,1 м, етегінің ені 0,9-1 м, тереңдігі 0,4 м. Топырағы қоңырқай, құрамында аздаған өсімдік тамырлары және т.б. заттар бар (6-сурет, в).

M1 обасынан бір тас құралы табылды (10-сурет, б). Құм аралас тастың бөлігіне ұқсайтын, ортасында дөңгелек тесігі бар, қайрақ ретінде пайдаланған болуы мүмкін. M1b жерлеу шұңқырынан бүтін бір қыш ыдыс (құмыра), темір бәкі тәрізді құрал және қойдың құйымшағы табылды (9-сурет, в). Қыш ыдыс (құмыра) қоңыр түсті, құм аралас (шамот) қыштан жасалған, жиегі тегіс, шеті доғал, мойны қысқа, бір жағына сәл қиғашталған, бүйірі мен түбінен отқа күйген қара түсті күйе таптарының іздері байқалады. Қыш ыдыс мойнында өсімдік жапырақтарының іздері және бүйірлерінде ақ дақтары бар, көзе шарығының іздері байқалмайды, қолмен жасалғанын байқауға болады, ернеуінің диаметрі 11,2 см, бүйірі 14 см, биіктігі 15,8 см, (10-сурет, в). Темір бәкі тәрізді құрал (10-сурет, з), тұтқасы текше тәрізді, жалпақ әрі қалың, ұшына қарай жіңішкерген, ұшы сынған, жалпы ұзындығы 8,8 см, тұтқасының диаметрі 1,4 см, ал ортаңғы бөлігінің диаметрі шамамен 0,9 см. Уақ малдың құйымшақ сүйегі (9-сурет, в), ұзындығы шамамен 18 см, ені 4,6 см.

Рахат қонысының оңтүстік-шығысында орналасқан M1 обасына жасалған археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде жер қыртысы, тас пен топырақ қабаттарының қабаттасқан құрылымын зерделей отырып, M1 обасының құрылыс-құрылымының барысы толық анықталды. Оба құрылымының негізгі ерекшелігі жерлеу шұңқырлары малта тастармен шеңберленген, жабынды астында үш жерлеу шұңқыры бар және оба сыртына ор салынған. Тас пен топырақ кезектесе қабаттасып төселуі, шеңберленген тас қабаты мен тікбұрышты жерлеу шұңқырлары және сыртқы оры, сонымен қатар, табылған заттар арқылы обаның мерзімі мен жерлеу ғұрыптарын анықтауға мүмкіндік болды. Жерлеу шұңқырының құрылымы, жерлеу заттарының түрлері (9-сурет, д) мен қарапайымдылығына байланысты қабірде жерленген адамның әлеуметтік тұрғыдан

ортаңғы және төменгі топтарға жатқандығын пайымдауға болады.<sup>34</sup>

Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағындағы Іле өзенінің ортаңғы және төменгі ағысында осы обаға ұқсас таспен жабылған обалар жиі кездеседі. Қорғанның бетін жауып тұратын тас жолақтар, сақина тәрізді тас шеңбердің (тұғыр) тұтастығы туралы К.Ақышев алғаш рет, Қызылауыз жерлеу шұңқырын қазған кезінде атап айтқан және оның уақытын б.з.д. III ғ. деп мерзімдеген.<sup>35</sup> Сонымен қатар, аталмыш жерлеудің бұл түрі 2016 жылы Өрікті ауылында «Есік» музей-қорығының халықаралық археология экспедициясының қазба жұмыстары кезінде кездеседі (Қазақстан-Корея бірлескен археологиялық тобы).<sup>36</sup>

Қытай жеріндегі Іле өзенінің жоғарғы ағысында тас топырақпен көтерілген дәл осындай қорғандар жиі кездеседі, мұндай жерлеу орындары Іле аймағындағы дәстүрлі жерлеу түрі ретінде қытай тарихнамасында кездеседі. Олардың көпшілігі Орта Азиядағы ерте темір дәуірі мәдениеттерінен ұқсастық тауып жатады. Мысалы, Шапшал ауданы Содунбулақ обасы,<sup>37</sup> Нылқы ауданындағы Жалғыз Қайынды обасы<sup>38</sup> және т.б. қорғандар

---

<sup>34</sup> Айтқұл Х.А., Мякишева О.А., Торежанова Н.Ж., Рахметова А., Айдарханова Е.Е. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің 2017 ж. Ақтерек қорымында жүргізілген далалық қазба жұмыстарының нәтижелері // «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «Х Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ф.Қ. Омаров. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 137-142 бб.

<sup>35</sup> Акишев К.А., Кушаев Г.А. Культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. 322 с.

<sup>36</sup> Байпаков К.М., Воякин Д.А., Захаров С.В. Могильник Каратума. Некрополь раннего железного века в Семиречье. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», 2016. 672 с.; Оңғарұлы А. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының жерлеу орны. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. 252 б.; Тулегенов Т.Ж. Археологические раскопки на могильнике Рахат // Международная археологическая конференция «2017 Asian Archaeology». Тэджон, 2017. С. 143–150.; Бексеитов Г.Т., Тулегенов Т.Ж. Конструктивные особенности курганов сакской культуры Жетысу на материалах могильников Орикти I и Рахат III (итоги сезона 2019 г.) // Ұлы дала тарихы мен мәдениеті. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: «Шығыс пен Батыс», 2020. 58-63 бб.

<sup>37</sup> Шыңжаң мәдени мұра археологиялық институты. Шинжаң Шапшалауданы Содунбулақ ежелгі қорымдар [J]. Археология, 1999 (8). Қыш құмыра, М15:1, М14:2.

<sup>38</sup> Шыңжаң мәдени мұра археологиялық институты, Ши Бей археологиялық мәдени ескерткіштер және археологиялық зерттеу орталығы, Іле облыстық Қазақ автономиялық

Рахаттың оңтүстік шығысындағы М1 обасының құрылыс-құрылымына өте ұқсас келеді, сонымен қатар, қабір ішінен алынған қыш ыдыстың түрлері де бірдей.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, тас топырақпен жабылған Содунбулақ обасы, Нылқы ауданындағы Жалғыз Қайыңды және т.б. қорғандар б.з.д. V-III ғғ. жатады деп анықталған.<sup>39</sup> Қазақстандық ғалымдар және қытай зерттеушілері тарапынан жасаған ғылыми талдау нәтижелеріне сүйене отырып, Рахат қала жұртының оңтүстік-шығысындағы М1 қорғанының құрылысындағы кейбір мәселелерді зерделей келе, ескерткіштің ерте темір дәуіріне жататындығын нақты кесіммен айтуға болады. Бұл археологиялық нысан алдын-ала болжам бойынша сақтар мәдениетінің кейінгі кезеңіне жатады.

Жалпы айтқанда, қорғандардан табылған материалдар (артефактілер) сипаттамасы көбінесе бұйымдар түрін анықтаумен және заттың пайдалану мақсатын сипаттаумен шектеліп жатады. Дегенмен кез келген материалды тереңірек зерттеу қажет, мұның өзі қазба жұмыстарының ақпараттық әлеуетін айтарлықтай жоғарылатады. Соның ішінде, обалардың құрылысына, олардың функционалдық мәніне, т.с.с. жайттарға қатысты айтарлықтай толық ақпарат алу қажеттілігі күн санап артып келе жатқандығын да айта кеткен жөн.<sup>40</sup>

## 2.1.6. РАХАТ I тобындағы ерте темір дәуірінің обалары

Ескерткіштің солтүстік тобында орналасқан ерте темір ғасырының төрт обасына 2021-2023 жылдары далалық «Рахат

---

мәдени басқармасы. Шинжаң Нылқы ауданы Жалғыз қайыңты обасына жасалған қазба жұмыстарының есебі [J]. Археолог және мәдени мұра, 2011 (5). Қыш құмыра, M28:1, M18:1.

<sup>39</sup> Ли Жо. Шинжаң Іле аумағындағы ерте темір дәуіріндегі қорғандарға жасалған зерттеулер [D]. Шиань: ШиБей университеті докторлық диссертациясы, 2010. 71 б.; Жаң Де Вей. Іле алқабындағы мәдени зерттеулер [D]. Жың Жоу: Жың Жоу университеті докторлық диссертация, 2015. 103 б.

<sup>40</sup> *Ескерту*: аталмыш обадан табылған адам қаңқа сүйектерінің ішінде M1a жерлеу шұқырындағы жас шамасы – бала деп белгілеп отырған қаңқаның M1b немесе M1c қаңқаларына генетикалық жақындығын анықтау үшін және т.б. заттары арнайы зертханаға жіберіледі, зерттеу жұмыстары ары қарай өз жалғасын табуда.

археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» атты ғылыми-қолданбалы зерттеу аясында солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектелген 17 обадан тұратын қорымның 4 нысанына қазба жұмыстары жүргізілді. Солтүстік топ, обалардан тұратын қорым ретінде дербес бір кешенді құрайды.

I нысан – төбесі тегістеу келген, диаметрі 6 м болатын шағын оба. Бұл үйіндіден (сырттан карағанда) тонаушылар қалдырған шұңқырлар орны байқалмайды. Ол бастапқы қалпын сақтап қалған оба секілді әсер береді. Алайда, оба үйіндісінің төбесі солтүстіктен оңтүстікке қарай тегістелгенін аңғаруға болады.

Археологиялық топ оба ортасынан солтүстік-оңтүстік және батыс-шығыс бағыттары бойымен ені 0,5 м болатын қима жал қалдырып, үйінді бетін топырақтан тазалау жұмыстарына дайындық жасады (1-сурет). Оба үйіндісі топырақтан аршылған соң, оның сыртқы құрылысы біршама айқындалды. Оның беткі қабаты біршама қираған, үстінен тауға қарай салынған дала жолының әсерінен обалар тегістелуі мүмкін. Обадағы топырақ қабатынан тұратын 0,10 м үйінді тазартылып, негізгі далалық жұмыстар басталды.




1-сурет. I нысан, ерте темір дәуірінің обасы

Оба үйіндісі топырақтан аршылғаннан соң, қазба ішінде 0,15-0,5 м дейінгі тереңдіктен құм аралас қиыршық тас қабаттары анықталып отырды. Осы жағдай 0,95 м тереңдікке дейін қайталанып отырды. Мамандар тарапынан осы көрсетілген

тереңдіктен жерлеу орны, лақат, ақым немесе қабір шұңқыры іздерін анықтау мақсатында, оба ортасына өлшемі 1,2x2,4 м болатын қазба салынды. Қазбаны 0,45 м дейін құм аралас қиыршық тас пен топырақ қабатынан тазарту барысында оңтүстік және шығыс бөліктерден үлкен тастар аршып алынды.

Обаның стратиграфиялық кескінінде қабаттардың бұзылмағаны айқын көрінеді: жоғарғы қабат саз топырақтан, төменгі қабаты ұсақ тастармен араласқан құм топырақ қабатынан тұрады (2-сурет). Негізінен бұл құбылыс керісінше болуы керек. Демек обаның мәдени қабаттарының қалыпты табиғи жағдайда сақталуы, үйіндісінен басқа бөлігіне адам қолы тимеген деп болжам жасауға болады.

Рахат шатқалындағы ерте темір дәуірінің осы I обасында



0 1

— жердің бет қабаты  
 - тас үйінді  
 - тығыз топырақ қабаты

2-сурет I нысан, ерте темір дәуірінің обасы

жүргізілген далалық археологиялық қазба жұмыстары бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады: аталған обаны тұрғызған ерте темір дәуірінің тұрғындары екені даусыз. Оған дәлел ретінде: біріншіден, обаның сыртқы

құрылысын тұрғызу әдісін айтуға болады; екіншіден, обаға жақын маңда (10-15 м шығысқа қарай) басқада ерте темір дәуірінің обалы қорымының табылуы яғни, ежелгі тұрғындардың жерлеу құрылысын тұрғызу кезіндегі осы шағын өңірге дәстүрлі обалы қорымның оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле орналасуы деуге болады. Қазба барысында обадан ешқандай жерлеу орнының іздері табылмады. Сол себепті оны кенотаф болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Кенотаф (ежелгі грек. κενотаφιον, κενός-

бос және тáfос — қабір) «бос қабір» деген мағына береді. Сонымен қатар, кенотаф – құлпытас болып саналатын, бірақ мүрде қойылмайтын ескерткіш ретіндегі символдық қабірдің бір түрі.<sup>41</sup> Кенотаф мынадай жағдайларда тұрғызылуы (салынуы) мүмкін:

- қайтыс болған адамның денесі жоғалған немесе жойылған болса (мысалы, соғыста, жер сілкінісінде немесе өртте);

- қайтыс болған орны белгісіз болса;

- денесін жеткізу көп күш жұмсауды қажет етсе (тауда, полярлық ендікте және т.б. жерлерде адам қайтыс болған жағдайларда);

- адам ұзақ уақыт бойы хабар-ошарсыз кетсе жоғалған адамды қайтыс болды деп таныған жағдайда;

- денені өртеп, күлін ауаға шашса, т.б.

Кенотафтар марқұмды еске алуға және еске алу рәсімдерін атқаруға қызмет етеді, олар әртүрлі типтегі және күрделілік дәрежесі әрқилы құрылыстар (оба, құлпытас, қабір, сағана, ескерткіш және т.б.) болып табылады. Сонымен қатар, еуропалықтардың дәстүрінде кенотаф көбінесе марқұмның сүйегі бар қабірдің үстінде емес, оның қайтыс болған жерінде (қабір болса да) орналасқан ескерткіштік құрылыс деп танылады.<sup>42</sup> Қайтыс болған марқұмдарды құрметтеу адамзатқа тиесілі барлық мәдениеттердің маңызды және ажырамас бөлігі болып табылады. Аталып отырған ескерткіштер (кенотафтар) алғаш рет энеолит дәуірінде (Варна қорымы) пайда болды деуге болады. Кейбір археологиялық мәдениет өкілдері табылмаған мәйіт денесінің орнына қабірге маска (бет перде) қойып та отырды.<sup>43</sup> Міне, осындай өзекті де қызықты мәселелер төменде жеке қарастырылады.

---

<sup>41</sup> Ермолин А.Л., Казанский М.М. О клинковом оружии из погребения 16 эпохи Великого переселения народов на могильнике Джурга-Оба в Восточном Крыму. Краткие сообщения Института археологии Вып. 263. 2021. С. 472.

<sup>42</sup> Henrieta Todorova. Kupferzeitliche Siedlungen in Nordostbulgarien. München: Beck 1982. Materialien zur allgemeinen und vergleichenden Archäologie 13. 175-180. P.

<sup>43</sup> Khenrieta Todorova. The eneolithic period in Bulgaria in the fifth millennium B.C. Oxford: British Archaeological Reports, 1978. BAR supplementary series 49. 182 с., [34] с.: ил., карты; 30 см.

Ал II нысан ретінде белгіленген обаның көлемі шағын, төбесі тегістеу, диаметрі 5 м. Аталмыш оба бірінші обадан 2 м солтүстікке қарай орналасқан. Қазба үшін таңдап алынған бұл нысан үйіндісінен тонаушылардан қалған шұңқырлар орны мүлдем байқала қоймайды (3-сурет).



3-сурет. II нысан, ерте темір дәуірінің обасы

Орта тұсында, солтүстік-оңтүстік және батыс-шығыс бағыты бойымен ені 0,5 м шамасындағы қима жасалды.

Сыртқы құрылыстарына қарағанда бұл обаның да үйіндісі біршама тегістеліп кеткен. Мұнда да тауға шығатын жол түскендігі байқалады. Қазба жұмыстарының бастапқы кезеңінде алдымен 0,1 м топырақ шөгінділерінен тұратын үйінді қабаты аршылып, тазаланды.

Оба үйіндісі топырақтан тазартылғаннан кейін, қазба ішінде 0,15-0,5 м дейінгі тереңдіктен құм аралас қиыршық тас қабаттары анықталып, мұндай стратиграфиялық қабат 0,95 м тереңдікке дейін сақталғандығы анықталды. Жерлеу орнын немесе қабір шұңқырын іздестіру мақсатында, оба ортасына өлшемі 1,2x2,4 м болатын қазба салынды. Ол ешқандай нәтиже бере қоймады, алайда қазбаның солтүстік және шығыс бөліктерінен үлкен тастар анықталды. Олардың ғұрыптық тұрғыда қойылуы мүмкін.

Стратиграфиялық кескінге қарағанда қабаттар бұзыла қоймаған: жоғарғы қабат саз топырақтан, төменгі қабаты ұсақ тастармен араласқан құм топырақ қабатынан тұрады. Сыртқы құрылысы мен ішкі жағына қарағанда обаның мәдени қабаттары қалыпты табиғи жағдайда сақталған, оның үйіндісінен басқа бөлігіне адам қолы тимеген деп болжам жасауға болады.

Ерте темір дәуіріне жататын (Рахат шатқалы) II обада жүргізілген далалық археологиялық қазба жұмыстары бойынша

төмендегідей қорытынды жасауға болады: көрсетілген обаны тұрғызған ерте темір дәуірінің тұрғындары болып табылады. Оған дәлел ретінде, біріншіден, обаның сыртқы құрылысын; екіншіден, обаға жақын маңда (10-15 м шығысқа қарай) тағы басқа ерте темір дәуірінің обалы қорымының табылуын айтуға болады. Яғни, ежелгі тұрғындардың жерлеу құрылысын тұрғызу кезіндегі көрсетіліп отырған шағын өңірге дәстүрлі обалы қорымның оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле орналасуынан-ақ осы жайттарды тағы да бір негіздеп кетуге болады. Ал, обадан ешқандай жерлеу орнының табылмауы мұны да кенотаф болуы мүмкін деген болжам жасауға негіз береді. II обадағы тарихи-топографиялық жағдай жоғарыда айтылған I обадағы өлшемдері бойынша қайталайды. Екі ескерткіштің де көлемі, сыртқы пішімі біркелкі. Сірә, олар бір мезгілде тұрғызылған болса керек.

III нысанның төбесі тегістеу, диаметрі 5 м. Аталмыш оба мен екінші оба арасы 2 м шамасында. Обаның сыртқы түрпатына қарағанда үйіндіде тонаушылардан қалған шұңқырлар орны байқалмайды.

Оның да орта тұсына, солтүстік-оңтүстік және батыс-шығыс бағыты бойымен ені 0,5 м болатын қима жал қалдыры. Бұл обаның үйіндісі де тегістелген, ол міселені жоғарыда айтқан болатынбыз. Қазба барысында қалыңдығы 0,1 м топырақ қабаты аршылды (4-сурет).


Оба үйіндісі топырақтан аршылғаннан соң, қазба іші 0,15-0,5 м дейінгі тереңдіктен құм аралас қиыршық тас қабаттары анықталып, оның тереңдігі 0,95 м-ге



4-сурет. III нысан, ерте темір дәуірінің обасы

дейін жетті. Осы тереңдіктен жерлеу орнының іздерін анықтау мақсатында, нысанның ортаңғы бөлігіне өлшемі 1,4x2,4 м болатын қазба түсірілді. Қазба кезінде 0,45 м-ге дейін қабаттан құм аралас қиыршық тас пен топырақ тазартылды. Қазбаның солтүстік және шығыс бөліктерінен көлемдірек бірнеше тастар ғана анықталды.

Стратиграфиялық кескінде мәдени қабаттардың бұзылмағаны айқын көрінеді: жоғарғы қабат саз топырақтан, төменгі қабаты ұсақ тастармен араласқан құм топырақ қабатынан тұрады (5-сурет).



5-сурет. III нысан, ерте темір дәуірінің обасы

III-ші обада жүргізілген далалық археологиялық қазба жұмыстары да оны ерте темір дәуірінің тұрғындары тұрғызған деуге негіз береді. Бұған жоғарыда айтылғандай бірінші дәлел – обаның сыртқы құрылысы болып табылады, өйткені обада ерте темір дәуірі жерлеу орындарына ұқсас

конструкциялар сақталған; екіншіден, обаға жақын маңнан (10-15 м шығысқа қарай) басқа да ерте темір дәуірінің обалы қорымы орналасқан. Алайда 1-ші, 2-ші және 3-ші обалар, олардан дара орналасқандығы анық байқалады. Обалы қорым оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле орналасқан. Бұл обадан да ешқандай жерлеу орны табылмады. Сол себепті оны кенотаф болуы мүмкін деген болжам жасадық. Былайша айтқанда, III оба да алдында айтылған I-ші және II-ші обаға құрылысы жағынан ұқсас болып келеді. Тіпті бірін-бірі қайталайды. Оны оба көлемінен, ғұрыптық құрылысқа қолданылған малта тастар секілді біркелкі материалдарынан да аңғаруға болады.

IV нысанның да көлемі шағын, төбесі біршама тегістеу, диаметрі 4 м шамасында. Бұл оба үшінші обадан 2 м солтүстікке

қарай орналасқан. Зерттеушілер оба үйіндісінен тонаушылардан қалған шұңқырлар орнын кездестіре қоймаған.

Далалық маусымдық жұмыстар кезінде IV нысанның орта тұсынан, солтүстік-оңтүстік және батыс-шығыс бағытында ені 0,5 м болатын қима жал қалдырылды. Сыртқы көрінісінен-ақ, бұл оба үйіндісінің де тегістелгендігі байқалады. Оны да шаруашылық мақсатта тауға апаратын дала жолына балама соқпақ ретінде салуы ықтимал деген ой түюге болады. Оба үйіндісінің 0,1 м беткі топырақ қабаты аршылғаннан кейін, үстіңгі жағына қойылған тастары алынды (6-сурет). Тастардың оңтүстік жағы (бекітпе тасы – тұғыр тасы) біршама тегістеу түрде қойылған, солтүстік жағы біршама жайылып кеткен. Оның шеткі бөліктері аса айқын байқала қоймайды.



6-сурет. IV нысан, ерте темір дәуірінің обасы

Оба үйіндісі үстіңгі топырақтан аршылғаннан соң, қазба 0,15-0,5 м-ге дейін тереңдетілді, содан кейін 0,95 м тереңдікке дейін шарты түрдегі мәдени қабаттан құм аралас қиыршық тастары аршылып алынды. Археологиялық топ осы тереңдіктен жерлеу орнының іздерін анықтау үшін өлшемі 1,1x2,2 м болатын қазба түсірді де, оны тереңдетіп қазды. Қазбаның солтүстік бөлігінен үлкен тастар аршылып алынды.


Зерттеліп отырған Рахат шатқалындағы ерте темір дәуірімен мерзімделінетін нысандар қатарына IV обаны да кіргізуге болады. Ең алдымен оған дейін зерттелінген, басқа 3 археологиялық нысанның (жоғарыда көрсетілген) осы аталып отырған мәдени-

тарихи кезеңге жатқызылғандығын айта кеткен абзал. Осы және алдыңғы аталған 3 обаның хронологиялық мерзімін тұспалдап ерте темір дәуіріне жатқызғандағы дәлел – біріншіден, обаның сыртқы құрылысы болса, екіншіден, обаға жақын маңда (ара қашықтығы 10-15 м шығысқа қарай) ерте темір дәуірінің обалы қорымының орналасуы болған еді. Яғни, қорымдағы барлық обалар мен жекелеген нысандар бір кезеңге осылайша авторлар тарапынан жатқызылады. Сонымен қатар, жетісулық дәстүрлі обалы қорымдарда обалар оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле орналасады. Олардың көпшілігі сақ-үйсін кезеңімен мерзімделінеді. Соған байланысты жоғарыда көлемі мен сыртқы құрылысы өзара өте ұқсас обалардың барлығы осы дәуірмен кезеңделді. Алайда, ешбір обадан заттай деректемелер аршылып алына қоймады. Мұның өзі археологиялық нысанды – кенотаф деп белгілеуге мүмкіндік береді. Зерттелінген обалардың барлығының өлшемі мен оған қолданылған материалдары (малта тас, т.б.) біртектес. Олардың барлығын ежелгі «рахаттықтар» бір кезеңде ғұрыптық рәсімдерін атқара отырып тұрғызған болуы ықтимал. Бұл обалардың барлығы кемінде 4 адамның құрметіне тұрғызылған «кенотаф» сынды жерлеу орны екендігі даусыз.

Жерлеу орындарында рекультивациялау (қайта көму) жұмыстары жүргізіліп, обалар алғашқы қалпына біршама түрде келтірілді.

### **2.1.7. РАХАТ IV тобындағы ерте темір дәуірінің обалары**

Рахат IV тобындағы Өрікті қала жұртындағы қорым ретсіз орналасқан 8 обадан тұрады, оның біреуі 2012 ж. музей-қорық тарапынан зерттелген болатын. Қалған 7 обаға 2023 жылғы ғылыми-қолданбалы зерттеу аясында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Жалпы, оба үйінділері топырақтан үйілген, беткі қабаттарын қалың шөп басқан (1-сурет).



1-сурет. Өрікті қала жұрты маңында орналасқан обалардың жоспары.

№1 оба – көлемі орташа, үйіндісінің төбесі тегістеу, қорымның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан (GPS географиялық координаттары: N 43°22'06.95"; E 077°22'58.08"). Оба өлшеміне келсек: диаметрі – 13 м, биіктігі – 0,50 м (2-сурет). Оба бетін қалың шөп басқан. Оба қиық конус тәріздес, үйіндісі топырақтан тұрғызылған. Обаның алғашқы көрінісінде тонаушылар ізі байқалмайды.



2-сурет. №1 оба.

Қазба жұмыстары барысында архитектуралық келбетін анықтау үшін оңтүстіктен солтүстікке қарай ортасына 0,50 м жал қалдыру арқылы қия (траншея) қазу әдісімен ұзына бойы қазба салынды (3а-сурет). Қазба жұмыстары кезінде әртүрлі деңгейдегі қабаттардан қыш ыдыстардың сынықтары табылып, есепке алынды (3б-сурет). Обаға салынған қазбадан қандай-да бір конструкциялық құрылыстардың іздері байқалмады.



а



б

3-сурет. №1 оба.

Обаның стратиграфиялық жалын алу жұмыстары барысында жалдың шығыс жақ бөлігінен 0,25 см тереңдікте қабір шұңқырының бетіне қойылатын тастарға ұқсас, үйілген тастар мен жер жырту кезінде шашылған тастар анықталды. Орналасу бағыты солтүстік-батыстан – оңтүстік-шығыс ретімен қойылған, тастардың көлемі: 0,40x0,35x0,20 см. Аталмыш тастарды топырақтан тазарту жұмыстары барысында 0,45 м тереңдікте көлемі 2,60x1,27 м болатын қабір шұңқырының іздері анықталды. Қабір шұңқырын қазу кезінде 0,65 м тереңдікте өте нашар сақталған адам қаңқасының қалдықтары табылды. Адам қаңқасы топырақтан толық тазартылған соң, қабір шұңқырының материгі 0,95 м тереңдік деңгейінде анықталды. Адам қаңқасына келер болсақ, басы батысқа қарай қойылған, беті оңтүстік шығыс бағытына бұрылған (4-сурет).



4-сурет. №1 оба, 1-қабір шұңқыры.

Қабір шұңқырынан 1 м оңтүстік-батыс қашықтықта, 0,45 м тереңдікте көлемі 1,36x1 м болатын екінші қабір шұңқырының іздері анықталды. Екінші қабір шұңқырын топырақтан тазарту барысында ешқандай заттар, адам қаңқасы не болмаса, жануарлардың сүйек қалдықтары табылмады (5-сурет). Қабір шұңқырының тереңдігі 0,33 м құрады. Обадағы бірінші қабір шұңқырының тереңдігі 1,10 м, екінші қабір шұңқырының тереңдігі 0,78 м құрады.




5-сурет. №1 оба, 1 және 2-қабір шұңқырлары.

Қорытындылай келе, обаның ертеректе тоналып кеткенін айтуға болады. Бірінші қабір шұңқырындағы адам қаңқасының сақталған ұзындығы 1,10 м құрайды, тобықтан төменгі бөлігі сақталмаған. Яғни, жеткіншек жастағы ойын баласының қаңқасы деуге болады. Өкінішке орай, қаңқа жанынан бірге жерленген уақытын (мерзімін) анықтайтын ешқандай заттар табылмады. Алайда, обаның сыртқы құрылыс құрылымдарына сүйене отырып, алдын-ала болжам бойынша, ескерткіш ерте ортағасырлық деп мерзімделді.

№2 оба – көлемі орташа, үйіндісінің төбесі тегістеу, №1 обадан оңтүстік шығысқа қарай 10 м жерде орналасқан (GPS географиялық координаттары: N 43°22'06.15"; E 077°22'59.38"). Оба биіктігі 0,80 м, үйіндісі топырақтан тұрғызылған. Солтүстіктен-оңтүстікке қарайғы диаметрі – 18 м, батыстан-шығысқа қарай 16 м. Оба үйіндісінен тонаушылардан қалған аздаған ойысты жер байқалады, көлемі 2x2 м, тереңдігі 0,2 м. Обаның оңтүстік және солтүстік шығыс бөлігінде қалың шөптер мен бұталар өсіп кеткен. Обаның орта бөлігінен 1 м жал қалдыру арқылы оңтүстік-батыс – солтүстік-шығыс бағытына қарай траншеялық әдіспен ұзына бойы қазба салынды (ба-сурет). Обаның үйіндісі жұмысшылардың көмегімен батыстан-шығысқа қарай қабат-қабатымен жұқалап алынып, тазаланып отырылды. Қазба жұмыстарының барысында қыш ыдыстардың сынықтары кездесіп отырды (бб-сурет).



а



б

6-сурет. №2 оба және тобадан табылған ұш сынықтары

Обаның стратиграфиялық жалын алу жұмыстары барысында 0,45 м тереңдікте ақшыл сары түсті обаның материгі анықталды. Сонымен қатар, оба жалының қимасын тазалау барысында ортасына таман қара түсті топырақ іздері анықталды. Аталмыш алаңды 0,10 см тереңдету барысында өлшемі: 2,90x1,20 м болатын қабір шұңқырының орны анықталды. Қабір шұңқырын топырақтан тазарту кезінде 0,70 м тереңдікте уақ малдың сүйек қалдықтары табылды. Сондай-ақ, осы тереңдікке дейін бірнеше тонау барысындағы мәдени қабаттардан қыш ыдыс сынықтары мен уақ мал сүйек қалдықтары табылып есепке алынды.

Оба материгі 2,10 м тереңдіктен анықталды, осы деңгейде қабір шұңқырының батыс бөлігінен, оңтүстіктен солтүстікке бағытталған адам қаңқасы табылды. Адам қаңқасы бас сүйексіз шашыраңқы түрінде орналасқаны анықталды, бұл дегеніміз тонаушылардан қалған із екенінің дәлелі. Қаңқаның бас сүйегі жоқ, алайда, екі жауырын сүйегі қабір шұңқырының солтүстік бөлігінен табылды. Қаңқаның оң жамбас тұсынан бірнеше бөлікке сынған бөлінген қыш ыдыспен (цилиндр пішінді саптыаяк) ортан жілік сүйегінің тұсынан ақ түсті – *ұршық тас* секілді (бұл жөнінде төменірек №6 обадағы қазба жұмыстарында толығырақ айта кетеміз), диск тәрізді, ортасында цилиндрлік тесігі бар бойтұмар тас (мәрмәр?) табылды. Адам қаңқасының сақталған ұзындығы 1,75 м құрайды (7а,б-сурет).

Қабір шұңқырынан 1 м батыста, диаметрі 1,25 м болатын қара түсті топырақ ізінің орны анықталды, аталмыш орынды топырақтан тазалау барысында оның тереңдігі 0,16 см құрайтындығы анықталды. Аталмыш шұңқырды топырақтан тазалау нәтижесінде ешқандай бірге жерленген (қойылған) заттар табылмады. Сондай-ақ, орталық қабір шұңқырынан 6 м шығыста диаметрі 1,20 м болатын, пішіні сопақша келеген қара түсті топырақ ізінің орны анықталды, аталмыш орынды топырақтан тазалауда оның тереңдігі 0,30 см екендігі анықталды. Шұңқырды топырақтан тазалау барысында ешқандай бірге жерленген (қойылған) заттар табылмады. Обадағы қабір шұңқырының жалпы тереңдігі 2,10 м құрады.



а




б

7-сурет. №2 обадан шыққан олжалар

Қорытындылай келе, обаның ертеректе тоналып кеткенін айтуға болады. Оны, стратиграфиялық кескіндегі мәдени кабаттардың бұзылғаны және қабір шұңқырындағы мәдени кабаттардың бұзылғанымен қатар, адам қаңқасының бас сүйексіз шашыраңқы орналасуы дәлелдейді. Жоғарыда айтып кеткендей 0,45-0,50 м тереңдікті қамтитын қабаттан табылған қыш ыдыс сынықтары арасынан ерекше назар аударуға болатын қола дәуіріне тән сынықтар кездесті. Осы мәселелер аталмыш қорым орнын, қола дәуірінде қоныс орны ретінде пайдаланғанын қарастыруға болады. Сонымен, екінші және үшінші шұңқырлырға келер болсақ, қола дәуіріндегі ошақ орны болуы мүмкін деген болжамға келдік.

№3 оба – көлемі орташа, үйіндісінің төбесі тегістеу, №2 обадан оңтүстік-шығыс бағытына қарай 2 м жерде, қорымның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан (GPS географиялық координаттары: N 43°22'05.78"; E 077°22'59.85"). Обаның көлемі: диаметрі 16 м, биіктігі 0,60 м. Оба үйіндісінің солтүстік бағыты тік, ал оңтүстігі жайпақтау, тонаушылардан қалған іздер болуы мүмкін. Обаның батыс және солтүстік бөлігінде қалың өскен бұталы шөптер орын алған. Қазба жұмыстары батыстан-шығысқа қарай траншея әдісімен орта тұсынан 1 м жал қалдыру арқылы қазылды (8а-сурет). Обаның үйіндісі жұмысшылардың көмегімен батыстан-шығысқа қарай қабат-қабатымен жұқалап алынып, тазаланып отырылды. Қазба жұмыстарының барысында қыш

ыдыстардың сынықтары кездесіп отырды (8б-сурет). Обаның стратиграфиялық жалын алу жұмыстары барысында 0,45 м тереңдікте ақшыл сары түсті обаның материгі байқалды. Обаны топырақтан тазалау барысында 0,14 см тереңдікте, орта тұсына таман, өлшемі: 2,80x1,30 м болатын қара түсті топырақ ізінің орны анықталды.



а



б

8-сурет. №3 оба және обадан шыққан қыш сынықтары.

Қабір шұңқырын топырақтан тазарту кезінде 0,75 м тереңдікте оңтүстік – оңтүстік-шығыста шашыраңқы күйде орналасқан уақ малдың сүйек қалдықтары мен қатар, адам сүйектерінің бөліктері табылды (9-сурет). Қабір шұңқырының материгі 2,10 м тереңдіктен анықталды, осы деңгейде қабір шұңқырының оңтүстік оңтүстік-шығысынан адам қаңқасы бөліктерінің көптеген сүйектері табылды. Адам қаңқа сүйектерінің шашыраңқы орналасу жағдайын, – тонаушылардан іс-әрекеттернен қалған себептері ретінде қарастыруға болады. Қаңқаның бас сүйегі теріс жағымен және аяқ сүйектерімен қабырға сүйектеріне жақын орналасқанын айта кеткен жөн болар. Төменгі жақ, сегіз көз және жауырын сүйектері қабір шұңқырының батысынан табылды (9-сурет). Саусақ бөліктерімен омыртқаның бірнеше бөліктері қабір шұңқырының ортасынан табылды. Аталған адам қаңқасының сүйектерінен басқа жерлеуге бірге қойылған заттай олжалар табылмады.



9-сурет. №3 оба.

Қабір шұңқырынан 1 м оңтүстік батыста, диаметрі 0,85 м болатын екінші қара түсті топырақ іздерінің орны анықталды, аталмыш орынды топырақтан тазалауда, оның тереңдігі 0,26 см, пішіні тікбұрышты, өлшемі: 1x0,50 м екендігі анықталды. Аталмыш шұңқырды топырақтан тазалау барысында жерлеуге бірге қойылған ешқандай заттар табылмады (10-сурет). Орталық қабір шұңқырынан 4,6 м оңтүстік-батыста, диаметрі 0,95 м болатын, пішіні тікбұрышты үшінші қара түсті топырақ іздерінің орны анықталды, аталмыш ізді топырақтан тазартуда, оның тереңдігі 0,35 см екендігі, пішіні тікбұрышты өлшемі: 1,05x0,87 м болып келетіндігі анықталды. Шұңқырды топырақтан тазалау барысында жерлеуге бірге қойылған заттай олжалар табылмады (10-сурет). Обаның орталық қабір шұңқырының жалпы тереңдігі 2,10 м құрады.



10-сурет. №3 оба.

Қорытындылай келе, обаның ертеректе тоналып кеткенін айтуға болады. Оны, стратиграфиялық кескіндегі мәдени қабаттардың және қабір шұңқырындағы мәдени қабаттарының бұзылулары, адам қаңқасының шашыраңқы орналасуы дәлелдейді (9, 11 а, в-сурет). Жалпы обаны тонау бойынша келесі мәселелер анықталды: тонаушылар қабір шұңқырының шығыс жағынан екі баспалдақты саты жасау арқылы тонаған. Екі баспалдақты сатының өлшемі: 1,5x0,30x0,45 м, қабір шұңқырының батыс қабырғасынан 1,10 м тереңдіктен тонаушылардың тағы бір ізі, күл шоқтары табылды (11б-сурет). Жоғарыда айтып кеткендей 0,45-0,50 м тереңдіктен табылған қыш ыдыс сынықтары арасынан қола дәуіріне тән сынықтар кездесті. Осы мәселе №2 обада қайталанған болатын. Яғни, қорым аумағын қола дәуірінде қоныс орны ретінде пайдаланған деген болжам жасағанбыз. Ал, екінші және үшінші шұңқырлырға келер болсақ, қола дәуіріндегі ошақ орны болуы мүмкін деген ой түйіп отырмыз.



а



б



в

11-сурет. №3 оба.

№4 оба – көлемі ортадан үлкендеу, үйіндісінің төбесі тегістеу, №3 обадан 2 м жерде, қорымның оңтүстік етегінде орналасқан (GPS географиялық координаттары: N 43°22'05.02"; E 077°22'58.84"). Обаның өлшемі: диаметрі – 22 м, биіктігі – 1 м. Үйіндінің солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бөлігінің аумағын қалың бұталар мен шөп басқан. Оба үйіндісінің орта тұсынан тонаушылардан (мүмкін?) қалған аздаған ойысты жер байқалды. Обаның орта бөлігінен 1 м жал қалдыру арқылы оңтүстік-солтүстік бағытына қарай траншеялық әдіспен ұзына

бойы қазба салынды (12а-сурет). Жал, оба үйіндісінің ұзына бойынша толық қамтып ортасынан өтті. Қазба жұмыстары кезінде анықталғаны: үйінді жиегі (етегі) орта көлемдегі өзеннің малта тастарынан тұратын жұмыр тастардан бір қатармен қойылған обаның тұғыр тастары топырақтан аршылды. Тастардың өлшемдері: (0,40x0,35x0,20 см). Орналасқан тұғыр тастарының қабаты – топырақ үйіндісінің жайылып кетуіне жол бермеу үшін жасалған болуы керек. Обаның үйіндісі оңтүстіктен-солтүстікке қарай қабат-қабатымен жұқалап алынып, тазаланып отырылды. Қазба жұмыстарының барысында қыш ыдыстардың сынықтары кездесіп отырды (12б-сурет). Обаның стратиграфиялық жалын алу жұмыстары барысында 0,45 м тереңдікте ақшыл сары түсті обаның материгі анықталды. Оба ортасындағы үйілген тас құрылымды топырақтан тазалау барысында өлшемі: 2,80x0,95 м болатын шығыстан-батысқа бағытталған қабір шұңқыры анықталды. Қабір шұңқырының оңтүстік шетін топырақтан тазарту кезінде 0,80 м тереңдікте, екінші ірі және ұсақ өзен тастарынан үйілген тас құрылым табылды (13а-сурет). Тас құрылымды тазарту кезінде астынан ірі сопақша келеген өзен тастарынан қойылған үшінші тас құрылым шықты (13б-сурет).



а



б

12-сурет. №4 оба.

Аталмыш сопақша келеген өзен тастарынан қойылған үшінші тас құрылымды тазарту барысында 0,50 м тереңдікте, өлшемі: 2,90x1 м қара топырақ ізінің орны анықталды. Аталмыш орынды топырақтан тазалау кезінде 0,50 м тереңдікте басы батысқа қарай бағытталған адам қаңқасы табылды (14а-сурет).

Қабір шұңқырының материгі жалпы 2,50 м тереңдікте анықталды, осы деңгейдегі беті оңтүстікке бұрылған адам қаңқасының бас сүйегінің оң жағынан түйме тәрізді диаметрі 1,6 см болатын затпен, бөлектелген шығыңқы сабы бар, ұзындығы 19,5 см қола пышақ табылды (14б-сурет). Адам қаңқасының қабырға сүйектері қабір шұңқырының оңтүстік шетінен шашыраңқы түрінде анықталды. Қаңқаның оң жақ ортан жілік сүйегі мен оң қол сүйектерінің жанынан тұмар (?) тәрізді диаметрі 2,1 см болатын затпен қола бекіткіш түймелік табылды (14в-сурет). Аталған адам қаңқасының сүйектерінен басқа заттай олжалар табылмады.



а

б

13-сурет. №4 оба, екінші және үшінші тас құрылымдар.

Орталық қабір шұңқырынан 0,60 м батыста екінші қабір шұңқырына ұқсас диаметрі сопақша келген 2,50 м болатын екінші кара түсті топырақ іздері анықталды, кара түсті топырақ ізді топырақтан тазалауда, оның тереңдігі 1,35 м, пішіні сопақша, өлшемі: 1,80x0,90 м екені анықталды. Шұңқырды топырақтан тазалау барысында ешқандай жерлеуге бірге қойылған зат табылмады. Қабір шұңқыры шығыстан-батысқа бағытталған.



а



б



в

14-сурет. №4 оба

Екінші қабір шұңқырынан 3,65 м солтүстік-шығыста үшінші қабір шұңқырына ұқсас диаметрі сопақша келген 3,50 м болатын үшінші қара түсті топырақ іздерінің орны анықталды, аталмыш орынды топырақтан тазалауда, оның тереңдігі 0,80 м, пішіні сопақша, өлшемі: 2,38x0,78 м екені белгілі болды. Шұңқырды топырақтан тазалау барысында ешқандай жерлеуге бірге қойылған зат табылмады. Қабір шұңқыры оңтүстіктен-солтүстікке бағытталған. Орталық қабір шұңқырынан 2,50 м солтүстікте төртінші қабір шұңқырына ұқсас диаметрі сопақша келген 3,50 м болатын төртінші қара түсті топырақ іздері анықталды, қара түсті топырақ ізді топырақтан тазалауда, оның тереңдігі 0,90 м, пішіні сопақша, өлшемі: 2,45x1,15 м екені анықталды. Шұңқырды топырақтан тазалау барысында ешқандай зат табылмады. Қабір шұңқыры үшінші шұңқырға ұқсас оңтүстіктен-солтүстікке бағытталған. Обадағы орталық қабір шұңқырының жалпы тереңдігі 2,50 м құрады.

Қорыта келе, обада 4 қабір болғандығы, оның орталық қабірден басқа үшеуі, ертеректе тоналып кеткенін айтуға болады (15-сурет). Стратиграфиялық кескіндегі мәдени қабаттардың бұзылғаны аталмыш қабір шұңқырларының тоналғанын көрсетеді. Алайда, орталық қабір шұңқырының тонаушылардың назарына ілінбеуі, оның оба ортасынан шығыста, яғни, обаның шығыс шетінде орналасуына байланысты деген ойдамыз.



15-сурет. №4 оба

Жалпы, обадан табылған олжаларды саралай отырып, олардың кейінгі қола дәуірінен бастап ерте темір ғасырында кеңінен қолданыста болғанын айтуға болады.<sup>44</sup> Жоғарыда айтып кеткендей, орталық оба тоналмаған, олжалардың сақталу деңгейі орташа, қалған үш қабір шұңқырларының сыртқы және ішкі құрылымдарынан басқа ешқандай заттай олжалар табылмады.

№5 оба – көлемі орташа, үйіндісінің төбесі тегістеу, №4 обадан оңтүстік батыс бағытқа қарай 4 м жерде орналасқан (GPS географиялық координаттары: N 43°22'05.55"; E 077°22'57.96"). Обаның өлшемі: диаметрі – 10 м, биіктігі – 0,40 м. Үйіндінің шығыс бөлігінің аумағын қалың бұталар мен шөп басқан. Оба үйіндісінен аздаған ойысты жер байқалады (тонаушылардан қалған болуы мүмкін). Обаның орта бөлігінен 0,50 м жал қалдыру арқылы шығыс және батыс беттерін топырақтан тазарту әдіспен қазба жұмыстары жүргізілді. Жал, оба үйіндісінің ұзына бойын толық қамтып қалдырылды. Обаның үйіндісі шығыстан-батысқа қарай қабат-қабатымен жұқалап алынып, тазаланып отырылды (16а-сурет).

Шығыс және батыс бөліктерінің үйіндісін топырақтан тазалау барысында көптеген қыш ыдыстарының сынықтарымен қатар, оба периметрі бойынша ұсақ тастар және малдың сүйек қалдықтары анықталып отырды (16б-сурет)



а




б

16-сурет. №5 оба

<sup>44</sup> Кузьмина Е.Е. Металлические изделия энеолита и бронзового века в Средней Азии. САИ. Вып. В 4 -9. - М., 1966. - 149 с.

Обаның стратиграфиялық жалын алу жұмыстары барысында 0,40 м тереңдікте ақшыл сары түсті обаның материгі анықталды. Обадағы стратиграфиялық жалды алып тастаған соң, орталық бөлігінде тегістеу мен тазалау жұмыстары жасалды. Аталмыш жұмыстардың нәтижесінде қабір ізі мен топырақ қабатының өзгерісі байқалмады. Қабір ізін анықтау мақсатында обаның орталық бөлігіне, өлшемі: – 3x3 м болатын қазба салынды (17-сурет). Қазба орны 0,15 м тереңдетілгенде, оңтүстік-шығыс бөлігінен, өлшемі: 1,50x0,90 м болатын, пішіні сопақша келген оңтүстік-шығыстан – солтүстік-батысқа бағытталған қабір шұңқырының қара түсті топырақ іздері анықталды (17-сурет). Қабір шұңқыры 0,80 м дейін тереңдетілді, осы тереңдікте ақшыл сары түсті материк анықталды.



17-сурет. №5 оба

Қорытындылай келе, обаның ертеректе тоналып кеткенін айтуға болады. Оны, стратиграфиялық кескіндегі мәдени қабаттармен қатар, қабір шұңқырындағы мәдени қабаттардың бұзылғаны аңғартады. Қабір шұңқырынан айтарлықтай заттай олжалар табылған жоқ. Жоғарыда айтып кеткендей 0,45-0,50 м тереңдіктен табылған қыш ыдыс сынықтары арасынан қола

дәуіріне тән сынықтар кездесті. Осы мәселе №2 және №3 обаларда қайталанған болатын. Яғни, қорым аумағын қола дәуірінде қоныс орны ретінде пайдаланған деген болжам жасағанбыз. Ал, қабір шұңқырынан айтарлықтай жерлеуге бірге қойылған заттай олжалар табылмауына байланысты, обаның мерзімделу уақытын анықтау қиыншылық туғызып отыр. Бірақ, ескерткіштің сыртқы және ішкі ерекшеліктерін ескере отырып алдын-ала болжам бойынша, аталмыш ескерткішті ерте темір ғасырымен мерзімдеп отырмыз.

№6 оба – көлемі орташа, үйіндісінің төбесі тегістеу, №2 обадан солтүстік-батыста 2 м жерде, қорымның батыс бөлігінің етегінде орналасқан (GPS географиялық координаттары: N 43°22'05.55"; E 077°22'57.96"). Обаның өлшемі: диаметрі – 9 м, биіктігі – 0,50 м. Үйіндінің шығыс бөлігінің аумағын бұталар мен шөп басқан. Оба үйіндісінің батыс бөлігінен тонаушылардан қалған (мүмкін) аздаған ойысты жер байқалады. Обаның орта бөлігінен 1 м жал қалдыру арқылы шығыс және батыс беттерін топырақтан тазарту әдіспен қазба салынды. Жал, оба үйіндісінің ұзындығы бойынша толық қамтып ортасынан өтті (18а-сурет).

Қазба жұмыстары шығыстан батысқа қарай қабат-қабатымен жүқалап алынып, тазаланып отырылды. Қазба жұмыстарының барысында қыш ыдыстардың сынықтары кездесіп отырды (18б-сурет).



а



б

18-сурет. №6 оба

Обаның стратиграфиялық жалын алу жұмыстары барысында 0,45 м терендікте ақшыл сары түсті обаның материгі анықталды.


Обадағы стратиграфиялық жалды алып тастаған соң, орталық бөлігінде тегістеу мен тазалау жұмыстары жасалды. Аталмыш жұмыстардың нәтижесінде қабір ізі мен топырақ қабатының өзгерісі байқалмады. Қабір ізін анықтау мақсатында обаның орталық бөлігіне, өлшемі: – 4x4 м қазба салынды (19а,б-сурет). Қазба орны 0,20 м тереңдетілгенде, батыс бөлігінен өлшемі: 2,40x1,60 м болатын, пішіні сопақша келген оңтүстік-шығыстан – солтүстік-батысқа бағытталған қабір шұңқырының қара түсті топырақ іздерінің орны анықталды. Қабір шұңқыры 0,50 м дейін тереңдетілді, осы тереңдікте басы солтүстік-батысқа бағытталған, беті шығысқа бұрылған адам қаңқасы шықты (20б-сурет). Осы деңгейде қабір шұңқырынан ақшыл сары түсті материк анықталды.

Адам қаңқасын топырақтан тазалау барысында оң жақ иығынан 0,10 см батыста уақ малдың сүйектері (жауырын, бас, төменгі жақ, тоқпан жілік және құйымшақ) табылды (20а-сурет). Қаңқаның иық сүйегінің жоғарғы жағынан көк түсті сыртын зең басқан – *ұршық тас* секілді<sup>45</sup> (бұл жөнінде жоғарыда №2 обадағы орталық қабір шұңқырынан табылған), диск тәрізді, ортасында цилиндрлік тесігі бар бойтұмар тас (малта тас) табылды.<sup>46</sup> Адам қаңқасының сақталған ұзындығы 1,65 м құрайды. Қабір шұңқырынан 0,20 см оңтүстікте қабір шұңқырына ұқсайтын екінші қара түсті топырақ іздерінің орындары анықталды, өлшемі: 2,10x1,60 м болатын оңтүстік-шығыстан – солтүстік-батысқа бағытталған (21а-сурет). Қабір шұңқырының топырақтан тазарту кезінде 0,20 см тереңдікте адам қаңқасы табылды. Адам қаңқасын топырақтан тазарту кезінде жерлеуге бірге қойылған заттай олжалар анықталмады, қаңқаның сақталу дәрежесі өте нашар, оны қабір шұңқырының өте саяздығымен түсіндіруге болады. Адам қаңқасының сақталған ұзындығы 1,30 м құрайды (21б-сурет).

---

<sup>45</sup> Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана (I тыс. н.э.). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 160 с.; Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті: археологиялық коллекция. Ғылыми каталог // ҚР МОМ, Алматы. «Ди-Пи-Эс». 2009. – 434 б.

<sup>46</sup> Борозна Н.Г. Некоторые материалы об амулетах – украшениях населения Средней Азии // Домусульманские верования и обряды в Средней Азии / Отв.ред. Г.П. Снесарев, В.Н. Башилов. М.: ГРВЛ. 1975. 344 с.



19-сурет. №6 оба

Орталық қабір шұңқырынан 2,30 м батыста қарай, үшінші қабір шұңқырына ұқсас диаметрі 1,80 м болатын, сопақша келген үшінші жерлеу орнының іздері анықталды, аталмыш орынды топырақтан тазарту барысында, оның тереңдігі 0,40 м, пішіні сопақша және өлшемі: 1,80x0,90 м екендігі анықталды (22а-сурет). Шұңқырды топырақтан тазалау барысында жерлеуге бірге қойылған ешқандай зат табылмады, алайда уақ малдың сүйек қалдықтары, қыш ыдыс сынықтары (22в-сурет) және тас дән үккіш табылды (22б-сурет).



20-сурет. №6 оба

Қорыта келе, обада 3 жерлеу орнының болғандығы, оның орталық қабірден басқа екеуінің қабір шұңқыры өте саяз екенін аңғаруға болады. Стратиграфиялық кескіндегі мәдени қабаттардың бұзылғаны екінші және үшінші қабір шұңқырларының тоналғанын көрсетеді. Сондай-ақ, аталмыш обалардың сыртқы және ішкі құрылымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, қола дәуіріне тән екенін айтуға болады. Орталық қабір шұңқырының тонаушылардың назарына ілінбеуі, оның тереңірек орналасуына байланысты деп болжауымыз. Аталмыш қабір шұңқырындағы бас сүйектің оң және сол жақ құлақ тұсынан жасыл түсті дақ іздері анықталды, – ол сырғадан қалған іздер болуы мүмкін (23-сурет).




а

б

21-сурет. №6 оба

Жоғарыда айтып кеткендей, орталық оба тоналмаған, табылған олжалардың сақталу деңгейі орташа, қалған екі қабір шұңқырларынан анықталған сүйектердің сақталу дәрежесі өте нашар.

№7 оба – көлемі шағын, үйіндісінің төбесі тегістеу, №6 обадан батыс бағытқа қарай 0,30 м жерде орналасқан (GPS географиялық координаттары: N 43°22'05.54"; E 077°22'57.95").



22-сурет. №6 оба

АКТ



23-сурет. №6 оба

Обаның өлшемі: диаметрі – 11 м, биіктігі – 0,40 м. Оба үйіндісінен тонаушылардан қалған аздаған ойысты жер байқалады. Обаның орта бөлігінен 0,50 м жал қалдыру арқылы

шығыс және батыс беттерін топырақтан тазарту әдісімен қазба салынды. Жал, оба үйіндісінің ұзындығы бойынша толық қамтып ортасынан өтті (24а-сурет). Обаның үйіндісі жұмысшылардың көмегімен шығыстан батысқа қарай қабат-қабатымен жұқалап алынып, тазартылып отырылды.

Шығыс және батыс бөліктерінің үйіндісін топырақтан тазалау барысында көптеген қыш ыдыстарының сынықтарымен қатар, оба периметрі бойынша ұсақ тастар және малдың сүйек қалдықтары анықталып отырды (24б-сурет).



а




б

24-сурет. №7 оба

Обаның стратиграфиялық жалын алу жұмыстары барысында 0,45 м тереңдікте ақшыл сары түсті обаның материгі анықталды. Обадағы стратиграфиялық жалды алып тастаған соң, орталық бөлігінде тегістеу мен тазалау жұмыстары жүргізілді. Аталмыш жұмыстардың нәтижесінде қабір ізі мен топырақ қабатының өзгерісі байқалмады. Қабір ізін анықтау мақсатында обаның орталық бөлігіне, өлшемі: – 3х3 м қазба салынды (25а-сурет). Қазба орны 0,25 м тереңдетілді, солтүстік бөлігінде өлшемі: 3х1,16 м болатын орынды 0,15 см тереңдеткенде, пішіні сопақша келген шығыстан-батысқа бағытталған қабір шұңқырының қара түсті топырақ іздерінің орны анықталды. Қабір шұңқырын 0,15 см дейін тереңдеткенде адам қаңқасы табылды, қаңқаны топырақтан тазалау барысында, осы тереңдікте ақшыл сары түсті материк

анықталды. Адам қаңқасының сақталу дәрежесі өте нашар, көкірек тұсынан төмен қарай бөлігі жоқ. Қазбаның оңтүстік шетінен 1,50 м жерде қара түсті топырақ іздерінің орны байқалды, пішіні сопақша келген, диаметрі 1,5 м. Аталмыш орынның мәдени қабаттарын топырақтан тазарту кезінде екінші қабір шұңқырының орны анықталды, өлшемі: 1,47x0,82 м (25б-сурет). Қабір шұңқырын тазалау нәтижесінде 0,50 м тереңдікте ақшыл сары түсті материк анықталды, жерлеуге бірге қойылған ешқандай заттай олжалар табылмады.



25-сурет. №7 оба

Қорытындылай келе, обаның ертеректе тоналып кеткенін айтуға болады. Оны, стратиграфиялық кескіндегі мәдени қабаттармен қатар қабір шұңқырындағы мәдени қабаттардың бұзылғанын дәлелдейді. Қабір шұңқырынан айтарлықтай заттай олжалар табылмады, адам қаңқасы шамасы жеткіншек жастағы балаға тән. Жоғарыда айтып кеткендей 0,45-0,50 м тереңдіктен табылған қыш ыдыс сынықтарының арасынан қола дәуіріне тән сынықтар кездесті. Осы жағдай №2, №3 және №5 обаларда қайталанған болатын. Яғни, қорым аумағын қола дәуірінде қоныс орны ретінде пайдаланған деген болжамымыз расталды деуге болады.

Зерттелген 7 обада археологиялық қазба жұмыстары толығымен аяқталған соң, *геотекстиль* материалын пайдалана

отырып қазба орнын консервациялау (қайта көму) жұмыстары жүргізілді.

Жалпы обаларда жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі көрсетіп отырғандай обалардың сыртқы және ішкі құрылымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, оларды әртүрлі тарихи кезеңге жататындығын айтуға болады. Оған, дәлел ретінде № 2, 3 және 6 обалардан табылған олжалардың бір-біріне ұқсастығы, сондай-ақ, тонаушылар қалдырған іздердің де сәйкестігінен байқаймыз. Аталмыш обаларды ерте ортағасыр уақытымен мерзімдеуге болады. Ал, № 4 обаға келсек, мұнан табылған олжалар кейінгі қола мен ерте темір дәуірлеріне тән екенін айта кеткен жөн болар. Қалған № 1, 5 және 7 обалардың мерзімделу уақытын анықтауға мүмкіндік болмай отыр, өйткені олардан айтарлықтай ешқандай заттай олжалар табылмады. Алайда, алдағы уақытта аталмыш обалардан анықталған адам қаңқаларына зертханалық зерттеулер жүргіземіз деген жоспар бар.

2023 жылғы жүргізілген зерттеу жұмыстарын қорытындылай отырып келесі нәтижелерді айтуға болады:

- 1) төбе үсті шекаралары анықталды;
- 2) шаруашылық құрылыс орындары анықталды;
- 3) қыш ыдыс сынықтары сарапталды;
- 4) обалардың басым бөлігі тоналған;
- 5) табылған адам қаңқалары өте нашар сақталған;
- 6) жоғарыда айтып кеткендей 0,45-0,50 м тереңдікті қамтитын қабаттан табылған қыш ыдыс сынықтары арасынан қола дәуіріне тән сынықтар көптеп кездесті;

7) Зооархеология зертханасына қазба бойынша жалпы 137 дана жануар сүйегі зерттеуге ұсынылып, оның 92 (67,1%) данасы нақты түрге ажыратылды. Остеологиялық коллекцияның ішінде 88%-ын үй жануарларының қаңқа элементтері құрайды. Оның ішінде негізгі орында сиыр (48,1 %) сүйектері болса, екінші орында уақ мал сүйектері (34,5%), үшінші орында жылқы – 16%.

## 2.1.8. РАХАТ III тобындағы археологиялық барлау және М6 обасына жүргізілген қазба жұмыстары

2025 ж. түздік маусымында ҚХР, Шәнси облыстық археологиялық институтының мамандарымен бірлескен археологиялық барлау жұмыстары Рахат археологиялық кешені аумағындағы РАХАТ III тобында жүргізілді. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде жаңа деректік материалдарға қол жеткізіліп, алдағы жылдарда аталмыш аумақта ғылыми ізденістер мен кешенді зерттеулер жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр.

РАХАТ III қорымы – Рахат ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 350 метр жерде, Талғар-Есік тас жолының оң жағында, Рахат ауылы маңындағы мұсылмандар зираты тұсында оңтүстіктен солтүстікке қарай бағыттала созылған жотаның үстінде орналасқан.

Атқарылған барлау жұмыстарының нәтижесінде зерттеу аумағы шығыстан батысқа қарай 250 м болса, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 670 м аумақты қамтыды. GPS географиялық координаттары: шығыс бойлық аралығы  $77^{\circ}22'28''$ - $77^{\circ}22'40''$ , солтүстік ендік аралығы  $43^{\circ}21'47''$ - $43^{\circ}22'09''$ , орналасқан жердің теңіз деңгейінен биіктігі – 887-923 метр. Зерттеу алаңының жер бедерін қалың шөп басқан (жусан, көкмия және т.б.).

Бұл аумақта үлкенді-кішілі 45 оба орналасқан. Обалардың диаметрлері 3-ден 25 м-ге дейін, биіктіктері 0,5 м-ден 3 м-ге дейін жетеді. Кішігірім обалар егіндіктен тегістеліп кеткен. Оба үйінділері тас және топырақтан тұрғызылған.

Аталған айрықшылықтарын ескерсек, обалардың орналасуында белгілі бір жүйені (заңдылық) байқауға болады. Яғни, обалардың орныққан орындары мен етегінде орналасқан солтүстік-оңтүстік бағыттағы үш қатар обалар жер бедеріне байланысты жолақ тәрізді тізбектелгені анық байқалады. Батыс және шығыс қатарындағы обалар тығыз орналасқан, ал оңтүстік жағы биіктеу болғанымен солтүстікке қарай біртіндеп төмендейді.

Анықталған ескерткіштер типологиялық құрылымдық тұрғыдан тас үйінді, тас шеңбер, топырақ үйіндісі ретінде сипатталады. Оба құрылысында көлемі 0,2×50 см болатын өзеннің малтатастары пайдаланылған. Оба пішіндері дерлік дөңгелек.

Бұл топтағы жерлеу-ғұрыптық ескерткіштерді сақ-үйсін және кейінгі ортағасыр уақытына тән деп екі кезеңге бөлуге болады:

1) Сақ-үйсін кезеңіне жататын обалар саны: 9. Олар негізінен осы аумақтың солтүстік-шығыс бөлігінде (шығыс қатарда) шоғырлана орналасқан. Бір үлкен және орташа екі обасы жақсы сақталған. Обалардың диаметрлері 8 м-ден 25 м-ге дейін, биіктіктері 0,23 м-ден 3 м-ге дейін барады.

2) Кейінгі ортағасыр жерлеу ескерткіштері (жалпы саны 36 оба). Обалардың орналасуы жүйсіз, үйінділері салыстырмалы түрде кішірек. Обалардың диаметрлері 2,5 м-ден 10 м-ге дейін, биіктіктері 0,2 м-ден 1,5 м-ге дейін жетеді. Солтүстік-батыс тізбек қатарындағы обалар қазіргі заманғы мұсылмандар зиратына жанаса орналасқан. Олар:

1) Тая уақыттағы тас қоршаулы обалар (барлығы 9):

- Қабаттаспайты орналасу ерекшелігі бар;
- Тас шеңберлермен белгіленген.

2) Қазіргі заманғы мұсылман зираты (барлығы 37):

- Замауи жерлеу дәстүріне сай;
- Ауданның солтүстік-батыс бөлігінде топтасқан.

Археологиялық барлау жүргізу барысында РАХАТ III қорымында анықталған 45 обаның толық мәліметтері қосымша кестеде беріліп отыр.

## Кесте – анықталған тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің тізімі

№	Шығыс бойлық (°)	Солтүстік бойлық (°)	Теніз деңгейінен биіктігі (метр)	Диаметр (метр)	Биіктігі (метр)	Үйінді пішіні	Пішіні	Тас шенбер пішіні (саы)	Тас шенбер пішіні	Тастың сапасы	Тастың өлшемі (см)	Дәуірі	Жоғары қабірмен арақашықтығы (метр)	Ескертпе
M1	77.3771 1400	43.363 25278	923	10.00	0.40	дөңгелек	Топырақ үйінді	0				Кейінгі орт Ғабыр		
M2	77.3770 3890	43.363 39415	920	6.00	0.30	дөңгелек	Тас Қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта Ғабыр	17.275	
M3	77.3770 8049	43.363 49458	920	6.00	0.45	дөңгелек	Тас Қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-40	Кейінгі орта Ғабыр	12.061	Тоналған
M4	77.3769 4770	43.363 59110	919	6.60	0.40	дөңгелек	Топырақ үйінді	0				Кейінгі орта Ғабыр	15.504	Тас жоқ
M5	77.3767 2374	43.364 54464	913	10.00	1.00	дөңгелек	Тас үйінді	0		Малта тас	10-30	Кейінгі орта Ғабыр	107.09	Қабірдің оңтүстік бөлігінде тас орналасқан
M6	77.3766 3656	43.364 70259	912	8.00	1.00	дөңгелек	Тас үйінді	0		Малта тас	10-40	Кейінгі орта Ғабыр	19.429	Ор болуы мүмкін
M7	77.3755 1942	43.366 15919	900	7.00	1.00	дөңгелек	Тас Қоршау+ Топырақ үйінді	2	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта Ғабыр	185.76	

M8	77.3755 5295	43.365 99832	902	6.00	0.50	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	2	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	17.881	
M9	77.3756 2001	43.366 02660	901	8.00	0.40	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-50	Кейінгі орта ғасыр	6.652	Үлкен тас орналас қан
M10	77.3756 7633	43.366 00417	902	9.00	0.40	дөңгелек	Топырақ үйінді	0				Кейінгі орта ғасыр	5.436	
M11	77.3756 7231	43.365 63661	903	8.00	1.20	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	41.351	
M12	77.3752 6327	43.365 68926	901	10.00	1.50	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	33.6	Оңдүстікке қарай 3,5 метр қашықтықт а шағын қабір орналасқан
M13	77.3752 6327	43.365 60444	901	2.50	0.20	дөңгелек	Тас үйінді	0	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	10.094	
M14	77.3757 5680	43.365 41536	906	6.00	0.30	дөңгелек	Тас үйінді	0	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	44.608	
M15	77.3756 7633	43.365 32950	906	5.50	0.40	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	12.192	

M16	77.3757 0986	43.365 23395	906	5.00	0.20	дөнгөлөк	Тас Коршау+ Топырак үйінді	0		Магта тас	10-20	Кейінгі орта фаыр	11.137	
M17	77.3757 5546	43.365 18813	908	9.00	0.40	дөнгөлөк	Тас үйінді	0		Магта тас	10-20	Кейінгі орта фаыр	6.652	
M18	77.3758 2654	43.365 06821	908	10.00	1.20	дөнгөлөк	Тас Коршау+ Топырак үйінді	1	дөнгөлөк	Магта тас	10-40	Кейінгі орта фаыр	14.767	
M19	77.3757 7289	43.364 76011	908	6.30	0.20	дөнгөлөк	Тас Коршау+ Топырак үйінді	1	дөнгөлөк	Магта тас	10-40	Кейінгі орта фаыр	34.018	Батыс бөлігінде кара жол орналаақ ан
M20	77.3757 6485	43.364 61972	909	7.00	1.20	дөнгөлөк	Тас үйінді	0	дөнгөлөк	Магта тас	10-50	Кейінгі орта фаыр	15.647	
M21	77.3758 1983	43.364 57682	910	5.00	0.80	дөнгөлөк	Тас Коршау+ Топырак үйінді	2	дөнгөлөк	Магта тас	10-40	Кейінгі орта фаыр	6.255	
M22	77.3758 1715	43.364 57389	910	6.80	0.30	дөнгөлөк	Тас Коршау+ Топырак үйінді	2	дөнгөлөк	Магта тас	10-50	Кейінгі орта фаыр	0	
M23	77.3759 6601	43.364 52612	911	5.00	0.30	дөнгөлөк	Тас Коршау+ Топырак үйінді	1	дөнгөлөк	Магта тас	10-30	Кейінгі орта фаыр	12.827	

M24	77.3759 5931	43.364 46367	911	8.00	1.00	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	6.988
M25	77.3758 8286	43.364 22972	912	10.00	0.40	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-40	Кейінгі орта ғасыр	27.64
M26	77.3762 2887	43.364 15112	914	8.00	0.40	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-20	Кейінгі орта ғасыр	29.474
M27	77.3762 5991	43.364 00547	914	8.00	1.00	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-20	Кейінгі орта ғасыр	16.542
M28	77.3762 3692	43.363 78112	914	8.00	1.00	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	24.861
M29	77.3763 0129	43.363 62718	916	6.00	0.80	дөңгелек	Тас қоршау+ Топырақ үйінді	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	17.78
M30	77.3762 8117	43.363 41658	918	9.00	0.20	дөңгелек	Тас үйінді+ Тас қоршау	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Кейінгі орта ғасыр	23.616
M31	77.3762 8117	43.363 41658	919	8.00	0.30	дөңгелек	Тас үйінді+ Тас қоршау	1	дөңгелек	Малта тас	10-20	Кейінгі орта ғасыр	11.076

M32	77.3763 2275	43.363 18940	918	5.00	0.20	дөнгөлөк	Тас үйінді+ Тас коршау	1	дөнгөлөк	Малга тас	10-30	Кейінгі орпа фабыр	15.205	
M33	77.3770 3621	43.367 42467	898	8.24	0.40	дөнгөлөк	Тас үйінді+ Тас коршау	1	дөнгөлөк	Малга тас	10-30	Сактар	474.79	
M34	77.3770 3219	43.367 56019	898	10.05	1.12	дөнгөлөк	Тас үйінді+ Тас коршау	1	дөнгөлөк	Малга тас	10-30	Сактар	9.18	
M35	773770 3219	43.367 70935	897	7.84	0.92	дөнгөлөк	Тас үйінді	0		Малга тас	10-30	Сактар	5.6	
M36	77.3766 2315	43.368 24946	894	9.94	0.30	дөнгөлөк	Тас үйінді+ Тас коршау	1	дөнгөлөк	Малга тас	10-30	Сактар	54.65	
M37	77.3772 9371	43.368 03025	897	16.00	1.20	дөнгөлөк	Тас үйінді	0		Малга тас	10-30	Сактар	32.8	
M38	77.3773 7015	43.368 45127	897	25.00	3.10	дөнгөлөк	Тас үйінді+ Тас коршау	1	дөнгөлөк	Малга тас	10-30	Сактар	14.9	
M39	77.3773 8758	43.368 75447	890	11.25	0.78	дөнгөлөк	Тас үйінді	0		Тас кезлесп еді	Тас кезлесп еді	Сактар	20.16	
M40	77.3774 4927	43.369 08107	887	9.30	0.27	дөнгөлөк	Тас үйінді	0			Тас кезлесп еді	Сактар	27.28	
M41	77.3752 3377	43.367 28916	900	6.60	1.03	дөнгөлөк	Тас үйінді	0		Малга тас	10-30	Кейінгі орпа фабыр	264.58	Тоналган (Шыгыс бөлігі)

												ортасы ішіне кірiңкі)		
M42	77.3756 2537	43.367 11854	900	8.90	1.60	дөңгелек	Тас үйiндi+ Тас қоршау	1	дөңгелек	Малта тас	10-30	Сақтар	29.59	Тоналған (Шығыс бөлiгi ортасы ішіне кірiңкі)
M43	77.3756 4012	43.366 86018	902	11.53	0.23	дөңгелек	Тас үйiндi	0		Белгiсiз		Сақтар	19.27	
M44	77.3745 9540	43.367 82732	896	9.29	0.48	дөңгелек	Тас үйiндi	0		Малта тас	10-40	Кейiнгi орта ғасыр	140.6	
M45	77.3745 2701	43.367 90141	895	7.00	0.27	дөңгелек	Тас үйiндi	0		Малта тас	10-20	Кейiнгi орта ғасыр	0	

## 2.1.9. РАХАТ IV тобындағы (Өрікті) түркі дәуірі обалары

2012 жылдың далалық маусымында «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкерлері, «Есік қорымы және Жетісу сақтарының мәдениеті» атты ғылыми-қолданбалы жобасы аясында, Өрікті қала-жұрты кешені аумағында ретсіз топтан тұратын көлемдері шағын және орташа екі обаға, сонымен қатар ескерткіштің оңтүстік-шығыс етегінде бақылау-барлау археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді.


Өрікті қалашығы «Өрікті» ауылының (бұрынғы «Красный Восток» ауылы) оңтүстік-батыс шетінде, «Дионис» шарап зауытынан оңтүстікке қарай 200 м жерде, Есік-Талғар тас жолының бойында орналасқан (1-сур).



1–сурет. Өрікті қала жұртына солтүстік-батыстан қарағандағы көрінісі

Қала жұртының негізгі бөлігі тұйық шеңберлі болып келеді. Шығыс, солтүстік және батыс бөліктері топырақ дуалдармен, оңтүстік бөлігі ормен қоршалған. Қазіргі таңда, қалашықтың біраз бөлігі кейінгі заманғы жерлеу орнына айналып кеткен. Батыс тұсында қабірлер кездеспейді. Ескерткіш 2000 жылы, белгілі археолог Б.Н. Нұрмұханбетовтың жетекшілігіндегі археологиялық экспедициясы нәтижесінде анықталған болатын.

Зерттеу жұмыстары нәтижесінде қалашық пен қорымның нақты өлшемдері анықталып, топографиялық жоспары түсірілді (2-сур). Мәдени қабатты анықтау мақсатында қалашық алаңында көлемі 2x2 м болатын барлау-бақылау қазба салынды (3-сур.).



2-сурет. Өрікті қала жұртының топографиялық жоспары

Нәтижесінде, табылған қыш бұйымдарының фрагменттері негізінде, алдын-ала болжам бойынша, Өрікті қалашығының мәдени қабатының ең кейінгі кезеңі орта ғасыр, яғни XIII ғасырды қамтиды, ал ең ерте кезеңі сақ-үйсін мәдениетінің кейінгі уақытымен мерзімделген болатын (б.з.д. III-I ғғ.).

Өрікті қала жұртының аумағында жерлеу-ғұрыптық құрылыстарының ерекшеліктері жөнінде жаңа мәліметтер алу үшін, шағын көлемдегі екі обасында қазба жұмыстары жүргізілді.

I-ші нысан (оба) – Өрікті қала жұртының оңтүстік бөлігіндегі ордың үстінде орналасқан. Қорым – жүйесіз, тығыз орналасқан 9 обадан тұрады. Обалар – таспен қоршалған, үйінділері топырақтан үйілген.

*І-ші нысанда (оба) жүргізілген зерттеулер.* Диаметрі: оңтүстік-шығыс бағытында – 12 м, батыс-солтүстік бағытында – 13 м, биіктігі – 1 м. Орташа көлемдегі оба, жалпақ, аласа төбешік түрінде. Зерттелген алаңқай аумағы жап-жасыл қалын шым



3-сурет. Өрікті қала жұртының барлау шурфынан көрініс

қабаты көмкеріп жатты, бұл қарашірік қабаттың болуымен түсіндіріледі. Обадан тонаушылардың шұңқырлары байқалмайды. Көзге анық байқалатын, ені шамамен 40 см болатын ор ізі көрінеді.

Орталықта, солтүстік–оңтүстік және батыс–шығыс бағыттары бойынша ені 50 см болатын жал белгіленді (4-сур).



4-сурет. І-ші нысандағы (оба) С-О және Б-Ш бағыттары бойынша шым қабаттары алынғаннан кейінгі көрінісі

Үйіндіні алу жұмысы батыс жағындағы жалдан басталды. Қазба барысында әртүрлі тереңдіктерде көптеген қыш ыдыс сынықтары табылды. Обаның солтүстік-шығыс бөлігінде, орталық қазықтан 2 м қашықтықта, 67 см тереңдікте өлшемі – 50×20 см болатын екі ірі тас табылды.

Шығыс қимасында қабаттардың алмасуы анық байқалады: жоғарғы қабат негізінен саз, топырақ және майда құм аралас. Төменгі қабат толықтай майда тастар аралас саздан құралған.

Жал алынып, мұқият тазарту және тегістеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін, қабір шұқырының іздері анықталмады (5-сур).



5–сурет. I-ші нысандағы (оба) С-О және Б-Ш бағыттары бойынша шым қабаттары алынғаннан кейінгі көрінісі

Обаның орталығында оңтүстік–солтүстік сызығы бойымен жіп тартылып, оның шығыс жағында 2×2 м көлеміндегі қазба алаңы белгіленіп (бақылау-барлау салынды), қазба жүргізілді.

Бұл бірнеше себепке байланысты жүзеге асырылды:

Біріншіден, аталмыш алаңды қазу мақсаты – қорым шұңқырының толтырылу қабаттарын (стратиграфиясын) белгілеу болатын.



6-сурет. I-ші нысанның (оба) қақ ортасынан салынған бақылау-барлау қазба орны мен анықталған ірі-қара мал сүйектерінің бөлшектері

Екіншіден, алаңның салыстырмалы түрде үлкен болуы топырақтың құмды болуына байланысты: құмда қазу кезінде қабырғалардың опырылып түсу қаупі жоғары, сондықтан кең аумақ қажет болды. Үшіншіден, табылған қабір шұңқыры, мүмкін, тонаушылардың ізі болуы мүмкін деген болжамды, үлкен алаңда қазба жұмысын жүргізу арқылы сейілтуге болады. Тағы бір себеп – таңдалған қазба алаңының жер асты дәлізге (катакомбаға) немесе лақат (подбойға) тікелей алып шығуы мүмкін деген жорамал болды.

0,60 см тереңдікте шұңқырдың ені 2 метрге дейін жетті. Қимада сазды үйіндінің қалыңдығы 0,30-0,40 см-ге дейін болғаны байқалды. Саз қабатының астынан қалыңдығы 0,20 см-ге дейін жететін борпылдақ құм қабаты анықталды. Құм қабатынан кейін қалыңдығы 0,10 см-ге дейінгі шағыл (гравий) қабаты тіркелді. Одан кейін тығыздалған құм қабаты байқалады.


Қабір шұңқырының еден деңгейінен ұсақ мүйізді ірі қара сүйектері табылды (6-сур). Осыған байланысты, алдын ала болжам бойынша, зерттеліп жатқан нысан кенотаф (жерлеусіз ескерткіш оба) болуы мүмкін.

*II-ші нысандағы (оба) зерттеулер.* Обаның ең шетіндегі ордың шығыс бөлігінде жалғыз оба орналасқан. Үйіндінің диаметрі 8 м, биіктігі 0,5 м. Диаметрі шамамен 2 м, тереңдігі 0,30 м шұңқыр бар. Оба үйіндісі тас қалаудан үйілген. Үйіндіні қалың шым басқан (зерттеу жұмыстары басталғанға дейін бетінен бірнеше тастар көрініп тұрды). Шым қабатын алып тастағаннан кейін ССШ-ООБ сызығы бойынша бағытқа бағытталған дөңгелек құрылым анықталды (7-сур).



7–сурет. II-ші нысанның (оба) топырақ қабаты алынғаннан кейінгі жалпы көрінісі

Құрылым тастардан (орта түйіршікті гранит) құрылған. Қабір үсті құрылым 25x10x8 см-ден 45x35x25 см-ге дейінгі әртүрлі өлшемдегі бір қабатты болып келген. Периметр бойымен салынған тастар айқынырақ жиектерге ие, бір-біріне өте тығыз қаланып орналасқан және олардың ұзын осімен құрылымның ортасына бағытталған. Қабір құрылымының орталық бөлігінде тастар жоқ (8-сур.).



8-сурет. II-ші нысанның (оба) жоспары мен қима сызбасы

Қазба кезінде 1 және 1,20 м тереңдіктен екі дана қола тоғалар табылды (9-сур). Қабір шұңқыры СО бағытында бағытталған. Орталық қабір шұңқырынан обаның солтүстік-шығыс шетіне қарай 2 м қашықтықта екі сақиналы қоршаудан тұратын СО – 1,30 м, БШ – 1,30 м болатын ғұрыптық жерлеу шұңқыры табылды. Ғұрыптық жерлеу шұңқыры көптеген ірі қара мал сүйектерінің бөлшектеріне толы болды. Жерлеу орны тонаушылармен бұзылған. Қазба барысында адам қаңқасының сүйектері араластырып, бір үйіндіге жиналған, сонымен қатар жылқы сүйектерінің де біраз бөлшектері жетіспегендігі анықталды (10-сур).

Бірге жерлеу заттары екі тоғамен шектелген. Сыртқы белгілері мен пішініне қарай бұл жерлеулерді ежелгі түрікі уақытымен мерзімдеуге болады.

Жетісу мен Шығыс Қазақстандағы түркі халқының рухани және материалдық мәдениет ескерткіштерінде жылқымен бірге жерлеу рәсімінде жақын ұқсастықтарды байқауға болады.<sup>47</sup> Дәл осындай дәстүр Алтай мен Тувада да кең тараған.<sup>48</sup>

Жалпы, обаларда жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі көрсетіп отырғандай, обалардың сыртқы және ішкі құрылымдарымен қатар, қабір ішілік заттарды саралай келе, ескерткішті ежелгі түркі дәуіріне тиесілі екенін ескере отырып, алдын ала болжам бойынша IX-XI ғғ. мерзімдейміз.



9-сурет. Қола тоғалар

<sup>47</sup> Курманкулов Ж.К. Погребение воина раннетюркского времени // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука КазССР, 1980. С. 191-197.; Самашев З. Отчет о работе Семиреченской археологической экспедиции в 1986 г. на могильнике Сулу коян // Архив ИА КН МОН РК. Ф. 2, д. 2010, 160 с.; Нурмуханбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж., Рахметов А. Аварийно-спасательная деятельность заповедника-музея Иссык (итоги сезона 2011 г.) // Маргулановские чтения – 2012: м-лы ежегодной науч.-практ. конф. / Гл. ред. В.Ф. Зайберт. Астана: Издательская группа ФИА КН МОН РК, 2012. С. 220-225.; Досымбаева А.М. История тюркских народов. Традиционное мировоззрение тюрков. Алматы: Service Press, 2013. 250 с.; Толегенов Е.Т., Бесетаев Б.Б. К изучению обряда погребения с конем у древних тюрков (по материалам Казахского Алтая) // Маргулановские чтения–2012: м-лы ежегодной науч.-практ. конф. / Гл. ред. В.Ф. Зайберт. Астана: Издательская группа ФИА КН МОН РК, 2012. С. 166-169.

<sup>48</sup> Вайнштейн С.И. Некоторые вопросы истории древнетюркской культуры (в связи с археологическими исследованиями в Туве) // СЭ. 1966. № 3. С. 60-81.; Гаврилова А.А. Могильник Кудыргэ как источник по истории алтайских племен. М.–Л.: Наука, 1965. 145 с.; Кубарев Г.В. Культура древних тюрков Алтая (по материалам погребальных памятников). Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО РАН, 2005. 400 с.; Овчинникова Б.Б. Тюркские древности Саяно-Алтая VI–X вв. Свердловск: Изд-во УрГУ, 1990. 223 с.



10-сурет. Адам және жылқымен жерлеу орындары

Аталмыш ескерткіштің ерекшелігі кезінде қорғау аймағы бекітіліп (19,5 га жер), ескерткіш ретінде қарастрыла бастағанына қарамастан соңғы елу жылдықтың көлемінде қазіргі кезең адамдарының зиратына айналып кеткендіктен, бұл процесті тоқтату мүмкін болмай шықты. «Есік» музей-қорығы өз тарапынан бар мүмкіншілікті пайдалануға тырысып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Дегенмен, бұл алаңқайдың түгелге дерлік зират орнына айналып кетуіне байланысты, қорғау аймағынан шығарылып, ескерткіштік мәні жойылды. Ендігі кезекте көзі тірісінде өзі қазба жұмысын жүргізген және аманат етіп кеткен археолог Б.Н. Нұрмұханбетовтың № 2 обаға жерленгенін де айта кеткен жөн.



11-сурет. Бекен Нұрмұханбетов Өрікті ескерткішіндегі сақ обасында жүргізілген қазба жұмысы кезінде.

## РАХАТ ІІІ тобындағы М6 обасына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары


2025 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Шәнси облыстық археологиялық институты (ҚХР) қызметкерлері РАХАТ ІІІ тобындағы археологиялық барлау экспедициясымен бірге М6 обасында қазба жұмыстарын жүргізді.



Рахат археологиялық кешенінің жалпы көрінісі

Қазылып зерттелген М6 нысан солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан жотаның үстіндегі алаңқайда орналасқан. М6 обасы орташа көлемді тас және топырақ аралас үйіндісі бар жерлеу ескерткіші болып табылады. Төбесі жайдақ, бөктерлері (қырлары) 30-40° шамасында.

Қазба жұмысы барысында алдыменен көлемі 16x16 м болатын қазба салынып, оның солтүстіктен оңтүстікке бағытталған ені 50 см болатын жал қимасы қалдырылды. Обаның батыс жақ бөлігі қолмен қазылып, тастары аршылды. Қазба барысында обаның тас жабындысынан тұратын үйіндісінің құрылымы анықталды. Тас сауыт қабаты өзен тастарынан тұратын жалпағынан және қырынан бір қатар бойы бір-біріне түйістіре қалап шыққан көп бүлініске ұшырамай сол қалпында сақталған болып шықты. Бұл жердің материгі сары топырақ қабатынан құралған.



М6 обасының батыс жақ бөлігінің қазылып аршылған сәті мен ортофото жобасы

Обаның батыс жақ бөлігін қазу барысында жерлеу орны анықталмағандықтан, ендігі кезектегі жұмыс мақсаты – қазбаны шығысқа қарай жалғастыру болды. Таңдалып алынған методикалық әдіс негізінде, әлемнің төрт құбыласына бағытталған қазба салынды (шартты түрде TG1 деп белгіленді).

TG1 орнына жасалған қазба нәтижесінде қабір шұқыры анықталып, толығымен зерттелді.



М6 обасының қазбадан кейінгі көрінісі

Қорытындылай келе, обаның құрылым-құрылысы екі қабаттан тұрған, оған дәлел ретінде, біріншісі тас шеңберлі

үйіндісі бар қабір үстілік тастардан тұрады, оның диаметрі шамамен 5,8 м, ал екіншісі тас шеңбері дөңгелек пішінді, сыртқы диаметрі шамамен 8,9 м қаланып төселген өзеннің малта тастарынан тұрғызылған. Үйіндінің орталық бөлігі биік, оңтүстік жағы сәл төмен деңгейде орналасқан. Ең биік нүктесі мен ең төменгі нүктесінің арақашықтығы шамамен 0,97 метрді құрайды.

Жерлеу шұңқыры тас қоршаудың ішінде орналасқан, қабірдің үстіңгі жағы әртүрлі өлшемдегі өзеннің малта тастарынан қаланған. Қабір шұңқырының жобасы шығыстан батысқа қарай сопақ пішінді, қабырғалары тік орналасқан. Өлшемдері: ұзындығы шамамен 2,4 метр, ені 1,5 метр, тереңдігі 1,2 метрді құрайды.

Бұл қабір ерте кезде қатты тонаушылыққа ұшыраған. Қабір шұңқырын топырақтан тазалау баысында – көп мөлшерде шашыранқы тастар, қыш ыдыстардың бөлшектері мен адам сүйектерінің қалдықтары табылды. Сонымен қатар, қабір шұңқырының түбінде иық пен қол сүйектері ғана орнында сақталған, басқа бөліктері сақталмаған. Қабір шұңқырын топырақтан тазарту кезінде басқа ешқандай бірге қойылған заттар немесе оба құрылысына пайдаланған материалдар табылмады.

Табылған иық пен қол сүйектерінің орналасуына сүйене отырып, марқұмның жерлеу дәстүрі шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қараған болғандығы анықталды.

Соңында, бұл нысанның қоршау оры бар-жоғын анықтау мақсатында, обаның солтүстік шетінде ұзындығы 5 м, шығыстан батыс бағытында ені 1 м болатын барлау-бақылау шұңқыры қазылды. Нәтижесінде қима қабаттарының орналасуына қарағанда, бұл нысанда қоршау оры жоқ екендігі анықталды.

Жалпы М6 обаның анықталған сыртқы құрылыс құрылымының сипатына сүйене отырып, ескерткішті ерте темір дәуіріне тиесілі екенін ескере отырып алдын ала болжам бойынша сақ-үйсін мәдениетінің кейінгі кезеңімен, яғни б.д.д. II–I ғғ. деп мерзімдейміз.

### III. РАХАТ ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

#### 3.1. РАХАТ ескерткішіндегі ортағасырлық нысан (шаруашылық шұңқыр)

2019-2020 жылдары «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы *«Сақ дәуірінен XIII ғасырға дейінгі Рахат археологиялық кешенінің материалдары негізіндегі Жетісу материалдық мәдениетінің семиозисі»* ғылыми-зерттеу жобасын іске асырды. Зерттеу жұмысы барысында құжаттар, киелі ескерткіштер мен ғұрыптық кешендер туралы деректерден тұратын материалдар жинақталып, аталмыш кезеңдегі белгі жүйелері мен әлеуметтік қатынастардың құрылымдық нышандары анықталды. Сонымен қатар, музей-қорық далалық зерттеулердің нәтижелерін баяндайтын бейнероликтер топтамасын жасады.

2019 жылғы алғашқы зерттеу кезеңінде мәдени қабатын анықтау мақсатында қалажұрттың оңтүстік үйінді орнына солтүстік-оңтүстік (5-сурет) бағыты бойынша 5x16 м өлшемдегі стратиграфиялық шурф салынды. Батыс-шығыс бағыты бойынша ені 0,5 м болатын екі жал қалдырылды. Шурфтың жалпы алаңы - 75 м<sup>2</sup> (5x5 м үш шаршы). № 1 және 2 шаршыларда (солтүстіктен оңтүстікке қарай нөмірленген) қалыңдығы 0,4 м шым қабатын алып тастағаннан кейін көптеген керамикалық сынықтар (жиектер, қабырғалар және ыдыстардың түбі) анықталды. № 2 алаңнан қонысқа тән

инфрақұрылым болғанын көрсететін тандыр типті екі пеш табылды (6-сурет). Қосымша алты шаршы (5x5 м) қосу арқылы қазба алаңын батысқа қарай кеңейту туралы шешім қабылданды. Зерттеу


жұмыстарының жалпы ауданы 256 шаршы метрді қамтыды.

Тазалау жұмыстары 0,5-0,7 м тереңдікте жүргізіліп, алынған топырақтың көлемі 170 м<sup>3</sup> болды.



1-сурет. Қазба алдындағы ескерткіштің жалпы көрінісі

Жалдарды зерттеп болған соң, алынған топырақ көлемі – 15 м<sup>3</sup> құрады.




2-сурет. Рахат археологиялық кешенінің ортофото жоспары (ҚҚРАЭК-2017)

Бүкіл қазба алаңы бойынша 0,3-0,4 м тереңдікте іріқара және ұсақ үй жаунарларының сүйектері анықталды. Одан төменде қоңырқай түсті балшық қабаты, 0,5 м тереңдікте материктің балшық қабаты анықталды. Осы деңгейде 24 дөңгелек пішінді шаруашылық шұңқыры анықталса олардың ішінен 12-сі зерттелді. Қазба жұмыстары барысында 400-ге жуық қыш сынықтары, екі метал бұйым (пышақ) және 259 остеологиялық материал элементтері табылды.

Далалық жұмыстардың толық сипаттамасы:

№ 1 қазба алаңы 0,7 м тереңдіктегі қазба түбін тазартқаннан кейін арасында үшеуі анық дөңгелек пішінді бірнеше дақтар анықталды. Олардың бәрінде ені 1,5-2 см болатын сұр түсті материктен басқа, сазды жиегі болды. Шаруашылық шұңқырлары (*әрі қарай – шұңқыр*) өздеріне тиесілі шаршы бойынша батыстан шығысқа қарай нөмірленіп беріледі. №1 шұңқыр керамика сынықтары, сүйектер және күйдірілген кірпіш түсті саз қоспалары бар ашық сұр түсті топырақпен толтырылған. Диаметрі – 0,9 м, ежелгі қабатынан шамалап алғандағы тереңдігі – 0,7 м. № 2

шұңқырдың да түсі осы тектес және өлшемдері ұқсас өте көп жануарлар сүйектерімен толтырылған. № 3 шұңқырдың жиектері бұзылғандықтан диаметрі 1 метрге жуықтаған сияқты.



3-сурет. Б-Ш бағыты бойынша кесінді профилі (ҚҚРАЭ-2017)



4-сурет. О-С бағыты бойынша кесінді профилі (ҚҚРАЭ-2017)

Шұңқырдың заттай материалдары (қабір) асханалық (қазан құлақтары – 6 дана, ернеулер – 8 дана) және асүйлік сынды көптеген қыш сынықтарынан тұрады, олардың жалпы саны – 45 элемент. Қыштардың бөлшектеліп кету себебін қалажұрттың стихиялы түрдегі өмір сүруінің тоқтауымен (мысалы, әскери жорықтар немесе шабуылдар салдары) байланыстыруға болады.

Остеологиялық материалдар іріқара және ұсақ мүйізді малдардың 32 дана сүйек бөлшектері түрінде кездесті (жақ сүйектері, сүйек бастары, жауырын сүйектері).

№ 2 қазба алаңы. Жер бетінен 0,3-0,4 м тереңдікте, солтүстік-батыс бұрышта дөңгелек пішінді екі пеш табылды. Пештің биіктігі – 0,3 метрге жуық, диаметрі – 1,9 м.

0,7 м тереңдікте дөңгелек пішінді бес дақ және ұзынша сопақ пішінді, ОШ-СШ бағытындағы 3,7х0,8 м көлемдегі дақ анықталды. Шаруашылық шұңқырларының орташа диаметрі 0,9-1,1 м. Жалдың батыс жақ қабырғасынан ашық түсті балшық байқалды. Шамасы бұл шаруашылық шұңқырларының үйінді қалдығы болса керек. 38 дана болатын заттай материалдар қазандар мен асүйлік қыш ыдыстар сынығы ретінде кездесті. Тұтқалы су таситын қыш ыдыс ернеуі назар аударады.



5-сурет. Қазба орнын белгілеу



6-сурет. Тандыр пішіндес екі пеш. Стратиграфиялық шурф, № 2-шаршы

№ 3 қазба алаңы. Екі шаруашылық шұңқырын зерттеу. №1 оңтүстік-батыс шұңқырының диаметрі 1 м, ал №2 солтүстік-батыс шұңқырының диаметрі – 0,9 м. Аталмыш шұңқырлардан қыш пен тас бөлшектері табылды.

Заттай материал ретінде қыш (ұсақ бөлшектер) пен жер қыртысына терең бойлай енген (ғимарат шатырының тірегі болуы мүмкін) ағаш қалдықтары кездесті.

№4 қазба алаңынан ашық-сұр түсті, шығыс және оңтүстік жалға жалғасқан екі шұңқыр анықталды. № 1 диаметрі – 1,1 м, №2 шұңқырдың диаметрі – 0,95 м. Мұндағы заттай материалдар да асүйлік және асханалық ыдыстар сынығы болып келеді. Ғылыми маңызды заттар ретінде солтүстік-шығыс бұрыштан табылған қазанның екі сынығын атауға болады. Қыш ыдыс сынықтары арқылы ернеу, бүйірі мен ыдыс түбі туралы қорытынды жасауға болады.



7-сурет. Рахат қалажұртын зерттеу алаңы

№5 қазба алаңы. Дөңгелек пішінді бес шаруашалық шұңқыры табылды. №1 шұңқырдың диаметрі – 1 м, №2 шұңқырдың диаметрі – 0,9 м, №3 шұңқырдың диаметрі – 1 м, №4 шұңқырдың диаметрі – 0,6 м, №5 шұңқырдың диаметрі – 1,3 м. №4 және №5 шұңқырлар зерттелді. №4 шұңқырдың түбінен жертөле-шұңқырлардың күтпеген жерден толғанын дәлелдейтін хум қалдықтары – бүйір сынықтары (8-сурет), ежелгі жер беті

кабатынан ернеу және бүйір сынықтары табылды. №4 шұңқыр басқа да шұңқырлардың арасындағы ең үлкені. Басқа да шұңқырларға қарағанда қоңыр түсті және қыш пен сүйек сынықтарының кездеспегеніне, №3 шұңқырға тым жақын, тіпті оның қабырғаларын жанай орналасқанына, 0,9 метр көлемдегі ең терең пішініне қарай отырып оның басқаларына қарағанда кейінірек пайда болғаны туралы тұжырым жасауға болады.

Заттай материал ретінде тұтқасыз қыш қазан, тұтқалы шырағдан табылды. Олардың бәрі де қазба алаңқайының оңтүстік-батыс бөлігінен анықталды.

№6 қазба алаңы. Алты шұңқыр анықталса олардың ішінен бесеуі 0,9-1 м аралығындағы бірдей дерлік диаметрге ие. №5 шұңқыр құлаудың салдарынан сопақша пішінге айналып, көлемі 1,2 м. жеткен. №2 шұңқырдан ешқандай материал кездеспеді. Заттай материалдар хумның көптеген бөлшектерінен тұрады (ернеу мен бүйірлері).

№7 қазба алаңы. Анықталған бес шұңқырдың төртеуі зерттелді. №1 шұңқырдың диаметрі 1,1 м, тереңдігі 0,8 м; сары және сүт түстес балшық реңктерімен толған. №2 шұңқырдың ежелгі жер беті қабатынан тереңдігі – 0,6-0,7 м, диаметрі – 0,7 м. №3 шұңқырдың диаметрі – 1,1 м, тереңдігі – 0,8 м; шұңқыр ішінен қазанның үш құлағы табылды. №4 шұңқырдан қазан ернеуі, 2 м тереңдіктен, шамамен еден деп болжанған тұстан екінші бөлігі табылды. Мұның өзі шұңқыр бұзылар алдында бос болған деген болжамды нақтылай түседі (9-сурет). №5 шұңқырдан заттай материал ретінде қыш сынықтары, қазан тұтқалары, ернеулер және жануарлар сүйектері табылды.



8-сурет. Хум бөлшегі. №5 шаршы, №4 шұңқыр.

№8 қазба алаңы. Шамамен диаметрлері 1,1 м болатын №1 және 2 шұңқырлардан тұрады.

№9 қазба алаңы бір шаруашылық шұңқырдан тұрады.

№1 қазба алаңынан (оңтүстік қабырға), №4 (батыс қабырға), №6 (батыс қабырға), №7 (оңтүстік қабырға) карпологиялық және тозандық сараптамаларға үлгілер алынып, Қ.И. Сәтпаев атындағы геология ғылымдары институтына (Алматы қ.) жіберілді.



9-сурет. №5 шаршы, №4 шұңқыр

Ескерткішті сақтау мақсатында қазба жұмыстары жүргізілген алаңқайларда рекультивациялау (қайта көму) жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша табылған қыш ыдыс сынықтарының әртүрлілігі оның ұзақ мерзімде пайдаланғанын көрсетеді.<sup>49</sup> Соның дәлеліндей олардың арасында құмыра, қазан, табақ және тостағандардың сынықтары кездесті (10-сурет). Табылған қыш ыдыс сынықтарының арасынан жиі кездесетін сынықтар ретінде – қазандарға тән бөліктері жапсырылмалы тұтқаларды айтуға болады. Сонымен қатар сынықтар арасында негізінен дөңгелек пішінді ернеулерде кездеседі. Сақ дәуіріне тән ыдыстардың түбі әдеттігідей дөңгелек болып келеді. Көбінесе ыдыс ернеуінің

<sup>49</sup> Байпаков К.М. Поселения саков и усуней на территории Жетысу и Алматы. Алматы: ИД «Credo», 2008. 172 с.

астында және мойын бөлігінде науашалар (каннелюралар), дөңгелек пішінді және тырнақпен басылған ойық-батырмалар, сондай-ақ қиғаш үшбұрыштар түріндегі оймалы және толқынды (иректі) өрнектер кездеседі.

Осылайша, бұл ескерткіштің әртүрлі қабаттарының мәдени-хронологиялық атрибуциясы үшін ең маңызды материал болып табылады. Қазба алаңқайларынан толықтай қалпына келтірілмейтін көптеген ыдыс сынықтары анықталды. Шұңқырлардың көптігі, әсіресе олардың көбінің өлшемдері бірдей боп келетіні олардың көбіне уақытша дән сақтау қоймасы, араларында бірнешеуі дән өлшеуіш ретінде пайдаланғаны туралы ойға жетелейді. Аталмыш ескерткіштің мерзімделуі К.М. Байпақовтың 2004 жылғы есебінде VIII-X ғғ. деп көрсетілген.



10-сурет. Қыш ыдыстар сынығы

Қыш пен металға жасалған талдау бұл нысанды ерте және дамыған орта ғасырларға жатқызуға мүмкіндік берді. Түркілер алып империя құра отырып ортағасырлық әлемдік саяси-экономикалық қатынастарға араласпауы, әсіресе өздерін қоршап отырған Қытай, Иран және Византиямен қарым-қатынас жасамауы мүмкін емес. Сол кездегі халықаралық қатынастардың ең басты міндеттерінің бірі Жібек жолының негізгі бағыттары мен нүктелеріне бақылау жасау еді. Жетісудағы отырықшылық дәуірінің басталуы б.з. VII ғ. яғни, түрік-соғды кезеңіне сәйкес келеді.

В.В. Бартольд Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағының қалыптасуы VI ғасырда түріктердің жаңа көшпелі империясының пайда болуымен және VII ғасырда Ферғана қаласында пайда болған бұлғақпен байланысты деп болжады. «Саяхатшылар Ферғана мен Қашғарды айналып өтіп Самарқандтан солтүстік-шығысқа, Ташкент және Жетісудағы Әулиеата арқылы Шу жағасына аттанатын...». <sup>50</sup> Сюань Цзянның Сулидің ортағасырлық елі туралы мәліметтеріне сүйене отырып, В.В. Бартольд Орта Азия мен Қазақстандағы қалалық өмірдің дамуы ежелгі дәуірде де, Қоқан хандығы дәуірінде де соғдылықтардың отарлау жорығымен байланысты деп болжайды. <sup>51</sup> Зерттеушілердің пікірінше, VII ғасырда Талас, Шу және Іле өзендерінің аңғарларын соғдылықтар отарлап, ондаған қалалар мен бекіністер пайда болады. <sup>52</sup> А.Н. Бернштам соғды мәдениетінің Жетісу тұрғындары мәдениетіне үлкен әсер еткеніне назар аударады. «Соғды отарларының бекіністерінен табылған соғды қоныс аударушыларының мәдениеті... соларға тән қыштан көрінеді.

Рахат археологиялық кешеніндегі қазба алаңдарынан табылған қыш ыдыстарға толығырақ тоқталайық. Қыш ыдыстардың көптеген белгілері бойынша К.М. Байпақов атап өткендей солтүстік-шығыс Жетісу қыш ыдыстарының хронологиясы VIII ғасыр мен X ғасырдың басына жатады. «Жапсырмасы қарабайыр, асүйге арналған, көлемді ағаш қоспалары бар көзе шарығында жасалған. Құйылмалы қыш ыдс кездеспейді. Қыш ыдыстарының басым көпшілігі сынған. Археологиялық пішіні бүтіндері, яғни сынбағаны жоққа тән». <sup>53</sup> Қазба алаңқайларының қыш ыдыстары көбіне қазандардың ернеуі мен тұтқалары, су таситын ыдыстың сынықтары түрінде табылды. Сонымен қатар, хумдардың, шырағданның және сынған

---

<sup>50</sup> Бартольд В.В. Общие работы по истории Средней Азии // Сочинения: в 9 т. М.: Восточная литература, 1963. Т. 2, кн. 1. 1024 с.

<sup>51</sup> Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Л.: АН СССР, 1927. 256 с.

<sup>52</sup> Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: «Рауан», 1992. 374 с.

<sup>53</sup> Байпақов К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения северо-восточного Жетісу. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2002. 208 с.

көзелердің көптеген сынықтары табылды. Отырықшы инфрақұрылымның белгісі және мерзімдеуші материал ретінде тандыр тектес пештер назар аудартады. А.Н. Бернштам оларды IX ғасырдан бастап тұрғын үйдің айнымас серігі болғанын атап айтады.<sup>54</sup> Демек, қазба алаңдарын табылған материалдарды шамамен VIII-X ғғ. деп мерзімдеуге болады.<sup>55</sup>

2020 жылы Рахат археологиялық кешеніндегі зерттеулер ескерткітің оңтүстік-шығыс жағында орналасқан топырақ үйінділерінде жалғасып, жалпы алаңы 6x10 шаршы метрде (4а қазба), С-Ш бағытында (1-сурет) 2019 жылғы далалық маусымда атқарылған қазба орындарын жақын жерде қазба жұмыстары жүргізілді.

4а қазба. Қазба барысында қазіргі белгіленген алаңнан алдыңғы ашылған алаңды бөліп тұратын, 50 см жал қалдырылды. Қазба алаңының көлемі – 60 м<sup>2</sup>.



11-сурет. Рахат ескерткіші. Қазба алаңын белгілеу

Шымтезек қабатын алып тастау барысында қыш сынықтары (бүйірлер, тұтқалар, ыдыстардың түбі), жануарлардың сүйектері, бөлек жатқан тастар анықталды. Әрі қарай тереңдету барысында

---

<sup>54</sup> Бернштам А.Н. Основные этапы истории культуры Семиречья и Тянь-Шаня // СА. 1949. Т. IX. С. 337-384.

<sup>55</sup> Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г., Курбанали Ж. Археологические раскопки городища Рахат в полевом сезоне 2019 г. // Археология Казахстана. 2020. № 2 (8). С. 65–78.


қыш сынықтар мен остеологиялық материалдар да кездесті. Қазбаның шығыс бөлігінде 35 см тереңдікте, анықталған тікбұрышты жалпақ тастан төмен сүйектен жасалған бұйым табылды. Бұйымды одан әрі басқа ұқсас заттармен салыстыра зерттеу барысында оның шахматтық фигура екені анықталды.

4а қазбаны тазарту кезінде 50 см тереңдікте оның солтүстік бөлігінде дақ анықталды: 3,4x1 м (тереңдік 1), 4,2x1,1 м (тереңдік 2) (12-сурет) тік төртбұрышты пішінде, біреуі 1x1,4 м өлшемдегі қазба қабырғасының өзінде орналасқан. Қазба орнын 40 см тереңдікте зерттей келе сынық ыдыстарға толы шаруашылық шұңқыры анықталды.



12-сурет. 4а қазбасындағы тік төртбұрышты дақ

Тереңдік 1. 50 см тереңдіктегі қазба жұмыстары барысында хайуанаттар сүйектерінің қалдықтары, оңтүстік-шығыс бөлігінен



13-сурет. 4а қазбасындағы ит тұқымдас хайуанаттың бас сүйегі

жауырын сүйегі анықталды. 70 см тереңдіктегі қазба жұмыстары барысында ит тұқымдас хайуанаттың бас сүйегі табылды (13-сурет). Оның тұмсығы солтүстік-батысқа, шүйдесі оңтүстік-шығысқа қарап жатты.

Тереңдік 2. 50 см тереңдіктегі қазба жұмыстары барысында шашыраңқы күйде жатқан тастар, ыдыс сынықтары, хайуанаттардың ұсақ сүйектері анықталды. 4а қазба орнының оңтүстік жартысының еденін тазалау кезінде 20 см тереңдікте 96x75 см көлемде (тереңдік 3), шығыс қабырғадан дөңгелек пішінді дақ анықталды.

Тереңдік 3. 5 см тереңдікті тазалау барысында екі ыдыс тұтқасы мен сүйек қалдықтары табылды. 5 см контур бойынша әрі қарайғы қазба кезінде тастар жиынтығы (сынықтар мен жұмыр) мен хайуанаттар сүйектерінің сынықтары анықталды. 4а қазба орнының табанын тегістеу барысында, оның оңтүстік жартысында 65 см-ге тереңдету кезінде, 5 шаршы метр аумақта адам сүйектерінің қалдықтары анықталды. Сүйектер сынған ыдыстармен бірге шашыраңқы күйде жатты (14-сурет). Сүйектер жиынтығынан әрі қарай 10 см жылжығанда 3x1,7 м (тереңдік 4) өлшемдегі сопақшалау келген дақ белгілі болды.



14-сурет. 4а қазбасының оңтүстік жартысы.  
Адам сүйектерінің жиынтығы

Тереңдік 4. Бүкіл қазба орнын 10-15 см тереңдікте тазалап шыққанда адам сүйек қаңқасының тобы анықталды. Солтүстік бөлігінде бас сүйектің екі төбе бөлігі, жақ сүйегі, екі бұғана, үш омыртқа, бір жауырын, екі тіс, екі қабырға сынығы сынды сүйек қалдықтары жатты. Оңтүстік-шығыс жағында көбіне қол мен

аяқтың қуыс сүйектері, жамбас сүйектері мен қабырғаның сынықтары, екі қыш жарықшақтары табылды. Шығыс қабырғада екі сүйек қалдығы анықталды.

1 және 2 шұңқырларды кейінгі зерттеу, олардың біртекті түспен толтырылғанын көрсетті және 180x300 см өлшемдегі Г-тәрізді біртұтас аумақтың (Г шұңқыры) бар екенін анықтады (15-сурет).




15-сурет. 4а қазбасының Г тереңдігі

Тереңдік Г. 1 м тереңдікке түскенде күл қалдықтары табылды. Шамасы бұл дөңгелек пішінді диаметры 114 см, қалыңдығы 5 см болатын күлдіктің орны болса керек (16-сурет). Бұл орынды тазалау кезінде тас пен қыш сынықтары анықталды. Сәл оңтүстікке қарай, оған жанаса жатқан орыннан 1,14x66 см көлемдегі, ірілеу тастар мен хайуанаттар сүйегінің сынықтарымен толған дөңгелек пішінді дақ табылды. Г тереңдігінің 65 см тесікке жанаса жатқан шұңқыр контуры бойынша батыс жағын тазалау барысында екі диірмен тасы табылды (17, 18-сурет). Олар жанында ұзынша келген, түйгішті еске салатын өңделген таспен бірге СШ-ОБ бағытымен бір-біріне тығыз жанаса жатты. Г шұңқырының шығыс жағындағы 80 см тереңдікте жүргізілген жұмыстардан ешбір материал табылмады. Г тереңдігінде сыртқы бөлігіндегі солтүстік-шығыс бұрышында сары түсті топырақ


байқалды. Оны тазалай келе 10-15 см өлшемдегі, қалыңдығы 5 см болатын от табының орны анықталды.



16-сурет. 4а қазбасының Г тереңдігі



17-сурет. 4а қазбасының Г тереңдігі. Қол диірмен



18-сурет. 4а қазбасының Г тереңдігі. Қол диірмен

Г тереңдігіне жақын, одан солтүстік-батыс бағытқа қарай көлемі 135x155x75x170 см болатын тік төртбұрыш пішіндес дақ байқалды (тереңдік 5). Оған солтүстік-батысынан 81x65 см көлемдегі сопақ пішінді тағы бір дақ тығыз жанаса орналасқан. Ол орыннан 40 см тереңдікте сынған қыш пен сүйек қалдықтары табылғандықтан шаруашылық шұңқыры деген тұжырымдама жасалды (19-сурет).



19-сурет. 4а қазбасы 5 тереңдік. Шаруашылық шұңқыры

Тереңдік 5. 25 см тереңдікте топырақ қабатын алғанда ыдыс түбі анықталды. Олардың біреуі солтүстік-шығыс, екіншісі солтүстік-батыс жағынан табылды. Екеуіне де ортақ сипаттама олардың бір ұсталық шарықта бірдей технологияда дайындалуы болып табылады. Әрі қарайғы 75 см тереңдікте жүргізілген тазалау жұмыстары нәтижесінде ешқандай материал табылмады.

Келесі Г және 5 тереңдіктеріндегі жұмыстар шығысқа қарай кеңейтіліп 4а қазбасының қабырғасына дейін жеткізілгенмен ешқандай мәдени түзілім табылмады. Осыған байланысты 4а қазба орнының шығыс жақ қабырғасынан 7x1 м көлемдегі барлау мақсатындағы шурф салу туралы шешім қабылданды. Орды жиектете салынған 4 метрлік жұмыстар нәтижесінде ешқандай мәдени қабат анықталмады. 4а қазба орнының шығыс

қабырғасына және траншеяның бүкіл қимасына стратиграфиялық құрылымды оқу үшін 50x50 см шаршылар түрінде тор белгісі түсірілді (кесте-1). Аталмыш әдіс, траншеяның солтүстік және оңтүстік қабырғаларын да қамтып, графикалық сызба түрде белгіленді.

**Ордың солтүстік, шығыс және оңтүстік қабырға  
кесінділерінің литологиялық-стратиграфиялық кестесі**


Кесте -1

№	Мәдени қабаттың атауы	Қабаттың қалыңдығы (см)		
		Солтүстік қабырға	Шығыс қабырға	Оңтүстік қабырға
1	Ашық түсті шаң-топырақты саздақ	80	120	82
2	Қою-сұр түсті шаң-топырақты саздақ	50	60	49
3	Ирек және толқынды қою-сұр түсті шаң-топырақты саздақ	40	45	42
4	Топырақ қыртысы	35	54	44
5	Шаң-топырақты жыныс	59	70	59

46 қазба. Ескерткіштің аталған топырақ үйіндісінің қалған оңтүстік-шығыс орнындағы зерттеулерді толыққанды атқару мақсатында 5x4,4x6,6 м өлшемде қосымша шағын қазба жұмыстары жүргізілді. Оның оңтүстік тарапы топырақ үйіндісінің еңкейісіне қарай созылып жатқандықтан үшбұрышты пішінде қазылып, жалпы көлемі 12 м<sup>2</sup> құрады. Жаңадан салынған қазба орнын аршу барысында бүкіл алаңда қыш сынықтары мен сүйек қалдықтары кездесті. Қазба орнының оңтүстік-батыс бөлігінде, 65-70 см тереңдікте сындырылған қышпен араласқан хайуанаттардың (жылқы мен қой болуы мүмкін) сүйектері табылды. Оңға қарай бір бөлігі қазба орнының қабырғасына

жалғасқан дөңгелек пішінді дақ анықталды. Оны 1,30 см тереңдікте тазалау барысында мол көлемдегі сындырылған қыштар анықталды. Дақ шекарасын жиектей 30-35 см тереңдікте жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде тастар мен түрлі хайуанаттардың сүйек қалдықтары табылды. Дақтың батыс қабырғасын тазарту кезінде ашық қоңыр түсті күйдірілмеген саздың дөңгелек дақтарын анықталды. Әрі қарай 30 см тереңдікте жүргізілген жұмыстар ештеңені де анықтай алмады.

4а және 4б қазба орындарын бөліп тұрған жалды алу кезінде орталықта, 50 см тереңдікте 46x65 см көлемдегі тік төртбұрышты пішіндегі, арасынан тұтқа мен ернеулері бар сынған ыдыстар табылды. Аталған дақтың жиегімен жалды алу кезінде 10 см аумақтан хум ернеуі табылса, көрсетілген сызба бойынша жалды әрі қарай 25 см қазу кезінде Б-Ш бағытында жатқан ит тұқымдас хайуанның бас сүйегі табылды (20-сурет).




20-сурет. 4а және 4б қазба орындары арасында жал кесіндісіндегі ит тұқымдастар тобына жататын хайуанаттың бас сүйегі

4А және 4Б қазбаларындағы материктік қабатқа жету, 4А қазбасының барлау-стратиграфиялық траншеясын далалық зерттеумен 2020 жылғы маусымда Рахат ескерткішіндегі археологиялық жұмыстар циклі аяқталды.

Рахаттан қазба барысында да, қазбадан тыс материал ретінде де табылған қыш ыдыс коллекциясы негізінен біртекті емес, көп мөлшердегі қыш ыдыс сынықтарынан тұратын кешенімен сипатталады (21-сур.). Оның типологиялық бағыты бұл кешенді қолмен сомдалған және көзе шарығында жасалған деп екі топқа

бөлуге мүмкіндік береді. Стандартты ілмек тәрізді, көлденең қимасы дөңгелек, бұрандалы тұтқалары бар екі қазандық назар аудартады. Олардың бүйіріне бекітілген кейбір тұстарында саусақпен басқан іздер байқалады. Құлақ тәріздес тұтқалар да кездеседі. Қабырғалары қалың, көп көлемдегі тау жыныстары араласқан, отқа төзімді қыштан дайындалған.



21-сурет. 4а және 46 қазба орнындағы қыш сынықтары

Қыш талдауы тарихи үдерістерге терең түңілуге және оны нақты артефакттер арқылы қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Ескерткіштің қыш коллекциясының сипатына қарағанда Қарахан дәуіріне жатады.<sup>56,57,58</sup>

Ескерткіште анықталған материалдың басым бөлігі Х-ХІІ ғғ. тән екенін айта кету керек. Х-ХІІ ғғ. жататын Рахат кешені негізгі төбесінің жанындағы ежелгі жер деңгейіндегі бөлігі қазіргі заманғы, шамамен 25-30 см кейінгі мәдени қабатпен, негізінен жер қыртысы қабатымен жабылған. Бұл мұндағы тұрақты көшпенді,

<sup>56</sup> Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г., Курбанали Ж. Археологические раскопки городища Рахат в полевом сезоне 2019 г. // Археология Казахстана. 2020. № 2 (8). С. 65–78.

<sup>57</sup> Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А., Тулегенов Т.Ж. Средневековая керамика поселения Рахат (по материалам исследований 2019-2020 гг.) // Археология Казахстана. 2020 № 3 (9). С. 82-93.

<sup>58</sup> Айтқұл Х., Железняков Б.А., Зікірия Д.Қ. Керамика поселения Рахат ІХ-начала ХІІІ в. (предварительные результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021 г.) // Хабаршы «Тарих сериясы». 2021. № 4 (103). С. 101-111.

тіпті жартылай көшпенді мәдениетпен байланысты. Ескерткіштің аумағы шаруашылық мақсатқа, тұрғын жайға, ең бастысы ғұрыптық салт-жораларды атқару мен мазар ретінде пайдалануға тым шектеулі екенін айта кету керек. Ескерткіш жан-жағындағы төбелердің үстінде орналасқандықтан тұрғын үйлерге су жеткізу қиындық туғызатыны немесе тек билеушіге қызмет ететін халықтың ерекше тобына арналған артықшылық болып шығар еді.

Сондықтан да орталықтағы шаршы төбеге жанаса орналасқан Рахат аумағын сырттай зерттеу ол жерді жерлеу және ғұрыптық-жоралғы қажеттіліктерін пайдалануы мүмкін екенін көрсетеді. Оған дәлел ретінде бас сүйектері ғана табылған ит тұқымдастарға жататын (мүмкін екі ит) хайуанаттар жерленген орынның ашылғанын айтар едік.

Рахат ескерткішіндегі 4а қазбаның 4 тереңдігінен табылған, мәдени қабаты Қарахандар дәуірінің қышымен мерзімделетін адам сүйегінің қаңқасы о баста біраз сұрақтарға негіз болды. Сүйектер тазартылып, белгіленді. Бұл жерде ұқсас пішіндегі заттарды бір жерге жинау арқылы «ретке келтіру» үрдісі анық байқалады. Бір жерде омыртқа сүйектері жауырын сүйектерінің сынықтарымен және екі бас сүйектің әртүрлі көлемдегі фрагменттерімен бірге орналасқан; ал белгілі бір қашықтықта – аяқ-қолдың ұзын сүйектері мен қабырғалар да біріктіріліп, ықшам түрде жинақталған, әрі бұл жиын орын омыртқалар мен бас сүйектерінің жеке фрагменттері айқын бөлініп, «пайдаланылған» жерден едәуір алыста орналасқан. Сүйектердің бұлай орналастырылуы олардың «уақытша» қойылғандығынан немесе тастармен қоршалған алаңдағы балшық «жастықтағы» қайтыс болған адамның сүйегін етінен сылу сынды белгілі ғұрыптар атқарылғанынан хабар береді. Адам сүйектері белгілі бір тәртіппен орналастырылған. Олар бас сүйек сынықтарына қарағанда екі адамның мүрдесіне арналған болуға тиіс. Қабырға сүйектері бір жерге жинақталса, сәл әріректе тесілген бас сүйектер жатты. Еңбек тұсынан шамамен диаметрі 10 см болатын ойық ойылған екен.

Маман емес адамның көзімен қарағанда сүйектерді арулаған туыстары мұқият жайып шыққан сияқты көрінеді. Мұнда адам

қалдықтарын жойып тастайтын маздаизм әрекеттерін еске салатын белгілі бір рәсім жасалды ма екен деген ой келеді.

Рахат ескерткішінің мәдени қабатынан табылған қыш ыдыстар өңірдегі ортағасырлық қалалық мәдениеттің гүлдену кезеңіне – Қарахан дәуіріне (X ғ. – XIII ғ. басы) тиесілі екенін айғақтайды. Бұл кезеңде Іле Алатауы жотасының етегіндегі шаруашылыққа қолайлы барлық негізгі алаптар кеңінен игерілген. Аймақ халқының саны артқан, ал олардың негізгі қызметі ауыл шаруашылығы, оның ішінде егіншілікпен, өндіріспен байланысты болған. Бұл үрдіс өз кезегінде, тау бөктерінде шалғай орналасқан ауыл шаруашылық аймақтарынан орталықтарға өнім жеткізу қажеттілігіне алып келді. Соның салдарынан Ұлы Жібек жолының тармақтарын және қалаларды байланыстыратын жергілікті жол торабының тығыздығы едәуір артқан. Аталған демографиялық және экономикалық өзгерістер тек Жібек жолының транзиттік әлеуетімен ғана емес, сонымен қатар синхронды түрде жүрген өзге де әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестермен сабақтасып жатқанын атап өткен жөн. Бұл үрдістердің кешенді сипаты жөнінде Н.М. Зиняков пен Т.В. Савельеваның еңбектерінде кеңінен сипатталады.<sup>59</sup> Рахат ескерткішінің мәдени қабаттарынан алынған қыш ыдыстардың жалпы көлемімен салыстырғанда, өрнекпен безендірілген үлгілердің үлесі мардымсыз, ал қалыппен (штамппен) өрнектелген қыш ыдыстар мүлдем кездеспейді. Мұндай технологиялық тәсіл, мысалы, Отырар оазисінде кеңінен қолданылғаны белгілі.<sup>60</sup> Аталған ыдыстар, негізінен, тез айналатын шарықта жасалып (көзе шарығы), ангобпен әрленген. Кей жағдайларда қосымша сызықтық немесе геометриялық өрнектермен әсемделген. Мұндай тегіс пішінді және қарапайым безендірілуге ие ыдыстар өңір тұрғындары үшін жаңашыл сипатта болғаны байқалады. Қыш

---

<sup>59</sup> Зиняков Н.М., Савельева Т.В. Палеоэкономика средневековых городов Илийской долины VIII-XIV вв. (по археологическим источникам). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2020. 520 с.

<sup>60</sup> Железняков Б.А. Орнамент на керамике в караханидское время: о природе культурных взаимодействий территории Южного Казахстана // Известия НАН МОН РК. Сер. Обществ. Наук. 2008. № 1. С. 200-217.

ыдыстардың түп бөлігінде (түбі) ішкі жағынан саусақ іздерінен қалған иректі батырмалар байқалады. Бұл элемент композициялық құрылым жағынан Отрар мен Тараздан табылған, шыңылтырланған ыдыстардағы негізгі орталық өрнек – розетка (құйын тәрізді өрнек) мотивіне ұқсас болуы мүмкін. Мұндай символика өндірістік дәстүрлер мен көркемдік танымдағы аймақтық ортақтықтарды меңзейді

Белгілі болғандай, «күн шеңбері» (немесе «күннің айналу символы») ежелгі мәдениеттерде тек бір ғана мағынамен шектелмеген – оның басқа да семантикалық нұсқалары болған. Осы сынды таңбалар, тіпті ондаған қыш ыдыс сынықтарына негізделген материалдардың өзінде, Іле Алатауының тау бөктеріндегі Қарахан кезеңіндегі қыш шеберлерінің Оңтүстік Қазақстаннан енген қыш ыдыс жасау әдістерін меңгергенін көрсетеді. Зертханалық зерттеу нәтижелері, атап айтқанда, палинологиялық (тозаң және спора талдаулары) талдау Рахат ескерткішінің X-XII ғғ. жататын мәдени қабаттарынан табылған өсімдік тозаңы мен споралары қазіргі Рахат шатқалы аумағындағы өсімдіктер жамылғысынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ екенін көрсетіп отыр. Олар, негізінен, шөптес және бұталы өсімдік түрлерімен сипатталады және Іле Алатауының дала белдеуіне тән типтік флоралық құрылымды көрсетеді.

Рахат археологиялық кешеніне қатысты зерттеулер әлі де бастапқы сатыда болғанымен, бірқатар оң нәтижелерге қарамастан, осыған ұқсас ескерткіштер бұрын-соңды кешенді түрде зерттелмегенін сенімді түрде айтуға болады. Соңғы жылдары жиналған материал тарихи процестерді қайта жаңғыртуда тек жалпы құрылымдық сұлбаны ғана сызуға мүмкіндік беріп отыр. Алдағы уақытта кең ауқымды және пәнаралық тәсілді қажет ететін зерттеулерді жүргізу қажеттілігі айқын. Мұндай зерттеулер Жетісу аймағындағы ежелгі және ортағасырлық мәдениеттің даму кезеңдерін нақтылап қана қоймай, қажет болған жағдайда оларды қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, аталмыш ескерткіштің типологиясын анықтауға және оны өңірдегі ортағасырлық ескерткіштерді дәстүрлі түрде саралаудың негізінде

толықтыруға септігін тигізеді. Бұған дейін қарлұқ және қарахан кезеңдеріндегі археологиялық нысандар көбіне уақытша бекініс-қоныстар, қорымдар, ғұрыптық алаңдар немесе киелі орындар ретінде жіктеліп келген. Рахат ескерткішінде осы типтердің барлығы шектеулі аумақта шоғырланғаны байқалады. Сонымен қатар, зергерлік бұйымдар өндірісіне қатысты болуы ықтимал шеберхананың іздері анықталған, алайда бұл болжамды нақтылау үшін қосымша археологиялық айғақтар қажет.

### **3.2. РАХАТ ескерткішіндегі ортағасырлық жерлеу орындары**


Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықпен ҚХР Шаньси провинциясы Археология институтымен бірлескен қазба ұмысының нәтижесінде Рахат ескерткішінде ортағасырлық жерлеу орындары анықталды.

Ортағасырлық жерлеу орындары ескерткіштің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Бұл археологиялық нысандарға жүргізілген барлау мен далалық қазба жұмыстары қорымда 50-ден астам жерлеу орындары бар екендігін анықтауға мүмкіндік берді. Олар шығыстан батысқа қарай бағытталған.

Таңдап алынған алаңқайдың жер бедері пәстеу келген. Ол Рахат қонысынан оңтүстікке қарай шамамен 190 метрдей қашықтықта орналасқан. Бұл телім 1960-70 жж. ауыл шаруашылық мақсатында пайдаланылған (ақпарат беруші Н.Алтынбеков). Мұны қазба барысында ауыр темір көліктің (трактор) бөлшектерінің табылуы толығымен растайды. Нәтижесінде егін егу сияқты антропогенды жұмыстар салдарынан жер бедерінің бастапқы пішіні өзгеріп, мәдени қабаттар бұзылғандығы мәлім болды. Бастапқыда таңдалып алынған қазба алаңқайына өлшемі 30x25 м қазба салынды. Оны тереңдету барысында шым-топырақ қабаты тазартылып, 0,3-0,4 м тереңдіктен 18 жерлеу орындарының іздері анықталды (1-сур.).

Бұл жерлеу орындарының қабір шұңқырлары тіктөртбұрыш пішінді келгендігі анықталды. Әдетте бұрыштары дөңгеленген,

ішкі топырағы ақшыл сұр, борпылдақ, коспасы жоқ таза топырақпен толтырылған. Қазба жұмыстары барысында марқұмдар қабір шұңқырларында шалқасынан түзу жатқызылып, жақ сүйектері ашылған күйінде, ал қолы көбіне кеуде тұсында түйістірілген.



1-сурет. Жерлеу орындары

Кейбір қаңқалардың саусақ сүйектері жоқ немесе бастапқы орындарынан қозғалған (бұл кеміргіштердің әрекеті болуы мүмкін). Қабір шұңқырларының басым көпшілігінде мүрдемен бірге жерлеу заттары қойылмаған, бағыты солтүстік-батысқа қарай қойылған. Жерлеу орындарын конструктивтік ерекшеліктеріне қарай шартты түрде А және Б деп (17 қабір) екі түрге бөлуге болады. А түріне 13 қабір шұңқыры лақатқа жерлеу әдісі (ақым), Б түріне 5 қабір шұңқыры тік бұрышты жерлеу әдісі жатады. Ақым ауызы күйдірілмеген шикі кірпіштермен қаланған.<sup>61</sup>




2-сурет. А1 жерлеу орны

<sup>61</sup> Айтқұл Х.А. Қазақтың жерлеуге байланысты жосын жоралғылары // «Отандық археология және этнология: Зерттеулер, жаңалықтар, талдаулар» атты «V Оразбаев оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 26-27 сәуір 2013 жыл / жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 526 б.


Ақымдағы қабір камераларының ауданы жалпы қабір ауданынан кішірек, ал қабір камерасының табаны қабір аузынан біршама төменірек орналасқан.

А1 нысаны қазба аумағының солтүстігінде, ал оңтүстігінде А4 орналасқан. А1 жерлеу орнында 0,33 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. Ақымының кіре беріс тұсының ұзындығы 2,5 м, ені 1,5 м (2-3 сур.).

Ақым ішінде шалқасынан жатқызылған, басы солтүстікке, аяғы оңтүстікке бағытталып, екі қолын кеуде тұсына айқастырып, аяғын біріктіріп қойған адам қаңқасы аршылды. Ересек адамға тиесілі қаңқаның кеуде сүйектері орнынан қозғалған, аяғының саусақ сүйектері қабір аузының еденінде шашыраңқы күйінде жатыр және де қабір шұңқырының солтүстік бөлігінен қола қоңырауша (4-сур.) табылды. Қоңырауша жарты сфера пішінді, ортасында тік бұрышты ойығы бар. Қола қоңыраушаның биіктігі 0,9 см, диаметрі 1,84 см.



3-сурет. А1 жерлеу орнының сызбасы



4-сурет Қола қоңырауша

А2 қазба аумағының батыс бөлігінде, солтүстігінде А3, оңтүстігінде А9 және батысында Б2 жерлеу орындары орналасқан. Қазба жұмыстары барысында 0,32 м


тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. Қабірдің

ұзындығы шамамен 1,94 м, ені 0,83 м, ал табанының ұзындығы 1,33 м. Ақымның ішкі ұзындығы 1,45 м, тереңдігі 0,75 м. Бұл ақымның ішіндегі жақсы сақталған адам қаңқасының басы батыс жаққа қаратылып, беті сәл оңтүстікке бұрылған күйде шалқасынан қойылған. Қолы кеуде тұсына айқастырылып жатқызылған. Сүйектеріне қарағанда: қаңқа – ересек адамға тиесілі.

Ал А5 нысаны қазба алаңының ортасында, шығысқа қарай А8-ге іргелес орналасқан. Қазба барысында 0,43 м тереңдіктен көр шұңқырының іздері анықталды. А5 ұзындығы 1,56 м, ені 0,69 м, табанының ұзындығы 1,29 м, ені 0,5 м, тереңдігі 0,38 м. Ақым ұзындығы 1,21 м, тереңдігі 0,48 м (5-сур.).

Ақым ішінде басы солтүстік батысқа қаратылып, беті батысқа бұрылған, ал қолдары сәл бүгіліп, қабырға сүйектерінен төменірек түйістірілген сүйегі жақсы сақталған адам қаңқасы жатқызылған. Сүйектерінің морфологиясына қарағанда, қаңқа ересек адамға тиесілі.


А6 нысаны қазба алаңының ортасында, А7-ден солтүстікке қарай А15-ке іргелес орналасқан. А6 жерлеу орнынан 0,38 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. А6 ұзындығы 1,13 м, ені 0,50 м, тереңдігі 0,23 м. Ақымның ұзындығы болса 0,63 м, ал тереңдігі 0,4 м (6-сур.).



5-сурет. А5 жерлеу орны қима сызбасы

Қаңқа ақым ішіне тігінен, қолы төмен созылған, басы батысқа қарай бағытталған күйде жатқызылған. Қаңқаның бас сүйегі жақсы сақталғанымен, басқа бөліктерінің сақталуы өте нашар. Қаңқаның төменгі бөлігінің сүйектері мүлдем жоқ. Сақталған сүйектеріне қарағанда, қаңқа ересек адамға тиесілі деген ойдамыз.

А7 нысаны қазба алаңының



6-сурет. А6 жерлеу орны



7-сурет. А7 жерлеу орны

ортасында орналасқан, А6 қабірінен батыста А8 және солтүстікте А15-ке іргелес орналасқан. А7 жерлеу орнынан 0,38 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. А7 ұзындығы 1,22 м, ені 0,5 м, тереңдігі 0,25 м. Ал ақым ұзындығы 1,51 м, тереңдігі 0,72 м (7-сурет). Ақым табаны салыстырмалы түрде

тегіс. Оның ішінде шалқасынан жатқызылған, басы батысқа, екі қолы кеудесіне айкастырып қойылған, сүйегі жақсы сақталған ересек адамның қаңқасы бар.

А9 нысаны қазба аумағының батыс бөлігінің оңтүстік шетінде, солтүстікте А2 және батыста А10 мен А11-ге іргелес орналасқан. А9 жерлеу орнынан 0,3 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. Жерлеу орнының ұзындығы 1,72 м, ені 0,93 м, тереңдігі 0,54 м, ақым ұзындығы 1,20 м (8-сурет).



8-сурет. А9 жерлеу орны

Бұл ақымның ішінде басы батысқа бағытталып, қолы кеуде тұсында айқастырылған, аяқтары біріктіріліп шалқасынан жатқызылған адам қаңқасы табылды. Ірілеу келген сүйектеріне қарап болжамды түрде оның ересек адамға тиесілі екендігі белгілі болды. Дегенмен қаңқаның сақталу деңгейі нашар болып шықты.

Ал А14 нысаны қазба алаңының солтүстік-орталық бөлігінде, оңтүстік-батыста А15 және солтүстік-шығыста А4-ке іргелес телімде орналасқан. А14 жерлеу орнынан 0,42 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. Оның ұзындығы 1,95 м, ені 0,87 м, табанының ұзындығы 1,87 м, ені 0,5 м, тереңдігі 0,64 м. Ақымның ұзындығы 1,76 м, тереңдігі 0,84 м, ені 0,3 м (9-сур.).

Ақым ішінде беті батысқа бұрылып, басы солтүстік-батысқа, аяғы



9-сурет. А14 жерлеу орны

оңтүстік-шығыс жаққа қаратылып шалқасынан жатқызылған, қолы мойын тұсына бүгілген, саусақ сүйектері кеуде тұсында



10-сурет. А15 жерлеу орны

шашыраңқы күйде орналасқан, екі тізесі біріктіріліп, тізе тұсы сәл сыртқа иілген, сүйегі жақсы сақталған адам қаңқасы табылды. Зерттеу барысында сүйек қалдықтарының ер адамға тиесілі екендігі

анықталды. А15 нысан қазба алаңының ортасында, солтүстік-шығысқа қарай А14 және оңтүстікке қарай А6, А7 және А8 жерлеу орындары маңында, оларға іргелес телімде орналасқан. А15 жерлеу орнынан 0,48 м қабір шұңқырының іздері анықталды. Нәтижесінде мынадай қабір өлшемдер алынды: ұзындығы 1,8 м, ені 0,90 м, табанының ұзындығы 1,57 м, ені 0,66 м, тереңдігі 0,34 м. Ақымның ұзындығы 1,90 м, тереңдігі 0,65 м (10-сур.). Ақым ішінде беті батысқа бұрылып, басы солтүстік-батысқа, аяғы оңтүстік-шығыс жаққа бағытталып шалқасынан жатқызылған, Қолы кеуде тұсына айқастырылып, аяғы біріктіріліп қойылған адам қаңқасы табылды. Қаңқа – ересек адамға тиесілі. Сондай-ақ ақымға кірер тұстан, яғни солтүстік жағынан ұсақ мал жауырын сүйегі табылды.

А8 нысаны қазба алаңының ортасында, шығыста А7, батыста А5, солтүстікте А15-ке іргелес орналасқан. Жерлеу орнынан 0,38 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. А15 нысанының ұзындығы 1,62 м, ені 0,72 м, тереңдігі 0,27 м.

Ақым ұзындығы шамамен 1,3 м, тереңдігі 0,52 м, ал ені болса 0,19 м (11,12-сур.) шамасында.




11-сурет. А8 жерлеу орны


кеуде тұсында орналастырылған. Екі аяғы біріктіліп, тізелері батыс бағытқа қарай бүгілген. Қаңқа сүйектеріне қарағанда ол жасөспірім балаға тиесілі екендігі байқалады.

Ал А10 нысаны болса қазба аумағының батыс жағында, оның

Ақым ішінен басы солтүстік-батысқа қарай бағытталған, беті шығысқа аздап бұрылған адам қаңқасы анықталды. Оның оң қолы мойын тұсына қарай иілген, сол қолы



12-сурет. А8 жерлеу орны




13-сурет. А10 жерлеу орны

шығысында А9 нысаны, оңтүстік-батыста А11 нысаны, солтүстік-шығыста А2 нысаны жапсарлас орналасқан. Жерлеу орнында 0,39 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. А10 нысанының ұзындығы 1,32 м, ені 0,75 м, тереңдігі 0,36 м. Ал ақымның

ұзындығы 0,92 м, тереңдігі 0,46 м, ені 0,26 м (13-сур.).

Ақым ішінде басы солтүстік-батысқа, аяғы оңтүстік-шығысқа бағытталып, беті шығысқа қарай бұрылған, денесі шалқасынан жатқызылған, сүйегі орташа сақталған жасөспірім баланың қаңқасы аршып алынды.

А11 нысан қазба аумағының батысында, дәлірек айтқанда А13 нысаны жанында, ал солтүстікте А10 нысанына жапсарласа орналасқан. Жерлеу орнында 0,4 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. А11 нысанының ұзындығы 1,25 м, ені 0,63 м, табанының ұзындығы 0,93 м, ені 0,40 м, тереңдігі 0,36 м. Ақым ұзындығы 1,27 м, тереңдігі 0,51 м. Жерлеу орны ауызғы жағы күйдірілмеген шикі кірпіштермен қаланған (14-сур.).



14-сурет. А11, 12, 13 жерлеу орындары

Ақым ішінде басы солтүстік-батысқа, ал аяғы оңтүстік-шығысқа бағытталған, қолы кеуде тұсына айқастыра қойылған, шалқасынан жатқызылған, жас бала қаңқасы анықталды. Қаңқаның сақталуы деңгейі орташа дәрежеде.

А12 нысаны қазба алаңының оңтүстік-батыс шетінде, шығыс жағындағы А13 нысанына жапсарласа орналасқан. Жерлеу орнында 0,38 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. А12 нысанының ұзындығы шамамен 1,2 м, ені 0,45 м,



15-сурет. А12 және А13 жерлеу орындары

тереңдігі 0,16 м. Ақым ұзындығы 0,82 м, ені 0,57 м (14, 15-сурет).

Оның үстіңгі бөлігі қираған, ішінен сүйегі нашар сақталған адам қаңқасы табылды. Адам қаңқасы шалқасынан тік жатқызылған, басы солтүстік-бастысқа қаратылып, беті аздап батысқа бұрылған. Бұл қаңқаның да жас жеткіншекке тиесілі екендігі нақты байқалады.

А13 нысаны қазба алаңының батыс шетінде, батыс жағында А12 археологиялық нысаны, шығыс жағында А11 жерлеу орындары орналасқан. Жерлеу орнында 0,38 м тереңдіктен қабір шұңқырының орны нақты аңғарылды. А13 нысанының ұзындығы 1,2 м, тереңдігі 0,2 м. Ақым ұзындығы 1,03 м, ені 0,41 м (14, 15-сур.). Жерлеу шұңқырының үстіңгі бөлігі қираған, оған жерленген адам қаңқасының сүйектері нашар сақталған. Мүрде шалқасынан жатқызылған, басы солтүстік-батысқа, аяғы оңтүстік-шығысқа бағытталып, беті батысқа бұрылған. Қолы кеуде тұсына айқастыра орналастырылған. Бұл қаңқа сүйектерін де ойын баласының жасына тиесілі деуге болады.




16-сурет Б3 жерлеу орны


Ал археологиялық нысандағы Б3 тік бұрышты жерлеу әдісімен тұрғызылған мола қазба аумағының батысында және оңтүстігінде А2 жерлеу орнына іргелес орналасқан. Жерлеу орнында 0,38 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. Б3 нысанының ұзындығы 1,93 м, ені 0,92 м, тереңдігі 0,20 м (16-сур.).

Қабір шұңқырының орта тұсынан сүйектері

шашыраңқы күйде орналасқан адам қаңқасы анықталды. Қаңқа ересек адамға тиесілі, сақталуы орташа деңгейде. Қаңқаның басы солтүстікте, аяғы оңтүстікке қаратылып жатқызылып, қолы төмен қарай түзу орналасқан, тізесі бүгілген.



17а-сурет Б3 қола сырға




17б-сурет Б3 темір пышақ

Бас сүйектің оң жағында пішіні дөңгелек, диаметрі 2,45 см болатын қола сырға (17а-сур.) аршып алынды. Қаңқаның бүйірінен ұзындығы 5,5 см, ені 1,5 см, қалыңдығы 0,4 см темір пышақ табылды (17б-сур.). Б3 жерлеу орнының құрылысы да жоғарыда аталған басқа жерлеу құрылыстарына өте ұқсас.

Алайда, аталмыш жерлеу орнын бастапқыда ақымды жерлеу әдісімен жасамақшы болған, бірақ белгісіз бір себептермен ақым қазылмай, мәйіт тік жерлеу әдісімен қойылған деп пайымдауға болады.

Б4 нысаны болса қазба алаңының солтүстік бөлігінде, солтүстікте А1 және оңтүстік батыста А14 нысандарымен іргелес жерде орналасқан. Жерлеу орнында 0,44 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. Б4 нысанының ұзындығы 2,40 м, ені 1 м, тереңдігі 0,68 м. Қабір шұңқырының түбі сәл ойыстау, ұзындығы 2 м, ені 0,8 м шамасында (18-сур.). Оның ішіне қойылған адам қаңқасының айналасы солтүстіктен басқа тұсы иі қандырылған балшықпен сыланғандығы анықталды.

Қабір шұңқыры екі қабатты тұғыр алаңы ретінде қалыптасқан табыт тәрізді. Аталмыш табыт ортасына сүйегі жақсы сақталған ересек адамның қаңқасы қойылған.



18-сурет Б4 жерлеу орны

Қаңқа шалқасынан, басы батысқа, аяғы шығысқа бағытталған. Ал қолы кеуде тұсына айқастырыла қойылып, аяқтары біріктіріліп жатқызылған.


Б16, Б17 және Б18 нысандары жылқымен жерлеу орындары болып табылады. Олар қазба алаңының батыс бөлігінің шетінде орналасқан. Аталып отырған жерлеу орындарының қабір шұңқырлары тік бұрышты жерлеу әдісімен шығыстан батысқа бағытталып дайындалған. Б16 жерлеу орнынан жылқы сүйектерінің қалдықтары немесе басқадай заттар мүлдем табылмады. Б16 оңтүстік-батыста А2, солтүстік-батыста А3-ке іргелес орналасқан, ұзындығы 1,75 м, ені 1,02 м, тереңдігі 0,9 м. Қабір шұңқыры ішке қарай тарылған, ешқандай заттай материалдар табылмады. Бұл шұңқыр мен Б17, Б18 нысандары шұңқырларының пішіні мен құрылыстары бірдей, оларды жылқыға арнап дайындалған шұңқыр деп те есептеуге болатын сияқты. Өйткені шұңқырды толтырған топырақ салыстырмалы түрде таза, сары-сұр түсті, оның мәдени қабатынан ешқандай өзгерістер байқалмайды. Бұл дегеніміз жоспарланған жерлеу орнына белгісіз себептерге байланысты жылқының қойылмай қалуы мүмкін екенін көрсетеді.




19-сурет Б17 жерлеу орны

Б17 нысаны қазба аумағының батысында, шығысында А2, оңтүстігінде А10, солтүстікте Б18 нысандарына іргелес орналасқан. Б17 жерлеу орнында 0,35 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды.

Б17 ұзындығы 1,7 м, ені 1 м, тереңдігі 0,63 м (19-21 сур.). Жылқының қаңқасы жақсы сақталған, басы солтүстікке бұрылып, оңға қаратылып бүгілген күйде жатқызылған. Жылқының оң жақ жамбас сүйегі үстінен бірнеше бөлікке бөлінген тік бұрышты темір тілікшелер табылды (20-сур.).



20-сурет Б17 темір тілікшелер



21-сурет Б17 жерлеу орны

Б17 жылқымен жерлеу орнындағы қаңқаның төменгі және жоғарғы жақ сүйектерінің ортасынан өте нашар сақталған темір ауыздық анықталды, жылқы жасы 5-6 жас шамасында («бесті» болуы мүмкін).



22-сурет Б18 жерлеу орны


1,07 м (22, 23-сур.).

Шұңқырдың ішінде жылқының қаңқа сүйектері орналасқан. Жылқының басы батысқа қаратылып, солға қарай бүгілген күйінде жерленген. Жылқының бел омыртқа тұсынынан екі жақ беті сүйектен жасалынған жапсырма табылды. Жапсырмалар ұзынша



24-сурет Б18 жапсырма 2

Б18 нысаны негізгі қазба аумағының шығысында А3 және оңтүстікте Б17 нысандарымен іргелес. Б17 жерлеу орнында 0,4 м тереңдіктен қабір шұңқырының іздері анықталды. Б18 нысанының ұзындығы 1,90 м, ені 0,80 м, тереңдігі



23-сурет Б18 жерлеу орны

жарты сфера тәрізді, бетінде өрнектер мен белгілі тәртіппен ойықтар түсірілген. Өрнектері бірдей нақышталған, екінші жақ беті арнайы жылтыратылған (24-сур.). Жылқы қаңқасының төменгі және жоғарғы жақ сүйектерінің ортасынан өте нашар сақталған темір ауыздық аршып алынды, жылқы малының жасы 5-6 жас

шамасында (бесті). Ал 1-ші жапсырма ұзындығы 15 см, ені 2,8 см, қалыңдығы 0,2 см. Қысқа тік сызықтармен безендірілген, ұзын көлденең доғалармен шектелген және 15 ұсақ ойықтар жүйелі түрде түсірілген (25-сур.).




25-сурет Б18 жапсырма 2

Ал 2-ші жапсырма ұзындығы 15 см, ені 3 см, қалыңдығы 0,2 см, қысқа сызықтармен безендірілген. Үсті доға бөлігімен шектелген. Қысқа сызықтардың кейбір бөлігі төменгі жағына қарай созылған, 15 ұсақ ойықтар жүйелі түрде бөлінген. Ортаңғы бөлігінде көлденең түскен 15 сызықтардың

арасы жылтыратылған (25, 26-сур.).

Темірден жасалынған ауыздықтың сақталуы нашар, тот басқан. Сым тәрізді байланып, екі бөлігі бірге қосылған. Екі жағында тізгін өткізуге арналған ойығы (сулық) бар, ұзындығы 19,5 см (26-сур.).



26-сурет Б17, Б18 жапсырмалар және темір ауыздық

Далалық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген әрі археологиялық қазба түскен алаңқайдың жалпы көлемі 750<sup>2</sup> м-ді құрады. Бұл аумақтан 15 жерлеу орнынан адам қаңқасы

анықталды, ал 3 нысаннан жылқымен қоса жерлеу рәсімі анықталды.

Осыған орай, қазба жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып бірнеше тұжырым жасауға болады. Кейбір жерлеу орындарының маңында тастар орналасқан, бұл тастар арнайы белгі ретінде қойылған болуы мүмкін. Тастардың орналасуына қарағанда әрбір жерлеу орнының жанына белгі ретінде қойылған тастар уақыт өте белгілі себептерге (табиғи немесе антропогенді) байланысты орындарынан қозғалып немесе мүлде жоғалып кетулері мүмкін (қорымның кейбір тас белгілері бір жерге жинақталып, бір орынға үйіліп қойылған). Сонымен қатар, обалардың бағыттары салыстырмалы түрде жүйелі екені анықталды, сол себепті бұл орын ортағасырлық «рахаттықтар» тарапынан арнайы жоспарлы түрде пайдаланылған деуге болады.

Сонымен қатар, 13 археологиялық нысаннан ақым әдісімен жерлеу үлгілері анықталды, бұлар жалпы қазбаның 86,7% құрайды. Демек, аталып отырған жерлеу дәстүрі салыстырмалы түрде «ортағасырлық рахаттықтар» арасында кеңінен таралғандығын көрсетеді. Ақым әдісімен жерлеулердің 8-і батыс жағында орналасқан және басым бөлігі ересектер болса, 5-еуі қорымның шығыс жағында орналасқан, қаңқалардың көпшілігі ойын жасындағы балаларға тиесілі. Демек, ақым қабірінің орналасуы қабірдегі адамның жасымен тікелей байланысы барын білдіреді. Яғни, батыс жағында орналасқан жерлеу орындары ойын баласы жасына тиесілі болса, шығыс жағында орналасқандары ересек адамдарға тиесілі болып отыр. Қолдағы материалдарға қарағанда, ойын баласы жасындағы 5 қаңқа қазбаның 33,3%-ын құрайды. Аталған фактілерге сүйене отырып сол уақытта (кезеңде) бала өлімінің жоғары болуы мүмкін екенін айтуға болады. Айта кететін тағы бір жайт, ересектер мен ойын баласы жасындағы қауым мүшелеріне тиесілі жерлеу орындарының бір қорымға орналастырылу олардың туыстық қарым-қатынасын нақты аңғартады. Дегенмен ойын баласы жасындағы жерлеу орындары көбіне қазба аймағының батысынан кездесетіндігіне мән беруіміз қажет. Қауым мүшелерінің жас

ерекшеліктерін ескеру сол кезеңдегі жерлеулердің орталықтандырылған жүйесін да аңғартуы ықтимал.

Зерттелінген нысандарға қарағанда, әдетте ақым табаны қабір шұңқырының табанынан төменірек орналасқандығын байқаймыз. Ол дегеніміз: мүмкіндігінше адам қаңқасын терең орналастыруға ыңғайлы болуы үшін жасалған деген болжауға келеді. Ақымдардың аузы қам кірпішпен жабылған және тік бұрышты жерлеулерде де сондай материал қолданылған. Бұл жағдай қам кірпіштің салыстырмалы түрде жиі қолданылғанын көрсетеді.

Ал қорымның батыс жағынан аршып алынған үш жылқы қалдықтарына қарап қорымда құрбандық ғұрпы атқарылғандығымен түсіндіруге болады. Жерлеу орындарының мерзімделу уақытына келсек, бұл әлі де нақтылауды қажет ететін сауалдар қатарына жатады. Қорымдағы жерлеу нысандары негізінен ақымды қабірлер болып табылады. Ал оларға қойылған мүрделердің бастары батысқа қараған, қолдары кеуде тұсына немесе екі жанына қойылған, беттері батысқа бағытталған, сонымен қатар қабірге ыдыс-аяқтар мүлдем қойылмағандығымен ерекшелінеді. Бұл жерлеу белгілері олардың ерте мұсылман жерлеу салттарына тән екендігін көрсетеді. Яғни, аталған жерлеу орындарын XI-XIII ғасырларға тән. Қорымның солтүстік жағында орналасқан Рахат қонысының қыш ыдыс материалдары IX-XI ғасырлар мен XI-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Осы аталып отырған ескерткіштердің уақыты салыстырмалы түрде бір біріне сәйкес келеді. Бұл аумақта адамдар қайтыс болған жағдайда жақын жерге жерленген болуы мүмкін немесе қоныс аумағында өмір сүрген қарапайым шаруалардың қорымы болуы да ықтимал.

### **3.3.РАХАТ ескерткішіндегі №1 орталық төбешігі (F1)**

2019 жылдың маусым-қыркүйек айларында Шанси аймақтық археологиялық институтының (ҚХР) археологиялық тобы ҚР мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығымен (Қазақстан)

бірлесіп Рахат ескерткішіндегі №1 орталық төбешігі мен ескерткіш аумағында барлау-бақылау қазба жұмыстары жүргізілді.



1. 拉哈特1号高台 2. 1号高台南墓地 3. 拉哈特东南墓地 4. 伊塞克国家历史文化博物馆

1-сурет. Рахат ескерткішінің картада орналасуы

Қазба жұмыстары жүргізілген орындарға (нысандарға) шартты түрде TG 15, 16, 17 деген атаулар берілді (1-сурет). TG 16 қазба орны №1 орталық төбешіктің оңтүстік бұрышы аумағында орналасқан. Оған 2019 жылы жүргізілген қазба жұмысы нәтижесінде F1 деген белгі қойылды (2-сурет).

F1 қазба орнынан жартылай жертөле типтес дөңгелек пішінді тұрғын үй жәйі ашылды (қамтылған қазба аумағы шамамен 16,6 шаршы метрді құрайды), кіреберіс есігі оңтүстікте қаратылған (азимуттық бағыты 20 градус), қабырғалары тік көтерілген, үй ішінде ошақ шұңқыры (Z1), шаруашылық шұңқыры (H1), сонымен қатар жартылай жертөленің төбесін және қабырғаларын тіреп тұрған бөренелер орны табылды (D), одан арғы тазалау жұмыстары барысында аяқ іздерінің тапталған орнының белгілері де анықталды.



2-сурет. Рахат ескерткіші аумағындағы F1 қазба орнының жалпы көрінісі

Қазіргі таңда зерттелген жартылай жертөлелі үйдің стратиграфиялық құрылымы туралы жинақталған материалдар негізінде кейбір тұжырымдар жасауға болады, атап айтқанда, осы аумақта бұрын соңды мұндай құрылыстардың кездеспеуі, яғни, бұл есеп тиісті зерттеулер үшін археологиялық мәліметтік деректер беретіні анық.


#### *Мәдени қабаттар*

F1 белгіленген қазба алаңның орталық төбешіктегі TG16-н жер бедерінің аумағының оңтүстік-шығыс жағы жоғары, солтүстік-батыс жағы аласалау болып келетін еңісте орналасқан. Шым-топырақ қабатын тазарту барысында әр-деңгейде ұсақ тастармен қатар көзешінің шарығымен жасалған керамика сынықтары мен мал сүйектері, және де қазба кезінде ауыр темір көлігінің шашыраңқы бөлшектері де табылып жатты.

Қазбаның стратиграфиясы шым, ежелгі қара топырақ және сары топырақ қабаттарынан құралған (мәдени қабаттардың деңгейі оңтүстік-шығыс жағы жұқа, солтүстік-батыста қалың жинақталған, тереңдіктері 0,2-0,6 м аралығында болды).

Жер бетінен 0,65 метр тереңдікте орналасқан F1 қазба құрылыс құрылымының орналасу бағыты ішке кірер есіктің аузы оңтүстік бағытта, екінші мәдени қабаттың астында орналасқан.

Қазба астыңғы ақшыл-сары түсті қатты материк деңгейіне жеткізілген кезде тоқтатылды.



3-сурет. F1 жартылай жертөлелі үйдің жоспары мен кимасы

### *Жартылай жертөлелі үйдің құрылымы*

F1 қазба бұрыштары дүниенің төрт бұрышына қараған түрде қазылған нысан болатын. Төмен қарай қазу барысында, шеңберлене орналасқан бағыты сәл ауытқымалы түрде оңтүстіктен-солтүстікке созылған, кіреберіс есігі оңтүстік бағытында орналасқан, жалпы диаметрі 4,6 м болатын жартылай жертөле аршылды (3-сурет). Қабырғалары табиғи шикі топырақтан тұрғызылған және салыстырмалы түрде тік, құрылыс құралдарының іздері табылған жоқ. Қазба еденінің деңгейі 0,9 метр тереңдікті құрайды. Қабырғаға жақын аумақта айналдыра орналастырылған 9 бағаналы шұңқыр орындары мен 1 пеш шұңқыры (ұзына бойына орналасқан жолақ, пеш ішіне ауа үрлейтін канал болуы мүмкін), сонымен қатар сақина тәрізді қаланған тастар анықталды (4-сурет). Тазалау жұмыстары барысында пеш шұңқырының маңында сұр-қоңыр түсті саз түйіршіктері аралас топырақ, көмір қалдықтары, үй жануарларының сүйектерінің бөлшектері, қыш ыдыстарының фрагменттерімен қатар темір кесектерінің қалдықтары табылды.



4-сурет. F1 қазба орнының көрінісі

Үй ішіндегі еден деңгейі салыстырмалы түрде тегіс, ерте құрылыс қабаты 2 см., ақ саз топырақпен сыланып, таптама топырақ болған (қалыңдығы 6 см), төменгі қабат қазбаға байланысты біркелкі емес, шұңқыр түбі горизонтының беті жердің шығыс бөлігінде айқынырақ көрінеді, ал батыс бөлігінде пеш шұңқырына жақын аумақта құрылыс белгілері айқын емес. Төменгі деңгейде мәдени қабаттын бар жоғын айқындау мақсатында жертөленің қақ ортасынан көлденең кесіп өтетін қима кесінді қазба шұңқыры жасалды (5-сурет). Кесіндіден пеш қабаттарының нақты шекарасы анықталды.



5-сурет. F1 қазба нысанының қима кесіндісі

Есік орны жартылай жертөлениң оңтүстік бөлігінің ортаңғы (қабырғада) аумағында сақталған, оңтүстігі биік, солтүстігі аласа, бүйір қабырғалары тік, ортаңғы бөлігі сәл ойыс келген (еңістігі шамамен  $31^\circ$ , ені 0,9 м), едені лай сылағымен сыланып тапталған (қалыңдығы 0,04-0,15 м). Қазба алаңының ішіндегі бөлме есігінің ені 1 метр.

*Бағаналық шұңқырлар және тірек іргетастары*

Жартылай жертөлелі бөлменің ішкі қабырғасына жақындастыра 0,1-0,4 м қашықтықта орналасқан 9 бағаналы тірек шұңқырларының орындары анықталды (арақашықтығы 0,2-1 метр шамасында, шартты түрде 1-ден 9-ға дейін нөмірімен белгіленді). Бағаналық тесіктердің үшеуінде тірек іргетастары бар (6-сурет).



6-сурет. F1 жартылай жертөлелі үйдің құрылымы: үй ішіндегі пеш шұңқыры, тұрмыстық шаруашылық шұңқыры мен төбесін және қабырғаларын тіреп тұрған бөренелер және т.б.

Бұл бағаналық шұңқырлардың пішіні сопақша келген, қабырғалары тік әрі тегіс, түбі түзу (шұңқырлардың көлемі мен тереңдігі әр түрлі, іші негізінен ашық сұр түсті борпылдақ топырақпен толтырылған, сонымен қатар шашыраңқы көмір түйіршіктері, күйдірілген топырақ бөлшектері, ал кейбіреулердің арасында жануарлар сүйектері кездеседі).

1-бағаналық шұңқыр, диаметрі 0,55-0,65 метр, тереңдігі 0,6 метр. Толтырылған топырақтың арасында жануарлардың сүйектері бар.

2-бағаналық шұңқыр, диаметрі 0,34 метр, тереңдігі 0,3 метр.

3-бағаналық шұңқыр, диаметрі 0,2 метр және тереңдігі 0,3 метр.

4-бағаналық шұңқыр, диаметрі 0,3 метр, тереңдігі 0,2 метр. Сарғыш-сұр болып келген топырақпен толтырылған, тесік түбінде тірекке арналған іргетасы қойылған.

5-бағаналық шұңқыр диаметрі 0,3 метр, тереңдігі 0,18 метр.

6-бағаналық шұңқыр, диаметрі 0,18 метр, тереңдігі 0,2 метр. Қою сұр қоңыр топырақпен толтырылған, құм аралас қызыл қыш ыдыстарының сынықтары табылды.

7-бағаналық шұңқыр, диаметрі 0,32 метр, тереңдігі 0,2 метр. Сұр қоңыр топырақпен толтырылған.

8-бағаналық шұңқыр, диаметрі 0,2 метр. Шұңқыр ішінде тірекке арналған баналы іргетас жер бетінен 0,2 метр биіктікте орнатылған. Бағаналы іргетастың ұзындығы 0,2 метр, ені 0,12 метр, қалыңдығы 0,04 метр. Өзеннің ақ малта тасы (7-сурет).



7-сурет. 8-ші бағаналық шұңқырының орны

9-бағаналық тесік, диаметрі 0,56 метр, тереңдігі 0,3 метр. Сұр қоңыр топырақ арасында жануарлар сүйектері кездесді. Бағананың табанында диаметрі 0,23 метр, қалыңдығы 0,04 метр

келген бұрыштары дерлік дөңгеленген төртбұрыш жалпақ қиыршық тас табылды. Тас бетінен еш өңделген белгілер байқалмайды (8-сурет).



8-сурет. 9-шы бағаналық шұңқырының орны

### *Пеш (Z)*

Қазбаның батысында орналасқан қалың саз балшықтан жасалған пеш орнының шұңқыры ашылды. Пештің от жағатын аузы, қазаншұңқыры мен түтін шығатын каналы бөліктерінен тұрады (шұңқырының ішкі қабырғасы тегіс, түбі сопақша тік шұңқыр түрінде орналастырылған). Пеш аузы қазаншұңқырының оңтүстік шетінде орналасқан, пішіні керней тәрізді және пештің шұңқырына тікелей созылған (9-сурет). Оның диаметрі 0,15 метр, тереңдігі 0,5 метр. Сыртқы шеті лаймен толтырылған, ал ортаңғы бөлігі тастар мен қыш сынықтармен жабылған.

Төменгі жағында қалыңдығы шамамен 5 см болатын күйген қабат жатты. Пеш шұңқырының ішкі диаметрі 0,4-0,5 метр, тереңдігі 0,24 метр, ал сыртқы диаметрі 0,65 метр. Пеш шұңқырының қабырғасы құм және балшықпен сыланған, қалыңдығы шамамен 0,10-0,16 метр, ал отпен күйдірілген қалыңдығы шамамен 0,05 метр. Құм аралас балшық пешінің қабырғасының қалыңдығы шамамен 0,10-нан 0,16 метрге дейін. Пеш шұңқыры ішкі жағынан көптеген ұсақ балшық

түйіршіктерімен және ашық-сары түсті лай топырақпен толтырылған, бірақ күл қалдықтары кездеспеді.



9-сурет. Пеш орны

### *Тұрмыстық шаруашылық шұңқыры N1*

Қазба жұмыстары барысында диаметрі 0,66 метр, тереңдігі 0,5 м-гн дейін жететін шаруашылық шұңқыры анықталды (қабырғалары тік, түбі тегіс). Іші борпылдақ сұр қоңыр топырақпен толтырылған және құрамында көп мөлшерде көмір күлінің қалдықтары, аздаған мөлшерде қызыл түсті күйген топырақ бөлшектері, жануарлар сүйектері, құм аралас қарапайым қызыл саз түрінде кездесетін қыш ыдыстардың сынықтары, темір қалбырлар және т.б. заттар табылды. Жануарлар сүйектерінің арасында ірі қара мен ұсақ малдың (қойдың) сүйектерін анықтауға болады, бетінде от дағының іздері болды. Шұңқыр түбіне дейін тазартылды (10-сурет).



10-сурет. Тұрмыстық шаруашылық шұңқыры

Түтін жолағы (арнасы) тік пішінді, 9-ші бағана шұңқырының батыс қабырға аймағында созыла орналасқан (ұзындығы шамамен 20 сантиметрді құрайды). От дағы мен күйдірілген отын іздері анық көрінеді, жартылай күйдірілген отын қалдықтары сақталған, диаметрі 0,1 метр.

*Үй ішінен табылған тас құралдар*

Табылған тас 9-ші бағана шұңқырының батыс жағында, бүйір қабырғаға жақын және түтін жолағына (арнаға) жақын жерде көлденең жатқан күйінде табылды (11-сурет). Тас төртбұрышты, ұзындығы 40 см, ені 25 см және қалыңдығы 18 см.



11-сурет. Тас құрал

F1 жартылай жертөлелі үйдің әр мәдени қабатынан көптеген қыш ыдыстардың сынықтары мен остеологиялық

материалдардың бөлшектері көптеп табылуына байланысты алдағы уақытта лабораториялық-анализдік жұмыстарды қажет етеді. Ол болашақта атқарылатын ауқымды жұмыстардың бірі болмақ.

2019 жылы F1 жартылай жертөлелі үйдің орнына толыққанды ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Антропогенды (табиғи) факторлардың әсерінен аталмыш нысан біршама бұзылған. Сол себепті көптеген ақпаратты білу біз үшін мүмкін болмады. Зерттеу жұмысы барысында қол жеткізген құнды мәліметтерге сүйене отырып, F1 қазба нысанының құрылымы мен үйдің өмір сүру уақытының тоқтатылғаны, яғни тастап кету факторлары туралы кейбір алдын ала болжамдар жасалды.

F1 жартылай жертөлелі үйі Рахат ескерткішінің №1 орталық төбешіктің оңтүстік бұрышы аумағында орынды таңдап алғаннан кейін, белгілі бір тереңдікте қазып, кіреберіс есігін жасайды. Содан кейін біркелкі емес еденді қою қоңыр аралас топырақпен толтырып, нығыздап, сұрыпталаған сары және ақ сазбен жер бетін қатты берік етіп таптайды да, одан әрі үйдің ішкі және сыртқы құрылымдарын аяқтап, төбесі мен қабырғаларын қалыптастыру үшін бағана шұңқыры қазылып, бөренелі арнайы тіреуіштер орналастырылады, соңында жартылай жертөлелі үйдің құрлысы аяқталады, ең соңында үйдің ішіне пеш шұңқыры қазылып, түтін шығару жолағын жасау, тастарды қою және т.б. жұмыстары жасалынады. Мүмкін, жоғарыда аталған процестердің реттілігі үшін тағы бір ақылға қонымды келісім бар шығар. Есіктің шығыс және батыс жағындағы бағана шұңқырларының диаметрлері (0,56, 0,55-0,65 метр) қалған жеті бағаналы шұңқырларға қарағанда (0,18-0,32 метр) үлкенірек болуы есік алаңының маңыздылығын көрсетеді. Үйлердің шатыры мен бүйірлік пішіндері мен материалдарды пайдалануына келетін болсақ, бұл археологиялық материалдарды жинақтау мен байытуды талап ететін тереңірек мәселелер.

Тұрмыстық шаруашылық шұңқыры ішінде керамика және сүйек сынықтары, күл қалдықтарымен қатар көптеген т.б. заттар кездеседі. Бұлар от жағудан және тамақтан қалған тұрмыстық

қоқыс, яғни үйді пайдалану кезеңіндігі тұрмыстық қалдықтар болып саналады. Қазан шұңқыры, және түтін жолағының күйдірілген топырақтың қалыңдығынан, яғни мөлшеріне қарап, аталмыш жертөлениң ұзақ уақыт пайдаланылғандығын анықтауға болады.

Бағананың барлық шұңқырларынан тек аздаған көмір бөлшектері, қызыл күйген топырақ бөлшектері және аздаған күл табылды. Ағаш бағаналардың шіріген немесе күйген қалдықтары кездеспеді. Соған қарағанда жертөлени тастап кетпестен бұрын, яғни сол үйді пайдалану барысында ағаш тіректерді шығарып алып кеткен, себебі бағаналар алынған соң бос топырақтар бағаналық шұңқырдың қуысына өздігінен толтырылғанын байқадық. Шаруашылық шұңқырының түбінде, үйдің еденінде және есіктің кіреберіс тұсында лай топырақтың жинақталғанын, бұл үйді тастап кеткеннен кейін көп ұзамай жаңбыр суының көп мөлшерде жаууы және лайлану процесі орын алғанын көрсетеді. Сонымен қатар, үйдің еденінде үйді пайдалану кезеңінде қозғалатын заттар мен құрал-саймандар қалмаған, және де оттың жану белгілері де байқалмайды, осыған қарағанда бұл үйді әбден ұқыпты тастап кеткенін айғақтайтындай белгі береді.

### **3.4. РАХАТ ескерткішіндегі ортағасырлық жартылай жертөле (F2)**

2023 жылдың шілде-қазан айлары аралығында «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы (Қазақстан) мен Қытайдың Шанси аймақтық археологиялық институты (ҚХР) бірлесіп, Рахат кешені аумағында төртінші кезекті барлау және қазба жұмыстарын жүргізді.

2023 жылғы қазба орны Рахат ескерткішіндегі №1 орталық төбешіктен оңтүстікке қарай 120 метр жердегі ескерткіштің оңтүстік-батыс аумағындағы кіреберіс қақпасы алдындағы тегістеу келген алаңқайда жалпы көлемі 234 шаршы метрді құрайтын 14 орынға көлемдері 5×5 метр болатын барлау-бақылау қазбалар салынды. Оған F2 нөмірі берілді, F2 қазба орны дөңгелек

пішінді, бүйір қабырғалары түзу, ал кіреберіс есігі оңтүстікке қаратылған, үй ішінде топырақтан көтерілген еден орны, аяқтың тапталған іздері, бағана шұңқырларының қалдықтары анықталды, барлығы 16,25 шаршы метр аумақты қамтиды. Үй бөлмесінің орналасқан жері кең көріністі, бөлменің арқа тұсы солтүстік-батыс бағытқа қарсы салынған, Рахат өзенінен шығысқа қарай шамамен 300 метр қашықтықта орналасқан. Бұл аймақта мұндай үй түріндегі археологиялық ашылымдары аз. Бұл есеп осыған байланысты зерттеулерге пайдалы болады деген сенімдеміз.

Қазба жұмыстары барысында шаруашылық шұңқырлары, бөлме орындары, қабырға іргетастарымен қатар басқада мәдени қабаттар қалдықтары тазаланып, құжаттау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде темір бұйымдар, тас құралдар, қыш ыдыстардың сынығы, сүйек құралдарымен мал сүйектері сияқты қалдықтар көптеп табылды. Ескерткішке және табылған олжалардың ерекшеліктеріне сүйене отырып, бұл қазба орыны біздің дәуіріміздің IX-XII ғасырлары шамасында деп болжауға болады.

2023 жылғы жасалынған қазба алаңының солтүстік-батысында жер бетінің зақымдалуы қатты терең болғанына қарамастан, шым қабатың алу кезінде-ақ мәдени қабаттардың белгілері анықталған болатын. F2 нысаны орналасқан оңтүстік-шығыс бөлігі салыстырмалы түрде зақымдалуы біршама аз, әрі қарайғы тереңдету барысында 2-ші мәдени қабаттың қалыңдығы бір шама қалындау боды. Бұл мәдени қабат деңгейінен де көптеген тас, қыш, сүйек және анықтауға мүмкіндігі жоқ заттардың жиынтығы табылды. F2 нысанының 2-ші мәдени қабаты астынан жартылай жертөлелі үй орны анықталған болатын. Үй бөлмесіне кіреберіс есігі жер бетінен 0,45 метр тереңдікте орналасқан. Әрі қарайғы тазалау жұмыстары барысында анықталғаны, келесі шартты түрде белгіленген қазба орындары H32, H42-ні бұзып өтіп және H101 ежелгі топырақ қабатынан кесіп өткені белгілі болды.

Қазылған үй шұңқырларындағы мәдени қабаттардың толтырылған топырақтардың түстері мен құрамына байланысты үш мәдени қабатқа бөліп қарастыруға болады. Қалыңдығы 0,22-0,3 метр болатын бірінші мәдени қабат шұңқырындағы сұр-қоңыр

түсті және борпылдақ топырақ барлық аумаққа теңдей таралған. Құрамында аз мөлшерде қызыл түсті күйген топырақ бөлшектері, көп мөлшерде күл қалдығы, аз мөлшердегі тастар, өсімдік тамырлары және т.б. бар болды. Қазба алаңындағы мәдени қабаттың орналасуы солтүстік-батыс жағы қалың, оңтүстік-шығыс жағы жіңішке, сонымен қатар оңтүстік-шығыс жаққа қарай еңістей келген. Осыған сүйене отырып, топырақ қабатының қалыптасуы солтүстік-батыстан төгілген деп тұжырымдайды. Қазба кезінде бұл қабаттан сүйек түтікшесі және тас табылды. Қалыңдығы 0,1-0,28 метр болатын екінші қабат бөлменің барлық жеріне сұр-қоңыр түсті топырақ жайылған екен. Топырақ деңгейі борпылдақ және көп мөлшердегі қопсытылған топырақ кесектермен араласқан. Топырақ арасынан көп мөлшерде жануарлардың сүйектері және аз мөлшерде қызыл күйген топырақ бөлшектері, көмір күлі бөлшектері, тастар, құм аралас қызыл қыш ыдыстар сынығы табылды. Жануарлар сүйектерінің арасында ірі қара мал мен қой сүйектері кездесті, ал тастар негізінен өзеннің малта тастары, сыртында өңделген белгілері байқалмайды. Қыш ыдыстар негізінен майда құм аралас қызыл түсті, пішініне қарай құмыра, тостаған екенін анықтауға болады. Мәдени қабаттың қалыптасуы солтүстік-батыс жағы қалың, оңтүстік-шығыс жағы жұқа көлбеу бағытына жинақталуына сүйене отырып, жинақтау көзі солтүстік-батыстан деп тұжырымдалады. Үшінші қабат, ең қалың бөлігі шамамен 0,3 м құрайды, ашық сұр табиғи лай топырақ бөлменің барлық аумағына таралған. Топырақ салыстырмалы түрде қатты және арасында шашыранқы көмір күлді дақтары кездеседі. Бұл қабаттың оңтүстігі биік, солтүстігінде аласа, оның асты белсенді қозғалатын аумақ, осы жерден тастың кесіндісі табылды. Жиналған балшық қабатының қалыңдығы мен табиғи рельефінің өзгеруіне қарағанда, ол солтүстіктен оңтүстікке қарай сырғу (жылжу) арқылы қалыптасқандығын білуге болады.



1-сурет. Үй орындарының іздері

F2 жартылай жергеленген үйдің үстіңгі бөлігі дерлік сақталмаған, қалған бөлігі сопақша шұңқыр пішінді, негізгі бағыты солтүстікте орналасқан және кіреберіс есігі оңтүстікке қаратылған, шұңқырдың ішкі қабырғасы тік, ал түбіндегі жер деңгейі салыстырмалы түрде тегіс,

тапталудың және тегістеудің ізі анық көрінеді. Ортаңғы бөлігінде көтеріңкі еден сақталған, ал бастыс жағында бағана шұңқыр орналастырылған. Жердің ортаңғы және оңтүстік бөлігінде 2 дана ірі көлемдегі өзеннің малта тастары орналасқан. Үлкен шұңқырдың сыртындағы шығыс және батыс жиектерінде доға тәрізді орналасқан 7 бағана шұңқырлар орнатылған екен, шығыс



2-сурет. F2 жартылай жергеленген үйдің мәдени қабаттары мен құрылымы

жиегінде қабырға іргетасының кесіндісі бар. Үй алаңының ұзындығы 5,3 м (бағанды қосқанда), шұңқыр солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзындығы 4,9 м, шығыстан батысқа қарай ені 4,2 м және тереңдігі 0,74 м, есік алды кіреберіс тереңдігі 0,4 м және 0,7 м құрайды.

Құрылыс салу барысында жертөле ішіндегі ойлы-қырлы жерді тегістеу үшін таза сары балшық әкелініп төселген. Жер құрылымы қатты және екі қабатқа бөлуге болады, әр қабаттың қалыңдығы шамамен 1,5 см, жалпы қалыңдығы 3 см құрайды. Жерде жұқа таптама ізі (аяқтың тапталған орын) бар. Шығыс бөліктегі жер деңгейі батыс жақтағыға қарағанда шамамен 2 см биік. Батыс аймағының пішіні дерлік тікбұрышты, солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзындығы 2,3 м және шығыстан батысқа қарай ені 1,7 м.

Бағана тіреуіш еден шұңқырының ортасындағы жерге жалғасып, күйдірілмеген шикі топырақтан тұрғызылған, диаметрі шамамен 0,7 және қалған биіктігі 0,2 метр болатын дөңгелек дерлік төртбұрышты формаға ие. Бөлме ішіндегі қабырғалар шикі топырақтан жасалған және салыстырмалы түрде тегіс, бірақ құрал-саймандар пайдаланған белгілері көрінбейді.

Жартылай жер төленің есігі үйдің оңтүстік шетінің ортасында орналасқан. Тік бұрышты және еңістеу келген, оңтүстігі биік және солтүстігі төменірек. Бүйір қабырғалары салыстырмалы түрде тік, ал ортасы сәл ойыс, Таптама ізінің беті қалың, тереңдігі 0,41 м, ені 0,7 м. Есігі ашық сұр түсті және салыстырмалы түрде тығыздығы жоқ лай топырақпен толтырылған.

Қабырға іргетасы үйдің шығыс жағындағы жерде орналасқан, салыстырмалы түрде таза саздан қаланған, солтүстіктен оңтүстікке қарай ені 0,45 м, қалған биіктігі 0,2 метр. Тазартылған шығыс-батыс ұзындығы шамамен 1,5 м. Бетінде бұдырлы немесе шұқырларының белгілері жоқ. Кесіндісінде қабырға іргесінің негізінің қалыптасу қабаттары көрінеді. Қалыптасқан қабаттар салыстырмалы түрде тегіс және ішінара

доға тәрізді. Қалыптасқан мәдени қабаттың қалыңдығы бірнеше сантиметрді құрайды.

Үй ішінен және сыртынан барлығы 8 шұңқыр табылды (1-8 нөмірі берілді), оның 3-нің ішіне бағана іргетастары қойылған. 1-баған шұңқыр үй шұңқырының ортасында орналасқан және орталық тірек баған болуы керек; қалған бағаналар үй шұңқырының шетінің сыртқы аймағында 0,22-0,94 аралығымен доға түрінде, шұңқыр шетінен 0,1-0,3 метр қашықтықта орналасқан. 1-4 бағана шұңқырлар шикі топыраққа, ал 5-8 бағана шұңқырлар күл шұңқырының топырағына орнатылған.

1-бағана шұңқыр шұңқырдың ортасында орналасқан және дөңгелек тәрізді. Бүйір қабырғалары тік және тегіс, ал түбі салыстырмалы түрде тегіс. Төменгі жағында тірек іргетасы ретінде қиыршық тас орналастырылған. Шұңқырдың диаметрі шамамен 0,25 метр, тереңдігі 0,5 метр. Шұңқырдың ішін ашық сұр топырақпен толтырған, топырағы борпылдақ және шашыраңқы көмір күлі бөлшектері, және күйдірілген топырақ бөлшектері және т.б. табылды.

Жартылай жер төлелі үй шұңқырының шетіндегі бағаналы шұңқырлар сопақ пішінді, бүйір қабырғалары салыстырмалы түрде тік және түбі тегіс келген, іші негізінен ашық сұр топырақпен толтырылған. Топырақ борпылдақ және шашыраңқы көмір күлді бөлшектер бар, арасынан кейде сынған қыш сынықтары кездеседі.

2-бағана шұңқыр: диаметрі 0,16, тереңдігі 0,05 м. Төменгі жағында тірек іргетасы бар.

3-бағана шұңқыр: диаметрі 0,16-0,26, тереңдігі 0,1 м.

4-бағана шұңқыр: диаметрі 0,16-0,2, тереңдігі 0,1 м. Төменгі жағында тірек іргетасы бар.

5-бағана шұңқыр: диаметрі 0,17-0,2, тереңдігі 0,1 м.

6-бағана шұңқыр: Тұрмыстық шаруашылық шұңқыры аймағында орналасқан, ортасында сопақша келген бағана шұңқыр бар. Бағана шұңқырдың диаметрі 0,34-0,38 см, ал тіреуіш шұңқырының диаметрі 0,2 м, тереңдігі 0,1 м. Шұңқыр қара сұр

қоңыр топырақпен толтырылған, арасында құм аралас қызыл қыш ыдыстарының сынықтары табылды.

7-бағана шұңқыр: диаметрі 0,27 см, тереңдігі 0,10 м.

8 бағана шұңқыр: диаметрі 0,16-0,20 метр, тереңдігін анықтауға мүмкіндік болмады.

Қыш ыдыстардың барлығы қызыл-қоңыр түсті майда құм аралас топырақпен толтырылған қоспамен жасалған, негізінен бір бетінде ғана әшекейлеп өрнек салынған, жасалу технологияларына қарағанда көзе шарығында жасалғандығы байқалады. Қыш ыдыстарын пішініне сәйкес құмыралар, тостағандар және тостақтар категориясына жатқызуға болады.

Қыш ыдыстардың жиектері түгелдей түссіз, ал кейбіреуінің сыртқы қабырғаларында күйе іздері бар. Барлығы 8 дана. Үлгі F2①:3, аузы ішке тарылған, жиегі сәл қайырылған, ернеулері сүйір, мойыны қайқы, дөңгелек құрылымды, ішкі және сыртқы қабырғалары тегіс, сыртқы қабырғасының көп бөлігінде күйе іздері бар, ені 21, биіктігі 11, қалыңдығы 0,7-1,2 см. Үлгі F2①:4, аузы ішке қарай тарылған, жиегі сәл домалақ, ернеуі сүйір, мойыны иілген, дөңгелек құрылымды, ішкі және сыртқы қабырғалары тегіс, сыртқы қабырғасының кішкене бөлігінде күйе іздері бар, ені 15, биіктігі 10, қалыңдығы 0,6-0,9 см. Үлгі F2①:5, аузы тарылған, жиегі аздап оралған, ернеуі сүйір, мойыны иілген, дөңгелек пішінді, ішкі және сыртқы қабырғалары тегіс, сыртқы қабырғасының көп бөлігінде күйе іздері бар, ені 11, биіктігі 9, қалыңдығы 0,6-0,9 см. Үлгі F2①:6, қыш құмыра аузы жиекті, домалақ ауыз, жиегі аздап ішке қайырылған, ернеуі сүйірленете домалатылған, қисық мойын, қолдан жасалған, сыртқы қабырғасында дөңгелекті шарықпен өңделген, ішкі қабырғасы кедір-бұдыр, сыртқы қабырғасының кішкене бөлігінде күйе іздері бар, ені 11, биіктігі 10, қалыңдығы 0,6-0,8 см. Үлгі F2①:8, ауызы тік, жиегі сәл қайырылған, ернеуі сүйір, тік мойынды, көзе шарықпен жасалынған. Ішкі және сыртқы қабырғалары тегіс, ені 8,5, биіктігі 5, 0,6-0,8 см. Үлгі F2①:9, ауызы ішке қарай тарылған, жиегі аздап домалақ, сүйір домалақ, мойыны қисық, дөңгелек құрылымды, ішкі және сыртқы қабырғалары тегіс, сыртқы

қабырғасы күйе ізімен жабылған, ені 13,5, н биіктігі 4,5, қалыңдығы 0,6-0,7 см. Үлгі F2①:11, аузы ішке қарай тарылған, жиегі жалпақ, ернеуі дөңгеленген, мойны қайқы, қолдан жасалған, сыртқы қабырғасында көзе шарықпен өңделген іздері бар, ішкі қабырғасы кедір-бұдыр, ені 9, биіктігі 2,5, қалыңдығы 0,5-0,8 см. Үлгі F2①:13, ауызы тұзу, жиегі тегіс, ернеуі сүйір, тік мойын, дөңгелек тәрізді, ішкі және сыртқы қабырғалары тегіс, қалдық ені 4,6, қалдық биіктігі 2,7, қалыңдығы 0,5-0,6 см.

Қыш ыдыс-аяқтардың жиектері барлығы түссіз, ауызы ашық, жиегі жалпақ, ернеулері дөңгелек, қолдан жасалған. Барлығы 2 дана. Үлгі F2①:7, ішкі және сыртқы қабырғалары өрескел, ені 12, биіктігі 7, қалыңдығы 0,7-1,4 см. Үлгі F2①:10, сыртқы қабырғасында көзе шарықпен өңделген іздері бар, ішкі қабырғасы кедір-бұдыр, ені 6,3, биіктігі 8,9, қалыңдығы 0,6-0,8 см.

Күрешке жиегі, барлығы 1 дана. Үлгі F2①:12, беті тегіс, аузы тұзу, жиегі тегіс, ернеуі дөңгеленген, тік мойын, дөңгелек пішінді, ішкі және сыртқы қабырғалары тегіс, ені 3,9, биіктігі 5,6, қалыңдығы 0,4-0,6 см.

Қыш құмыралардың түбі барлығы тегіс және қолдан жасалған, ішкі және сыртқы қабырғалары кедір-бұдырлы. Барлығы 4 дана. Үлгі F2①:15, түбі тегіс, ұзындығы 8,5, ені 6, биіктігі 12, қалыңдығы 0,6-1,4 см. Үлгі F2①:16, түбі тегіс, түбінің ұзындығы 8,5, ені 6, биіктігі 5,7, қалыңдығы 0,7-1,2 см. F2① үлгісі:17, сыртқы қабырғасының көп бөлігінде күйе іздері бар, қабырғаның сақталған ұзындығы 16, биіктігі 8, қалыңдығы 0,8-1,5 см. Үлгі F2①:18, түбі тегіс дерлік, сыртқы қабырғасы күйе ізімен жабылған, ал түбінде тек қабырғаға жақын күйе іздері бар. Төменгі ұзындығы 10, ені 6, биіктігі 2, қалыңдығы 0,9-1,2 см.

Қыш тұтқалардың барлығы тегіс, доға тәрізді және көлденең қимасы дерлік дөңгелек. Барлығы 4 дана. F2① үлгісі:19, ыдыс тігінен қабырғасына жақын, сыртқы қабырғасының көп бөлігінде күйе іздері бар, тұтқаның ені 7,5, көлденең қимасының диаметрі 2 см. Үлгі F2①:20, ыдыс тігінен қабырғасына жақын, сыртқы қабырғасының көп бөлігінде күйе іздері бар, тұтқаның ені 8, көлденең қимасының диаметрі 2 см. Үлгі F2①:21, ыдыстың

тігінен қабырғасына жақын, тұтқаның ені 10 см және көлденең қимасының диаметрі 2 см. Үлгі F2①:22, қыш тұтқа, қабырғаға тігінен жақын, ені 9,9, көлденең қимасының диаметрі 2 см.

Әшекейленген қыш сынықтарының бөлшектері, барлығы 1 дана. Үлгі F2①:14, екі қатар шеңберлі сызық салынған, шеңбер ортасында су толқының бейнеленген өрнек салынған, қолдан жасалған. Сыртқы қабырғасында көзе шарықпен өңделген іздері бар. Ішкі қабырғасы кедір-бұдыр, ұзындығы 9, биіктігі 9, қалыңдығы 0,8-0,9 см.

Керамикалық кірпіш үлгісі F2③:2, беті тегіс, құрылымы қатты. Алдыңғы жағында ойыс қабырғалары бар, түбі тегіс, бір жағы ғана сақталған, қалған үш жағы түгел бүлінген. Ұзындығы 11, ені 7, қалыңдығы 5 см.

*Сүйекектен (мүйізден) жасалған заттар*

Барлығы 2 зат. Сүйек шеге, үлгі F2①:1, үшбұрыш пішінді, беті жылтыратылған, ұзындығы 13,9, ені 1,8 см. Бұғы мүйізі, F2③ үлгісі: 1, ұзындығы 19,6, ең кең жері 7,7 см.

*Тас құралдар*

Барлығы 2 зат. Тас, үлгі F2①:2, ұзындығы 7, ені 4, қалыңдығы 5 см. Екінші тас үлгі F2①:23, жалпақ қиыршық тастан жасалған. Алдыңғы жағында соққыдан пайда болған айқын белгілері бар. Ұзындығы 11,5, қалған ені 8, қалыңдығы 5 см.

*H101, H32, H42 шаршылары аумағындағы қазба орындарының сипаттамалары*

H101 шаршы нысаны F2 қазба аумағының солтүстік жағында орналасқан. H101 шаршысында орналасқан бөлменің ауыз жағы 2-ші мәдени қабатының астында, шикі топырақты кесіп өтетін деңгейде орналасқан. Оңтүстік шеті F2 қазбасын толығымен кесіп өтіп, солтүстік ұшының кей бөлігі ғана бел ағаш болуы мүмкін мәдени қабатының астына жалғасқандықтан толық қазылмады. Шұңқырдың беті тегіс бірақ біркелкі емес, қабырғалары көлбеу, түбі дөңгелектенген. Шығыстан батысқа қарай ұзындығы – 1,35, солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзындығы – 2, тереңдігі – 0,48 м болатын орын. Шұңқырдағы топырақ қабаты ақшыл сұр құм аралас сазды топырақ. Топырағы борпылдақ,

құрамында көп мөлшердегі күл мен көмірдің бөлшектері, әр көлемдегі шашыраңқы тас бөлшектері, жануарлардың сүйектері, қыш ыдыстардың сынықтары, т.б. табылды. Олардың арасында 16 қыш ыдыс сынықтары бар, барлығы дерлік құм аралас қызыл қоңыр қыш ыдыстар, құрлымына қарай олар құмыра екенін анықтауға болады.

Қыш ыдыстардың ернеулері сүйірленген жалпақ домалақ жиектері болған және қолдан жасалған. Барлығы 2 дана. Н101:1 үлгісінің аузы ернеулі және дөңгелек иықты, сыртқы қабырғасы жылтыратылған, ішкі қабырғасы кедір-бұдыр. Ені 16,1 см, биіктігі 13,2 см, қалыңдығы 0,4-0,8 см. Н101:2 үлгісінде аузы жиегі тар құмыра, сыртқы қабырғасында көзе шарықпен түзетілген іздері бар, ал ішкі қабырғасы өрескел, яғни тегіс емес, ені 7,9, биіктігі 3,9, және қалыңдығы 0,6 см.

Қыш ыдыстардың тұтқалары барлығы 1 дана. Н101:3 үлгісі ыдыстың қабырғасына тігінен жақын орналасқан, доға тәрізді және дөңгелек көлденең қимасы бар, тұтқа ені 9,1 см және көлденең қимасының диаметрі 1,5 см.

Н32 шаршы нысаны F2 жер төленің оңтүстік жағында, кіреберіс аузы 1-ші мәдени қабатының астында орналасқан.

Солтүстік шеті F2 қазбасынның 2-ші мәдени қабатының шикі топырақ деңгейінде жанасады. Шұңқыр аузының беті дөңгелек, қабырғалары көлбеу, түбі тегіс. Аузының диаметрі 3,2-3,9, тереңдігі 0,32 м. Шұңқыр ішінде мәдени қабат қалыптаспаған, сұр-қоңыр құм аралас саздан және борпылдақ топырақтан тұрады. Шұңқыр ішінде шашыраңқы тастар, жануарлар сүйектері, қыш ыдыстар сынықтары, т.б. табылды. Олардың ішінде барлығы 14 қыш ыдыс сынықтары табылды, барлығы құрамында құм аралас және тегіс беті бар қызыл қоңыр қыш ыдыстар болып табылады және құрлымына қарай құмыра екенін анықтауға болады.

Қыш ыдыстың ернеуі, барлығы 1 дана. Н32:2 үлгісінің ернеуі ішке қарай тарылған, сәл сыртқа қайырылған, доға мойынды, көзе шарықпен жасалынған, ішкі және сыртқы қабырғалары тегіс, ені 10,6, биіктігі 6,2, қалыңдығы 0,7-0,8 см.

Қыш ыдыстың тұтқасы барлығы 1 дана. Н32:3 үлгісінің тұтқасы тік, доға тәрізді және сопақ көлденең қимасы бар. Тұтқа ені 9,1, көлденең қимасының ұзын диаметрі 2,5, көлденең қимасының қысқа диаметрі 1,8 см.

Н42 шаршы нысаны F2 жер төленің шығыс жағында орналасқан, шұңқыр аузы 1-ші мәдени қабатының астында орналасса, ал 2-ші мәдени қабат деңгейінде шикі топырақты кесіп өтіп, батыс шеті F2 жартылай жер төлені кесіп өтеді. Шұңқыр аузы сопақша келген, қабырғалары көлбеу, түбі тегіс. Солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзындығы 1,2 м, шығыстан батысқа қарай ені 1,2 м, тереңдігі 0,38 м. Шұңқыр іші мәдени қабаттармен жинақталмаған, сұр-қоңыр құм аралас сазды топырақпен толтырылған, топырағы борпылдақ, топырақ арасында аз мөлшерде өсімдік тамырлары мен күйдірілген топырақ бөлшектері, шашыраңқы тастар, жануарлардың сүйектері, және қыш ыдыстардың сынықтары және т.б. табылды. Табылған 3 дана қыш ыдыс сынықтары қызыл-қоңыр түсті, беті тегіс құм аралас қыш ыдыстар.

Бұл жолы табылған жартылай шұңқырлы жер төленің оңтүстігінде сыртқа өтетін жолы, орта тұсында бағаналар мен топырақтан көтерілген қазандық орны, сыртқы бетін бойлай орналастырған бағаналармен қатар, шұңқыр ішінің жер деңгейі тегістеліп, аяқпен тапталу іздері сынды ақпараттық материалдарға қол жеткізілді. Сонымен қатар қазба барысында ірі тастар мен өңделген тастар кездесті. Шұңқыр ішіндегі еден деңгейі әлде қайда көтеріңкі, яғни жозы болуы қытимал орын анықталды, бұл дегеніміз алдын-ала жоспарланып салынған құрылыс орны болғаны анық. Ол үстел (жозы) ретінде пайдаланылуы мүмкін және ішкі кеңістікті шығыс және батыс бөліктерге бөлу функциясы бар. Бөлменің қақ ортасында үлкен жалпақ тас орналасқан, оны белгілі бір мақсатта пайдаланған болуы керек, есік аузының жанындағы екі тас кездейсоқ қойылмаған сияқты, алынған ақпаратқа байланысты бұл үйді жоспарлы түрде соғылған және адамдар өмір сүрген екенін анықтауға болады. Сонымен қатар, Іле Алатауының солтүстік етегіндегі жайлаулы алқаптағы

бұл үйдің қалдықтары жергілікті халықтың қонысы немесе маусымдық тұрғылықты жерінің маңызды белгісі болуы мүмкін.

Үй ішіндегі мәдени қабаттың қалыптасуы оны тастап кеткеннен кейін пайда болған. Қалыптасқан мәдени қабаттармен үй ішіндегі табылған заттардың негізінде үйдің өмір сүрген дәуірінің пайдаланылған уақыт шегін анықтауға болады. Үйдің пішіні мен осыған ұқсас қазылған үйлермен салыстыра отырып, үйдің пайдалану мерзімін түсінуге болады. Қазбадан табылған қыш ыдыстардың көбі дөңгелекті, аздап кедір-бұдырлы және пішініне қарай Орталық Азиядағы ортағасырлық кезеңді көрсетеді. Көптеген факторлар арқылы үй IX-XII ғасырлар аралығында пайдаланылғанын көрсетеді.

Қазба мәліметтеріне сүйене отырып, жартылай жер төлелі үйдің жалпы пішінін алдын ала болжауға болады. Үйдің ортасындағы жуан бағаналар үй төбесінің негізгі ауыр көтергіш тіректері, шұңқырдың шетіндегі кішірек тіректер үйдің бүйіріне (қабырғаға) тірек ретінде қойылғанын көрсетеді. Үйдің дөңгелек пішіні мен доға тәріздес бағаналар дөңгелек үй-жайдың (киіз шатыр немесе балшық қабырға) дөңгелек пішінде салынғанын көрсетеді. Шығыс жағындағы қалған топырақ қабырғалары бүйір қабырғалық қондырғылар болуы мүмкін. Ішкі қабаттарда оттың күйген белгілері жоқтың қасы, үйдің нақты мақсатын көрсететін заттар да жоқ. Осылайша, бұл үйдің тұру үшін пайдалудан басқа мақсаттары бар-жоғы әзірге белгісіз.

Сонымен қатар, үйдің беті қатты бүлініп, есіктің сыртындағы жолдың бағыты, су ағызу құрылғылары және басқа да белгілер белгісіз болғаны анықталды.

### **3.5. РАХАТ ескерткішіндегі №1 орталық төбешігінде жүргізілген зерттеулер**

2023 жылы далалық зерттеулер «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» жобасы аясында Рахат ескерткішіндегі №1 орталық төбешігінің оңтүстік, солтүстік,

шығыс және батыс бөліктерінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді (1-сурет).



1-сурет. Рахат ескерткіші, қазба жұмыстары

Көлемі 5x5 м болатын №1 қазба орны – Рахат ескерткішінің негізгі төбесінің оңтүстік-батыс бөлігіне салынды (2-сурет). Қазба орнын шөп басқан (мия, жусан), 0,45 м тереңдікке дейінгі қабаттардан ірі және уақ малдардың сүйектерімен қатар қыш ыдыс сынықтары табылды.



2-сурет. №1 қазба орны.

Қазбаның оңтүстік шетінен 0,80 м солтүстікке қарай топырағы ақшыл сұр түсті өлшемі 1,60x3,40 м болатын шығыстан батысқа бағытталған құрылым іздері 0,55 м тереңдікте анықталды. Аталмыш құрылымның оңтүстік-батыс шетінде үлкен өзен тасы табылды, қазбаның солтүстік-шығыс шетінде үлкен өзен тасы табылды. 0,60 м тереңдікте қазбаның оңтүстік бөлігінен өлшемі 0,16x0,18 см болып келетін тас қойылған, жанынан сопақша келген тас дәнүкіш табылды. Қазбаның солтүстік бұрышынан дөңгелектелген түсі қара топырақты іздер анықталды. Аталмыш орыннан солтүстік-батыста және оңтүстікте өзен тастарының сынған бөліктерінің орналасуын байқауға болады. Шеңберден 1,30 м оңтүстік батыста 0,70 м тереңдікте 0,25x0,25 см жалпақ тас және уақ мал сүйектері табылды. Қазбаның батыс шетінен өлшемі: 1,60x3,40 м болатын құрылымның жалғасын табу мақсатында, қазба орны батысқа қарай ені 1 м, ұзындығы 2,5 м болып созылды (3-сурет). Жаңа қазбадан, аталмыш құрылым өз жалғасын тапты және қала жұртының сыртқы шекарасы анықталды. Қазба орнындағы жұмыстар 0,70 м тереңдікте тоқтатылды (3-сурет).



3-сурет. №1 қазба орны.

Көлемі 5x5 м болатын №2 қазба орны – Рахат ескерткішінің негізгі төбесінің солтүстік-батыс бөлігіне №1 қазба орнына жанама салынды (4-сурет). Қазба орнын шөп басқан (мия, жусан),

0,45 м тереңдікке дейінгі қабаттардан ірі және уақ малдардың сүйек қалдықтарымен қатар қыш ыдыс сынықтары табылды.



4-сурет. №2 қазба орны.

Қазбаның оңтүстік шетінің орта тұсынан өлшемі 1,30x0,90 м болатын сарғыш қызыл түсті ошақ орны анықталды. 0,50 м тереңдікте оңтүстік батыста өлшемі 0,35x0,17 см болатын жалпақ тас табылды. Қазбаның оңтүстік шығыс шетінен диаметрі 0,80 м шеңбер ізі көрінді. 0,55 м



5-сурет. №2 қазба орны.



6-сурет. №3 қазба орны.

тереңдікте солтүстік шетінде ұсақ өзен тастары табылды, тастардың жанынан өлшемі 0,40x0,90 м болатын топырағы ақшыл сұр түсті ошақ орнын байқауға болады. 0,65 м тереңдікте қазбаның солтүстік

батыс шетінен құрылым іздері анықталды. Қазба орнындағы жұмыстар 0,70 м тереңдікте тоқтатылды (5-сурет).

Көлемі 5x5 м болатын №3 қазба орны – Рахат ескерткішінің негізгі төбесінің солтүстік-шығыс бөлігіне салынды (6-сурет). Қазба орнын шөп басқан (мия, жусан), 0,45 м тереңдікке дейінгі қабаттардан ірі және уақ малдардың сүйек қалдықтарымен қатар қыш ыдыс сынықтары табылды.

Қазбаның солтүстік шетінен өлшемі 0,19x0,14 см болатын тас анықталды. 0,55 м тереңдікте шығыс жақ бетінен сарғыш сұр түсті топырақ іздері байқалды. Аталмыш құрылым іздеріне қарсы батыс шетінен ені 1,10 ұзындығы 5 м болатын көкшіл сұр түсті іздер анықталды. Көкшіл сұр түсті ізді 0,60 м тереңдеткенде іздер жоғалмады. Қазбаның шығыс шетінен басталған көкшіл сұр түсті іздердің жалғасын табу мақсатында қазу шығысқа қарай ені 1 м, ұзындығы 3 м созылды. Жаңа қазбадан іздердің жалғасы шықты



7-сурет. №3 қазба орны.

және қала жұртының сыртқы шекарасы анықталды. Қазба орнындағы жұмыстар 0,70 м тереңдікте тоқтатылды (7-сурет).

Көлемі 5x5 м болатын №4 қазба орны – Рахат ескерткішінің негізгі төбесінің оңтүстік-шығыс бөлігіне салынды (8-сурет). Қазба орнын шөп басқан (мия, жусан), 0,50 м тереңдікке дейінгі

қабаттардан ірі және уақ малдардың сүйек қалдықтарымен қатар шашыраңқы, ретсіз жатқан қыш ыдыс сынықтарын байқауға болады.

Қыш ыдыс сынықтарының арасынан 45-50 пайызы сақталған саптыаяқа<sup>62</sup> қайта қалпына келтіру (реставрация) жұмыстары жасалды (9-сурет).

Қазбаның оңтүстік шетінен 0,90 м солтүстікке қарай және батыс шетіне 0,55 м тереңдікте тығыз орналасқан үлкен тас анықталды.



8-сурет. №4 қазба орны.



9-сурет. №4 қазба орны.

Өлшемі: 0,35x0,30 см үлкен тастан 1,05 м оңтүстік шығыста кішілеу өзен тасы табылды. Қазбаның 0,65 м тереңдікте ақшыл сұр түсті топырақ қабаты анықталды. Қазбаның шығыс шетінен басталған ақшыл сұр түсті іздердің жалғасын табу мақсатында қазба шығысқа қарай ені 1 м, ұзындығы 3 м созылды (10-сурет). Жаңа қазбадан іздердің жалғасы шықты және қала жұртының сыртқы шекарасы анықталды. Қазба орнындағы жұмыстар 0,70 м тереңдікте тоқтатылды (10-сурет).

<sup>62</sup> Х.А. Айтқұл, Б.А. Железняков, Д.Қ. Зікірия. Керамика поселения Рахат IX – начала XIII вв. (предварительные результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021 г.) // ХАБАРШЫ «Тарих сериясы» / ВЕСТНИК «Серия историческая» / JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University» ғылыми журналы. 2021. №4. – 227 б.



10-сурет. №4 қазба орны.

Зерттелген 4 нысанда археологиялық қазба жұмыстары толығымен аяқталған соң, *геотекстиль* материалын пайдалана отырып, қазба орнын консервациялау (қайта көму) жұмыстары жүргізілді.

Рахат ескерткішінің негізгі төбесіндегі жүргізілген қазба орындары 0,70 м дейін тереңдетілді, нәтижесінде:

- 1) төбе үсті шекаралары анықталды;
- 2) шаруашылық құрылыс орындары анықталды;
- 3) қыш ыдыс сынықтары мен жануарлардың сүйек қалдықтары табылып сарапталды.

Рахат археологиялық кешені оның кейбір ерекшеліктерін көрсете отырып, сол жердің топонимімен, яғни қазіргі ауыл атаумен аталды. Ертеректе Солдат сай шатқалымен жалғасатын өзен мен шатқал Тасмұрын деп аталса, қазіргі уақытта Рахат деген атпен барған сайын танымал болып келеді. Ескерткішті алғаш ашушы Б.Н. Нұрмұханбетов сақ билеушісінің ордасы дәл осы жерде орналасуы мүмкін деген болжам айтса,<sup>63</sup> ал К.М. Байпақов

<sup>63</sup> Нурмуханбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж., Джасыбаев Е.А. Городища Рахат и Орикты – резиденции сакских царей и города сакской элиты // Восхождения к вершинам археологии: сборник материалов международной научной конференции «Древние и средневековые государства на территории Казахстана», посвященной 90-летию со дня рождения К.А. Акишева. Алматы, 2014. 248-256 бб.

жоғарыда айтқандай осы уақытқа дейін тек ортағасырлық мәдени қабаттар анықталғанына сүйене отырып, оны өзі бұрын атап өткен уақытша қоныс-баспана<sup>64</sup> ескерткіштер түріне жатқызған.<sup>65</sup> К.М. Байпақов Тасмұрын өзенінің (Рахат археологиялық кешені) жағалауындағы және тау етегіндегі қоныстардың тұтас тобын анықтады. К.М. Байпақов ескерткішке «Қоныстың орталық бөлігі – бірінші таулы жайылма деңгейінен 10 м және солтүстіктен жанасатын жазық даладан 50 м биік орналасқан трапеция тәрізді қырат. Жоғарғы жағында оның көлемі 55x85 м болатын сопақша алаңы бар, орталық бөлігінің айналасында беткейлерді жасанды кесу іздері бар жыралар кешені, сондай-ақ оларды тиімді фортификациялық құрылыстар жүйесіне айналдыру жөніндегі жер жұмыстарының іздері көрінетін жалдар бар. Орталық төбенің бетінде және жақын маңдағы аумақта, оның ішінде Тасмұрын өзенінің шатқалында қыш ыдыс коллекциясы жинақталған, оның ішінде сақ-үйсін ыдыстарының сынықтары және қазан, құмыралардың, орта ғасырлық қыш нұмдарының фрагменттері бар», – деген сипаттама берген.<sup>66</sup> Қазба авторы археологиялық қазбалардағы негізгі жұмыстарды ескерткіш орталығын байланыстыратын өткел алаңына да көңіл аударды. Аталмыш өткелдің қолмен тұрғызылғаны туралы мәліметтер әзірге нақты болмаса да, өткелді қолмен қазу арқылы қол жеткізілген болуы мүмкін деген болжам жасаймыз. Жалдары мен жыралары бар бекініске ұқсас бедердің табиғи шығу тегіне қатысты мәселе әлі өзекті күйде қалып отыр. Оны біз геоморфологиялық зерттеулер тарауында қарастыратын боламыз.<sup>67</sup> Қоныстың геоморфологиялық орналасуы Іле Алатауы жотасының жайылма кемерлерін жабатын шаң-топырақты саздақтармен тікелей байланысты. Жотаның етегіне тән бұл бедер нысаны «бөктер» деп

---

<sup>64</sup> Байпақов К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга II. Урбанизация Казахстана в IX-XIII в. Алматы: Хикари, 2013. 148 б.

<sup>65</sup> Байпақов К. М. Средневековые города и поселения Семиречья (VI–XII вв.) Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1966, 21 б.

<sup>66</sup> Байпақов К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга II. Урбанизация Казахстана в IX-XIII в. Алматы, 2013. 148 б.

<sup>67</sup> Аталмыш еңбектің IV тарауын қараңыз.

аталды. Тау жотасы Шу-Балқаш бассейнінің шөлейт аймақтарынан шығарылатын шаң-топырақты масса үшін табиғи тосқауыл болып табылады. Бұл тосқауылға шаң-топырақ қанша көп жиналып, қалың жер қыртысын құрағанмен ежелгі дәуірде табиғи әсерлердің кесірінен жиі шайылып кететін болған.<sup>68</sup>

Тар шатқалдың кіре беріс аузы оның тұрғындары үшін біріншіден түрлі табиғи әсерлерден қорғайтын ық, екіншіден жау көзінен, түрлі қауіп-қатерлерден тасалайтын пана рөлін атқарған. Қазіргі уақытта бұл аумаққа жоғарғы палеолит дәуірінен орта ғасырға дейінгі әр түрлі уақытпен мерзімделетін Рахат археологиялық кешенін құрайтын ескерткіштер кіреді. Осының барлығы бұл кешенді эталондық, оның ішінде «Есік» музей-қорығы қызметкерлерінің кең хронологиялық ескерткіштерді шолу арқылы тақырыптық экскурсиялар өткізуіне мүмкіндік береді. Рахат алқабы солтүстік-шығыс бағыты бойынша соғатын солтүстік желдің бағытына жабық болып табылады. Қазіргі ауыл мен жол «ежелгі алыптардың» бекіністеріне ұқсас осы тау алды алқаптарындағы жайлы мекенде орналасқан. Рахат шатқалы Есік қаласының оңтүстік-батысымен шектеседі.

Рахат жоғарғы палеолиттік тұрағында Д.В. Ожерельев, Т.Б. Мамиров және Е. Жасыбаевтар жүргізген археологиялық зерттеулер нәтижесінде бұл аумақтағы ескерткіш жоғарғы палеолит дәуіріне жататындығы анықталып, кешеннің тарихи маңызды екеніне қосымша дәлел болды.<sup>69</sup> Ескерткіш 2006 жылы ашылып, зерттеу барысында ескерткіштің стратиграфиясы мен хронологиясына байланысты материалдар анықталды. Бұдан басқа, Рахат шатқалының мәдени ландшафтында қола дәуірі мен ерте темір дәуірінің ескерткіштері бар,<sup>70</sup> оларды зерттеу жұмыстары «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен

---

<sup>68</sup> Бұл да сонда.

<sup>69</sup> Джасыбаев Е.А., Ожерельев Д.В., Мамиров Т.Б. Полевые исследования многослойной стоянки Рахат в 2018 г. // Археология Казахстана. № 1-2. – 2019. 215-223 бб.

<sup>70</sup> Айтқұл Х.А., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А., Косжанова А.М. Жетісудың қола дәуіріне қатысты кейбір мәселелер. // II Есикские чтения. Сборник материалов Международной научно-практической онлайн-конференции на тему: «Возникновение и развитие государственности степного пояса Евразии: предпосылки, этапы, последствия» посвящённая 30-летию Независимости Республики Казахстан. Алматы, 2021. 136-144 бб.

кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» жобасы шеңберінде жүргізілді. 2021-2023 жж. Рахат ескерткішіндегі №1 орталық төбешікте жүргізілген зерттеулер нәтижесінде сақ-үйсін кезеңінің қабаттары немесе бекіністер мен оның іздері анықталған жоқ.

Рахат ескерткішін зерттеу тарихының өз кезеңдері бар. Археологиялық кешеннің белгілі ескерткіші 1999 жылы Б.Н. Нұрмұханбетовтың басшылығымен «Қайнар» университеті мен «Алтын адам» қауымдастығының бірлескен экспедициясы ашқан Рахат қонысы болып табылады.<sup>71</sup> Ол кезде ол «сақ билеушісінің» резиденциясы деп аталды. Ескерткіштің мәдени қабаттарына алғашқы археологиялық зерттеулерді 2004 жылы Б.Н. Нұрмұханбетов, Г.А. Ахатов және А.Ж. Бермағамбетовтар жүргізген.<sup>72</sup> Зерттеу жұмыстары барысында әр түрлі уақыттағы Есік қорымы мен Рахат қонысының аумағы зерттелді. Себебі, қоныс бастапқыда «қорымның жоғары орналасқан және онымен логикалық байланыста болуы мүмкін» бүкіл ландшафтпен қоса қарастырылды. Алайда, тәжірибелі зерттеуші көптеген жылдар бойы сақ дәуірінің мәдени қабаттарын табуды мақсат етіп қойғанмен оның «болжамы» орындалған тұр және ол ашқан ескерткіштің мәдени қабаттарынан тек ортағасырлық кезеңнің материалдары анықталуда. 2004 жылы Рахат ескерткішінде 4x4 метрлік стратиграфиялық шурф қазылды. 20 см тереңдіктен көзе шарығында жасалған қыш ыдыс сынықтары, ал 50 см тереңдіктен шырағданмен қоса қолмен сомдалған қыш ыдыстардың сынықтары табылды. Сондай-ақ, жануарлардың жиналған сүйектері, сазды дуалдың бөліктері мен мәдени қабаттан көптеген от табының іздері табылды. Зерттеулер нәтижесінде қолмен сомдалған қыш ыдыстың көзе шарығында жасалған қыш ыдыстардан басым екендігі анықталды. VIII-X ғасырлармен мерзімделген ескерткіштің орталық бөлігіндегі 20 см-ден 50 см-ге

---

<sup>71</sup> Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г., Курбанали Ж. Археологические раскопки городища Рахат в полевом сезоне 2019 г. //Археология Казахстана. № 2(8). – 2020. 65-77 бб.

<sup>72</sup> Байпаков К.М., Нурмуханбетов Б.Н., Ахатов Г.А., Бермағамбетов А.Ж. Отчет о работах на могильнике Иссык и поселении Рахат //Архив ИА дело 2659. – 2004. 21 б.

дейінгі мәдени қабаттан анықталған қыш ыдыстар негізінен қолмен сомдау әдісімен жасалған қыш ыдыс түріне жатады.<sup>73</sup> Олардың сызба суреттері аталған есептің иллюстрацияланған қосымшасында қамтылған.<sup>74</sup> Яғни, қыш ыдыстардың анықталатын фрагменттері Қарлұқ және ерте Қарахан кезеңдеріне жатады.

2013 жылы аталмыш ескерткіштің аумағы «Есік» музей-қорығының қорғау аймағына жеке нысан ретінде (Рахат қала жұрты), Есік қорымының аумағымен бірге еңсе, 2018 жылы Талғар қала жұрты қосылды. 2013-2019 жылдар аралығындағы Рахат ескерткішін зерттеу жүргізіліп, нәтижелері егжей-тегжейлі баяндалды.<sup>75</sup> Зерттеулерде мәдени қабаттардың қыш ыдыс сынықтары бойынша мерзімдеу маңызды болып табылады.

2017 жылдан бастап ескерткіште қытайлық әріптестермен (Шаньси провинциясының Археология институты) бірлесіп зерттеулер жүргізілді. Зерттеу барысында ұзындығы 10 м траншея салынып, 4 м тереңдіктегі мәдени қабат анықталып, тоғыз мәдени қабат дәйекті түрде бөлінді. Осының негізінде бұл аймақта адамдар ұзақ уақыт қоныстанғаны туралы болжам жасалды (ол кезде бұл бөлінген қабаттар материалмен немесе талдаулармен мерзімделмеген болатын).<sup>76</sup>

Оның хронологиясы мен халқының қай мәдениетке тиісті екені туралы барған сайын көбірек деректер жинақталып келеді. Зерттеу жүргізу кезеңінде Қарахан кезеңіне жататын қыш ыдыс коллекциясы жинақталған. Бір қызығы, Рахат ескерткішіндегі сақ-үйсін дәуірінің қыш ыдыс сынықтары ортағасырлық материалмен қатар кездейсоқ жер бетінен табылған. Сонымен қатар, аталмыш еңбекте төбелердің адам қолымен жасалғаны туралы болжамдар да көбірек айтылады. Біздің пайымдауымызша бұл төбелердің үстіңгі бөлігінде қалыңдығы әртүрлі мәдени қабат бар. Мысалы,

---

<sup>73</sup> Бұл да сонда.

<sup>74</sup> Бұл да сонда.

<sup>75</sup> Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г., Курбанали Ж. Археологические раскопки городища Рахат в полевом сезоне 2019 г. // Археология Казахстана. № 2(8). – 2020. 65-77 бб.

<sup>76</sup> Бұл да сонда.

шұңқырлардың тереңдігі 1,5-2 м асуы мүмкін, бірақ төбелердің негізгі биіктігі табиғи қабаттар болып табылады.<sup>77</sup>

А.А. Нұржанов өз кезегінде К.М. Байпақов әзірлеген типологиямен келісе отырып, Жетісу өңірі қоныстарының типологиясын жетілдіруге тырысты.<sup>78</sup> Соңғы жылдары жекелеген, әдеттегі типтік емес ескерткіштер туралы жинақталған мәліметтер негізінде болашақта осы типологияны өзгерту немесе бөлшектеу туралы мәселе туындайтыны анық. Әзірге бұл ескерткіштің уақытша қоныс-баспана болғаны жөнінде бірнеше функциялары туралы ғана айтуға болады. Ескерткіш орналасқан жердің топографиясы шын мәнінде осылай ойларды дәлелдей алуы мүмкін.

2021 жылға дейін Рахат ескерткішіндегі №1 орталық төбешікте бөлме едендері, сыпалар (суфа), іргетастар сынды толыққанды тұрғын үй құрылыстарының қалдықтары бар мәдени қабаттар анықталған жоқ. Бір жағынан сол үшін де К.М. Байпақов тарапынан ол уақытша қоныс-баспана деп аталып отыр. Дегенмен бөлме дуалдарының (қабырғаларының), едендерінің жекелеген бөліктері кездесіп анықталды. Бұл жерде жекелеген құрылыстардың қирандылары туралы айтуға болады. Қазіргі кезде анықталған мәдени қабаттардың едәуір бөлігін, сонымен қатар, қыш ыдыстарды, ең алдымен, жақын маңдағы ортағасырлық ғұрыптық-жерлеу кешенінің бөлігі, бұйымдары ретінде атап өтуге болады (жерлеу орны, ошақтардың орындары, ошақтар мен тандыр-пештер анықталды). Оның ішінде, бұл қыш ыдыстар коллекциясы және осы кешен заттарының саны жағынан Қарахан кезеңіндегі өңірдің отырықшы мәдениет ескерткіштерімен салыстырғанда қала жұрттар мен қоныстар саны өте шектеулі болып келеді.

---

<sup>77</sup> Айтқұл Х.А., Железняков Б.А., Зікірия Д.Қ. Керамика поселения Рахат IX – начала XIII вв. (предварительные результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021 г.) // JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University». – 2021. №4 (103). 101-111 бб.

<sup>78</sup> Нұржанов А.А. Жетісу – золотая колыбель казахской нации

//[http://www.archaeolog.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=180%3A2013-12-09-09-10-12&catid=6%3Anews&Itemid=2&lang=ru](http://www.archaeolog.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=180%3A2013-12-09-09-10-12&catid=6%3Anews&Itemid=2&lang=ru) Дата обращения: 26.05.2021

## **РАХАТ ескерткішінде табылған материалдарға**

### **зертханалық зерттеулер**

#### **Қыш ыдыс материалдары**

2021-2023 жж. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыты бойынша «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» (жоба жетекшісі Г.Р. Мухтарова, экспедиция жетекшісі Х.А. Айтқұл) ғылыми-қолданбалы жобалық зерттеу жұмыстары аясында Рахат қонысынан – 491 дана қыш ыдыс сынықтары анықталды: 2021 ж. - 247 дана; 2022 ж. - 151 дана; 2023 ж. 103 дана.

Қыш ыдыстардың сынықтары жасалу техникасы орта ғасырға тән, ішінде қызыл, қоңыр түстер көптеп кездеседі. Қыш ыдыстардың басым көпшілігінің ернеулері сыртқа қайырылған, бүйірі дөңес келген асханалық қыш қазандарға тән. Табылған артефактілердің ішінде қыш ыдыстың бүйірлері әлдеқайда көбірек табылды және ыдыс түптері де кездесті.

Рахат ескерткішінің негізгі төбесінде жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыс сынықтарынан, оның типтік пішіндерін бөліп қарастыруға болады. Бұл, қыш қазандар, көлденең қимасы бар дөңгелек пішінді екі тұтқалы, олар көбінесе түйін түрінде бұралған. Олардың кейбіреулерінде бүйіріне бекіту кезінде салынған саусақтардың батырма іздері бар.

Жалпы, қыш ыдыстар мен оның қалдықтары кез-келген археологиялық ескерткіштегі ең жиі кездесетін заттардың бірі болып табылады. Бұл құбылыстың себебі өндірістің салыстырмалы қарапайымдылығында және материалдың тез сынғыштығында және оның әрбір үй шаруашылығында пайдалану қажеттілігінде тұр. Қыш ыдыстың кез-келген «анықталатын» сынығы оның ерекшеліктеріне байланысты: көзешілер мектебі, бейнелеу мәдениеті, кейде таңбалау жүйесі және т.б., сондай-ақ, саз (шикізат) кен орнын танытады. Осылайша, дәуір мен

этномәдени топты оңай анықтауға болады. Көзеші – топырақтан немесе саздан тұрмыстық, рәсімдік заттар, мен басқа да ыдыстар жасалынған кезде – алғашқы шығармашылық кәсіптердің бірінің көрнекті өкілі болып танылады, ал қыш ыдыстар фрагментінен оның дәуірі туралы қомақты мәліметті жинақтауға болады.<sup>79</sup>



Аталмыш ескерткіштегі қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыс сынықтарын типтік пішіндерге бөліп қарастыруға болады. Бұлардың арасынан қыш қазандар ерекше көзге түседі, олар көбінесе түйін түрінде бұралған көлденең қимасы бар дөңгелек пішінді екі тұтқалы болып келеді. Кейбірінің бүйіріне бекіту кезінде түскен саусақ іздері, құлақша пішінді тұтқалары да ұшырасады. Сонымен қатар, анықталған қыш ыдыстар қатарына хұм және хұмшалар да кіреді. Қыш ыдыстар дайындалған құмыралар сазының құрамында қыш ұнтақ, дала шпаты, органикалық заттар кездеседі. Балшығының июі қана иленген, тығыз, ал сыртқы пішініне қарағанда көзеші шарығында жасалған. Жоғары және біркелкі температурада күйдірілген

---

<sup>79</sup> Айтқұл Х.А., Железняков Б.А., Толемісова Д.Қ. Результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021-23 гг. (по керамическим материалам) // ХАБАРШЫ «Тарих сериясы» / ВЕСТНИК «Серия историческая» / JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University» ғылыми журналы. 2023. – №4 (103). С.227.

ыдыстар негізінен ашық қоңыр қызыл түсті, кейбір жағдайларда сұрғылт түсті болып келеді.

Ежелгі және ортағасырлық қауымдардың даму деңгейін көрсететін негізгі көрсеткіштердің бірі керамика өндірісі болып табылады. Өндірістің бұл саласы қаншалықты дамыған болса, оны жасаған қауымдардың дамуы да соншалықты дәрежеде болатындығы белгілі. Сайып келгенде, қыш ыдыстар, күйдірілген саздан жасалған басқа заттар, мысалы, ошақтар, шырағдандар өркениетті адамзаттың заттық мәдениеті тарихындағы ең көп пайдаланылған материал болды. Мамандардың пайымынша қыш ыдыстардың көптеген артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Кемшілігі тез сынғыш болады, ал артықшылығы жасалуы мен икемге келуі оңай, сонымен қатар ұзақ уақытқа азық-түлікті қыш ыдыстарда сақтауға ыңғайлы материал ретінде саналады. Жалпы алғанда, құмырашылықтың дамуымен көзешінің қоғамдағы рөлі өзгерді, технология жетілдірілді, ою-өрнек дамыды немесе құлдырады, ангобты түсіру әдістері және т.б. бірге дамып отырды. Ортағасырлық қалалық немесе жерлеу мәдениетінің (қалалық қорымдардың) ескерткіштері орындарына жүргізілген қазбалар кезінде табылған қыш ыдыс материалдары ескерткіштің хронологиясы туралы ғана емес, сонымен қатар ыдыстардың мақсаты бойынша белгілі бір бөлменің типологиясы туралы (ас үй, т.б.), белгілі бір дәрежеде бүкіл ескерткіштің мақсаты туралы түсінік бере алады. Соңғы кезге дейін отырықшылық және көшпелі мәдениеттердің ортағасырлық ескерткіштерінің типологиясы жеткілікті түрде дамыған деп саналды. Олардың қатарында қала жұрттарын, бекіністі немесе бекініссіз қоныстарды, арнайы қоныстарды (мысалы, өзен өткелдерінде, қасиетті орындары мен бейнелері бар кейбір киелі ландшафттар), бәлкім ашық аспан астындағы ғибадатханаларды, жерлеу және еске алу ескерткіштерін атап өтуге болады. Қыш ыдыстарды зерттеу нәтижелері археологиялық ізденістерде маңызды рөл атқарғанмен оның типологиясы көпшілік мәдени-тарихи өңірлерде әлі толыққанды анықтала қойған жоқ.

Авторлар Рахат ескерткішін аса сақтықпен қоныс-моноқала (мәдени қабаты бар ортағасырлық археологиялық ескерткіш) деп атап отыр. Артефактілер мен қыш ыдыстар әртүрлі құрылыс құрылымдарын, олардың мақсаты мен мерзімін анықтауға және түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұрынғы кейбір құрылыс құрылымдарында қыш ыдыстардың сынық бөліктері табылмаса, онда оларда ұжымдық тіршілік болмағанын айтуға болады. Рахат ескерткішінен табылған қыш ыдыстардың көлемі біз байланыстыратын басқа археологиялық орындардағыдай (қоныс) үлкен емес.<sup>80</sup> Сонымен қатар, археологиялық ғылымның дамуы салыстырмалы түрде аз материалдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, бұрын қалыптасқан типологияға ең қолайлы уақытша қоныс-баспана ескерткішінің түрі қолданылады. Рахат ескерткішіне арналған бұл типологияны К.М. Байпақов ұсынды. Ал, 2021-22 және 2023 жылдардағы қазба жұмыстарының экспедиция жетекшісі Х.А. Айтқұл моноқала типологиясын ұсынды (қыш өндіретін қала). Ескерткіштерді қала ретінде түсіндіруге кем дегенде, археологтар жазып алатын фортификациялық құрылыс қалдықтары жетіспейді. Қала жұртының типологиясы Қазақстанның басқа аймақтарында әлі де болса жете зерттелмегенмен, олар Оңтүстік Қазақстанның ерте орта ғасырларындағы көптеген қала жұрттарында кездеседі. Жақын болашақта ескерткіштердің типологиясы айтарлықтай нақтылауды қажет етуі мүмкін. Бұл жерде қыш ыдыстар материалын талдау Рахат ескерткішінің белгілі бір типологиясына қаншалықты ықпал етеді деген заңды сұрақ та туындайды.

Қарлұқ және Қарахан дәуіріне жататын қыш ыдыстардың сынықтарынан Рахат қонысындағы осы кезеңдерге тән «мәдени» ізді байқауға болады.<sup>81</sup> Қоныстан және Рахат қорымдарынан қазбадан тыс табылған қыш ыдыстар зерттеу нысанына айналып

---

<sup>80</sup> Айтқұл Х.А., Железняков Б.А., Зікірия Д.Қ. Керамика поселения Рахат IX – начала XIII вв. (предварительные результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021 г.) // JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University». – 2021. №4 (103). 101-111 бб.

<sup>81</sup> Бұл да сонда.

үлгерді. Кейбір археологиялық ескерткіштерде әртүрлі себептермен, әсіресе ғұрыптық орындарда, қорымдарда және кешеннің басқа да нысандарында – ескерткіштердің ерекше түрлерінде қыш ыдыс өндірісінің іздері анықталмағанын атап өткен жөн. Қыш өндірісі салыстырмалы түрде ірі қоныстар мен тиісті инфрақұрылымы бар қала жұрттарында дамиды. Жаппай өндіріс үшін ағынды су, қажетті материалдарды тасымалдауды қамтамасыз ету: саз, отын және т.б. сынды тұтастай кешен және ең бастысы халық пен саяхатшылардың өндірілген өнімдерге деген тұрақты сұранысы қажет. Болашақта Рахат кешінен қыш пештер, шеберханалардың қирандылары және т.б. сияқты өндіріс іздері табылғанға дейін қыш ыдыстар ең жақын орталықта – Талһирден (Талғар қала жұртынан) сатып алынған немесе айырбасталған деп болжауға болады.<sup>82</sup>

Іле алқабында ортағасырлық кезеңде материалдық мәдениеттің, қолөнердің, егіншіліктің дамуы бірнеше өрлеу мен құлдырау кезеңдерін бастан өткерді. Қалалық мәдениеттің палеоэкономикасы өте ұзақ тарихы бар терең зерттеу нысанына айналды.<sup>83</sup> VIII-XIII ғасырлар кезеңі қыш өндірісін дамытудағы, материалдық мәдениетті дамытудың басқа да салаларындағы сияқты, тұтас өңірлер мен мемлекеттердің халқын ислам өркениетіне тартумен байланысты, айтарлықтай даму әлеуеті бар революциялық кезең болды. Қолмен сомдаудан көзе шарығына көшуді, ыдыс беттерін ангобтаумен (бояу) қатар, салтанатты асханалық қыш ыдыстың ерекше түрін жасау үшін шыңылтырды пайдалану осы кезеңде жүзеге асты.<sup>84</sup>

X-XI ғасырлардан бастап Қаратаудың солтүстік-шығысында шыңылтыр қыш бұйымдар пайда бола бастады. Шағын қоныстарда мұндай ыдыс сирек кездесетін. Технология мен стильдегі соны өзгерістерге қарамастан, қыш ыдыстың негізгі

---

<sup>82</sup> Кузнецова О.А., Савельева Т.В. Гончарное ремесло в средневековом Талгаре. Альбом. Алматы: ИА им. А.Х. Маргулана, 2019. 220 б.

<sup>83</sup> Зиняков Н.М., Савельева Т.В. Палеоэкономика средневековых городов Илийской долины VIII-XIV вв. (по археологическим источникам). Алматы, 2020. 520 б.

<sup>84</sup> Пугаченкова Г.А., Ремпель Л.И. Очерки искусства Средней Азии. М.: Искусство. – 1982. 288 б.

типологиясы өзгеріссіз қалды. Ас үйлік, асханалық және тұрмыстық қыш ыдыстар өзінің жаппай, тұрақты пішіндерінің арқасында халық арасында кең таралуына байланысты қаланың бүкіл даму кезеңінде оның тарихы туралы маңызды ақпарат көзі болып қала береді. Бұл қыш ыдыстар мәдени кезеңдердің ауысуы мен сабақтастығын көрсететін көрсеткіш ретінде қызмет етеді.<sup>85</sup> Шыңылтыр қыш ыдыстар Талғар қала жұртында да кең қолданылған. Соған қарағанда жергілікті жерде өндірілген деген болжам жасауға болады.<sup>86</sup>

Әр түрлі себептерге, ең алдымен, ескерткіштің көлеміне, ірі елді мекенге жақындығына және басқа да параметрлерге, сондай-ақ ескерткіштің қала, қоныс, қорым, ғибадатхана және басқа да типологиясына байланысты барлық ортағасырлық қоныстарда қыш ыдыс өндірісі жолға қойылған жоқ. Қыш өндірісі шикізат базасы, су, отын және басқа тиісті инфрақұрылымы бар ірі қоныстар мен қала жұрттарында ғана дамыған, сондай-ақ, бірінші кезекте көзеші қажет ететін өнімдерді сату (өткізу) жолға қойылған. Өндіріс орны табылмаған ескерткіштегі қыш ыдысты зерттеудің өзі құбылыс. Ол тек оны пайдалану мен кәдеге жарату туралы мәлімет береді. Рахат қыш ыдыстары Талғар қала жұртының ең жақын синхронды қалалық мәдениет ескерткішінің тікелей аналогтарымен салыстырылады. Ауқымды зерттеулердің нәтижесінде Талғарда темір ұстасы, көзешілік және басқа да көптеген дамыған қолөнер мен ірі өндірістердің болғаны анықталды.

Археологиялық зерттеулердің нәтижесін қорытындылай келе табылған қыш ыдыс сынықтарын, дуал (қабырға) бөліктері мен тандырлар мен ошақтардың орындарын, жоғарғы алаңнан шыққан қыш ыдыстармен қатар қола шырағданды да талдауға болады. Сонымен қатар, бірнеше жерлеу орындары қазылып, соның ішінде сүйектерді тазарту рәсімі де тіркелді. Осылайша, бұл жер әлдебір әдет-ғұрыптар атқарылған немесе аз ғана ұжымның

---

<sup>85</sup> Бұл да сонда.

<sup>86</sup> Кузнецова О.В. Поливная керамика Талгара // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. – 2007. № 1. 102-106 бб.

бәлкім бір отбасының қандай да бір уақытша өмір сүрген ортасы болуы да мүмкін деген болжамды да жоққа шығара алмаймыз. Рахат зерттеулері белгілі бір мәдени қабаттардың стратиграфиясын, қираған құрылыстардың орындарын, сондай-ақ қыш ыдыстардың анық бөлініп шығатын артефактілерін белгілеу туралы деректер берді.

*Қыш ыдыстар.* Бірінші назар аударуға болатын нәрсе – әдеттегі асхана және ас үй ыдыстарымен қатар, арнайы тапсырыстар бойынша жасалған «ерекше» белгілері бар жеке ыдыстар. Қолмен сомдалған үлкен, кең мойынды ыдыстарды (құмыраларды), ернеуі кең бірнеше сынықтарды, қандай да бір ірі су таситын құмырадан шыққан шүмекті көргенде әуелі жақын маңнан су тасымалданған деген ой келуі мүмкін. Себебі, Рахат өзені жақын орналасқан, тіпті бүгіндері тартылып кеткен бұлақ болуы да ықтимал. Алайда бұл ыдыстар егіншілік, бау-бақшаны суару үшін пайдаланды деуге болмайды. Себебі, мұндай көлемдегі ыдыстар қанша үлкен болса да танаптарды суаруға жетпес еді. Сонымен қатар, әзірге ескерткіштің жоғарғы жағында Рахат өзенінен басқа өзеннің немесе өзге суару көзінің іздері табылған жоқ.

Мойыны ұзын, ернеуі кең құмыралардың салыстырмалы түрде көп саны (мәдени қабаттарда табылған бірнеше сынықтардан қалпына келтірілген) бұл биік және сусыз жерде, бәлкім, ас беру мен соған ұқсас рәсімдер жасалуы мүмкін екендігінен хабар береді. Ас үй мен асханалық қыш ыдыстың табылуы, ошақтар мен тандырлардың кездесуі ерте орта ғасырларда бұл аймақтың халыққа өмір сүруге аса қолайлы аумақ болғанын көрсетеді. Пайыздық тұрғыдан алғанда ілмек тәрізді тұтқалары бар қазан топтары, көптеген белгісіз сынықтар, ыстыққа төзімді ыдыстардың көп болуы әдет-ғұрыптарды атқару үшін сол маңда тамақтар дайындалғанын білдіреді. Қыш ыдыстардың барлығы дерлік көзе шарығында жасалған. Қолмен сомдау арқылы ас үй (ыстыққа төзімді) көзелері мен астық сақтайтын үлкен ыдыстардың (һұмдар) бір бөлігі жасалған. Қыш ыдыстың стандартты жиынтығына қарағанда олардың иі қанған

балшықтан жасалып, жақсы күйдірілгені білінеді. Олардың айтарлықтай бөлігі көзе шарығында жасалып ангобпен әрленген. Бұл олардың көрші Талһиздің көзеші шеберханаларында өндірілгендігінен хабар беруі мүмкін. И.И. Копыловтың қазбаларында қала маңындағы және біреуі оңтүстік-батыс бөлігіндегі қала дуалдарының (қабырғаларының) ішінде ашылған көзеші шеберханалары туралы айтылады, сонымен қатар, аталмыш көзеші шеберханаларды Т.В. Савельева да зерттеген. Бұл туралы толығырақ ақпарат төменде беріледі.

2020 жылы Рахат қазбасынан табылған, ортағасырлық халық тұтынған керамикалық материал жануарлардың сүйектерімен бірге табылған заттардың негізгісі болып зерттеудің алдын-ала нәтижелері жарияланды.<sup>87</sup> 2013-2019 жж. қазба маусымдарында табылған қыш ыдыс сынықтары «анықталатын» түрге бөлініп, барлық заттар суретке түсіріліп, ыдыстардың пішіні мен пайдалану аясы бойынша түрлерге бөлініп, сипаттамалары жасалды. Бұлардың барлығы ірілі-ұсақты ыдыстардың анықтауға болатын фрагменттері. Көзе шарығында жасалған және қолмен сомдалған аралас қыш ыдыстар басым болғанмен көбі тұтқалар, шүмектер, қазандар болып келеді. Асханалық қыш ыдыстардың арасында көзе шарығында жасалғаны басым. Рахаттан табылған қыш ыдыстарға шолу және статистикалық талдау жасау кезінде біз В.Ф.Генинг,<sup>88</sup> М.Г.Глушков,<sup>89</sup> А.А.Бобринский<sup>90</sup> және басқа да көптеген зерттеушілер – осы саладағы негізгі теоретиктер әзірлеген классикалық тәсілдерге сүйендік.

Аталмыш 2013-2019 жж. археологиялық зерттеулер жүргізу барысында барлығы 89 түр-сипаты анықталатын қыш сынықтары табылды. Хронологиялық жіктелуіне қарай барлық сынықтарды Қарахан кезеңіне, кейінгі қарлұқ кезеңіне жатқызуға болады.

---

<sup>87</sup> Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А., Тулегенов Т. Средневековая керамика поселения Рахат (по материалам исследований 2019-2020 гг.) // Археология Казахстана № 3, 2020. 82-92 бб.

<sup>88</sup> Генинг В.Ф. Программа статистической обработки керамики из раскопок // СА, № 1. – 1973. 114-137 бб.

<sup>89</sup> Керамика как исторический источник: Тезисы и материалы конференции // под ред. И.Г. Глушкова. Тобольск: Издательство ТГПИ. – 1996. 102 б.

<sup>90</sup> Керамика как исторический источник. Подходы и методы изучения // Бобринский А.А. (отв. ред.). Новосибирск: Наука СО РАН. – 1989. 177 б.

Алайда, керамика әртүрлі жоспарлау жағдайында жиналады. Барлығы ең ұсақ сынықтарына дейін анықталды. Тек екі қыш сынығының түрін анықтау қиынға соқты.

Осылайша, ыдыстардың барлық сынықтарының түрі анықталды. Нәтижесі төмендегідей болды: қазандар – 55 дана, құмыралар – 17 дана, саптыаяқ – 3 дана (тұтқалар – 3 дана), ас үй (тамақ қуыруға арналған тұтқалы таба) – 1 дана, һұмдар (һұмшалар) – 7 дана, шүмек (ірі көлемді) – 1 дана, кең мойынды ыдыстар (ірі құмыралар) – 2 дана, тегене – 1 дана. Зерттеулердің алғашқы жылының нәтижелеріне және 2004 жылы салынған шурфтағы сынды қолмен аршып алынған сомдалған қыш ыдыстың басым болуына қарамастан, тұтастай алғанда зерттеу жүргізілген кезең бойынша көзе шарығында жасалған қыш ыдыстар қолмен сомдал түрінен едәуір басым. Көзе шарығында шамамен 80% дайындалған қыш қазандар барлық материалдың 62%-ын құрайды. Барлық қыш ыдыстан көзе шарығында жасалған құмыралар да сол пропорцияда едәуір басым – олардың 20%-ын құрайды.

*Қыш қазандар* – Рахат ескерткішіндегі археологиялық зерттеулерден табылған ауқымды материал орталығы Іле алқабы мен Жетісу болып табылатын бүкіл өңірге тән осы ыдыстардың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Шу және Талас алқаптарының қазан түрлерінде шамалы айырмашылықтар бар. Сонымен қатар, сол кездегі Шу алқабының жекелеген қазандары Іле алқабындағы аналогтарынан «айтарлықтай» ерекшеленеді.<sup>91</sup> Басқа ыдыстардан бітімі стандартты, тегістелген пішіні (түбіне қарай) ерекшеленеді. Екі көлденең ілмекті тұтқасы бар, қимасы дөңгеленген, бұрау түрінде жасалынған. Көптеген тұтқаларда пішінге бекітілген орындарда көзеші саусақтарының іздері бар. Бұл тек эстетикалық мән үшін жасалынбаса керек. Мұның басты себебі жеке иленіп, формаға келтірілген тұтқаларды белгілі бір пішінге механикалық

---

<sup>91</sup> Ақымбек Е.Ш. Шу-Талас өңірлеріндегі ортағасырлық қалалардың сырлы керамикаларына жүргізілген зерттеу жұмыстары // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(58). – 2018. 297-311 бб.

әдіспен бекіту (жапсыру) кезінде материалдарды бір-біріне біріктіруінің әсері болуы мүмкін.

Қыш қазан сынықтары (тұтқалар, бекітілу орындары, ернеулер) табылған заттардың ішінде тегіс тұтқалары бар көлденең доғалы қазандар кездесе де, ескерткіштен бұрамалы тұтқалар әлі анықтала қойған жоқ. Салыстырмалы түрде шағын ыдыстарға тиесілі кішкентай «құлақ» түріндегі тұтқалар жиі кездеседі. Зертханада тазалау және өңдеу жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан қазандардың басым көпшілігінің сыртқы беті қатты ысталған күйде қалып тұр. Ыдыстарды ыстыққа төзімді ететін арнайы қоспалары бар шикізат қолданылған ыдыстардың едәуір бөлігі осы ескерткіштегі негізгі іс-шаралардың бірі – (ғұрыптық) тамақ дайындауға пайдаланылғанын көрсетеді. Рахаттан табылған ыдыстың ең көп таралған фрагменті – қазандардың ернеулері. Мұндай ыдыстардың басым көпшілігі көзе шарығында жасалып, тұтқалары қолмен бекітіліп, өрнектер салынған. К.М. Байпақов атап өткендей, ғылыми айналымға енгізілген қыш артефактілердің негізгі саны шыққан отырықшылардың ескерткіштерінде ыдыстардың бұл түрі әрқашан көп болған. Алайда Рахат қонысынан табылған қыш ыдыс сынықтарының «анықталатын» кешеніне қарағанда, мұнда олардың пайызы жалпы санының 50% -ынан асып түседі.

*Су таситын құмыралар*, ең көп таралған ыдыстардың екінші түрі, кейде шүмегі бар қысқа мойынға ие (көбінесе бұл туралы айту қиын. Себебі, мойын бөлігі сыртқы жағында, тұтқасы бекітілген жерде сақталады). Ыдыстың бітімі қатты ісінген, иық тұсында, кейде пішін бойында шоғырланған немесе толқынды сызықтармен өрнектелген. Құмыра сынықтарында мөр-таңбалар әлі табылған жоқ. Сондай-ақ, үлкен жұмыртқа тәрізді бітімі бар екі тұтқалы құмыралар екі адам алыс қашықтыққа тасымалдау, арту және т.б. мақсатта кеңінен қолданылды. Әрине, мұндай ыдыстарсыз сусыз төбеде ешқандай тірлік те, рәсімдер де өткізу мүмкін емес.

Ірі көлемдегі және арнайы мақсаттағы ыдыстар ретінде мүсіндік сомдау жасалған және пеште күйдірілген, өлшемдері

туралы мәлімет беретін ернеу-жиект, су тасымалдауға арналған ірі ыдыс пен оның анағұрлым көлемдегі, едәуір қалыңдықтағы су шүмегі бар *ірі һұмдардың* қыш сынықтарын жеке атап өту қажет. Шүмектің сақталған ұзындығы шамамен 12-13 см. Шүмегінің ернеуіне қарай аздап кеңейгенмен ұшына қарай тарлау болып келеді. Су шүмегі ернеуінің диаметрі 7 см. Жарықша орнында – су шүмегі бекітілетін жердегі диаметрі шамамен 11,5-12 см. Тәжірибелі ортағасырлық шебер жасаған бекіту орны айқын көрінеді. Мұндай ыдыстардың «сериялы еместігі» оның ерекше тапсырыс бойынша, бәлкім, кейбір салт-жоралық немесе еске алу мақсаттары үшін жасалғанын білдіреді. Мұндай ыдыстарды өңірдегі ортағасырлық ескерткіштердің қыш ыдыстар кешенінен кездестіре алмаймыз.

Тағы бір ерекше, диаметрі 15 см, ұзындығы 5-6 см болатын түзу «Г» тәрізді ернеуі бар сирек ыдыс (кең мойынды құмыра) көптеген сынықтардан төмен қарай кеңейетін мойын бойымен қалпына келтірілді. Мойынның ыдыстың негізгі денесіне жалғасар тұсында сыртқы қабырғасы толқынды готфранланған. Біздің қолымыздағы ыдыстың бөлігі – ернеуі өте кең және қысқа мойынды «салтанатты» құмыраны көзе шарығында жергілікті, Талғар шеберлері жасауы мүмкін. Пішіні біркелкі, ернеу-жиегі сәл артқа иілген және біркелкі кеңейетін пішінді тағы бір кең мойынды құмыраны бірінші құмыраның аналогы деуге болады. Төмендей келе кеңейіп кететін пішінінің ені аса үлкен емес сияқты (сынықтардан ыдыстың жоғарғы бөлігі ғана қалпына келтірілген). Аталмыш қыш ыдыстардың құрылымдық ерекшеліктері мен пішіндеріне қарай оларды культтық мақсатта пайдалану үшін жасалуы мүмкін деп топшылауға болады.

Негізінен қазба жұмыстары кезінде мәдени қабаттардан табылған қыш ыдыс сынықтарының басым бөлігі құмыра ыдыстарынан тұрады. Олардың мойыны түзу, сыртқа қарай қалыңдай түсетін «Г» тәрізді ернеу-жиегі бар. Ұзын мойыны жуандай келе, жоғарғы жағында шар тәрізді бітімге ауысып, конус пішінмен төмен қарай тарылған. Мұндай ыдыстар түптері жайпақ шар тәрізді пішінде кездеседі. Олардың бітімі шоғырланған және

толқын тәрізді сызықтармен өрнектелген. Ыдыстарда мойынға бекітілген екі ілмек тәрізді тұтқалар бар.

*Асханалық құмыралар* да өте көп. Орташа және кіші көлемдегі құмыралардың пішіндері кең болғанмен мойындары тар әрі қысқа боп келеді. Тұтқалары (дөңгелек немесе ілмек пішінді) мойынға және пішінге бекітіледі. Құмыраның ернеу-жиегі орташа және шағын әр түрлі көлемде, тіпті кейбірі ағызу оймасымен кездеседі.

Қыш сынықтарының арасында дәстүрлі алмұрт пішінді, шағын, ілмек тәрізді тұтқасы, қимада сопақша, бірнеше саптыаяқ кездеседі. Бірақ үлкен және кең, көлденең қимасы тегіс тұтқалар да бар. Олардың ірі және қалың қабырғалы ыдыстарға бекітілгені анық. Ыдыстардың басқа түрлері сияқты саптыаяқ сынықтарының шағын коллекциясына қарағанда, олардың негізгі бөлігі жұқа қабырғалы, қолмен сомдалған деген қорытынды жасауға болады.

Көптеген ыдыстар туралы, мысалы, құмыраның сақталған түбі бойынша асханалық немесе су таситын ыдыс болды ма деген сұраққа жауап беру қиын. Бұл мақсаттағы ыдыстардың барлығы дерлік жұқа ашық қоңыр ангобпен әрленген. Балшық құрамы пен күйдіру әдісі мен визуалды бағалауы бойынша Талғар қала жұртындағы ыдыстардан еш айырмашылығы жоқ.

*Һұмдар мен Һұмишалардың* анықталатын бірнеше (жеті) сынықтары сақталған. Бұл ыдыстардың диаметрі 30-35 см асатын, төменгі жағында саусақпен басылған батырма ұзын «Г» тәрізді ернеу-жиектері табылды. Диаметрі 45 см-ден асатын ернеу-жиектерде (диаметрі сынықтар бойынша қалпына келтірілген), «толқын тәрізді» өрнектері бар, Қарахан уақытына тән өрнектер, саусақ батырмасы бар. Осы типтегі барлық ыдыстар мүсіндік сомдау әдісімен жасалған. Күйдіру де, ыдыстарды ескерткішке жеткізу де арнайы жабдықты, көлікті және күш-жігерді талап еткені анық.

Жалпы алғанда, 2013-2020 жылдардың нәтижелері бойынша және 2004 жылғы зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, қолмен сомдалған қыш ыдыстан көзе шарығында жасалған қыш ыдыстар едәуір басым болған деген қорытынды жасауға болады.

Бірақ, сомдалған қыш ыдыстың да басым болатын учаскелері бар. Оның бәрі мерзімделетін қабаттың қазба орнының орналасуына байланысты. Ескерткіштің жоғарғы алаңында (табиғи немесе адам қолымен қоршалған) 2004 жылы салынған қазба орнынан анықталған материалдар арасында қолмен сомдалған қыш ыдыстардың басым болғаны анық. Ал, қазбаның қабырғасынан оңтүстікке қарайғы көлденең алаңдарда көзе шарығында жасалған қыш ыдыс сынықтары басым.

Шамасы, ерте орта ғасырлардың екі кезеңінде осы аумақтағы халықтың әртүрлі «өмір сүру» қарқындылығы туралы айтуға болады: біріншісі – VIII-X ғасырлардың соңы және екіншісі – XI ғ. соңы XIII ғасырдың басы. Бұл хронологиялық шеңберді 2021-23 жылдардағы қазба авторы Х.А. Айтқұл белгілеген және бұл ескерткіштің бұрынғы тұжырымдары мен қазіргі көзқарасына мүлдем қайшы келмейді. Негізінен өмір сүруге ыңғайлы жерлерде немесе басқа мақсаттардағы екі мәдени хронологияны көруге болады.

Рахат ескерткішіндегі қыш ыдыс сынықтарының белгілі бір бөлігін мұқият тексеру арқылы табылған қыш ыдыстардың бірнешеуінен басқасы осы аймаққа тән деген қорытындыға келдік. Қыш ыдыстардың барлық түрлерімен ыдыс түрлері бойынша деректер келтірілген кестелерден көруге болады. Оларды К.М. Байпақов немесе О.В. Кузнецова<sup>92</sup> сериялық өндірістен шығып қалған (жалпы өңірге қатысты VIII-X ғасырлардағы кезең<sup>93</sup> жекелеген ескерткіштердің, жекелеген кезеңдердің және ыдыстардың қыш ыдыстарын сипаттау кезінде бірнеше рет жариялаған.<sup>94</sup>

Ескерткіштегі зерттеулер 2021 жылы жалғасып, осы далалық маусымда ғана Рахат ескерткішінің ортағасырлық

---

<sup>92</sup> Кузнецова О.В., Кольченко В.А. К характеристике тарной керамики со средневековых городищ Семиречья // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. № 1. – 2002. Алматы: Ғылым. 205-218 бб.


<sup>93</sup> Кузнецова О.В. Интересные находки керамики из Северо-Восточного Жетысу // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. № 1, 2006. 75-77 бб.

<sup>94</sup> Байпақов К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга II. Урбанизация Казахстана в IX-XIII в. Алматы, 2013. 346-347 бб. Сур. 158, 159.

қабаттарында 11 дана сыртқы пішіні бойынша нақты анықталатын қыш сынықтары, сондай-ақ бірнеше қызықты артефактілер табылды.

Олардың қатарында іс жүзінде жұмыртқа пішіндес етіп мінсіз өңделген тас (зергерлік тас балға) бар. Өлшемі: ұзындығы – 7 см, диаметрі – 5,3 см. Аздап пішіні сопақша келген, сүйірлеу ұшында пайдаланған іздер, жиі қолданылатын жұмыс бетінде ұсақ жарықшақтар бар. Бір жағында кішкене жарықшақ бар. Мұндай «тас балғаларды» зергерлер ұзақ уақыт бойы, зергерлік бұйымдар жасауда, әртүрлі кезеңдерде қолданғанымен нақты пайдалану мерзімін анықтау қиын (1а-сурет). Ортағасырлық Рахат ескерткішінің зерттелген мәдени қабаттарынан алынған жаппай материалдармен салыстыру арқылы жалпы мерзімдеумен байланыстырғанымыз дұрыс болады. Бәлкім онда зергерлік жұмыстар (жөндеу) жүргізілген болар.

Жебенің ұшы жалпақ әрі шыбық тәрізді темір дайындамасынан жасалған. Оның мақсаты сына тәрізді қайрағы бар аңшылыққа пайдалануы мүмкін (жануардың терісін ашу және баяу қан шығару үшін). Шыбығының ұзындығы – 8,3 см, ені – 4,7 см, қалыңдығы – 0,3 см, жүзінің ұзындығы – 4,9 см. Жебелердің бұл түрі ерте түркі заманынан қазіргі заманға дейінгі аралықтағы ұзақ мерзім бойы пайдаланылып келді (сурет 1б).



1-сурет. а) Зергердің тас балғасы, б) жебе ұшы

Ұзындығы – 7,8 см соғылған темір заттың сынған фрагменті. Бір шетінде диаметрі – 1,8-2,1 см жазық дөңгелек бетінен жоғары көтерілетін төрт қырлы пирамида түріндегі әшекейдің арнайы бекітуге тарналған жіңішке тесіктері бар. Бұйымның ортаңғы бөлігі қимасында көлемді таға тәрізді (алдыңғы жағына қарай дөңгелектенген). Заттың қандай мақсатта пайдаланылғанын анықтау өте қиын.

Табылған қыш ыдыс сынықтары ескерткіштегі осындай және дәл осы ыдыстардың орта ғасырлар кезеңінде пайдаланылғанын айқын көрсетеді. Өткен маусымдардағы сияқты қазандардың едәуір сынықтары табылды.

Ернеу-жиегі, пішіні дәстүрлі түрде орындалып, бітіміне бекітілген қазанның қалпына келтірілген диаметрі 22-28 см құрайды. Көзе шарығында жасалған, ұзындығы 2,5 см қыш ыдыс сынығының илеуі жақсы, біркелкі күйдірілген (сурет 2а).

Ернеу-жиегі, пішіні дәстүрлі түрде орындалып, бітіміне бекітілген қазанның қалпына келтірілген диаметрі 20-26 см құрайды. Көзе шарығында жасалған, ұзындығы 3,5 см қыш ыдыс сынығының илеуі жақсы, біркелкі күйдірілген (сурет 2б).


Қыш ыдыс сынығының сақталған ұзындығы бойынша біркелкі кеңейетін пішіні бар, кең мойынды құмыра деп топшылауға болады. Ернеу-жиегі тар, иілген тұсы ортаңғы бөлігінде біртіндеп кеңейіп, тар иыққа қарай иіле келіп тарылып кетеді. Қалпына келтірілген диаметрі 10-13 см-ді құрайды. Қыш ыдыс сынығының ұзындығы 4,8 см, көзе шарығында жасалған, илеуі жақсы, біркелкі күйдірілген (2в-сурет).

Құмыра түбі, диаметрі 10-12 см (ұзындығы 2,8 см сынығы бойынша қалпына келтірілген). Түбінің қалыңдығы 1,2 см, қабырғасына қарай сәл 0,9 см-ге дейін тарылған. Көзе шарығында жасалған, илеуі жақсы, біркелкі күйдірілген (2г-сурет).

Көзе шарығында жасалған құмыра (төменгі бөлігінің сынығы). Қабырғасының қалыңдығы 1,2-1,3 см, түбі шамамен 2 см. Диаметрі 15-21 см (ұзындығы 7,5 см сынығы бойынша қалпына келтірілген). Оның түбінен шамамен 1 см және шамамен


4 см қашықтықта болар-болмас иіле келе ыдыстың жоғарғы жағына қарай кеңейе түседі (3а-сурет).

Кең мойынды көзе шарығында жасалған құмыра (ернеу-жиегінің ұзындығы 4,3 см), қалпына келтірілген диаметрі 14-17 см, ыдыстың қалыңдығы 0,7-0,8 см. Ернеу-жиегінің дөңгелек ұшы сыртқы жағынан 45° кеңейеді. Ернеу-жиегі төмен жайпақ түбіне қарай тегіс тарылады (2б-сурет).



2-сурет. а) қазанның ернеу-жиегі, б) қазанның ернеу-жиегі, в) құмыра сынығы, г) құмыра сынығы.

Сонымен қатар, 2021 ж. коллекциясында әр түрлі мақсаттарға ие қыш ыдыстардың ернеу-жиектерінің тағы төрт кішкене сынықтары бар. Екі ернеу-жиегінің жоғарғы жағында ойығы бар, біреуі жалпақ және ішке қарай сәл иілген, соңғысы ішке қарай қатты иілген (3в-3е-сурет).




3-сурет. а) қазанның ернеу-жиегі, б) қазанның ернеу-жиегі, в) құмыра сынығы, г) құмыра сынығы.

Сурет 4а. Ас үй ыдыстарының, қазанның немесе шөміштің сынығы. Қырлы тұтқасы сынған. Тұтқаны пішінге бекіту тұсында бедерлі саусақ батырмалары бар. Қазан қабырғасының қалыңдығы 1,2-1,3 см.

Сурет 4б. Ас үй ыдыстарының қазанның немесе шөміштің сынығы. Қыш қазанның сынығында қырлы тұтқа толығымен сақталған. Қазан қабырғасының қалыңдығы 0,8-0,9 см. Шөміштің екі сынығы да Рахатта жасалған ас үй ыдыстарының жиынтығына тән.

Сурет 4в. Сақиналы радиалды бедерлі өрнектері бар қыш құмыраның сынығы. Қыш ыдыстың қалыңдығы 0,7-0,8 см.

Аталмыш коллекцияның соңғы қыш ыдыс сынығының қалыңдығы 0,5-0,6 см болатын саптыаяқ. Тұтқасы ыдыс қабырғасына бекітілген төрт бұрыш түрінде қолмен сомдалған.



4-сурет. а) қазанның немесе шөміштің сынығы, б) қазанның немесе шөміштің сынығы, в) құмыра сынығы.

2021 жылғы қазбадан анықталған қыш ыдыстар сынықтарының төмендегідей статистикасы жасалды: қазандар – 29 дана, құмыралар – 15 дана, һұм – 1 дана.<sup>95</sup> 2021 жылғы қазба жұмыстарынан табылған қыш ыдыстарға жасалған статистикадан сақтауға немесе тасымалдауға арналған қыш ыдыстардың (ас үй ыдыстары) басымдығын көріміз. Аздап қыш ыдыстарға байланысты белгілі бір рәсімдерді орындағаннан кейінгі ғұрыптық тағамды дайындау және тұтыну орны.

2022 ж. анықталған қыш ыдыстар:<sup>96</sup>

1 – қазба: құмыра – 7 дана, көзе – 4 ыдыс, сақтауға немесе тасымалдауға арналған қыш ыдыстар (ас үй ыдыстары) – 5 дана;

2 – қазба: құмыра – 11 дана, қазан – 7 дана, көзе – 1 дана, саптыаяқ – 5 дана, сақтауға немесе тасымалдауға арналған қыш ыдыстар (ас үй ыдыстары) – 3 дана;

Шурфтан алынған бұйымдар: құмыра – 5 дана, қазан – 1 дана, көзе – 2 дана.

<sup>95</sup> Айтқұл Х.А., Железняков Б.А., Толемісова Д.Қ. Результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021-23 гг. (по керамическим материалам) // JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University». №4 (111). – 2023. С. 170-179.

<sup>96</sup> Бұл да сонда.

Сақтауға немесе тасымалдауға арналған қыш ыдыстардан басқа, барлық қыш ыдыстар көзе шарығында жасалған. Анықталмайтын фрагменттердің ішінде қыш ыдыстардың шамамен 40 %-ы сыртқы жағында от табының іздері бар. Құмыралардың бірнеше сынықтарында толқынды өрнектер түсірілген.

2023 ж. анықталған қыш ыдыстар<sup>97</sup>:

1-қазба: құмыра – 5, көзе – 1 ыдыс, сақтауға немесе тасымалдауға арналған қыш ыдыстар (ас үй ыдыстары) – 2 дана;

2-қазба: құмыра – 9 дана, қазан – 5 дана, көзе – 2 дана, саптыаяқ – 3 дана, сақтауға немесе тасымалдауға арналған қыш ыдыстар (ас үй ыдыстары) – 5 дана;

3-қазба: құмыра – 5 дана, қазан – 8 дана, көзе – 7 дана, кесе (үлкен кесе) – 1 дана;

4-қазба: құмыра – 1 дана, қазан – 3 дана, көзе – 1 дана.

Сақтауға немесе тасымалдауға арналған қыш ыдыстарының (ас үй ыдыстары) бірнеше сынықтарын қоспағанда, барлық дерлік қыш ыдыстар көзе шарығында дайындалған. Анықталмайтын қыш ыдыс сынықтарының ішінде шамамен 20-30 % сыртқы жағында от табының іздері бар. Сонымен қатар, құмыралардың бірнеше сынықтарында толқынды өрнектің іздері бар.

2023 жылғы қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыстардың жалпы саны: құмыра – 20 дана, қазан – 16 дана; көзе – 11 дана; саптыаяқ – 3 дана, қалың қабырғалы өрнектелген кесе немесе шыны аяқ – 1 дана; қыштан жасалған ыдыс бүйірлерінің сынығы – 7 дана.

Кең ауызды құмыралардың салыстырмалы түрдегі көп саны (мәдени қабаттардан табылған бірнеше жеткілікті сынықтар бойынша қалпына келтірілетін) осы биік және сусыз жерде кездесуі, бәлкім, еске алу сипатындығы салт жоралары жасалуы мүмкін деген тұжырым жасауға жетелейді. Асхана мен ас үйде пайдаланылған қыш ыдыстардың табылуы, ошақтар мен тандырлардың кездесуі ерте орта ғасырлардағы халықтың бұл

---

<sup>97</sup> Бұл да сонда.

аумақты пайдаланғанын көрсетеді. Пайыздық тұрғыдан алғанда, ілгек тәрізді тұтқалары бар әдеттегі қазандықтар, ыстыққа төзімді болу үшін көп мөлшерде құм мен ағаш қосылған, ыстыққа төзімді қарапайым отта қақталған, қолмен сомдалған ыдыстар саны басым. Бұл осы жерде ас дайындағанын анық көрсетеді. Басқа қыш ыдыстардың барлығы дерлік көзе шарығында жасалған. Ас үй (ыстыққа төзімді) көзелерінің бір бөлігі қолмен сомдау арқылы дайындалған. Әлбетте, олар ұзақ пайдалануға арналмаған еді. Оларды халықтың едәуір бөлігі жасап, өздері отқа күйдіре алатын болған. Яғни, қыш ыдыстар ішінара жергілікті өндіріс орындарында да өндірілуі мүмкін. Сондай-ақ, көзешінің қолымен сомдалған, түрлі дақылдар мен сусындар сақтауға арналған ірі ыдыстар (Һұмдар) жасалған. Стандартты қыш ыдыс жиынтығы иі өте жақсы қанған балшықтан жасалып, жоғары сапалы күйдіру әдісі қолданылған. Алайда, қыш ыдыстар аймақтың ірі орталықтарында жасалғаны анық.

Орта ғасырдағы қала және қоныс мәдениетінің ірі ескерткіштері қатарында Талғар мен Іле өзені алқабының қыш ыдысы, әсіресе Талғар қалашығы жақсы зерттелген.<sup>98</sup>

Осы уақытқа дейін Рахат елді мекенінде қыш ыдыс бұйымдары өндірісінің бірде-бір орны немесе іздері табылмағандықтан, қолөнер ғасырлар бойы, оның ішінде көзе кәсіпшілігі дамыған ең жақын ірі ортағасырлық ескерткіштегі – Талғар қала жұртындағы қыш ыдыс өндірісі туралы белгісіз немесе аз зерттелген деректерге назар аударамыз. Өйткені Рахаттан табылған ыдыстардың басым көпшілігі сол жақтан әкелініп, сол жақта дайындалған болуы мүмкін. И.И. Копыловтың қазбаларында ғана (1955-1991 жж.) екі ірі, қала сыртындағы және оңтүстік-батыс бөлігінде, қала ішіндегі бір шағын көзеші шеберханасы ашылды. Шеберханалар Талһирдің дамуының барлық кезеңінде болған. Көптеген жылдар бойғы еңбегінің арқасында И.И. Копылов Талғар қыш ыдысын «егжей-тегжейлі»

---

<sup>98</sup> Кузнецова О.А., Савельева Т.В. Гончарное ремесло в средневековом Талгаре. Альбом. Алматы: ИА им. А.Х. Маргулана, 2019. 220 б.

зерттей алды.<sup>99</sup> Копылов Іле алқабындағы қыш ыдыс бұйымдардың типологиясы әлі толық қалыптаспаған деп есептеді. Кем дегенде, көзе шарығында және қолдан жасалған, сондай-ақ, зерделенген және зерделенбеген деп бөлінеді. 118 беттен тұратын Талғар қыш ыдысын зерттеуге арналған қолжазбада Талғардан табылған қыш ыдыс түрлері мен пішіндерінің тізімі берілген. Өкінішке орай, бұл қолжазбаның жылы көрсетілмеген, оның бірнеше жылдар бойы дайындалғаны анық. Онда өнеркәсіптік-тұрмыстық қыш бұйымдарының 20-дан астам атауы көрсетілген: қазандар, қазандықтар, көзелер, пиала шыны аяқтары, тегенелер, саптыаяқтар, шыны саптыаяқтар, құмыралар, сукұйғыш көзелер, құмандар, һүмшалар, шырағдан қақпақтары, дастарқандар, тамақ қуыруға арналған табалар, сфероконустар, табақтар, сүрметастар, жылыту заттары – тандырлар, тегіс едендегі ошақтар, алау ошақтар, ошақтар және қыш бұйымдардың басқа да түрлері.<sup>100</sup> И.И. Копылов өзінің зерттеу жүргізу кезеңінде оған дейін А.Н. Бернштам атап өткен, Қарлұқ Жетісу қалаларының ІХ-ХІ ғасырлардағы қолөнершілерінің Отырар оазисінің қолөнершілерімен тығыз байланыстарын байқады.<sup>101</sup> И.И. Копылов Іле алқабы халқының қарқынды мәдени-экономикалық байланыстарының жолдары Шу-Талас және Орта Азия бағытында жүріп өткен деген қорытындыға келеді.<sup>102</sup>

Зерттеуші И.И. Копыловтың қолжазба түрінде жеткен, бірақ иллюстрациялық қосымшасыз, автордың өзі жарияламаған Талғар қала жұртында табылған қыш өндірісі туралы жалпылама қолжазба жұмысында осы ортағасырлық қалада зерттелмеген үш

---

<sup>99</sup> Копылов И.И. Изделия из керамики тюркского периода жизни города (от конца VIII – первой половины IX вв. до третьей четверти XI в.). Рукопись. Архив музея-заповедника «Есик». Папка № 60. КП ЕҚМ ҒКҚ 220 (Книга поступлений Есік қорық-музейі Ғылыми көмекші қор №220).

<sup>100</sup> Бұл да сонда.

<sup>101</sup> Бернштам А.Н. Историко-культурное прошлое Северной Киргизии по материалам Большого Чуйского канала // Фрунзе: ИЯЛИ КиргФАН. 1943. 68 с. С. 19.

<sup>102</sup> Копылов И.И. Изделия из керамики тюркского периода жизни города (от конца VIII – первой половины IX вв. до третьей четверти XI в.). Рукопись. Архив музея-заповедника «Есик». Папка № 60. КП ЕҚМ ҒКҚ 220 (Книга поступлений Есік қорық-музейі Ғылыми көмекші қор №220). 116 б.

қыш өндірісінің екеуінің сипаттамасы бар. Зерттеуші бірінші шеберханада 2 құрылыс кезеңін байқады. Яғни, шеберхана бір-екі ғасырдан астам уақыт бойы жұмыс істеген. Көзе шеберханасын қазу туралы ақпарат бірінші курс студенттерінің археологиялық іс-тәжірибе жүргізу есептерінде (1955, 1956, 1963, 1964, 1965, 1966, 1967 жж.) және төрт археологиялық экспедицияда (1962, 1964, 1965, 1966 жж.) қамтылған. Бұл есептер, кем дегенде, олардың айтарлықтай бөлігі Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының архивінде болуға тиіс. Қолжазбада сфероконостар, косметикалық ыдыстар мен жылыту заттарының, сондай-ақ дастархандар, шамдар және т.б. қыш ыдыс бұйымдардың барлық түрлерінің сипаттамасы беріледі.<sup>103</sup> Құмыралар түрлерінің жалпылама сипаттамасы ғана бірнеше бетті алады.<sup>104</sup> Қыш ыдыстар мен басқа да қыш бұйымдар өндірісінің көлемі бүкіл ауданды және сауда өкілдіктерінің сұранысын қамтамасыз етті.

Қалашық қабырғасының оңтүстік-шығыс бұрышынан ОШ (бұдан әрі қарай бағыттар осы нұсқада беріледі) бағытында 500 м қашықтықта оңтүстік рабат аумағында көзе шеберханасы табылды. Шеберхананың қабырғалары топыраққа біршама тереңдетілген және қалыңдығы 120 см дейін жеткен. Екінші құрылыс кезеңінде шеберхананың еден деңгейі 60-80 см-ге көтерілген. Шеберхананың едені тығыз балшық топырақ үстіне нығыздалған малта тас үйме төселіп жасалған. Қыш ыдысты күйдіруге арналған пеш ішкі өлшемі бойынша диаметрі – 130 см, қабырғаларының қалыңдығы 13-15 см, төменгі жағы 25-30 см дейінгі дөңгелек құрылыс болып табылады. Пеш саз кірпіштен тұрғызылған, өлшемі: 7x13x24 см. Пештің ішкі қабырғалары қалыңдығы 4-5 см болатындай балшық пен құмның отқа төзімді қоспасымен сыланған. Сылақ пен кірпіштер жасыл-күлгін түсті шыны тәрізді массасының түрін алды. Кірпіштер тіпті сыртқы жағынан да ашық қызыл және күрең қызыл түске боялды. Оттық саңылауының ені 40 см.

---

<sup>103</sup> Бұл да сонда 29-32 бб.

<sup>104</sup> Бұл да сонда 14-21 бб.

Археолог И.И.Копылов 1963 жылы шахристан қабырғасының СШ бұрышынан 100 м солтүстікке қарай қалашықтың солтүстік-шығыс рабадында тағы бір көзе шеберханасын зерттеген. Сол кезде 2 көзе пеші зерттелді. 1964-1966 жылдары тағы үш пештің қираған жерлері ашылды. Осы сипатта табылған заттардың ішінен «тас білеуді» атап өткен жөн. Оның өлшемі 130x40-47x40 см. Білеудің жоғарғы беткі жағында төртбұрышты ойықтар ойылған. 5x9x14 см және 5x10x15 см. Ойықтар бір-бірінен 34 см қашықтықта орналасқан. Бұл білеу көзе шарығының төменгі тірек бөлігі немесе көзе шарығының негізі болып табылады. Ол Талһир қала жұртының екі хронологиялық кезеңінде, яғни VIII ғасырдың аяғынан XIII ғасырға дейін қолданылды.<sup>105</sup> Әрі қарай бұл күрделі құрылғы кешенде қалай жұмыс істей алатындығы туралы толық сипаттама берілген. Бұдан әрі суретке сілтеме жасалғанмен өкінішке қарай, И.И. Копыловтың архивінде мұндай суреттер сақталмаған. Алайда, олар А.А. Бобринский мен Р.М. Мунчаев еңбектерінде сипатталған бұйымдарға ұқсас екенін айтуға болады.<sup>106</sup> И.И. Копылов өзінің алғашқы қыш күйдіретін пешін 1955 жылдың бірінші далалық маусымында тапқан болатын. Ол қазба жұмыстары жалғасқан кешеннің бір бөлігі болды. Сондай-ақ, К.М. Байпақовтың жарияланымы бойынша Отырардағы көзешінің еңбегі туралы ой түйюге болады.<sup>107</sup> Жалпы алғанда, Жетісу өңірі мен Іле алқабына қатысты басылымдардың жеткілікті көлемі бар, бірақ олар негізінен сол жерде өндірілген материалдың үлкен көлеміне, сондай-ақ бірегей импорттық үлгілерге негізделген қыш бұйымдарды талдаумен байланысты болып келеді. Бұрынғы жылдардағы зерттеулерге негіз болған аз зерттелген археологиялық ескерткіштер – Шелек қалашығы (1950-1980

---

<sup>105</sup> Бұл да сонда.

<sup>106</sup> Бобринский А.А., Мунчаев Р.М. Из древней истории гончарного круга на Северном Кавказе // Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях института археологии АН СССР. № 108. – 1966. 14-22 бб. Сур. 6, 7.

<sup>107</sup> Байпаков К.М. Гончарное ремесло в позднесредневековом Отраре // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алматы, 1983. 17-38 бб.

жж.),<sup>108</sup> Еңбекші қалашығынан табылған кездейсоқ қыш ыдыстардың жинынтығы осы басылымдарға кіреді.<sup>109</sup> Екі ескерткіште де Қастек қалашығындағы сияқты қыш өндірісі жолға қойылғаны анық.<sup>110</sup> Қастек қалашығында қыш материалдарын зерттеу жалғасып жатыр.<sup>111</sup>

Іле алқабының отырықшы тұрғындарының ХІ ғасырдан ХІІІ ғасырдың басына дейінгі материалдық мәдениеті алдыңғы кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұған бұрыннан бар Ферғана жолынан Іле Алатауы арқылы солтүстікке қарай жылжыған сауда жолының дамуы, аймақтың қарлұқтардың, одан кейін Қарахандардың қол астына қарауы ықпал етті. Дәлірек айтсақ, Талһирде жол Іле бойымен тармақталып, Іле Алатауының тау бөктерлерін бойлай жүріп өтсе, екінші жол бағыты Шеңгелді арқылы Қайалыққа және одан әрі оңтүстік-шығысқа қарай бағытталды. Соның арқасында қыш өндірісінің құпиялары шеберден шеберге тез таралды. Қарахан дәуірінде қыштың сыртқы түрі оның негізгі функцияларына ортақ көзқарастардың арқасында айтарлықтай біркелкі болған еді. Қала құрылысы, фортификация (төрткөлдер) және басқалары бірыңғай пішінде болды. Ұлы Жібек жолы тауарлар мен өнімдерге үлкен сұранысты талап еткендіктен егіншілік пен қолөнер өндірісі белсенді дами бастады. Сауда жолы дамыған сайын жергілікті халықтың жаппай отырықшылануы белең алып, ол өз кезегінде қолөнершілер мен егіншілердің аталмыш аймаққа жаппай көшіп келуін тездетті. Отырықшылық үдерісі мен өзара мәдени ықпалдастықтың ұлғаюы VIII ғасырдың аяғында, өңір аумағы бойынша Ұлы Жібек жолының тармақтары жүріп өткен кезде анық байқалды. Мысалы, өңірдің орталығы болып табылатын

---

<sup>108</sup> Кузнецова О.В. Комплекс керамики со средневекового городища Чилик // Вестник КарГУ. Караганды, 2009. 79-86 бб.

<sup>109</sup> Кузнецова О.В. Керамика с городища Енбекши // Известия НАН РК. Серия общественных наук. №1. Алматы, 2009. 214-218 бб.

<sup>110</sup> Нуржанов А.А. Керамика с зооморфными и антропоморфными признаками с городища Кастек-1 // Народы и религии Евразии. Барнаул: Издательство Алтайского государственного университета, 2020. – №1(22). 7-28 бб.

<sup>111</sup> Төлегенов А., Кембаева Ә. Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасы Қазақстан археологиясы № 1 (15). – 2022. 70-81 бб.

Талһир қаласының VIII ғасырдың екінші жартысына жататын төменгі қабаттары бар.

Материалдық мәдениеттің ең елеулі өзгерістері XI ғасырда болды. Зерттеуші И.И. Копылов бұл мерзімге Талғар қала жұртының шахристаны мен оның рабадынан табылған екі мәдени қабаттың арасындағы таза қабатты жатқызған. Оның болжамы бойынша, бұл Шығыс және Батыс Қарахан арасындағы әулеттік тартыстарға байланысты болды делінгенмен бұл топшылауды бекітетін нақты деректер әлі күнге дейін жазбаша дереккөздерден немесе археологиялық деректерден табылған жоқ. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған заттар мен қыштан жасалған жәдігерлерді зерттеу және талдау аймақтың дамуын және оның Жібек жолы бойындағы сауда мен мәдени алмасудағы маңызды рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Көптеген мәліметтер жұмбақ күйінде қалып отырғанмен қосымша зерттеулер осы маңызды кезеңнің тарихына үңілуге біршама мүмкіндік жасайды.

Рахат орнының ыдыстарын талдау нәтижесі әдеттегі асхана және ас үй ыдыстарынан басқа «ерекше» белгілері бар ыдыстар да табылғанын көрсетті. Атап айтқанда, үлкен өлшемді кең мойынды ыдыстардың (құмыралардың) ернеулерінің ірі көлемді бірнеше сынықтары табылды. Осы археологиялық нысаннан табылған, қолмен сомдалған ыдыстың шүмек бөлігі суды жақын жердегі су көзінен, мысалы, өзеннен немесе қазіргі уақытта құрғап кеткен бұлақтан тасып әкелгенін көрсетеді. Бұл аталмыш орынның салт-жоралғылар өткізу (бәлкім жаназа рәсімі, т.б.), сондай-ақ тамақ дайындау және оны үлкен ыдыстарда (һұмдарда) сақтау үшін пайдаланылуы мүмкін деген болжамға жетелейді.

Түрлі кең мойынды құмыралардың, асхана мен ас үйге арналған қыш бұйымдардың табылуы, сондай-ақ ошақтар мен тандырлардың болуы ерте орта ғасырларда халықтың бұл аумақты белсенді пайдаланғанын растайды. Бұдан басқа, ілгек тәріздес тұтқалары бар қазандықтар мен жалынға қақталған қолдан сомдалған ыстыққа төзімді ыдыс сынықтарының көп болуы астың тура осы жерде дайындалғанын көрсетеді.

Бірінші кезекте, егіншілік және қолөнер өндірісі Ұлы Жібек жолындағы қажеттіліктерге, сұранысқа байланысты айтарлықтай дамыды. Жергілікті халықтың жаппай отырықшылыққа көшуі және қолөнерші, егіншілер топтарының түзілуі VIII ғасырдың аяғына таман Ұлы Жібек жолының тармақтары аймақ бойынша әртүрлі бағытта (батыстан шығысқа және оңтүстіктен солтүстікке қарай) қаланған кезден басталады. Мысалы, аймақтың орталығы – Талһир қала жұрты, оның төменгі қабаттары VIII ғасырдың екінші жартысына жатады. 60-80 (90-шы) жылдар арасында ескерткішті зерттеушілердің бірі – И.И. Копылов табылған монетаға сүйене отырып, екі мәдени қабат арасындағы таза қабатты XI ғасырмен мерзімдейді.<sup>112</sup> Оның болжамы бойынша бұл Шығыс және Батыс Қарахан арасындағы әулеттік дауларға байланысты болған. Алайда, дереккөздерде нақты деректер әлі анықталған жоқ. Табылған заттар бойынша мәдени қабатты мерзімдеуге қатысты мұның салыстырмалылығын дәлелдеуге болады. Сирек табылған заттар, әсіресе торевтика, кейінірек қайта шығарылған немесе оларға құндылық беру үшін ертерек белгілермен белгіленген болуы мүмкін.<sup>113</sup>

Рахат елді мекенінің қыш ыдыстары әзірге тек сынық бөлшектер түрінде кездеседі, бәлкім бұл фактіні де келешекте толығымен ғылыми тұрғыдан зерделеп, талдауға болады. Біз мұны әзірге артефактілердің бұл түрі шектеулі мөлшерде деп түсіндіреміз. Олардың кейбіреулерінің пішіндерін реставраторлар, археологтар, суретшілер қалпына келтірген. Анықталған сынықтардың көпшілігі байланысы жоқ салыстырмалы түрде үлкен сынықтардан тұрады.

Ыдыстарға түсірілген өрнектер айтарлықтай жұтаң және «рахаттық» қыш ыдыстары сынықтарында тек құмыраларда ғана ұсақ тарақты қалыппен жасалған толқын тәрізді көлденең сызықтар кездеседі. Құмыраның сынықтары көп жағдайда оларды

---

<sup>112</sup> Копылов И.И., Керекеша Л.И. Талкир (древний Талгар) – развилка Великого Шелкового пути // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. – 1993. 122-136 бб.

<sup>113</sup> Рогожинский А.Е., Железняков Б.А. Клейма и тамги на двух серебряных сосудах из долины Шу и Монголии // Отан тарихы, № 3 (87), 2019. 166-182 бб.

негізгі мақсатына қарай ас үй ыдыстары және су тасығыштар деп бөлуге мүмкіндік бермейді. Әлбетте, өрнектер қорғаныш қызметін атқарып көмірмен және күйемен ластанбауы тиіс болғаны анық. Өрнектің іс жүзінде болмауы Іле алқабы тұрғындарының мәдениетінде исламның тамырын тереңдетумен байланысты болса керек. Ыдыстардың пішіндері, сондай-ақ қыш шикізатының сапасы және қыш ыдыстардың күйдірілуі туралы да осыны айтуға болады. Бұдан бөлек, осы кезеңде Іле алқабында шыңылтырланған қыштар шығарылды. Оның дәлелі ретінде Талғар қалашығынан айтарлықтай мөлшерде табылған қыш ыдыстардың санын айтуға болады.<sup>114</sup> О.В. Кузнецова олардың көршілес өңірлердің, атап айтқанда, Шу және Талас алқаптарының қыш ыдыстарымен едәуір ұқсастығын атап өтті.<sup>115</sup> Осы ұқсастықтар Т.Н. Сенигова,<sup>116</sup> П.Н. Кожемяко<sup>117</sup> еңбектерінде де аталып өтіледі. Талас алқабының, оның ішінде жергілікті өндірістің отырықшы қоныстары<sup>118</sup> қала мәдениетінің жекелеген ескерткіштерінің қыш ыдыстары бойынша деректер кездесетін немесе қираған ескерткіштер бойынша іс жүзінде жалғыз археологиялық дереккөздер болып қалады.<sup>119</sup> Сонымен қатар айтарлықтай айырмашылықтар да бар. Көзешінің көзешіге өз әдіс-тәсілдерін, шеберлігін қысқа уақыттың ішінде үйретуіне күмән жоқ. Дегенмен әрқашан да жергілікті дәстүрлерді, ою-өрнек элементтері мен басқа да көптеген элементтерді, оның ішінде қыш ыдыстарға ерекше қатынасы бар антропоморфты немесе зооморфты элементтерді сақтау туралы мәселесін де қаперде ұстауға тиіспіз. Исламның үстем дін ретінде қабылдануымен қыш ыдыстарға деген «құрмет белгісі» толығымен жойылады. Қыш ыдыстар белгілі бір функцияларға ие үй аспаптарына айналады. Оймалы және қалыпталған қыш

---

<sup>114</sup> Кузнецова О.В. Поливная керамика Талгара // Известия НАН РК, Сер. обществ. наук. № 1. – 2007. 102-106 бб.

<sup>115</sup> Бұл да сонда.

<sup>116</sup> Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 228 б.

<sup>117</sup> Кожемяко П. Н. Оседлые поселения Таласской долины // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе: Илим, 1963. 145-224 бб.

<sup>118</sup> Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата: Наука, 1972. 81-99 бб.

<sup>119</sup> Кузнецова О.В. Комплекс керамики со средневекового городища Чилик // Вестник КарГУ, 2009. Сер.история. № 1. – 2009. 70-77 бб.

ыдыстарының жоғалуы осы уақыттың ерекшеліктерінің бірі. Енді олардың орнын сәнмен жасалған, одан да басқа жоғары функциялары бар шыңылтырланған қыш ыдыс басады. Алайда, бұл мәселе жеке зерттеуді қажет етеді.

Қала жұртында кемінде үш көзеші шеберханасы (оның ішінде екі ірі шеберхана қала маңында орналасқан) және оның қабырғаларының ішіндегі төменгі стратиграфиялық деңгейде бар екендігі туралы аталмыш ескерткішті зерттеуші И.И. Копылов хабарлайды.<sup>120</sup> Оның қыш ыдыстары барлық белгілі түрлері бойынша типологиялық тұрғыдан, сондай-ақ осы қаланың өмір сүруінің екі хронологиялық кезеңі бойынша бөлінген, түр жағынан едәуір мөлшерде екені байқалады.<sup>121</sup> Талғар қала жұртының жоғарғы және төменгі мәдени қабат шеберханалары анықталды.<sup>122</sup> Тағы бір көзеші шеберханасының табылуы туралы Т.В.Савельева да атап өтеді [Кузнецова, Савельева, 2019].<sup>123</sup> Осылайша, Талғар қала жұртынан қола және шойын құю, сондай-ақ қыш ыдыс өндірісі бойынша материалдар табылды. Осының барлығы ғылыми айналымға бірнеше рет енгізілген. Бұл қала VIII-XIII ғасырлардағы Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы қолөнер өндірісінің айтарлықтай үлкен орталығы болды. Тұрақты пайдаланылмаған Рахат қонысы осы ірі қолөнер орталығында өндірілген қыш ыдыстарды қолданғаны анық. Рахат қыш ыдыстары IX-X және XI-XII ғасырлардағы Талһирдің қыш ыдыс түрлерімен толық сәйкес келеді. Арнайы тапсырыс бойынша дайындалған, су көзінен су тасығанын көрсететін қолмен сомдалған ірі су таситын құмыраларда болмашы ерекшелік болуы мүмкін.

Осылайша, 2013 жылдан бері Рахат қонысынан табылған, ғылыми атрибуцияланатын қыш ыдыстарының 400-ден астам сынықтары, сонымен қатар түрлі жерлеу орындары, соның ішінде

---

<sup>120</sup> Копылов И.И. Гончарное ремесло. Папка № 60. КП ЕҚМ ҒКҚ 220 (Книга поступлений Есік қорық-музейі Ғылыми көмекші қор №220).

<sup>121</sup> Бұл да сонда.

<sup>122</sup> Бұл да сонда.

<sup>123</sup> Кузнецова О.А., Савельева Т.В. Гончарное ремесло в средневековом Талгаре. Альбом. Алматы: ИА им. А.Х. Маргулана. – 2019. 175 б.

мұсылмандық, ілеспе (бірге жерленген) материалдарсыз нәтижелер аталмыш ескерткіштің ауқымды хронологиялық шеңберді қамтитынын дәлелдейді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері ескерткіште мәдени қабаттың бар екенін көрсетеді. Қыш ыдыс сынықтарына қарағанда, олар IX-XII ғасырларға жатқанмен бұл ескерткіштің типологиясын анықтау әлі де нақтылауды қажет етеді. Мұндай ескерткіштер бұрын археологтардың назарынан тыс қалған шығар. Алайда, осы ескерткішке ұқсас қоныстармен салыстырғанда қыш ыдыс сынықтарының саны едәуір аз табылды.

Рахат қонысының өзімен аттас шатқал мен Рахат археологиялық кешені ескерткіштерінің арасында өз орны бар. Бұған бірқатар зерттеушілердің тұжырымдамасы қайшы келе қоймайды. Мәселен, Л.С. Клейн адамның материалдық қалдықтарын қалыптастыратын тәжірибелік қызметтің төмендегідей төрт түрін атап өтеді<sup>124</sup>, олар: «тіршілік ету» («іс жүзінде бәрін қамтитын қызмет түрі»); «сақтау» немесе «тыныштыққа келу» (оған «мәдени игіліктің арнайы іріктелген бөліктері ұшырайды»); «жасампаздық» («нәтижесінде жекелеген құрылыстар қалатын қайта құру әрекеттері»); «мекендеу» («қатысу» және «жылжу»), бұл қызмет аз ғана материалдық іздер қалдырады – «олар адамдар барған және әртүрлі жүріп өткен орындар»).

Сайып келгенде, Рахат қонысынан осы айтылған жайттарға байланысты адам іс-әрекетінің көптеген іздері табылды. Олар, яғни «рахаттықтар» Л.С.Клейн айтқан тәжірибелерді іске асырып, сан ғасырлар бойы тіршілік етті, ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз етуге ұмтылды. Мұнда олар кәсіппен айналысып, жоғарыда сөз болған құмырашылық өнерді дамытуға да талпынды.

---

<sup>124</sup> Клейн Л.С. Археологические источники. Учебное пособие. Л.: ЛГУ. – 1978. 120 б.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Археология тарихнамасы тұрғысынан келер болсақ, Іле Алатауының солтүстік баурайын зерттеу тарихы 100 жылдан асады. Ал тарихи-мәдени тұрғыдан алғанда бұл өңір Орталық және Орта Азияның екі жаһандық аумағының түйіскен жерінде орналасқан. Қолайлы климаттық жағдайлар барлық тарихи дәуірлерде аймақтың тығыз қоныстануын, ал географиялық орта өмір сүру және экономикалық қызмет жағдайларына бейімделу формаларының алуан түрлілігін анықтады. Десе де ХІХ ғасырдың ортасындағы алғашқы зерттеулер осы аймақтың табиғи ғана емес, археологиялық ескерткіштерге де аса бай екенін көрсеткен болатын.

Қазіргі уақытта зерттелген көптеген обалар, петроглиф орындары, ежелгі қоныстар мен ортағасырлық қала жұрттарының іздері бұл аумақта іс жүзінде бүкіл тарихи кезеңде сан түрлі халықтар мекендегенін көрсетті. Мұнда археологиялық нысандардың көп шоғырлануы таулы аймақтың өмір сүру және шаруашылық жүргізу өте қолайлы болуымен байланысты болғандығын да айта кеткен жөн.

Іле Алатауының солтүстік баурайында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылының маңындағы бастапқыда Алтын адамның мекені, тіпті ақ ордасы (резиденциясы), яғни сақ дәуіріне жататын археологиялық объект болуы мүмкін деп қарастырылған ескерткіште бірнеше жыл бойы жүргізілген зерттеу нәтижесінде 9-16 мәдени қабаттан тұратын, ерте тас дәуірінен бастап ерте ортағасыр аралығында елді мекен орны болған аймақ Рахат археологиялық кешен деген атауға ие болды.

Мұндай қорытындыға келуге негіз болған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті тарапынан қаржыландырылып, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы тарапынан ұйымдастырылған «Есік қорымы және Жетісу сақтарының мәдениеті», «Сақ дәуірінен ХІІІ ғасырға дейінгі Рахат археологиялық кешенінің материалдары негізінде Жетісу материалдық мәдениетінің семиозисі», «Рахат

археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі 224 ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» атты археологиялық ғылыми-қолданбалы жобалар, шетелдік Шэнси провинциясы Сиань археология институты, Корея Республикасының Сеул Ұлттық университетінің тарихи зерттеу институты, DONG-SEO Корея Республикасы мәдени құндылықтар Институты, Тарихи мұралар орталық институты, Маһан мәдениеті ғылыми-зерттеулер орталығы, Daehan Корея Республикасы мәдени құндылықтар институты, Ресей Федерациясы Ғылым Академиясының Археология институтымен бірлескен археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында кешен аумағында қазылып, зерттелген нысандардың мәдени қабаттары ежелгі тас ғасырынан кейінгі орта ғасыр кезеңінің материалдарын қамтиды. Атап айтқанда, тас дәуірінің мекен-тұрағы, ерте көшпелілердің ғұрыптық-жерлеу сипаттағы обалы қорымдары, қоныс орындары мен ортағасырлық жерлеу орындары анықталып отыр.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері соңғы плейстоцен дәуіріндегі мұз басу кезеңінде орын алған климаттық өзгерістерді және олардың Солтүстік Тянь-Шан тау бөктеріндегі ежелгі қоныстардың қалыптасу себептерін айқындауға мүмкіндік береді. Соңғы мұз басудың ең суық әрі қатаң кезеңін (шамамен 30 000–20 000 жыл бұрынғы уақытты) есептемегенде, аталмыш тұрақ ежелгі адамдар тарапынан тұрақты түрде пайдаланылған.

Аталған аралықта *Homo sapiens* мәдениеті қарқынды даму үстінде болған: тасты өңдеу тәсілдері жетілдіріліп, еңбек құралдарының формалары өзгеріп, оларды жасауға қолданылған шикізат пен дайындамалардың түрлері алуан сипат алды. Ескерткіштің құндылығы да осында – Рахат тұрағынан табылған археологиялық материалдар аталған мәдени-технологиялық өзгерістерді нақты әрі толық сипаттауға жағдай жасап, ежелгі адамның бейімделу стратегияларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Археологиялық кешен құрамындағы нысандардың ішінде ең көп мағлұмат беретіндер – қола дәуіріне, сақ-үйсін кезеңіне және 225 ортағасырларға жататын обалар. Обалар - Ұлы Дала кеңістігіндегі ғұрыптық құрылымдардың ең көне және ең кең тараған түрлерінің бірі болып саналады. Соңғы жылдары жүргізілген далалық зерттеулердің ауқымы ұлғайған сайын, обаларды көпқұрамды құрылымы бар күрделі археологиялық дереккөзі ретінде қарастырудың маңызы арта түсуде. Бұл, өз кезегінде, аталған нысандарды жаңа ғылыми тұрғыда қайта зерделеуді қажет етеді.

Кешендегі ескерткіштерден табылған материалдарға сүйене отырып, олардың нақты хронологиялық шеңберлері анықталды. Осылайша, обалар тек жерлеу ескерткіштері ғана емес, сонымен қатар ежелгі қауымдардың әлеуметтік құрылымы, діни нанымдары мен мәдени дәстүрлері жөнінде мол ақпарат беретін дереккөз болып табылады.

Ортағасырлық қорым аумағындағы жерлеу нысандары негізінен ақым түріндегі қабірлерден тұратыны анықталды. Жерленген мүрделердің бастары батысқа бағытталған, қолдары кеуде тұсына немесе екі жанына қойылған, беттері де батысқа қаратылған. Ерекше назар аударатын жайт – қабірлерге ешқандай ыдыс-аяқ немесе жерлеу жабдықтары қойылмаған. Мұндай жерлеу дәстүрлері ерте мұсылмандық жерлеу рәсімдерінің басты белгілерін көрсетеді. Осыған байланысты аталған жерлеулердің мерзімі XI–XIII ғасырлар аралығына жатқызылды.

Қорымның солтүстік бөлігінде орналасқан Рахат қонысынан табылған қыш ыдыс материалдары IX–XI ғасырлар мен XI–XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Бұл деректер екі ескерткіштің уақыттық тұрғыдан өзара сәйкес келетінін дәлелдейді. Демек, зерттеліп отырған аумақта қайтыс болған адамдарды жақын жерге жерлеу дәстүрі қалыптасқан болуы ықтимал. Сонымен қатар, бұл жер ортағасырларда қоныстанған қарапайым егінші-шаруалардың қорымы ретінде де қарастырылуы мүмкін.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында ескерткіштердің стратиграфиялық кескіндерінің қалыптасуы, мәдени қабаттары

мен құрылымдары, мерзімделуі мен кезеңделуі, әлеуметтік дифференциалдық мәселелері мен негізгі шаруашылығына байланысты сауалдар қарастырылды. Барлық қазылған нысан 226 орындарына геотекстил материалдарын пайдалана отырып, топырақпен қайта көміліп (рекультивациялық), заманауи ғылыми талапқа сай консервация жұмыстары жүргізілді.

2017 жылдан бастап жүргізілген археологиялық зерттеу нәтижесінде кешен аумағынан табылған олжалардың жалпы саны 8000 астам. Табылған заттардың басым көпшілігі қыш ыдыстардың сынықтары, тас еңбек құралдары және олардың бөлшектері, адам қаңқа сүйектері, жануарлар сүйектері. Музей-қорықтың негізгі қорына ресми 155 зат қабылданды. Қалған заттар уақытша қорға қабылданып, сараптамалық жұмыстар жүргізілуде.

Қорыта келе айтарымыз, Рахат археологиялық кешенін зерттеу әлі де болса тек бастапқы сатыда ғана. Соңғы жылдары қолда жинақталған материалдар осы кешен аумағында болған тарихи үдерістерді қалпына келтірудің жалпы шеңберін ғана белгілеп бере алады. Бұл кешен Жетісу өңірі тұрғындарының ежелгі және ортағасырлық мәдениетінің даму кезеңдерін толықтыратын және пәнаралық сипатта түзететін ауқымды зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

Болашақта кешенді ғылыми зерттеулер аясында алынған материалдарды талдау, сараптама жұмыстарын жүргізу, жаңа мәліметтерге қол жеткізу үшін қазбаның аумағын ұлғайта отырып, қазылған нысандарды консервациялау және ішінара реконструкциялау арқылы музейлендіру жұмыстарын жүргізу қажет.

## ҚОСЫМША

### Қыш ыдыстарының рентгендифрактометриялық талдаулары

Рентгендифрактометриялық талдаулар Талғар және Рахат қонысының қыш ыдыс сынықтарына жасалды (1-кесте). Рентгендифрактометриялық талдау  $\text{CuK}\alpha$  – сәулеленумен,  $\beta$  – сүзгісімен ДРОН-3 автоматтандырылған дифрактометрде жүргізілді. Дифрактограммаларды түсіру шарттары:  $U = 35$  кВ;  $I = 20$  мА;  $\theta$  түсіру  $-2\theta$ ; детектор 2 град/мин. 227

Жартылай сандық негіздегі рентгенфазалық талдау тең өлшеме мен жасанды қоспалар әдісін қолдана отырып, ұнтақ сынамаларының дифрактограммалары бойынша орындалды. Кристалдық фазалардың сандық қатынасы анықталды. Дифрактограммаларды интерпретациялау ICDD картотекасының деректерін пайдалану арқылы жүргізілді: ұнтақ дифрактометриялық деректер базасы PDF2 (Powder Diffraction File) және қоспалардан таза минералдар дифрактограммалары. Негізгі фазалар үшін мөлшері есептелді. Мөлшерінің аздығы және тек 1-2 дифракциялық рефлекстердің болғаны немесе нашар кристалдануынан сәйкестендірілуі біркелкі бола алмайтын ықтимал қоспалар кестеде көрсетілген (1-Кесте).

#### 1-Кесте

1 – кесте. Талғар және Рахат қонысының қыш ыдыс сынықтары  
Қосымша:

1. Жазықтықаралық арақашықтық және үлгілердің фазалық құрамы.

2. Жартылай сандық рентгенфазалық талдау нәтижелері.

44	Үлгі	Ас үйлік	Талғар
45	Үлгі	Тұрмыстық	Талғар
46	Үлгі	Асханалық	Рахат
47	Үлгі	Ас үйлік	Рахат
48	Үлгі	Ас үйлік	Рахат
49	Үлгі	Тұрмыстық	Рахат

### 3. Сынамалардың дифрактограммалары.

Жазықтықаралық арақашықтық және фазалық құрамы (2-кесте).


N p/н 44	үлг. N 44	
d, Å	I %	минерал
4.25452	31.2	кварц
3.34064	100.0	кварц
3.23356	35.2	КПШ
3.18912	33.5	ПШ
2.51157	14.5	ПШ, КПШ
2.45806	16.2	кварц
2.28185	14.1	кварц
2.23770	11.4	кварц
2.12738	14.5	кварц
1.97904	11.1	кварц
1.81755	15.5	кварц
1.66657	10.3	кварц

Ескертпе:

Барлық келтірілген дифракциялық шыңдар жоғарыда көрсетілген фазаларға ғана тиесілі. Құрамында бар фазаларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипатты дифракциялық рефлекстер белгіленді.

Кристалды фазалардың жартылай сандық рентгенфазалық талдау нәтижелері (3-кесте):

минерал	формула	шоғырланым, %
кварц	SiO <sub>2</sub>	65.8
альбит (ПШ)	Na(AlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub> )	17.4
КПШ	KAlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub>	16.8



N44

КПШ -  $\text{KAlSi}_3\text{O}_8$  - S-Q 16.8 %

кварц -  $\text{SiO}_2$  - S-Q 65.8 %

альбит (ПШ) -  $\text{Na}(\text{AlSi}_3\text{O}_8)$  - S-

1-сурет. N 44 үлгінің дифрактограммасы

№	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P	Q
5	44 – үлгі																
6																	
7	Өңдеу параметрлері: Барлық элементтерге талдау жасалды (қалыпқа келтірілді)																
8																	
9	Барлық нәтижелер % мөлшерде																
10																	
11	Спектр	В стат.	O	Na	Mg	Al	Si	P	S	Cl	K	Ca	Ti	Mn		Fe	Ірретінды
12																	
13	Спектр 1	Ия	45,09	1,52	2,81	8,66	21,91	0,18	3,19	0,58	3,63	5,50	0,41	0,17	6,35	100,00	
14	Спектр 2	Ия	45,23	1,72	3,05	8,29	22,46	0,05	2,80	0,39	3,64	5,12	0,50	0,29	6,46	100,00	
15	Спектр 3	Ия	45,67	1,94	3,16	8,50	23,05	0,24	2,15	0,34	3,30	4,46	0,34	0,13	6,72	100,00	
16																	
17	Орташа		45,33	1,72	3,01	8,48	22,47	0,16	2,71	0,44	3,52	5,03	0,42	0,19	6,51	100,00	
18																	
19	Стандарт. Аутпук		0,30	0,21	0,18	0,18	0,57	0,10	0,53	0,13	0,19	0,52	0,08	0,08	0,19		
20	Макс.		45,67	1,94	3,16	8,66	23,05	0,24	3,19	0,58	3,64	5,50	0,50	0,29	6,72		
21	Мин.		45,09	1,52	2,81	8,29	21,91	0,05	2,15	0,34	3,30	4,46	0,34	0,13	6,35		
22																	
23																	
24																	
25																	
26	Өңдеу параметрлері: стехиометрия бойынша Оқуеел (қалыпқа келтірілді)																
27																	
28	Барлық нәтижелер % мөлшерде																
29																	
30	Спектр	В стат.	Na2O	MgO	Al2O3	SiO2	P2O5	SO3	Cl	K2O	CaO	TiO2	MnO	FeO		Итот	
31																	
32	Спектр 1	Ия	2,04	4,66	16,35	46,86	0,42	7,95	0,58	4,37	7,69	0,68	0,22	8,17	100,00		
33	Спектр 2	Ия	2,32	5,06	15,71	48,22	0,12	7,02	0,40	4,40	7,20	0,85	0,37	8,34	100,00		
34	Спектр 3	Ия	2,63	5,27	16,19	49,78	0,56	5,42	0,34	4,02	6,31	0,58	0,17	8,73	100,00		
35																	
36	Орташа		2,33	5,00	16,08	48,29	0,37	6,80	0,44	4,26	7,07	0,70	0,25	8,41	100,00		
37																	
38	Стандарт. Аутпук		0,29	0,31	0,33	1,46	0,23	1,28	0,13	0,21	0,70	0,13	0,10	0,29			
39	Макс.		2,63	5,27	16,35	49,78	0,56	7,95	0,58	4,40	7,69	0,85	0,37	8,73			
40	Мин.		2,04	4,66	15,71	46,86	0,12	5,42	0,34	4,02	6,31	0,58	0,17	8,17			

4 – кесте. 44 – үлгі.

Жазықтықаралық арақашықтық және фазалық құрамы (5-кесте).


N p/н 45	үлг. N 45	
d, Å	I %	минерал
9.92530	22.3	слюда
4.25114	34.2	кварц
3.33897	100.0	кварц
3.23506	27.4	КПШ
3.18675	44.5	ПШ
2.45567	16.6	кварц
2.28082	15.2	кварц
2.23439	13.1	кварц
2.12336	12.5	кварц
1.81768	15.2	кварц
1.54118	10.6	кварц

Ескертпе:

Барлық келтірілген дифракциялық шындар жоғарыда көрсетілген фазаларға ғана тиесілі. Құрамында бар фазаларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипатты дифракциялық рефлексстер белгіленді.

Кристалды фазалардың жартылай сандық рентгенфазалық талдау нәтижелері (6-кесте):

минерал	формула	шоғырланым, %
кварц	SiO <sub>2</sub>	55.5
альбит (ПШ)	Na(AlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub> )	21.8
слюда	KAl <sub>2</sub> (AlSi <sub>3</sub> O <sub>10</sub> )(OH) <sub>2</sub>	12.4
КПШ	KAlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub>	10.3



### 2-Theta - Scale

- 
- N45
  слюда -  $KAl_2(AlSi_3O_{10})(OH)_2$  -
  кварц -  $SiO_2$  - S-Q 55.5 %
  КПШ -  $KAlSi_3O_8$  - S-Q 10.3 %
  альбит (ПШ) -  $Na(AlSi_3O_8)$  - S-

2-сурет. N 45 үлгінің дифрактограммасы

№	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P
50																
51	45 – үлгі															
52																
53	Өлшеу параметрлері: Барлық элементтер тағамды жасауда (қалыңға келтірілді)															
54																
55	Барлық негіздерге % мөлшерде															
56																
57	Спектр	В.стат.	O	Na	Mg	Al	Si	P	S	Cl	K	Ca	Ti	Fe	Итор	
58																
59	Спектр 1	Ия	44,90	4,47	3,12	6,66	17,37	0,15	4,39	6,05	2,58	5,65	0,43	4,23	100,00	
60	Спектр 2	Ия	45,39	1,58	3,16	9,58	25,66	0,25	1,01	0,16	3,80	2,76	0,23	6,42	100,00	
61	Спектр 3	Ия	46,02	2,25	2,85	9,00	23,04	0,23	1,33	1,07	3,01	4,83	0,42	5,96	100,00	
62																
63	Орташа		45,44	2,76	3,04	8,41	22,03	0,21	2,24	2,43	3,13	4,41	0,36	5,54	100,00	
64																
65	Стандарт. Аутты		0,56	1,51	0,17	1,55	4,24	0,05	1,87	3,17	0,62	1,49	0,11	1,15		
66	Макс.		46,02	4,47	3,16	9,58	25,66	0,25	4,39	6,05	3,80	5,65	0,43	6,42		
67	Мин.		44,90	1,58	2,85	6,66	17,37	0,15	1,01	0,16	2,58	2,76	0,23	4,23		
68																
69																
70	Өлшеу параметрлері: стехиометрия бойынша Оуэген (қалыңға келтірілді)															
71																
72	Барлық негіздерге қосымше түрінде %															
73																
74	Спектр	В.стат.	Na2O	MgO	Al2O3	SiO2	P2O5	SO3	Cl	K2O	CaO	TiO2	FeO	Итор		
75																
76	Спектр 1	Ия	6,21	5,36	13,10	38,94	0,37	11,58	6,39	3,27	8,33	0,75	5,70	100,00		
77	Спектр 2	Ия	2,12	5,21	17,99	54,50	0,58	2,50	0,16	4,54	3,83	0,37	8,20	100,00		
78	Спектр 3	Ия	3,07	4,82	17,35	50,50	0,54	3,41	1,10	3,72	6,93	0,71	7,85	100,00		
79																
80	Среднее		3,80	5,13	16,15	47,98	0,50	5,83	2,55	3,84	6,36	0,61	7,25	100,00		
81																
82	Стандарт. Аутты		2,14	0,28	2,66	8,08	0,11	5,00	3,36	0,65	2,30	0,21	1,35			
83	Макс.		6,21	5,36	17,99	54,50	0,58	11,58	6,39	4,54	8,33	0,75	8,20			
84	Мин.		2,12	4,82	13,10	38,94	0,37	2,50	0,16	3,27	3,83	0,37	5,70			

7 – кестре. 45 – үлгі.

Жазықтықаралық арақашықтық және фазалық құрамы (8-кесте).


N p/н 46	үлг. N 46	
d, Å	I %	минерал
4.25346	35.6	кварц
3.66637	20.3	ПШ
3.34155	100.0	кварц
3.23399	38.4	КПШ
3.18907	43.5	ПШ
3.02968	23.2	кальцит
2.45366	18.7	кварц
2.27513	14.1	кварц
1.81719	14.7	кварц

Ескертпе:

Барлық келтірілген дифракциялық шыңдар жоғарыда көрсетілген фазаларға ғана тиесілі. Құрамында бар фазаларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипатты дифракциялық рефлекстер белгіленді.

Кристалды фазалардың жартылай сандық рентгенфазалық талдау нәтижелері (9-кесте):

минерал	формула	шоғырланым, %
кварц	SiO <sub>2</sub>	55.4
альбит (ПШ)	Na(AlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub> )	20.4
КПШ	KAlSi <sub>3</sub> O <sub>8</sub>	14.6
кальцит	Ca(CO <sub>3</sub> )	9.5



## 2-Theta - Scale

-  N46
-  кварц -  $\text{SiO}_2$  - S-Q 55.4 %
-  альбит (ПШ) -  $\text{Na}(\text{AlSi}_3\text{O}_8)$  - S-
-  КПШ -  $\text{KAISi}_3\text{O}_8$  - S-Q 14.6 %
-  кальцит -  $\text{Ca}(\text{CO}_3)$  - S-Q 9.5 %

3-сурет. N 46 үлгінің дифрактограммасы

№	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N
94														
95	46 – үлгі													
96														
97	Өңдеу параметрлері: Барлық элементтерге талдау жасалды (қалыпқа келтірілді)													
98														
99	Барлық наткиелер % мөлшерде													
100														
101	Спектр	В стат.	O	Na	Mg	Al	Si	K	Ca	Ti	Mn	Fe	Итого	
102														
103	Спектр 1	Ия	47,40	1,18	2,01	7,60	23,66	2,64	9,28	0,52	0,11	5,61	100,00	
104	Спектр 2	Ия	48,10	0,98	2,06	8,57	24,42	2,77	6,48	0,43	0,23	5,97	100,00	
105	Спектр 3	Ия	45,20	0,85	2,16	8,16	24,26	2,67	5,50	0,41	0,43	10,37	100,00	
106														
107	Орташа		46,90	1,00	2,07	8,11	24,11	2,70	7,09	0,45	0,25	7,32	100,00	
108														
109	Стандарт	Ауытқу	1,52	0,16	0,07	0,48	0,40	0,07	1,96	0,06	0,16	2,65		
110	Макс.		48,10	1,18	2,16	8,57	24,42	2,77	9,28	0,52	0,43	10,37		
111	Мин.		45,20	0,85	2,01	7,60	23,66	2,64	5,50	0,41	0,11	5,61		
112														
113														
114	Өңдеу параметрлері: стехиометрия бойынша Оқуден (қалыпқа келтірілді)													
115														
116	Барлық наткиелер досылыс түрінде %													
117														
118	Спектр	В стат.	Na2O	MgO	Al2O3	SiO2	K2O	CaO	TiO2	MnO	FeO	Итого		
119														
120	Спектр 1	Да	1,65	3,49	15,12	53,75	3,40	13,85	0,92	0,15	7,67	100,00		
121	Спектр 2	Да	1,37	3,58	17,04	55,53	3,57	9,67	0,76	0,31	8,16	100,00		
122	Спектр 3	Да	1,17	3,65	15,76	53,26	3,31	7,91	0,69	0,56	13,68	100,00		
123														
124	Среднее		1,40	3,57	15,37	54,18	3,42	10,48	0,79	0,34	9,84	100,00		
125														
126	Стандарт	Ауытқу	0,24	0,08	0,98	1,19	0,13	3,05	0,12	0,21	3,34			
127	Макс.		1,65	3,65	17,04	55,53	3,57	13,85	0,92	0,56	13,68			
128	Мин.		1,17	3,49	15,12	53,26	3,31	7,91	0,69	0,15	7,67			
129														

10 – кесте. 46 – үлгі.

Жазықтықаралық арақашықтық және фазалық құрамы (11-кесте).


N p/н 47	үлг. N 47	
$d, \text{Å}$	$I \%$	минерал
4.25390	31.1	кварц
3.78000	23.4	КПШ
3.70214	23.6	$\beta$
3.34094	100.0	кварц
3.23471	32.4	КПШ
3.18902	38.9	ПШ
2.45064	15.0	кварц
2.23290	13.0	кварц
2.16100	13.3	КПШ
2.12907	12.5	кварц
1.81735	13.8	кварц

Ескертпе:

Барлық келтірілген дифракциялық шындар жоғарыда көрсетілген фазаларға ғана тиесілі. Құрамында бар фазаларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипатты дифракциялық рефлексстер белгіленді.

Кристалды фазалардың жартылай сандық рентгенфазалық талдау нәтижелері (12-кесте):

минерал	формула	шоғырланым, %
кварц	$\text{SiO}_2$	65.9
альбит (ПШ)	$\text{Na}(\text{AlSi}_3\text{O}_8)$	20.5
КПШ	$\text{KAlSi}_3\text{O}_8$	13.6



## 2-Theta - Scale

- N47
- кварц - SiO<sub>2</sub> - S-Q 65.9 %
- альбит (ПШ) - Na(AlSi<sub>3</sub>O<sub>8</sub>) - S-
- КПШ - KAISi<sub>3</sub>O<sub>8</sub> - S-Q 13.6 %

4-сурет. N 47 үлгінің дифрактограммасы

137	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P	Q
138	47 - yeri																
139																	
140	Diğer materyaller: Erişim materyalleri taşıyıcı saczıngı (kaynakçısı dahil)																
141																	
142	Erişim materyalleri																
143																	
144	Çerç. B çar.	Ü	Nm	Mk	Al	Si	P	S	Cl	K	Ca	Ti	Mn	Fa	Mur		
145																	
146	Çerçp 1 İm	48,43	1,84	1,25	7,08	29,78	0,14	0,13	0,10	3,62	2,17	0,32	0,22	4,01	100,00		
147	Çerçp 2 İm	48,92	2,07	1,50	7,72	31,25	0,16	0,09	0,09	3,27	1,25	0,36	0,04	3,29	100,00		
148	Çerçp 3 İm	48,76	1,87	1,58	8,87	28,57	0,19	0,02	0,07	3,71	1,52	0,32	0,16	4,39	100,00		
149																	
150	Özruca	48,71	1,99	1,44	8,16	28,87	0,10	0,07	0,09	3,54	1,65	0,33	0,14	3,90	100,00		
151																	
152	Çevreler Alümy	0,25	0,12	0,17	0,62	1,24	0,04	0,08	0,02	0,23	0,47	0,02	0,09	0,56			
153	Misc.	48,92	2,07	1,58	8,87	31,25	0,14	0,13	0,10	3,71	2,17	0,36	0,22	4,39			
154	MH.	48,43	1,84	1,25	7,72	28,57	0,16	0,02	0,07	3,27	1,25	0,32	0,04	3,29			
155																	
156																	
157	Diğer materyaller: sıva ve diğer boyama Oxygen (kaynakçısı dahil)																
158																	
159	Erişim materyalleri																
160																	
161	Çerç. B çar.	N220	M20	A1003	802	P205	803	Cl	K2O	CaO	TiO2	MnO	FaO	Mur			
162																	
163	Çerçp 1 İm	2,52	2,12	15,12	65,38	0,56	0,34	0,11	4,49	3,12	0,55	0,30	5,30	100,00			
164	Çerçp 2 İm	2,82	2,52	14,84	68,28	0,39	0,12	0,09	4,04	1,79	0,62	0,05	4,33	100,00			
165	Çerçp 3 İm	2,50	2,70	17,29	63,44	0,46	0,04	0,07	4,67	2,22	0,55	0,21	5,86	100,00			
166																	
167	Özruca	2,64	2,45	15,78	65,70	0,47	0,17	0,09	4,40	2,38	0,57	0,19	5,16	100,00			
168																	
169	Çevreler Alümy	0,16	0,30	1,32	2,43	0,09	0,10	0,02	0,32	0,68	0,04	0,11	0,78				
170	Misc.	2,82	2,70	17,29	68,28	0,56	0,34	0,11	4,67	3,12	0,62	0,30	5,86				
171	MH.	2,52	2,12	14,84	63,44	0,39	0,04	0,07	4,04	1,79	0,55	0,05	4,33				
172																	

13 – Kocaeli. 47 – Yürü.

Жазықтықаралық арақашықтық және фазалық құрамы (14-кесте).

N p/н 48 үлг. N 48


$d, \text{Å}$	$I \%$	минерал
10.01439	21.5	слюда
6.37702	24.2	ПШ
4.48482	21.2	слюда
4.25355	33.4	кварц
3.34209	100.0	кварц
3.23281	61.8	КПШ
3.18906	69.7	ПШ
2.45760	16.2	кварц
2.28075	14.0	кварц
2.23694	13.2	кварц
2.12757	15.0	кварц
1.81590	16.9	кварц

Ескертпе:

Барлық келтірілген дифракциялық шындар жоғарыда көрсетілген фазаларға ғана тиесілі. Құрамында бар фазаларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипатты дифракциялық рефлексстер белгіленді.

Кристалды фазалардың жартылай сандық рентгенфазалық талдау нәтижелері (15-кесте):

минерал	формула	шоғырланым, %
кварц	$\text{SiO}_2$	45.2
альбит (ПШ)	$\text{Na}(\text{AlSi}_3\text{O}_8)$	26.3
КПШ	$\text{KAlSi}_3\text{O}_8$	17.9
слюда	$\text{KAl}_2(\text{AlSi}_3\text{O}_{10})(\text{OH})_2$	10.6



### 2-Theta - Scale

- |   |   |
|---|---|
| N48   | КПШ - $\text{KAlSi}_3\text{O}_8$ - S-Q 17.9 %                     |
| кварц - $\text{SiO}_2$ - S-Q 45.2 %                     | слюда - $\text{KAl}_2(\text{AlSi}_3\text{O}_{10})(\text{OH})_2$ - |
| альбит (ПШ) - $\text{Na}(\text{AlSi}_3\text{O}_8)$ - S- |   |

5-сурет. N 48 үлгінің дифрактограммасы

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O
181															
182	48 – үлгі														
183															
184	Өңдеу параметрлері: Барлық элементтерге талдау жасалды (қалыпқа келтірілді)														
185															
186	Барлық нәтижелер % мөлшерде														
187															
188	Спектр	В стат.	O	Na	Mg	Al	Si	S	K	Ca	Ti	Mn	Fe	Итого	
189															
190	Спектр 1	Ия	46,93	1,16	2,40	8,49	27,33	0,21	3,48	3,68	0,40	0,01	5,95	100,00	
191	Спектр 2	Ия	45,23	1,34	2,06	8,83	27,52	0,15	3,66	3,64	0,44	0,15	6,57	100,00	
192	Спектр 3	Ия	47,06	1,24	2,10	8,38	27,78	0,12	3,28	3,40	0,68	0,09	5,87	100,00	
193															
194	Оргаша		46,41	1,25	2,19	8,57	27,68	0,16	3,47	3,58	0,51	0,08	6,13	100,00	
195															
196	Стандарт. Ауртқу		1,02	0,09	0,18	0,23	0,31	0,05	0,19	0,15	0,15	0,08	0,39		
197	Макс.		47,06	1,34	2,40	8,83	27,52	0,21	3,66	3,68	0,68	0,15	6,57		
198	Мин.		45,23	1,16	2,06	8,38	27,33	0,12	3,28	3,40	0,40	0,01	5,87		
199															
200															
201	Өңдеу параметрлері: стехиометрия бойынша Оқуеб (қалыпқа келтірілді)														
202															
203	Барлық нәтижелер қосылыс түрінде %														
204															
205	Спектр	В стат.	Na2O	MgO	Al2O3	SiO2	SO3	K2O	CaO	TiO2	MnO	FeO	Итого		
206															
207	Спектр 1	Ия	1,58	4,03	16,30	55,56	0,53	4,28	5,25	0,68	0,02	7,79	100,00		
208	Спектр 2	Ия	1,80	3,39	16,55	59,19	0,36	4,37	5,04	0,72	0,19	8,38	100,00		
209	Спектр 3	Ия	1,69	3,54	16,08	60,53	0,30	4,03	4,86	1,16	0,11	7,69	100,00		
210															
211	Оргаша		1,69	3,65	16,31	59,76	0,40	4,23	5,05	0,86	0,10	7,95	100,00		
212															
213	Стандарт. Ауртқу		0,11	0,33	0,24	0,69	0,12	0,17	0,20	0,26	0,11	0,37			
214	Макс.		1,80	4,03	16,55	60,53	0,53	4,37	5,25	1,16	0,19	8,38			
215	Мин.		1,58	3,39	16,08	59,19	0,30	4,03	4,86	0,68	0,02	7,69			
216															

16 – кесте. 48 – үлгі.

Жазықтықаралық арақашықтық және фазалық құрамы (17-кесте).


N p/н 49	үлг. N 49	
$d, \text{Å}$	$I \%$	минерал
6.37848	19.4	ПШ
4.25086	27.8	кварц
3.34044	100.0	кварц
3.23397	46.8	КПШ
3.19208	40.7	ПШ
2.69826	13.7	гематит
2.45590	17.4	кварц
2.28015	13.1	кварц
2.12770	13.1	кварц
1.81761	14.2	кварц

Ескертпе:

Барлық келтірілген дифракциялық шындар жоғарыда көрсетілген фазаларға ғана тиесілі. Құрамында бар фазаларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипатты дифракциялық рефлекстер белгіленді.

Кристалды фазалардың жартылай сандық рентгенфазалық талдау нәтижелері (18-кесте):

минерал	формула	шоғырланым, %
кварц	$\text{SiO}_2$	52.4
альбит (ПШ)	$\text{Na(AlSi}_3\text{O}_8)$	19.2
КПШ	$\text{KAlSi}_3\text{O}_8$	18.5
гематит	$\text{Fe}_2\text{O}_3$	9.9



### 2-Theta - Scale

- |  |   |
|--|---|
| N49  | КПШ - $\text{KAISi}_3\text{O}_8$ - S-Q 18.5 % |
| кварц - $\text{SiO}_2$ - S-Q 52.4 %              | гематит - $\text{Fe}_2\text{O}_3$ - S-Q 9.9 % |
| альбит (ПШ) - $\text{Na(AlSi}_3\text{O}_8)$ - S- |   |

6-сурет. N 49 үлгінің диффрактограммасы

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P	Q
227																	
228	49 – үлгі																
229																	
230	Өңдеу параметрлері: Барлық элементтерге талдау жасалды (қалыңға көлтірілді)																
231																	
232	Барлық нәтижелер % мөлшерде																
233																	
234	Спектр	В стат.	O	Na	Mg	Al	Si	P	S	Cl	K	Ca	Ti	Mn	Fe	Игор	
235																	
236	Спектр 1	Ия	47,56	0,95	1,61	6,93	26,72	0,09	0,05	0,19	2,57	7,51	0,38	0,37	5,09	100,00	
237	Спектр 2	Ия	46,36	0,88	1,90	7,71	26,71	0,18	0,07	0,14	2,89	6,60	0,52	0,12	5,92	100,00	
238	Спектр 3	Ия	45,39	0,93	1,87	8,21	26,40	0,39	0,06	0,23	2,94	6,29	0,55	0,24	6,50	100,00	
239																	
240	Орташа		46,44	0,92	1,80	7,62	26,61	0,22	0,06	0,19	2,80	6,80	0,48	0,25	5,84	100,00	
241																	
242	Стандарт. Аурьку		1,09	0,03	0,16	0,65	0,18	0,16	0,01	0,05	0,20	0,63	0,09	0,13	0,71		
243	Макс.		47,56	0,95	1,90	8,21	26,72	0,39	0,07	0,23	2,94	7,51	0,55	0,37	6,50		
244	Мин.		45,39	0,88	1,61	6,93	26,40	0,09	0,05	0,14	2,57	6,29	0,38	0,12	5,09		
245																	
246																	
247	Өңдеу параметрлері: стехиометрия бойынша Олугел (қалыңға көлтірілді)																
248																	
249	Барлық нәтижелер қосылғыс түрінде %																
250																	
251	Спектр	В стат.	№20	МgO	Al2O3	SiO2	P2O5	SO3	Cl	K2O	CaO	TiO2	MnO	FeO	Игор		
252																	
253	Спектр 1	Ия	1,31	2,76	13,56	59,59	0,21	0,12	0,20	3,24	11,00	0,66	0,50	6,83	100,00		
254	Спектр 2	Ия	1,20	3,19	14,81	58,25	0,41	0,18	0,14	3,55	9,44	0,88	0,16	7,77	100,00		
255	Спектр 3	Ия	1,25	3,12	15,58	56,73	0,90	0,15	0,23	3,56	8,84	0,92	0,31	8,40	100,00		
256																	
257	Орташа		1,26	3,03	14,65	58,19	0,51	0,15	0,19	3,45	9,76	0,82	0,33	7,67	100,00		
258																	
259	Стандарт. Аурьку		0,05	0,23	1,02	1,43	0,35	0,03	0,05	0,18	1,12	0,14	0,17	0,79			
260	Макс.		1,31	3,19	15,58	59,59	0,90	0,18	0,23	3,56	11,00	0,92	0,50	8,40			
261	Мин.		1,20	2,76	13,56	56,73	0,21	0,12	0,14	3,24	8,84	0,66	0,16	6,83			
262																	

19 – кесте. 49 – үлгі.

Археология тарихнамасы тұрғысынан келер болсақ, Іле Алатауының солтүстік баурайын зерттеу тарихы 100 жылдан асады. Ал тарихи-мәдени тұрғыдан алғанда бұл өңір Орталық және Орта Азияның екі жаһандық аумағының түйіскен жерінде орналасқан. Қолайлы климаттық жағдайлар барлық тарихи дәуірлерде аймақтың тығыз қоныстануын, ал географиялық орта өмір сүру және экономикалық қызмет жағдайларына бейімделу формаларының алуан түрлілігін анықтады. Десе де ХІХ ғасырдың ортасындағы алғашқы зерттеулер осы аймақтың табиғи ғана емес, археологиялық ескерткіштерге де аса бай екенін көрсеткен болатын.

Қазіргі уақытта зерттелген көптеген обалар, петроглиф орындары, ежелгі қоныстар мен ортағасырлық қала жұрттарының іздері бұл аумақта іс жүзінде бүкіл тарихи кезеңде сан түрлі халықтар мекендегенін көрсетті. Мұнда археологиялық нысандардың көп шоғырлануы таулы аймақтың өмір сүру және шаруашылық жүргізу өте қолайлы болуымен байланысты болғандығын да айта кеткен ләзім.

Сан ғасырлар бойы мұнда тіршілік еткен алуан түрлі қауымдар, әлеуметтік құрылымдар мен топтар, қоғамдық, сондай-ақ саяси ұйымдар құрылымдар қоғамның қол жеткізген өндіргіш күштердің даму деңгейіне, еңбек бөлінісіне, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың барлық күрделі кешеніне байланысты болғандығы да белгілі болып отыр. Бұл кешенге белгілі бір мүліктік және әлеуметтік жіктелу, өндірістің негізгі құралдарына меншік нысандары, әлеуметтік ұйымның жиынтық құрылымын құрайтын билік пен бағыныштылық, пайдалану, бөлу және тұтыну, алмасу қатынастары сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандардан көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы мен қоғамдық ұйымын дамудың белгілі бір кезеңінде зерттеу өндірістік және әлеуметтік қатынастарды, өндірістің негізгі құралдарына меншік нысандарын, сондай-ақ көшпелі халықтардың әлеуметтік байланыстарының сипаты мен қоғамдық ұйымының құрылымын талдауды қажет етеді.

Археологиялық зерттеулердің ақпараттылығын жоғарылату – далалық зерттеулерден бастап теориялық жиынтықтауға дейінгі олардың барлық уақытында өзекті мәселе болып табылады. Археологиялық нысандар туралы ақпарат жетімсіздігі өте ерте заманнан деректерді анықтау секілді жалпыға мәлім қиындықтарға ғана байланысты емес. Қазба барысында алынған материалдардың әр түрлілігі әр түрлі ғылыми сала мағлұматтарын ескере отырып, оларды жан-жақты өңдеуді талап етеді. Әр түрлі әдістемелерді біріктіру қажеттілігі осындай ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру мәселелерінің туындауын жоғарылатады.

Ұлы даланың ғұрыптық құрылыстың ең көне түрі – обалы жерлеу орындары болып табылады. Далалық зерттеулердің өсіп келе жатқан ауқымы обаға көп құрамды құрылымы бар ерекше күрделі археологиялық дереккөзі ретінде түбегейлі жаңа көркем сәулеттік тәсіл қажеттілігін көрсетіп отыр. Осы жерде Еуразия даласында ерте темір дәуірінің басталуымен бірге пайда болған қуатты оба құрылысы дәстүрінің ұзақ уақыт сақталуы туралы айта кеткен жөн болар. Мұндай құрылыс (қорған, оба) бірқатар мәдени-тарихи кезеңдерде әртүрлі, өзгеріп отыратын этникалық ортада дами отырып, Ұлы даланың өте берік мәдени дәстүрлерінің бірі болып қалыптасты. Яғни белгілі бір дәуірлер мен халықтардың көпшілігін қамтитын трансдәуірлік дәстүр болып саналады.<sup>125</sup> Уақыт бойынша тұрақтылық дәрежесі және бұрын құрылыс өнерін дамытудың осындай қуатты және ішкі біртұтас желілерінің пайда болу фактісін Еуразияның орасан далалық кеңістіктерінде олардың экологиялық біртектілігі негізінде экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық құбылыстардың ұқсас нысандарын, тұтастай алғанда тарихи процестің бірлігін құрған бірқатар ықпалдастырушы факторлармен түсіндіруге болады.

Оба құрылысының ең қарқынды дамуы және бұл дәстүрдің жалпы дамуының шарықтау кезеңдері, қорған тұрғызу (салу) жүйелері жиі өзінің ауқымдылығымен таң қалдыратын ежелгі көшпелілер дәуірін, соның ішінде ерте темір ғасырын қамтиды.

---

<sup>125</sup> Спицын А.А. Археологические разведки. СПб, 1908, с. 7-23; он же. Археологические раскопки. СПб, 1914, с. 7-14, 88.

Обалы ескерткіштерінің тарихи қалыптасқан ғұрыптық кешендер ретіндегі күрделі сипатын атап өте отырып, бұл тұрғыда обаның өзгешелігін және ежелгі құрылыстың жаппай қолданыстағы түрін тарихи-археологиялық дереккөздің бір бейнесі ретінде атап өтуге болады.<sup>126</sup> Жалпы оба құрылыстары жөнінде бірқатар эстетикалық принциптердің болуы мүмкіндігін археологтардың ешқайсысы да атап өткен жоқ. Алайда, обаға деген жаңа және ерекше, көркем-сәулеттік көзқарастың тарихын А.А.Спицын, В.А. Городцов, А.А. Миллер, М.П. Грязнов және Ә.М. Оразбаев секілді ғалымдардан бастау керек.<sup>127</sup>

Қола дәуіріндегі обалар құрылысының қуатты өрістеуінің нәтижесінде – ерте темір дәуірінің көшпелілері Еуразия даласында мыңдаған қорғандар немесе обалар тұрғызды. Ежелгі дәуірден бастап оба құрылысы саласында жаңа обалардың ескілермен байланысы, олардың заңдылықтарын жиі қайталау, бұрынғы дәстүрлерді сақтай отырып, ежелгі оба үйінділерін жаңа үйінді ретінде толықтыру (жетілдіру), яғни қола дәуірінде оба құрылысының орналасуындағы идеяларды (дәстүрлерді) ұстану және оларды одан әрі дамыту факторы орын алды. Бұл факт – этномәдени және хронологиялық айырмашылықтарға қарамастан далалық оба тұрғызу (салу) дәстүрінің біртұтас даму жолындағы терең сабақтастықты көрсетеді, сонымен қатар ішінара осы дәстүр ұғымының мәнін түсіндіреді.<sup>128</sup>

Қыш ыдыстардың фрагменттері жасалу техникасы орта ғасырға тән, ал олардың арасында қызыл, қоңыр түстер көптеп кездеседі. Қыш ыдыстардың басым көпшілігінің ернеулері сыртқа

---

<sup>126</sup> Шалькевич А.А. Архитектурное исследование Царского кургана. Труды Гос. Эрмитажа, XVII, Л., 1976, с. 138-165.

<sup>127</sup> Спицын А.А. Разведки памятников материальной культуры. Л., 1927, с. 34-48.; Городцов В.А. Первобытная археология. М., 1908, с. 133-135; он же. Руководство для археологических раскопок. М., 1914, с. 51-61.; Миллер А.А. Археологические разведки. ИГАИМК № 83, М. – Л. 1934, с. 126-137 и др.; Грязнов М.П. Курган как архитектурный памятник// Тезисы докладов на заседаниях, посвящённых итогам полевых исследований в 1960 г. М.: 1961. С. 22-25.; А.М. Оразбаев. Курган «с усамы» в могильнике Джанайдар как архитектурный памятник// Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата: 1969. С. 175-191.

<sup>128</sup> Мәдени сабақтастықтың мұндай түрі Рахат археологиялық кешенінің кейбір материалдарында да байқалады (I тараудың 1.1 бөлімін қараңыз).

қайырылған, бүйірі дөңес келген асханалық қыш қазандарға тән. Табылған артефактілердің ішінде қыш ыдыстың бүйірлері әлдеқайда көбірек табылды және ыдыс түптері де кездесті. Аталып отырған ескерткіштегі қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыс фрагменттері арқылы оларды типтік түрге бөліп қарастыруға болады. Қыш қазандардың басым көпшілігінде құлақша тәрізді екі тұтқасы болғандығы толыққанды анықталды. Олардың кейбіреулерінде құлақша тұтқаларын бүйіріне бекіту кезінде салынған саусақтың батырма іздері бар екендігі белгілі болды.

Қыштан дайындалған тұрмыстық-шаруашылық құралдарын ғылыми тұрғыдан зерттеу (талдау), тарихи процестің мәнін ашуға және оны белгілі артефактілерді қолдана отырып қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бір қызығы қыш ыдыстың жеке бөліктері адам денесі тәрізді «дене», «бітім», «иық» және т.б. деп бөлінеді.

Айта кететін бір жайт, Рахат ескерткішінің қыш ыдыс кешені, дәлірек айтқанда Рахат қонысы орнынан табылған материалдар көбіне Қарахан дәуіріне тән болып келеді.<sup>129</sup>

Қорыта келе айтарымыз, Рахат археологиялық кешенін зерттеу әлі де болса тек бастапқы сатыда ғана. Соңғы жылдары қолда жинақталған материалдар осы кешен аумағында болған тарихи үдерістерді қалпына келтірудің жалпы шеңберін ғана белгілеп бере алады. Бұл кешен Жетісу өңірі тұрғындарының ежелгі және ортағасырлық мәдениетінің даму кезеңдерін толықтыратын және пәнаралық сипатта түзететін ауқымды зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

## **Остеологиялық материалдар**

Остеологиялық материалдар – ескерткіштің өмір сүрген уақытындағы тұрғындардың тіршілігі мен материалдық өндірісі,

---

<sup>129</sup> Айтқұл Х.А., Железняков Б.А., Толемісова Д.Қ. Результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021-23 гг. (по керамическим материалам) // JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University». №4 (111). – 2023. С. 170-179.

тағам рационы мен шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері, сол аймақтағы ежелгі фаунаның құрамы және т.б. мәселелерді ғылыми тұрғыдан танып-білуде маңызды ақпарат көзі болып табылады. Жетісу өңірінің ортағасырлық ескерткіштеріндегі шаруашылықтың даму динамикасы, үй жануарларының құрамындағы иерархиялық ерекшеліктер отандық зерттеушілер тарапынан өте аз зерттелген мәселелердің бірі. Ұсынылып отырған жұмыстың негізін Рахат қонысындағы қазбадан анықталған (табылған) жануарлардың остеологиялық коллекциясын зертханалық талдау нәтижелері құрайды. Археозоологиялық материалдарға талдау жүргізу бүгінгі таңда өңірдегі ежелгі тұрғындардың шаруашылығының қалыптасуы мен дамуына қатысты мәселелерді жаңа көзқарастар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының зооархеология зертханасының меңгерушісі М.С. Шагирбаев «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» ғылыми-қолданбалы зерттеу аясында табылған материалдарға зертханалық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

*Материалдардың сипаттамасы және зерттеу әдістері*

Остеологиялық материалдар ортағасырлық Рахат қонысына бірнеше жыл бойы (2017-2019 жж; 2021-2023 жж.) жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде анықталған (табылған), олардың барлығы толықтай зертханалық талдаудан өтті.

Ескерткіштен жалпы – 1393 дана жануар сүйегі анықталып, оның ішінде 1077 данасы (77,3%) нақты түрге ажыратылды (1-кесте). Жануарлардың қаңқа қалдықтары мен анықтауға келмейтін жалпы материалдар қазбаның барлық қабатынан кездеседі. Бұл мәліметтер біздің ортақ остеологиялық кешенмен жұмыс жасап отырғанымызды көрсетеді. Жануар сүйектерін талдау археозоологиялық зерттеудің стандартты әдістеріне сай жүргізіліп, сүйектер жануар түрлеріне, қаңқа бөлшектеріне, жас ерекшеліктеріне қарай топталды.

Түр	Қазба жүргізілген жылдар						
	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	Жиыны
<i>Үй жануарлары</i>							
Уақ мал	13*/4**	0/0	48/2	45/4	187/18	13/2	306/30
Қой	10/2	1/1	20/7	3/1	10/2	14/3	58/16
Ешкі	2/1	0/0	1/1	0/0	3/2	1/1	7/5
Сиыр	20/2	0/0	98/8	57/9	115/6	39/9	329/34
Жылқы	26/3	0/0	25/3	33/3	60/10	13/2	157/21
Түйе	0/0	0/0	1/1	1/1	7/2	1/1	10/5
Есек	0/0	0/0	0/0	0/0	1/1	0	1/1
Ит	1/1	0/0	4/2	0/0	3/1	0	8/4
Жиыны	72/13	1/1	197/24	139/18	386/42	81/18	876/116
<i>Жабайы жануарлар</i>							
Түлкі	0/0	0/0	0/0	58/1	94/5	0/0	152/6
Қарсақ	0/0	0/0	0/0	13/2	0/0	0/0	13/2
Құлан	0/0	0/0	0/0	1/1	0/0	0/0	1/1
Бұғы	0/0	0/0	1/1	0/0	0/0	0/0	1/1
Арқар	0/0	0/0	0/0	0/0	1/1	1/1	2/2
Тау ешкі	0/0	0/0	0/0	0/0	1/1	0/0	1/1
Қабан	1/1	0/0	3/2	0/0	1/1	0/0	5/4
Елік	1/1	0/0	7/3	0/0	6/5	10/3	24/12
Қоян	0/0	0/0	1/1	0/0	0/0	0/0	1/1
Құс	0/0	0/0	0/0	0/0	1/1	0/0	1/1
Жиыны	2/2	0/0	12/7	72/4	104/14	11/4	201/31
Сүтқоректілер	39	0	16	116	100	45	316
Барлығы	113/15	1/1	225/31	327/22	590/56	137/22	1393
	1077/147						
	1393						
<i>Ескерту:</i> * сүйек саны; **жануар саны							

1–кесте. Ортағасырлық Рахат қонысынан табылған жануар сүйектерінің таксономиялық құрамы

*Салыстырмалы-морфологиялық әдісі* бойынша жануарлар сүйектері Ә.Х.Марғұлан ат. Археология институты зооархеология зертханасының эталон топтамасымен морфологиялық белгілері

бойынша салыстырылып, таксономиялық рангі (класс (*classis*), отряд (*ordo*), тұқымдас (*familia*), туыс (*genus*), түрі (*species*)) анықталды. Зертханадағы эталон топтамасы ортағасырлық ескерткіштерден табылған остеологиялық материалдардың негізінде жинақталған.

*Салыстырмалы-топографиялық әдіс* негізінде үй жануарларының қаңқа бөліктерінің өзара қатынасы талданып, «бас сүйек», «жеке тістер», «кеуде», «аяқтың жоғарғы бөлігі» және «аяқтың төменгі бөлігі» деп жүйеленді. «Бас сүйек» бөлігіне бас сүйектің фрагменттері, төменгі жақ сүйек жатады. «Жеке тістерге» барлық жеке сақталған бүтін және фрагмент тістер енді. «Кеуде» бөлігіне омыртқалар және қабырғалар жатқызылды. «Аяқтың жоғарғы бөлігіне» жануардың «етті» бөлігі болып есептелетін жауырын, жамбас, тоқпан жілік, кәрі жілік, шынтақ сүйегі, сан және асықты жіліктер кіреді. «Аяқтың төменгі бөлігіне» жануардың «етсіз» бөлігі саналатын аралық сүйектер немесе карпальды және тарзальды сүйектер, сесамоидты сүйектер, сирак және фалангалар (бақай, топай, тұяқ) енеді.

Үй жануарларының жас ерекшеліктерін (жақ сүйектердегі тістердің өсу/жетілу үдерісі, түтікшелі сүйектердің эпифиздері және т.б.) анықтауда *Сильвер әдісі* [Silver, 1969: 283-302],<sup>130</sup> уақ мал мен сиырдың төменгі жақ сүйектері бойынша сойылған мерзімдерін анықтауда *Грант әдісі* [Grant, 1982: 92-93; fig. 1-2]<sup>131</sup> қолданылды.

Сүйектерді жануар түрлеріне қарай ажыратуда А.И. Акаевскийдің жануарлар анатомиясына арналған әдістемелік еңбегі [Акаевский, 2005, с. 103-124],<sup>132</sup> жеке қаңқа бөлшектерін сипаттауда К.Жаңабеков және Е.Мақашевтің жануарлар

---

<sup>130</sup> Silver I.A. The Ageing of Domestic Animals // Science in Archaeology. Basic books, Inc., Publishers. New York, 1969. 250-268 бб.

<sup>131</sup> Grant A. The use of tooth wear as a guide to the age of domestic ungulates // Ageing and Sexing Animal Bones from Archaeological Sites. Bob Wilson, Caroline Grigson and Sebastian Payne (ed.). BAR British Series, 109. 1982. 91-108 бб.

<sup>132</sup> Акаевский А.И., Юдичев Ю.Ф., Селезнев С.Б. Анатомия домашних животных. – Москва, ООО «Аквариум-Принт». 2005. – 640 б.: ил.

анатомиясына арналған еңбегі [Жаңабеков, Мақашев, 1996, с. 18-58]<sup>133</sup> басшылыққа алынды.

Ірі қараның сүйектеріндегі синостоз (эпифиздердің диафиздермен бірігуі) жағдайын зерттеуде және жануар жасына қатысты тұжырым жасауда В.И.Цалкиннің зерттеулері [Цалкин, 1967]<sup>134</sup> қолданылды. Уақ мал сүйектерін қой және ешкі түрлеріне қарай ажыратуда В.Громованың сүйектерді анықтауға арналған нұсқаулығы пайдаланылады [Громова, 1953, с. 7-93].<sup>135</sup>

*Үй жануарларын шаруашылықта пайдалану ерекшеліктері*

Уақ мал (қой-ешкі). Уақ малға жалпы 371 дана жануар сүйегі тиесілі. Оның ішінде 58 данасы – қой, 7 данасы – ешкі және 306 данасы – уақ малға деп ажыратылды («уақ мал» – қой және ешкі сүйектері нақты морфологиялық белгілері бойынша ажыратылмай, жалпы алынып отыр – *авт.*), (1-кесте).

Рахат қонысынан 2017-2023 жылдары анықталған жануар сүйектерінің ішінде уақ малдың қаңқа бөлшектері тек 2022 жылы табылған остеологиялық материалдарда ғана басымдық танытады. Барлық жылдар негізінде (2022 жылды есепке алмағанда) алып қарайтын болсақ, қала тіршілігінде уақ малдың саны ірі қарадан аздаған мөлшерде ғана артықшылықта болғанын байқаймыз.

Остеологиялық материалдарды анатомиялық және морфологиялық белгілеріне қарай топтауда, уақ малға тиесілі қаңқа элементтерінің кемінде 51 бас жануардан тарайтыны анықталып отыр. Оның ішінде, нақты 16 бас – қой, 5 бас – ешкі және 30 бас – жалпы «уақ мал» деп топталды.

Қаңқа бөліктерінің құрамын талдауда аяқтың жоғарғы бөлігіне тиесілі сүйектердің басымдығы байқалады. Бұл қоныс тұрғындары жануардың «етті бөліктерін» көбірек тұтынғанын көрсетеді. Салыстырмалы түрде, бас сүйектің сынған бөлшектері саны жағынан екінші орында. Жеке тістер мен аяқтың төменгі

---

<sup>133</sup> Жаңабеков К., Мақашев Е. Жануарлар анатомиясы. – Алматы, Білім. 1996. – 336 б.

<sup>134</sup> Цалкин В.И. Домашние животные Золотой Орды // Бюллетень московского общества испытателей природы. Отдел биологии, Т. 72 (1), 1967. 114-129 бб.

<sup>135</sup> Громова В. Остеологические отличия родов сарга (козлы) и ovis (бараны). Руководство для определения ископаемых остатков // Труды комиссии по изучению четвертичного периода. Издательство АН СССР. – Москва, 1953. – 125 б.

бөліктерінің мөлшері өзара жақын (2-кесте). Аяқтың дистальды бөлігіндегі ұсақ метакарпальды және метатарсальды сүйектер мен тұяқ, топай секілді ұсақ бөлшектердің жиі кездесуі (47 дана немесе жалпы сүйектердің – 12,7%), қазба барысында остеоматериалдардың толық жиналғанын көрсетеді.

Сүйек атауы	Уақ мал		Ірі қара		Жылқы	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Мүйіз – Cornu	3	<b>0,8</b>	0	<b>0,0</b>	0	<b>0,0</b>
Бас сүйек – Cranium	17	<b>4,6</b>	7	<b>2,1</b>	3	<b>1,9</b>
Жоғарғы жақ – Maxilla	8	<b>2,2</b>	10	<b>3,0</b>	0	<b>0,0</b>
Төменгі жақ – Mandibula	54	<b>14,6</b>	21	<b>6,4</b>	7	<b>4,5</b>
Тіс – Dentes	43	<b>11,6</b>	34	<b>10,3</b>	43	<b>27,4</b>
Эпистрофей – Axis	2	<b>0,5</b>	5	<b>1,5</b>	0	<b>0,0</b>
Қабырға – Costae	24	<b>6,5</b>	63	<b>19,1</b>	38	<b>24,2</b>
Омыртқа – Vertebrae	7	<b>1,9</b>	41	<b>12,5</b>	10	<b>6,4</b>
Жауырын – Scapula	16	<b>4,3</b>	15	<b>4,6</b>	3	<b>1,9</b>
Жамбас – Os coxae	7	<b>1,9</b>	14	<b>4,3</b>	3	<b>1,9</b>
Тоқпан жілік – Humerus	30	<b>8,1</b>	8	<b>2,4</b>	2	<b>1,3</b>
Шынтақ сүйегі – Ulna	3	<b>0,8</b>	4	<b>1,2</b>	1	<b>0,6</b>
Көрі жілік – Radius	34	<b>9,2</b>	14	<b>4,3</b>	4	<b>2,5</b>
Сан жілік – Femur	33	<b>8,9</b>	10	<b>3,0</b>	7	<b>4,5</b>
Асықты жілік – Tibia	43	<b>11,6</b>	17	<b>5,2</b>	5	<b>3,2</b>
Карпальды – Ossa carpi	0	<b>0,0</b>	2	<b>0,6</b>	4	<b>2,5</b>
Тарзальды – Ossa tarsi	5	<b>1,3</b>	4	<b>1,2</b>	3	<b>1,9</b>
Асық – Talus	7	<b>1,9</b>	5	<b>1,5</b>	2	<b>1,3</b>
Алдыңғы сирақ – Metacarpus	4	<b>1,1</b>	8	<b>2,4</b>	1	<b>0,6</b>
Артқы сирақ – Metatarsus	5	<b>1,3</b>	10	<b>3,0</b>	4	<b>2,5</b>
Метаподия – Metapodium	24	<b>6,5</b>	13	<b>4,0</b>	2	<b>1,3</b>
Тұсамыс – Phalanx 1	2	<b>0,5</b>	13	<b>4,0</b>	9	<b>5,7</b>
Топай – Phalanx 2	0	<b>0,0</b>	6	<b>1,8</b>	5	<b>3,2</b>
Тұяқ – Phalanx 3	0	<b>0,0</b>	5	<b>1,5</b>	1	<b>0,6</b>
	371	100	329	100	157	100

2–кесте. Рахат қонысынан табылған үй жануарларының қаңқа элементінің құрамы мен саны

Барлығы 51 бас уақ малдың ішінде ересек жануарлардың саны басым (84,4%), (5-кесте). Нақтырақ айтсақ, 2 жастан асқан

жануарлар – 25 бас (49%), 1-2 жас аралығындағы жануарлар – 16 бас (31,4%), 3 айдан 1 жасқа дейінгі жануарлар – 7 бас (13,7%) және 3 айға дейінгі және жаңа туған жануар төлдері – 3 бас (5,9%). Уақ малдың жас ерекшеліктерінде ересек жануарлардың басымдығы, қала тұрғындарының шаруашылықта қой-ешкіні ұзағырақ ұстап, жүн өнімдерін алу мақсатында тұрмыста пайдаланғанын білдіреді. Әдетте, ет өнімі үшін санын көбейткен жағдайда жас жануарларды сою көрсеткіші жоғары болатыны байқалады.

Грант әдісі бойынша қойдың төменгі жақ сүйектеріндегі тістердің «егелу үдерісіне» жеке талдау жүргізілді (3-кесте). Зерттеу барысында 13 дана төменгі жақ сүйек негізге алынып, жануарлардың сойылған мерзімдері анықталды. Зертханалық талдау көрсетіп отырғандай, жақ сүйектері зерттелген уақ малдың 46,2% қыста сойылған. Оның ішінде 33,3% жануарлар 1-2 жас аралығында сойылса, 33,3% жануар 4-5 жас аралығында етке пайдаланылған. 1 жануардың сойылған кездегі жасы 2-3 жыл, тағы бір жануар 3-4 жаста сойылған. Олай болса, қыс мерзімінде сойылған уақ малдың ішінде 1 жастан 5 жасқа дейінгі аралық толық кездесіп отыр. Яғни, жануарды етке пайдалануда қандай да бір сұрыптау болмағанын байқаймыз. Пайыздық көрсеткіш бойынша, уақ малдың сойылу мерзімінің екінші шарықтау шегі – жаз айларына тура келеді. Аталған мерзімде сойылған қойлар 3-4 жаста болғаны анықталды. Сойылу мерзімінің үшінші кезеңі көктемде жүргізілген. Бұл кезде де 3-4 жастағы қойдың сойылғанын көреміз. Қазіргі материалдардың негізінде уақ малдың ең аз сойылған кезі күз айлары. Бұл кезде 1,5 жастағы бір бас жануар сойылған. Жалпы уақ малдың ең көп сойылған кездегі жастары 3-4 жас аралығына (53,8%) тура келіп тұр. Екінші шарықтау шегі 1-2 жас аралығы (23%). Үшінші кәрі малдар етке пайдаланылған (13,5%).

Мезгілдер	Жас ерекшеліктерінің топтары, жыл				Жиыны	
	1-2	2-3	3-4	4-5	Абс.	%
<b>Уақ мал</b>						
Көктем	0	0	2	0	2	15,4
Жаз	0	0	4	0	4	30,8
Күз	1	0	0	0	1	7,7
Қыс	2	1	1	2	6	46,2
Жиыны, %	3	1	7	2	13	100
<b>Ірі қара</b>						
Жаз	0	0	1	0	1	100

3–кесте. Қой мен ірі қараның сойылған мерзімдері мен жас ерекшеліктері

Қаңқа бөлшектерінің құрамында қой мен ешкіге тиесілі мүйіз қалдықтары 0,8% құрайды. Уақ малға тиесілі қаңқа элементтері өте көп табылғанымен, жеке мүйіз сынықтарының аздығы, жануарлардың басым бөлігінің мүйізі болмағанын көрсетеді. Жеке мүйіздердің ішінде басым бөлігі ешкіге тиесілі болса, қойлар, оның ішінде аталық жануарға тиесілі бір дана мүйіз фрагменті табылды. Бір дана қойдың асықты жілігінің дистаплантарлы беті тесілген (1-сурет).

Рахат қонысына жақын орналасқан Шеңгелді төрткүлінің остеологиялық материалдарында уақ мал сүйектері кездескенімен, саны жағынан жылқыдан кейінгі орында [Савельева, Шагирбаев, 2020: 392].<sup>136</sup> Уақ малдың құрамында қой мен ешкі сүйектері қатар кездескен. Талғар қала жұртының остеологиялық материалдарында (1989 ж. №3 қазба) сүйек саны бойынша бірінші ірі қара, екінші орында қой мен ешкі болғанын көреміз [Шагирбаев, 2020: 117].<sup>137</sup> Ортағасырлық Қастек қала жұртының остеологиялық материалдарында сүйек саны жағынан бірінші орында ірі қара, екінші орында жылқы, ал қой мен ешкі үшінші

<sup>136</sup> Савельева Т.В., Шагирбаев М.С. Остеологические материалы из караван-сарая Шенгельды // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Исторические и социально -политические науки», №1(64). – 2020. 390-400 бб.

<sup>137</sup> Шагирбаев М.С. Остеологические материалы средневекового городища Талгар // Культурное наследие научный журнал. №4. – Нұр-Сұлтан. – 2020. 115-128 бб.

орында [Нуржанов, Шагирбаев, 2021: 186-187].<sup>138</sup> Алайда, Қастек қала жұртының бұрын зерттелген материалдарында сүйек саны бойынша бірінші орында уақ мал болғаны анықталған [Нуржанов, Гимранов, 2018: 533].<sup>139</sup>

Бірақ, Қастек қала жұртының бірнеше мәдени қабаттың анықталуы, жануар санының белгілі бір кезеңдерде санының реттелуі мүмкін екендігін жоққа шығармайды.



1–сурет. Диста-плантарлы беті арнайы тесілген қойдың асықты жілігі

*Ірі қара.* Рахат қонысына жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында ірі қара (сиыр) сүйектері 2018 жылдан басқа қазбалардың барлығынан да кездесті. Бұл қоныс тіршілігінде сиырдың негізгі орын алғандығын білдіреді. Яғни, қаланың әр аумағынан табылған тағам қалдықтарының ішінде сиыр сүйектері тұрақты кездескеніне қарап, ет өнімінің басым бөлігі сиырға тиесілі болғанын байқаймыз.

2017-2023 жж. қазба барысында кемінде 34 бас сиырдан тарайтын 329 дана қаңқа бөлшектері анықталды. Сүйек саны жағынан уақ малға жақын болғанымен, жануар саны жағынан біршама төмен (уақ мал – 51 бас, сиыр – 34 бас).

<sup>138</sup> Нуржанов А.А., Шагирбаев М.С. Археозоологические исследования костных остатков из средневекового городища Кастек (по материалам раскопок 2020 г.) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «ХІІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті. – 2021. 185-193 бб.

<sup>139</sup> Нуржанов А.А., Гимранов Д.О. Исследования костных остатков животных из археологического памятника средневековья городища Кастек // Маргулановские чтения – 2019: Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. – Нур-Султан, 2019. 529-538 бб.

Қаңқа бөліктерінің қатынасы біркелкі емес, сүйек бөлшектерінің саны бойынша уақ мал және жылқыдан біршама айырмашылықтарға ие (4-кесте). Сиырдың қаңқа бөліктерінің арасында ең көп кездескені кеуде бөлігінің элементтері (омыртқа, қабырға) – 109 дана немесе 33,1%. Екінші орында аяқтың «етті» бөлігі саналатын яғни жоғарғы бөліктің сүйектері (жауырын, жамбас, тоқпан жілік, ортан жілік, асықты жілік, кәрі жілік, шынтақ) – 82 дана немесе 24,9%. Сүйек саны жағынан үшінші орында аяқтың төменгі бөлігінің сүйектері (сирақ, ұсақ буын сүйектері, топай, тұяқ) – 66 дана немесе 20,1%. Остеоматериалдардың құрамында аталған бөліктің элементтерінің кездесуі, тағам рационында сиырдың аяқ қаңқасының барлық бөлігі де пайдаланылғанын білдіреді. Қаңқа бөліктерінің құрамында ең аз табылған бас сүйек бөліктері мен жеке тістер (сәйкесінше 11,6% – 10,3%).

Қаңқа бөлігі	Ірі қара		Жылқы		Уақ мал	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Бас сүйек	38	11,6	10	6,4	82	22,1
Жеке тістер	34	10,3	43	27,4	43	11,6
Кеуде	109	33,1	48	30,6	33	8,9
Аяқтың жоғарғы бөлігі	82	24,9	25	15,9	166	44,7
Аяқтың төменгі бөлігі	66	20,1	31	19,7	47	12,7
Барлығы	329	100	157	100	371	100

4–кесте. Рахат қонысынан табылған сүйек қалдықтардың қаңқа бөлігі

Сиырдың жас ерекшеліктері Сильвер әдісіне сәйкес, төменгі жақ сүйектегі тістердің өсу реті (2-сурет) мен түтікшелі сүйектердің эпифиздерінің жетілу жағдайына қарай анықталды. Барлығы 34 бас сиырдың ішінде жастары кемінде 4 жылдан асқан сиырлар – 4 бас. Төменгі жақ сүйектерінде m3 жарып шыққан, бірақ pm4 тісі әлі шықпаған сиырлар – 11 бас (32,4%). Жақ сүйекте m2 жарған, бірақ, m3 әлі шықпаған яғни 1,5-2,5 жастағы (тана,

құнажын) сиырлар – 8 бас. 6 айдан 1,5 жасқа дейінгі аралықта сойылған сиырлар (тана) 8 бас болса, 6 айға дейінгі (бұзау) шағында сойылған жас малдар – 3 бас. Жас ерекшеліктері бойынша сиырлардың басым бөлігі ересек жасында сойылғанын көрсетіп отыр. Бұл қоныс тұрғындарының сиырды сүт өнімдерін өндіру мақсатында қолда ұстағанын білдіреді.

Грант әдісі бойынша бүтін сақталған (n=1) төменгі жақ сүйектің альвеолярлы қатарындағы тістердің (pm3-m3) «егелу үдерістері» бір бас сиырдың 3-4 жас аралығында (дөнежін шығар) жаз мезгілінде сойылғанын көрсетті.



2–сурет. Сиырдың жеке тістері, төменгі жақ сүйектері, метаподиясы және ортаңғы тарзальды сүйек (тістердің егелу/кажалу үдерісіне назар аударыңыз)

Қазба материалдарының ішінде мүйіз фрагменттері мүлдем кездескен жоқ. Бұл мәлімет Рахат қонысы тұрғындарының шаруашылығында мүйізсіз сиырлар болуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Дегенмен, бұл пікіріміз тек қолымызда бар материалдарға сүйеніп айтылғанын ескертеміз. Бір дана сиырдың артқы сирағының 1 – фалангасында патологиялық ауытқушылықтар кездесті (3-сурет). Әдетте, сүйектегі патологиялық белгілер денеге ауыр салмақ түсуден пайда болады.



3-сурет. Сиярдың 1-фалангасы. Сүйектегі патологиялық белгілер денеге ауыр салмақ түсуден пайда болады.

Рахат қонысына жақын орналасқан Шеңгелді төрткүлінде сияр сүйектері басқа үй жануарларына қарағанда көп емес. Археозоологиялық зерттеу жүргізілген 20 дана сүйек кемінде 4 жануарға тиесілі. Жас ерекшеліктері бойынша 1,5-2 және 3 жастағы сиярлар сойылған [Савельева, Шагирбаев, 2020: 392].<sup>140</sup> Талғар қала жұртында сиярдың қаңқа элементтері басқа үй жануарларына қарағанда басым. Бұл көрсеткішті жануар санынан да көруге болады. Жас ерекшеліктері бойынша Талғар қала жұртында көбіне ересек жануарлар сойылғанын көреміз [Шагирбаев, 2020: 117].<sup>141</sup> Қастек қала жұртынан 2020 жылғы қазба барысында анықталған сияр сүйектері басқа жануарларға қарағанда басым болғанымен, жануар саны жағынан жылқыдан кейінгі орында [Нуржанов, Шагирбаев, 2021: 187].<sup>142</sup> Мұндағы

---

<sup>140</sup> Савельева Т.В., Шагирбаев М.С. Остеологические материалы из караван-сарая Шенгельды // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Исторические и социально -политические науки», №1(64). – 2020. 390-400 бб.

<sup>141</sup> Шагирбаев М.С. Остеологические материалы средневекового городища Талгар // Культурное наследие научный журнал. №4. – Нұр-Сұлтан. – 2020. 115-128 бб.

<sup>142</sup> Нуржанов А.А., Шагирбаев М.С. Археозоологические исследования костных остатков из средневекового городища Кастек (по материалам раскопок 2020 г.) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті. – 2021. 185-193 бб.

сойылған сиырлардың жас ерекшеліктері Шеңгелдімен ұқсас яғни 1-2 және 3 жастан асқан ірі қара сойылған. Сиырлардың саны бойынша қазіргі таңда Рахат қонысының материалдары негізгі орын алады. Басқа салыстырмалы ескерткіш материалдарында ірі қара сүйектерінің саны репрезентативті деуге келмейді. Яғни, жануар саны бойынша қандай да бір тұжырым жасауда материалдардың саны аздық етіп отыр. Алайда, жануарлардың сойылған мерзімдеріндегі ерекшеліктер, оларды пайдаланудың мақсаты мен бағыттарын айқындауға әсер етеді. Рахат қонысының сиырлары көбіне ересек жаста немесе кәрі мал кезінде сойылған. Яғни, жануардың тірі күнінде «сауын сиыр» ретінде пайдаланып, жасы келген кезінде «ет өнімі» үшін пайдаланып. Бұл көріністі Талғар қала жұртының сиырларынан да көреміз. Алайда, Қастек қала жұртымен Шеңгелді төрткүлдерінде көбіне жас жануарлар сойылған. Аталмыш ескерткіш тұрғындарында ет өніміне деген қажеттілік жоғары болғанын көрсетеді. Бұл ескерткіштердің түрі мен ондағы тұрғындардың шаруашылықты жүргізудің өзгешелігіне байланысты болуы да мүмкін. Мысалы, Шеңгелді – төрткүл пішіндес ескерткіш. Яғни, ескерткіштің бұл түрі сол кездегі саяси-экономикалық жағдайда байланысты белгілі бір мақсатта қызмет атқарған (бәлкім керуен сарай, әскери бекініс және т.б.). Яғни, ондағы тұрғындар үй жануарларын ұзақ мерзімді пайдаланудан гөрі қысқа мерзімде ет өніміне қажеттілікті қанағаттандыруға көңіл бөлген секілді. Қастек қала жұртынан 2018 жылғы қазба кезінде табылған жануар сүйектерінде де жас және жартылай жас жануарлардың сүйектері басым болған [Нуржанов, Гимранов, 2019: 535].<sup>143</sup> Бұл мәліметтер Қастек қала жұртының да ортағасырдағы атқарған қызметінде Шеңгелді төрткүлімен ұқсастықтар бар екендігін көрсетеді. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде орналасқан ескерткіштерде де осындай ұқсастық көреміз. Мысалы, Шу өңіріндегі Қосқұдық төрткүлінде

---

<sup>143</sup> Нуржанов А.А., Гимранов Д.О. Исследования костных остатков животных из археологического памятника средневековья городища Кастек // Маргулановские чтения – 2019: Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. – Нур-Султан, 2019. 529-538 бб.

сойылған сиырлардың басым бөлігі жас және жартылай ересек жануарлар [Ақымбек, Шагирбаев, 2021: 245].<sup>144</sup> Ежелгі Сауран (Қаратөбе) және Бурнооктябрьск секілді ірі қала жұрттарында ересек және кәрі сиырлар сойылған [Шагирбаев, 2020: 212].<sup>145</sup> Салыстырмалы зерттеулер көрсетіп отырғандай, ірі қалаларда сиырларды көбіне сүт өнімдері үшін пайдаланғаны байқалады. Ал көлемі кіші ескерткіш түрлерінде сиырларды көбіне ет өнімдері үшін пайдаланған болуы мүмкін. Рахат қала жұртының тұрғындары сиырларды ет және сүт өнімдерін алу мақсатында сипатта пайдаланғанын көрсетіп отыр.

*Жылқы.* Жылқы сүйектері үй жануарларының ішінде саны жағынан уақ мал мен сиырдан кейін үшінші орында (17,9%). Аталған жануарға тиесілі – 157 дана қаңқа қалдықтары кемінде – 21 бас жануарға тиесілі. 2017 жылғы қазбадан табылған жылқы сүйектері үй жануарларының ішінде сүйек саны бойынша бірінші (36,1%), ал жануар саны бойынша уақ малдан кейінгі орында (23%). 2019 жылғы қазбадан табылған жануар сүйектерінің ішінде жылқының қаңқа қалдықтары үшінші орында (12,6%). Жануар саны жағынан да уақ мал мен сиырдан кейінгі орында (12,5%) болатыны анықталды. 2021 жылғы остеологиялық материалдардың ішінде де жылқы сүйектері 2019 жылы анықталған материалдардың мөлшерін қайталайды. 2022 жылы табылған жануар сүйектерінің ішінде жылқы сүйектері аз болғанымен, жануар саны жағынан уақ малдан кейінгі (23,8%) орынды алады. 2023 жылы табылған остеоматериалдардың ішінде жылқының сүйектері үй жануарларының ішінде үшінші орында екені байқалды. Бұл мәліметтер жылқы сүйектері мен жануар саны бойынша қазбадан табылған остеологиялық материалдардың

---

<sup>144</sup> Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық Қосқұдық қаласының қақпасы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(68). – 2021. 226-246 бб.

<sup>145</sup> Шағырбаев М.С. Орта ғасырлардағы ірі қараның шаруашылықтағы рөлі (археозоологиялық материалдар бойынша) // Ұлы дала тарихы мен мәдениеті. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Бас. ред. М.Қ. Әбусейітова. Құрастырушылар: Н.Ж. Шаймарданова, З. С. Табынбаева. – Алматы: «Шығыс пен Батыс». – 2020. 205-215 бб.

барлығында да үй жануарларының ішінде үшінші орында болғанын көрсетіп отыр.

Қаңқа бөліктері бойынша жылқы сүйектері салыстырмалы түрде ірі қара және уақ мал сүйектерінен біршама айырмашылыққа ие. Жылқының қаңқа бөліктерінің құрамында дененің «етті» бөліктері саналатын кеуде және жеке тістер саны басым екендігі анықталды. Жалпы – 157 дана сүйектің 30,6% кеуде (омыртқа, қабырға) элементтері болса, 27,4% жеке тістерге тиесілі. Аяқтың жеке сүйектерінен төменгі бөліктің сүйектері (метаподия, бақай, топай, сесамоидты, карпальды, тарзальды) көп анықталды (4-сурет). Бұл қазба барысында ұсақ сүйектердің толық жинастырылғанын көрсетеді. Керісінше аяқтың жоғарғы бөлігінің сүйектері (15,9%) аса көп кездескен жоқ және барлығы да сындырылған яғни «ас қалдықтары» болып табылады. Бас сүйек бөлшектері өте қатты ұсақталған және мәдени қабатта нашар сақталған. Жылқы сүйектерінің негізінде жануар санын анықтау жеке тістер мен қуыс сүйектер бойынша жүзеге асырылды.



4-сурет. Жылқының қаңқа элементтері

Жылқылардың жас ерекшеліктері көбіне түтікшелі сүйектердің эпифиздері, жеке сақталған тістердің «егелу/қажалу» үдерісі бойынша анықталды. Рахат қонысынан табылған 21 бас жылқының 6-ы (28,6%) – кәрі малдар. 9 бас жануар (42,9%) – ересек жылқылар және 6 бас жануар (28,6%) – жас жылқылар. Олай болса, 15 бас (71,4%) жылқы ересек (5 жастан жоғары немесе бестіден өткен) және қартайған (10 жастан жоғары) шағында сойылған (5-кесте). Аталмыш мәліметтер қала тұрғындарының шаруашылығында жылқыларды ұзақ уақыт бойы «мініс көлігі»

немесе «ауыр жұмыс күші» ретінде пайдаланып, кейін қартайған шағында етке пайдаланғанын көрсетеді.

Жас ерекшеліктері		2017-2023 жж. қазба бойынша	
		абс.	%
<i>Уақ мал</i>			
М <sub>3</sub> бар	24 айдан жоғары	25	49,0
М <sub>2</sub> бар	12 – 24 ай	16	31,4
М <sub>1</sub> бар	3 – 12 ай	7	13,7
М <sub>1</sub> жоқ	3 айға дейін	3	5,9
Жиыны		51	100,0
<i>Ірі қара</i>			
Р4 бар	34 айдан жоғары	4	11,8
М <sub>3</sub> бар	28 айдан жоғары	11	32,4
М <sub>2</sub> бар	18 – 28 ай	8	23,5
М <sub>1</sub> бар	6 – 18 ай	8	23,5
М <sub>1</sub> жоқ	6 айға дейін	3	8,8
Жиыны		34	100,0
<i>Жылқы</i>			
Көрі жануарлар	Senilis	6	28,6
Ересек жануарлар	Maturus	9	42,9
Жас жануарлар	Infantilis	6	28,6
Жиыны		21	100,0
<i>Түйе</i>			
Ересек	Maturus	5	100,0

5–кесте. Рахат қонысынан анықталған үй жануарларының жас ерекшеліктері бойынша құрамы

Ортағасырлық Шенгелді ескерткішінде жылқы сүйектері басқа жануарларға қарағанда басым екендігі (үй жануарларының ішінде 44,5%) байқалады [Савельева, Шагирбаев, 2020: 392].<sup>146</sup> Талғар қала жұртының остеоматериалдарында жылқы үй

<sup>146</sup> Савельева Т.В., Шагирбаев М.С. Остеологические материалы из караван-сарая Шенгелды // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Исторические и социально -политические науки», №1(64). – 2020. 390-400 бб.

жануарлары ішінде уақ мал мен сиырдан кейінгі орында [Шагирбаев, 2020: 117].<sup>147</sup> Қастек қала жұртының 2018 жылғы материалдарында жылқы сүйектері уақ малдан кейінгі екінші орында болғанымен, жануар саны жағынан сиырмен шамалас [Нуржанов, Гимранов, 2019: 535].<sup>148</sup> 2020 жылғы зерттеу материалдарында ірі қарадан кейінгі екінші орында [Нуржанов, Шагирбаев, 2021: 187].<sup>149</sup> Ортағасырлық Аспара қала жұртының материалдарында да жылқылар уақ мал мен сиырдан кейінгі орында екендігін байқаймыз [Ақымбек, Шагирбаев, 2021: 21, 26-27].<sup>150</sup> Ақыртас төрткүлінде уақ малдан кейінгі (26,3%) орында және жануар саны бойынша да ірі қарадан басым [Ақымбек, Шагирбаев, 2021: 79, 82-85].<sup>151</sup> Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, Рахат қонысындағы жылқылардың мөлшері Талғар және Қастек секілді бір ендікте орналасқан ескерткіштермен шамалас болып келеді. Шеңгелді төрткүлінде жылқы басқа үй жануарларына қарағанда көп. Жануар санындағы артықшылықты Талас өңіріндегі Ақыртас төрткүлінен де көруге болады. Аталған ескерткіштердің көпшілігінде жылқылар ересек және қартайған кезінде сойылып, етке пайдаланған. Бұл дегеніміз ортағасырлық тұрғындардың жылқыны пайдаланудың өзара ұқсас сипатын

---

<sup>147</sup> Шагирбаев М.С. Остеологические материалы средневекового городища Талғар // Культурное наследие научный журнал. №4. – Нұр-Сұлтан. – 2020. 115-128 бб.

<sup>148</sup> Нуржанов А.А., Гимранов Д.О. Исследования костных остатков животных из археологического памятника средневековья городища Кастек // Маргулановские чтения – 2019: Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. – Нұр-Султан, 2019. 529-538 бб.

<sup>149</sup> Нуржанов А.А., Шагирбаев М.С. Археозоологические исследования костных остатков из средневекового городища Кастек (по материалам раскопок 2020 г.) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «ХІІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті. – 2021. 185-193 бб.

<sup>150</sup> Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық Аспара қаласының остеологиялық материалдары (2014 ж. қазба материалдары бойынша) // Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz» № 2(26). – 2021. 18-35 бб.

<sup>151</sup> Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық Ақыртас төрткүлінің остеологиялық материалдары Қазақстан археологиясы № 1 (11). – 2021. 72-100 бб.

қалыптастырғанын көрсетеді және ол ұқсастық ескерткіштердің атқарған қызметіне тікелей байланысты болуы мүмкін.

*Түйе.* Рахат қонысынан түйе сүйектері басқа үй жануарларына қарағанда аз кездесіп отыр. Бірақ, 2019-2023 жылдардағы қазба нысандарынан санаулы болса да тұрақты анықталғанын айта кету керек. Түйенің қуыс сүйектері мен жеке тістеріне қарап, барлығы ересек шағында сойылғанын көреміз. Қоныс тұрғындары түйені өз шаруашылығында тұрақты пайдаланды деп айта алмаймыз. Сүйек коллекциясының ішінде тек ересек жануарлардың анықталуы, бұл жануардың тағам рационында сирек жағдайда қолданылғанын көрсетеді.

*Есек.* Рахат қонысының мәдени қабатынан үй жануарларының сүйектерімен бірге есектің 3 – фалангасы (тұяғы) табылды. Жануар сүйегінде бірқатар патологиялық белгілер сақталған. Краниальды етегінің сүйектері қатты өсіп, қалыптан тыс ауытқушылыққа ие болған. Аталған патологиялық белгі есекті шаруашылықта ауыр жұмысқа пайдаланғаннан қалыптасуы мүмкін.

*Ит.* Итке тиесілі қаңқа элементтері 2017 (1 дана), 2019 (4 дана) және 2022 жылдары (3 дана) ғана табылды. Жалпы 8 дана сүйек кемінде 4 жануарға тиесілі. Сүйектер бүтін және жартылай бүтін күйінде табылып отыр. Остеологиялық материалдардың ішінде мүжілген/кемірілген сүйектердің кездесуі, жануардың қала аумағында тұрақты өмір сүргенін растайды.

#### *Аңшылық*

Түлкі. Рахат қонысынан 2021-2022 жылдары жүргізілген қазба барысында 8 түлкіге тиесілі 165 дана қаңқа бөлшектері анықталды. Хайуанаттардың жас ерекшеліктері тіс жүйесі мен бүтін сақталған қуыс сүйектердің пішіміне қарай топтастырылды. Сақталған сүйектерден нақты бір патологиялық белгілер байқалмайды.

*Қаңқа №1.* Бас сүйек (*cranium*), жеке тістер (*dentes*), төменгі жақ сүйектің (*mandibula*) альвеолярлы қатары және 3 дана қабырға (*costae*) сақталған. Азу тістер қатарында толық әрі тұрақты

тістердің болуы, хайуанаттың ересек (*maturus*) кезінде ауланғанын білдіреді.

Қаңқа №2. Бас сүйек фрагменттері (*cranium*), жоғарғы жақ сүйек жеке (*maxilla*), төменгі жақ сүйектің каудальды-дорсальды қанаттары (*mandibula*), жеке тістер (*dentes*) мен омыртқалар (*vertebrae*) сақталған. Азу тістер қатарында толық әрі тұрақты тістердің болуы, хайуанаттың ересек (*maturus*) шағында ауланғанын нақты байқатып отыр.

Қаңқа №3. Бас сүйек (*cranium*), жеке тістер (*dentes*), төменгі жақ сүйектің (*mandibula*) сынған бөлшектері және омыртқа сынықтары (*vertebrae*) сақталған. Азу тістер қатарында толық әрі тұрақты тістердің болуы, хайуанаттың ересек (*maturus*) кезінде ауланғанын білдіреді.

Қаңқа №4. Бас сүйек фрагменттері (*cranium*), жеке тістер (*dentes*) мен омыртқалар (*vertebrae*), қабырғалар (*costae*), метаподиялар (*metapodium*), фалангалар (*phalanx 1-2*) сақталған. Азу тістер қатарында толық әрі тұрақты тістердің болуы, хайуанаттың ересек (*maturus*) кезінде ауланғанын байқатады.

Қаңқа №5. Атлант (*atlas*), эпистрофей (*axis*), мойын омыртқасы (*vertebrae cervicales*), кеуде омыртқасы (*vertebrae thoracicae*), арқа омыртқасы (*vertebrae lumbales*), қабырға (*costae*), асық (*talus*), өкше сүйектері (*calcaneus*) сақталған. Сүйектердің эпифиздері мен буындарының синостоз жағдайлары толық аяқталған. Мұның өзі түлкі қаңқасының ересек түз тағысына тиесілі екендігін білдіріп отыр.

Қаңқа №6. Бас сүйек (*cranium*), жоғарғы жақ сүйек (*maxilla*), төменгі жақ сүйек (*mandibula*), тістер (*dentes*), атлант (*atlas*), эпистрофей (*axis*), омыртқа (*vertebrae cervicales: vertebrae thoracicae: vertebrae lumbales*), қабырға (*costae*), жауырын (*scapula*), тоқпан жілік (*humerus*), кәрі жілік (*radius*), шынтак сүйегі (*ulna*), жамбас (*os coxae*), сан жілік (*femur*), асықты жілік (*tibia*), алдыңғы сирақ (*metacarpus*), артқы сирақ (*metatarsus*), өкше сүйегі (*calcaneus*), асық (*talus*), тізе сүйектері (*ossa metatarsi*) және тілерсек сүйектері (*ossa metacarpi*). Барлық аталған элементтер бір хайуанатқа тиесілі. Сүйектердің проксимальды және дистальды

эпифиздерінің толық жетілуі және жақ сүйектердегі негізгі (моляр) азу тістерінің өсуі, сүйектердің ересек тұлкіге тиесілі екендігін толық айғақтайды.

*Қаңқа №7.* Бас сүйек және түтікшелі ұзын сүйектер толық сақталған. Тоқпан жіліктердің екеуінің де дистальды және проксимальды эпифиздері жетілген. Кәрі жіліктердің жоғарғы және төменгі эпифиздері толық жетілген. Бұл көріністі шынтақ сүйегінен де көруге болады. Шынтақ сүйегінің біреуінің диафизінен сындырылған. Оң аяққа тиесілі сан жіліктің жоғарғы бөлігі диафизден сынған. Екі сүйектегі сындыру әрекеті ерте кезеңде орын алғанын байқауға болады. Бұдан шығатын қорытынды: қаңқа ересек тұлкіге тиесілі.

*Қаңқа №8.* Қаңқа бөлшектері толық емес, тек омыртқалар мен қуыс сүйектердің сынықтарымен көрініс табады. Бел омыртқалардың каудальды және краниальды эпифиздері толық жетілген. Қаңқа элементтері ересек тұлкіге тиесілі деген ойдамыз (5-сурет).



5-сурет. Түлкінің қаңқа элементтері

Барлық түлкі сүйектерінің ересек хайуанаттарға тиесілі болуы және көпшілігінің қаңқалары шартты түрде бүтін

табылуына қарағанда оларды ежелгі тұрғындардың мақсатты түрде аулағанын көруге болады. Рахат қонысы орналасқан өңірдің қазіргі фаунасында түлкі негізгі жануарлардың бірі болып табылады.

*Құлан.* Археозоологиялық материалдардың ішінде бір дана қабырғаның буын басын (*caput costae*) зертханадағы эталон коллекциясымен салыстыру арқылы, құланға тиесілі екендігі анықталды. Аталған жануар Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарындағы ортағасырлық ескерткіштердің сүйек коллекциясында тұрақты кездеседі. Ортағасырлық Шеңгелді ескерткішінен ересек құланға тиесілі кәрі жіліктің төменгі эпифизи, бүтін грифельді және карпальды сүйектер анықталған [Савельева, Шагирбаев, 2020: 394].<sup>152</sup> Қастек қала жұртында 2020 жылғы қазбадан құланға тиесілі кәрі жілік, тоқпан жілік, асықты жілік және метаподияның сынықтары кездесті. Барлық сүйектер кемінде бір жануарға тиесілі [Нуржанов, Шагирбаев, 2021: 190].<sup>153</sup> Қастек қала жұртында 2018 жылы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде де құланның бас сүйегінің бөлшектері табылған [Нуржанов, Гимранов, 2019: 536].<sup>154</sup> Шу өңірінде орналасқан ортағасырлық Аспара қаласынан да құланға тиесілі қаңқа элементтері кездесті [Ақымбек, Шағырбаев, 2021: 31].<sup>155</sup> Салыстырмалы талдау жұмыстары көрсетіп отырғандай

---

<sup>152</sup> Савельева Т.В., Шагирбаев М.С. Остеологические материалы из караван-сарая Шенгельды // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Исторические и социально -политические науки», №1(64). – 2020. 390-400 бб.

<sup>153</sup> Нуржанов А.А., Шагирбаев М.С. Археозоологические исследования костных остатков из средневекового городища Кастек (по материалам раскопок 2020 г.) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «ХІІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті. – 2021. 185-193 бб.

<sup>154</sup> Нуржанов А.А., Гимранов Д.О. Исследования костных остатков животных из археологического памятника средневековья городища Кастек // Маргулановские чтения – 2019: Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. – Нур-Султан, 2019. 529-538 бб.

<sup>155</sup> Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық Аспара қаласының остеологиялық материалдары (2014 ж. қазба материалдары бойынша) // Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz» № 2(26). – 2021. 18-35 бб.

ортағасырларда Шу-Талас, Іле аңғарлары құланның тұрақты мекендеу ареалы болған. Рахат қонысының тұрғындары аталған жануарды қандай мақсатта аулағаны белгісіз. Дегенмен, «ет өнімін» қамтамасыз ету үшін аулады деген біржақты тұжырым жасауға материал көлемі жеткіліксіз. Себебі қоныс тұрғындары ет өнімдерін үй жануарларының есебінен қамтамасыз еткен.

*Бұғы.* 2019 жылғы қазбадан табылған жануар сүйектерінің арасында бір дана бұғының артқы сирағының плантарлы бөлігі табылды. Сүйектің нашар сақталуы оның нақты қай түрге жататын анықтауды қиындатады. Жалпы Балқаш өңірі мен Тянь-Шань тауларында бұғылар кездескенімен, олар өз ішінде бірнеше түрлерге жіктеледі. Жазық аймақтарда бұхарлық хангул (*Cervus aftinus bactrianus*) деген түрі кездесе, таулы өңірде тяньшань маралы (*Cervus canadensis songaricus*) мекендеген. Қазіргі таңда бұғылар бұл аймақта арнайы табиғи-қорықтарда ғана кездеседі.

*Арқар.* Арқарға тиесілі қаңқа элементтері 2022-2023 жылдардағы қазба аумағынан анықталды. Бір дана асықты жіліктің дистальды эпифизи жартылай сынып сақталған. Сүйектің түсі қара-қоңыр, синостоз жағдайы толық аяқталған. Бұл элементтің ересек жануарға тиесілі екендігін растайды. 2023 жылы табылған өкше сүйегінің (*calcaneus*) проксимальды төмпегі (*tuber calcanei*) түсіп қалған. Сүйек 2-2,5 жастағы жануарға тиесілі. Арқар бұл өңірдің қазіргі фаунасында кездеседі.

*Тау ешкі.* Бір дана мүйіздің фрагменті кесіліп, өңдеуге дайындалған. Мүйіздің сүйек қуысы мен сүйек тіндері ересек жануарға тиесілі екендігін көрсетеді. Тау ешкінің мүйіздері Талғар қала жұртының остеологиялық коллекциясынан да кездескен. Тау ешкі өңірдің қазіргі фаунасында кездесетін жануар болып табылады.

*Қабан.* Аталған жануардың қаңқа бөлшектері 2017, 2019 және 2022 жылғы материалдардың арасынан анықталды. Оның ішінде бас сүйек бөлшегі, жоғарғы және төменгі жақ, тоқпан жілік және өңделген азу тіс анықталып отыр. Өңірдің бүгінгі фаунасында қабан кездестіруге болады.

*Елік.* Рахат қонысының сүйек коллекциясында жабайы ірі сүтқоректілердің арасында ең жиі кездескені еліктің қаңқа калдықтары. 2017 жылы бір жануарға тиесілі тоқпан жіліктің дистальды эпифизи анықталса, 2019 жылғы материалдардың арасынан мүйіз элементтері, жоғарғы және төменгі жақ сүйектің сынықтары табылды. 2022-2023 жж. қазбадан еліктің мүйіз сынықтары мен жоғарғы жақ сүйектер анықталып отыр. Барлығы 24 дана қаңқа элементі кемінде 12 бас елікке тиесілі. Мүйіздердің пішімі мен сүйекқаптары, жақ сүйектердегі азу тістердің өсу ретіне қарай талдау арқылы олардың басым бөлігі ересек жануар екендігі белгілі болды. Рахат тұрғындары елікті мақсатты түрде аулаған. Қазбадан мүйіз бөлшектерінің жиі кездесуі, өндеуге дайындалуы да осына көрсетеді. Өңделген елік мүйіздері (*cornu*) ортағасырлық Қастек қаласының сүйек коллекциясынан да анықталған [Нуржанов, Гимранов, 2019: 235)].<sup>156</sup> Өңірдің қазіргі түз тағыларының арасында елік те кездеседі.

*Қоян.* 2019 жылғы қазба материалдарының ішінде қоянға тиесілі азу тіс сынығы анықталды. Тістің эмаль қабаты мен түсі оның мәдени қабатқа ертеректе тап болғанын көрсетеді.

*Құс.* Бір дана тоқпан жіліктің проксимальды бөлігі ғана жартылай сақталған. Сүйек қазба аумағында кездейсоқ тап болуы да мүмкін.

*Сүтқоректілер.* 2017-2023 жылдары жүргізілген қазба материалдарының ішінде нақты түрге ажыратуға келмейтін, сынып, бөлшектенген ұсақ сүйектер көп кездесті. Мұндай жағдайда зерттеу жұмысы сүйектерді жануарлар классификациясының класс (*classis*), отряд (*ordo*) немесе тұқымдас (*familia*) деңгейіне дейін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында 2017 жылы табылған 39 дана, 2019 жылы табылған 16 дана, 2021 жылы табылған 116 дана, 2022 жылы табылған 100 дана және 2023 жылы табылған 45 дана сүйек – сүтқоректілерге

---

<sup>156</sup> Нуржанов А.А., Гимранов Д.О. Исследования костных остатков животных из археологического памятника средневековья городища Кастек // Маргулановские чтения – 2019: Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. – Нур-Султан, 2019. 529-538 бб.

(*Mammalia indet*) тән деп көрсетілді. Сүйектердің морфологиялық сипаты, басым бөлігінің ірі тұяқты жануарлардың қуыс сүйектердің (диафиз) сынықтары екендігін білдіреді. Аталған қаңқа элементтері жалпы остеологиялық материалдардың 22,6% құрайды.

Ортағасырлық Рахат қонысына жүргізілген археологиялық қазба барысында 1393 дана жануар сүйегі анықталып, оларға зертханалық сараптама жүргізілді. Талдау барысында 1077 дана сүйек нақты түрге дейін ажыратылып, олардың кемінде 147 бас жануарға тиесілі екендігі анықталды. Нақты түрі анықталған 1077 дана қаңқа бөлшегінің 876 данасы (81,3%) үй жануарларына, 201 данасы (18,7%) жабайы жануарларға тиесілі.

Ескерткіштің ежелгі тұрғындары уақ малға көбірек мән берген. Оның ішінде қой саны негізгі орынды алады. Ешкі сүйектері үй жануарларының ішінде 0,7% құрайды. Қойлардың басым бөлігі 2-3 жас аралығында сойылғаны анықталып отыр. Бұл дегеніміз қала тұрғындарында ет өнімінің біраз бөлігін қойлардың есебінен қамтамасыз еткенін көрсетеді.

Сиыр мал шаруашылығында уақ малдан кейінгі орынды алады. Сойылған сиырлардың басым бөлігі шамамен 2-3 жас аралығында болғанын байқаймыз. Дегенмен, әртүрлі жастағы сиыр сүйектерінің кездесуі аталған жануарды сүт өнімін қамтамасыз етуде көбірек пайдаланғанын білдіреді.

Жылқылар бірінші кезекте «мініс көлігі» мен «ауыр жұмыс күшін» қамтамасыз етуде қолданылып, қартайған шағында ғана етке пайдаланылған. Қала тұрғындарының шаруашылығында түйенің рөлін нақты айту қиын. Сойылған жануарлардың барлығы да ересек. Бұл аталған жануарды көбіне шаруашылықтағы жұмыс күштеріне пайдаланумен байланысты болса керек. Бірақ, жас түйелердің сүйектерінің мүлдем кездеспеуі жануардың қала тұрғындарының шаруашылығында тұрақты болғанына күмән тудырады. Шамасы ересек түйелерді сырттан алып келіп, шаруашылықта пайдаланылған болса керек. Алайда, бұл пікірміз қазіргі қолымызда бар материалдарға негізделгенін ескертеміз. Ит

пен есек сүйектері кездескенімен, қазіргі сүйек топтамасына орай олардың шаруашылықтағы мөлшерін айту ерте.

Қазбадан табылған остеологиялық материалдар қала тұрғындарының қосалқы шаруашылық түрінде аңшылықпен де айналысқанын жабайы жануарлардың сүйектері растайды. Оның ішінде «терісі» үшін ауланған түлкі және қоян, «еті» үшін ауланған ірі және ұсақ тұяқты жануарлар (құлан, бұғы, арқар, тау ешкі, қабан, елік) белгілі болып отыр. Аталған жануарлардың ішінде түлкі мен елік тұрақты түрде ауланғаны байқалады.

Рахат қонысынан табылған жануар сүйектері 2 түрлі фактордың әсерінен жинақталған. Оның ішінде ең негізгі бөлігі – ортағасырлық тұрғындардың шаруашылығымен байланысты жиналған материалдар (үй жануарлары). Екінші, аңшылық барысында жиналған сүйектер (түз тағылары).

Қорыта келе айтарымыз: Рахат қонысының остеологиялық топтамасы Жетісу өңірінің таулы аймағының ортағасырлық фаунасы және ортағасырлық шаруашылықтағы үй жануарларының иерархиялық құрамы, қосымша аңшылық кәсіптері туралы маңызды ақпарат беретін дереккөздерінің бірі болып табылады.

## Геоморфологиялық зерттеулер

«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ қызметкері А.Г. Валеевтің «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» ғылыми-қолданбалы зерттеу аясында жүргізілген геоморфологиялық зерттеуінің нәтижелеріне шолу.

Іле Алатауының солтүстік баурайында археологиялық нысандардың көптеп шоғырлануы тау аймағының өмір сүру және шаруашылық жүргізу үшін қолайлы жағдайларына байланысты болғандығы белгілі. Жалпы алғанда, Іле Алатауы Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік жоталарының бірі болып саналады. Оның солтүстік беткейлері жазыққа ұласып жатыр, ал тау бөктері құнарлы топырақ пен су көздеріне бай.

Негізгі бөлу жотасының абсолютті биіктігі 4500-5000 м-ге жетеді [Чупахин, 1987, 125].<sup>157</sup> Іле Алатауы жотасының ең биік нүктесі – Талғар шыңынан (5017 м.) ұзындығы бойынша Шығыс (Шелек өзеніне дейін 130 км) және Батыс (Шу өзеніне дейін 150 км) болып екіге бөлінеді. Жотаның тау шыңдарының биіктігі оның шеттеріне қарай Шелек ауданында 2300 м-ге дейін, Шу алқабында 2000 м-ге дейін төмендейді. Іле Алатауының осы бөлігіндегі өзен желісі Іле өзеніне құятын Іле өзені алқабына жатады. Балқаш тау өзендерінің көздері 3000 м-ден астам биіктікте жатыр, негізгі қорегі – мұздық, бірақ атмосфералық жауын-шашын мен жер асты сулары олардың режиміне үлкен әсер етеді. Асы өзенін қоспағанда, мұздықтармен қоректенетін барлық өзендерде көлденең меридионалды аңғарлар бар.

Іле Алатауының солтүстік беткейлерінің күрт континентальды климаты өте жоғары ылғалдылыққа ие, бұл тау бөктері мен тау аралық алқаптарда телімді және ирригациялық егіншіліктің дамуын көрсетеді. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 500-650 мм-ге жетеді, олардың көпшілігі көктем мен жазда түседі. Биік геожүйелердің сыртқы және ішкі құрылымын құрайтын, оған тән топырақтар – сұр топырақтар, таулы қара топырақтар, таулы орман (қара түсті), таулы шалғынды субальпілік және таулы шалғынды шөпті-шымтезек, альпілік шымтезек топырақтар [Чупахин, 1987, 126].<sup>158</sup> Іле Алатауының солтүстік беткейінің шығыс бөлігінде 1400-1500-ден 2500-2800 м-ге дейінгі абсолюттік биіктікте орта таулы орманды-шалғындыдалалық геожүйе жақсы дамыған [Чупахин, 1987, 128].<sup>159</sup> Шыршалары мұнда мезофильді шалғынның телімдерімен ауысады. Шығыс аудандарда қылқан жапырақты өсімдіктердің таралуының жоғарғы шегі 2900-3000 м-ге жетеді (солтүстік беткейінің шатқалдары мен жұмсақ беткейлері бойымен).

---

<sup>157</sup> Чупахин В.М. Высотно-зональные геосистемы Средней Азии и Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1987. – 256 с.

<sup>158</sup> Бұл да сонда

<sup>159</sup> Бұл да сонда

Сирек шырша ормандары аршаның жатаған түрлерімен бірге кездеседі. Солтүстік Тянь-Шань шыршалы ормандарының астындағы топырақ қарашірік қабаты 35-тен 65 см-ге дейін, шөп жамылғысының құрамына және қарашіріктің мөлшері 20%-ға дейін болатын таулы орманды (қара түсті). Ағаштардың орташа биіктігі 25-30 м, жеке үлгілері 40 м-ге жетеді, 1800 м-ге дейінгі аймақта алма, өрік, түрлі бұталардың (итмұрын, бөріқарақат, долана және т.б.) жапырақты орман белдеуі байқалады. 1600 м. биіктікте көктерек басым бола бастайды және алма ағаштарымен араласқан шыршалардың шағын топтары да пайда болады. Бұл ормандардың астындағы топырақ қатты сілтіленген және аздап тозған таулы қара топырақтар. Орташа таулы орманды аймақтың шөп жамылғысы өте гетерогенді. Ең көп таралған шөпті шырша орманы. Онда өсімдіктердің 70-ке дейін түрі бар, ондағы өсімдіктер нашар жетілген және сирек кездесетін тау шетені, итмұрын, үшқат бұталарынан тұрады.

Шөпті шырша ормандары негізінен 2000-2300 м. биіктікте байқалады, 2300-2400 м-ден жоғары, негізінен солтүстік беткейлерде мүк шыршалары жиі кездеседі. Көптеген жағдайларда топырақтың 10-12 см қабаты мүкпен үздіксіз жабылуы байқалады. Жотаның альпілік ландшафты аймағының субальпілік және альпілік шалғындары жайылымдық мал шаруашылығында жақсы жазғы жайылым ретінде қызмет етеді. Олар мол шабындық жерлер. Жайылымдық жерлерде шалғынды кеңістіктер ерекше құнды, мұнда бедердің салыстырмалы жазығы оларды ұсақ, ірі қара малға ғана емес, жылқыларға да пайдалануға мүмкіндік береді. Мұнда жайылымдық мал шаруашылығы ғана емес, малды қолда ұстау әдістері де болған. Себебі, табиғи жағдайлар далалық жем-шөп өндіруге де мүмкіндік береді [Чупахин, 1987, 135].<sup>160</sup>

Іле Алатауының солтүстік баурайларының, оның ішінде Рахат шатқалының аумағын зерттеу, ежелгі адамдардың табиғи жағдайларды өз қажеттіліктері үшін толық пайдаланғанын

---

<sup>160</sup> Бұл да сонда

көрсетті. Тіршілікті қамтамасыз етудің маңызды мәселесі тұрғылықты жерде судың болуы болып табылады. Кейбір елді мекендер қазіргі бұлақтарға жақын орналасқан. Арықтар бойынша су ежелгі қоныстардың аумағына тікелей жеткізілетін тұрақты жағдайлар анықталды. Ірі өзендердің аңғарларында ежелгі қоныстар көбінесе құрғақ шұңқырларда немесе бұлақтардың жанында, соның ішінде бүгінгі күнге дейін ағып тұрған бұлақтар бойында орналасқандығы атап өтуге болады.

Ежелгі қауымдастықтар мен аймақтың табиғи ортасының өзара әрекеттесу процесі тас дәуірінен бастау алады. Іле Алатауының тау бөктеріндегі аймағында Есік тарихи-географиялық ықшамауданында адамдардың ежелден өмір сүргенін айғақтайтын палеолиттік Рахат тұрағы белгілі [Джасыбаев, Ожерельев, Мамиров, 2018, 215-223].<sup>161</sup>

Рахат өзенінің аңғары солтүстік Тянь-Шань жотасына жататын Іле Алатауының солтүстік сілемдерінен бастау алады. Рахат өзені бассейнінің аумағы шығысында Есік өзенінің бассейнімен, батысында Қайназар өзенінің бассейнімен шектеседі. Рахат өзенінің тау бөктеріндегі жазығы ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне (суармалы егістіктер мен жайылымдар) пайдаланылады, жазықта Рахат елді мекендерінің жерлері және Саймасай ауылынан төменгі ағысы, сондай-ақ, Есік қаласы аумағының солтүстік-батыс бөлігі орналасқан. Рахат және Қайназар өзендері Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі жауын-шашын және жер асты суларымен қоректенетін тау бөктеріндегі өзен түріне жатады. Олар мұз белдеуінен едәуір төмен (3000 м-ден төмен) орналасқан бұлақтардан бастау алады. Бұл, ұзындығы 15 шақырымнан аспайтын тік құламалы және жылдам ағысы бар шағын тау өзендері. Су тасқыны көктемде, қардың еруімен ағынды болғанмен ұзақ мерзімге созылмайды [Жандаев, 1972, 160].<sup>162</sup> Жазда өзен ағыны жалғасады, өзен суы егістікпен малды

<sup>161</sup> Джасыбаев Е.А., Ожерельев Д.В., Мамиров Т.Б. Полевые исследования многослойной стоянки Рахат в 2018 г. // Қазақстан археологиясы № 1-2. – 2018. 215-223 бб.

<sup>162</sup> Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.

суаруға пайдаланылады, сонымен қатар жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін суды жоғарыда жинақтайды. Төменгі тау етегі аумағында өзен арнасы батыс және шығыс болып екі тармаққа бөлінеді. Батыс арнасы Рахат ауылының ауыл шаруашылығы қажеттіліктерін сумен қамтамасыз етуге бағытталса, шығыс су арнасы Өрікті ауылының ауылшаруашылық мақсатындағы су қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Зерттелетін аумақтың солтүстік шығысында Есік өзенінің аңғары ағып жатыр. Бұл мұздықпен қоректенетін және айтарлықтай су жинайтын бассейні бар үлкен, арынды, терең ағысты тау өзені болып саналады.

Зерттелетін аумақтың қазіргі бедер бетінің сипаттамаларын зерттеу үшін Үлкен және Кіші Алматы бассейндерінің таулы және жағалау беткейлерінің деформациялары [Колотилин, 1961, 155],<sup>163</sup> Іле Алатауының тау етегі аймағының инженерлік-геологиялық жағдайлары [Колотилин, Бочкарев, Антоненко, Новицкий, 1967, 140],<sup>164</sup> бедердің даму тарихы мен геоморфологиялық құрылымы [Вислогузова, Владимиров, Гуськова, Медеуов т.б., 1991, 176],<sup>165</sup> Іле Алатауының геоморфологиясы [Жандаев, 1972, 160]<sup>166</sup> және т.б. сынды қор картографиялық материалдары, ғалымдардың ғылыми еңбектері талданды.

Сондай-ақ, Airbus сандық бедер моделі (кеңістіктік ажыратымдылығы 24 метр), PlanetScore мультиспектрлі спутниктік суреттері Dove миссиясы (ажыратымдылығы 3 м), жаяу далалық бақылау деректері қолданылды. Олардың негізінде Рахат өзені алқабының және оған іргелес аумақтың қазіргі заманғы бедерінің картасы (1-сурет), морфометриялық жағдайлардың

---

<sup>163</sup> Колотилин Н.Ф. Деформации горных и береговых склонов. Академия Наук Казахской ССР. Алма-Ата. – 1961. 155 б.

<sup>164</sup> Колотилин Н.Ф., Бочкарев В.П., Антоненко Э.М., Новицкий С.А. Инженерно-геологические условия предгорной зоны Заилийского Алатау (Тянь-Шань) «Наука», Алма-Ата. – 1967. 140 б.

<sup>165</sup> Вислогузова А.В., Владимиров Н.М., Гуськова А.И., Медеуов А., Нурмамбетов Э.И., Потапова Г.М., Сарсеков. Рельеф Казахстана (пояснительная записка к Геоморфологической карте Казахской ССР масштаба 1:1 500 000). Часть 2. – Алма-Ата: Ғылым, 1991, – 176 б.

<sup>166</sup> Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.

карталары-гипсометрия (2-сурет), бедердің еңісі (3-сурет), бедердің экспозициясы (4 а,б-сурет), эрозиялық желі (5-сурет), Рахат өзені алқабының процестерінің картасы (6-сурет) жасалды.

*Бедер.* Іле Алатауы аумағының геоморфологиясы жоғарыда аталған ғылыми әдебиет авторларының ізімен жеткілікті түрде жан-жақты зерттелген. Бедердің морфоқұрылымы мен типологиясы, өзен аңғарлары және олардың дамуы сипатталған. Бедер типологиясына қатысты ғалымдардың қортындылары мен тұжырымдары сәйкес келеді. Н.Ф.Колотилин тау етегі бедерінің негізгі түрлері мен пішіндерін жасауда (тау етегіндегі жазықтар мен шығару конусы) негізгі рөлді тектоника, аккумуляция және эрозия сынды үш процеске жатқызады. Сондықтан, морфогенетикалық тұрғыдан автор тау бедерін тектоникалық-аккумулятивті-мүсіндік деп қарастырады. Нәтижесінде мұны автор былай деп атап өткен:

- тау етегінің жоғарғы бөктері және төменгі тау етегі сатысы бар сатылы тау етегінің ауданы;

- тау етегіндегі шлейфтер ауданы және еңіс жазығы бар еңіс тау етегіндегі жазық [Колотилин, 1961, 155].<sup>167</sup>

Зерттеуші М.Ж.Жандаев болса Іле Алатауындағы екі кешенді де анықтады. Бұл, оң тектоникалық қозғалыстардың денудациялық факторлардан басым болуы нәтижесінде дамитын бедер түрлерінің жиынтығымен сипатталатын эрозиялық-тектоникалық (таулық) кешен. Ал, аккумулятивті-тектоникалық (жазық), мұнда теріс қозғалыстар басым [Жандаев, 1972, 160].<sup>168</sup>

Жалпы алғанда, олар жер бетінің даму заңдылықтары мен формаларының генетикалық байланыстарын көрсететін алуан түрлі және күрделі бедер формаларын жіктеуге немесе жүйелеу сынды көзқарасқа сәйкес келеді. Біріктірілген тәсіл бедерді жіктеу кезінде бедердің генезисін, жазылуын және жасын ескеруді


---

<sup>167</sup> Колотилин Н.Ф. Деформации горных и береговых склонов. Академия Наук Казахской ССР. Алма-Ата. – 1961. 155 б.

<sup>168</sup> Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.


көздейді. Бұл тәсіл зерттелетін аумақтың бедерін типтеу және қазіргі бедер картасын жасау үшін қолданылды (1-сурет).

Тектоникалық-эрозиялық және аккумулятивті бедер, жергілікті морфокұрылымдар мен морфомүсіндер анықталады. Барлығы 7 бедер түрі анықталды: тектоникалық-эрозиялық төбелер мыналарды қамтиды – эрозиялы-төбелі аласа таулар (50 м-ге дейін аласа тау алды алқаптар) және эрозиялы-жүйекті аласа таулар (50-100 м дейінгі орташа тау алды алқаптар); аккумулятивті – аллювийлі жоталы-алаңды жазық және еңіс аллювиалды жазық; жергілікті морфокұрылымдар мен морфомүсіндер – өзеннің жайылмалық террасалары: аласа және биік жайылмалар; Есік өзенінің аңғарындағы аллювиальды-пролювиалды еңісті, сондай-ақ Рахат өзенінің эрозиялық V-тәрізді тау өзен аңғары.



1-сурет. Рахат өзенінің аңғарындағы Іле Алатауының солтүстік беткейінің бедері

*Эрозиялық-жүйекті аласа таулар (орташа тау алды алқаптар 50-100 м дейін)*



2-сурет. Бедердің еңісі аясында Рахат өзені аңғарының тау бөктеріндегі сатыларының көлденең профілі (тау алды алқаптар)


Тау алды алқаптар төменгі және жоғарғы тау етегіндегі сатыларға жіктеледі, бедерде екі морфологиялық шектелген қырлар арқылы көрсетіледі (2, 3-сурет), [Колотилин, Бочкарев, Антоненко, Новицкий, 1967, 140].<sup>169</sup> Ортаңғы тау алды алқаптардың абсолютті биіктіктері төменгі тау алды алқаптарға қатысты 1200-1500 метр деңгейінде күрт артады. Тау етегінің жоғарғы сатысы 1100 ден 1600 м дейін орналасқан, төменгі тау алды алқаптардан биіктігі 100 ден 200 метрге дейін кертпешпен бөлінген. Морфологиялық жағынан тау етегіндегі екі саты да тегіс өзен аралық келбеті өзен аңғарларымен бөлінген аласа тауларға жатады. Өзен аңғарларының эрозиялық кірекесулердің тереңдігі 200-250 м жетеді. Жоғарғы тау алды алқаптардың оң пішіндері – жүйектер, төменгілері – құлама етектермен, өзен аңғарларымен, жыралармен, жырай және сайлармен бөлінген.

<sup>169</sup> Колотилин Н.Ф., Бочкарев В.П., Антоненко Э.М., Новицкий С.А. Инженерно-геологические условия предгорной зоны Заилийского Алатау (Тянь-Шань) «Наука», Алма-Ата. – 1967. 140 б.

Тау етегіндегі алқаптар сары топырақты саздақтардан, ал 20-30 м тереңдікте флювиогляциалды жұмырқойтастардан (қойтас және құм-қиыршықтас жинақтары) түзілген. Тау етегіндегі алқаптардың пайда болуының бастапқы беті неогеннің аяғында және төрттік дәуірдің басында қалыптасқан аккумулятивті тау етегіндегі жазық болды. Ерте төрттіктің аяғында және ортаңғы төрттік дәуірінде олар қарқынды эрозияға және бөлшектенуге ұшырап, тау етегіндегі төбешіктер – тау алды алқаптарды құрады. Тау алды алқаптардың жасы, ерте орта төрттік дәуірге жатады [Вислогузова, Владимиров, Гуськова, Медеуов т.б., 1991, 176].<sup>170</sup>

Төменгі тау етегінде бедердің еңістігі 3,2 ден 21,2 градусқа дейін басым болады. Еңістің морфометриялық көрсеткіштері 21,2 ден 26,5 градусқа дейінгі мәндердің басым болуымен жоғарғы тау бөктерінде (тау алды алқаптарында) 75,2 градусқа дейін ұлғаяды (3-сурет) Іле Алатауының таулы бөлігі сатылы тау бөктері аймағынан (1600 м) жоғары басталады.

*Эрозиялы-төбелі аласа таулар (50 м дейін аласа тау алды алқаптар)*



3-сурет. Зерттеу аумағының гипсометриясы

<sup>170</sup> Вислогузова А.В., Владимиров Н.М., Гуськова А.И., Медеуов А., Нурмамбетов Э.И., Потапова Г.М., Сарсеков. Рельеф Казахстана (пояснительная записка к Геоморфологической карте Казахской ССР масштаба 1:1 500 000). Часть 2. – Алма-Ата: Гылым, 1991, – 176 б.

Төменгі тау етегінің сатысы тау етегіндегі шығару конусынан 30-50 м биіктікке ие, ені 0,5 тен 2,0 км дейін [Колотилин, Бочкарев, Антоненко, Новицкий, 1967, 140].<sup>171</sup> Төменгі тау етегінің сатысын эрозиялы-төбелі аласа таулар алып жатыр және жотаның солтүстік беткейінің етегіндегі бедерде айқын көрінеді. Бұл жолақтың ені 1-3 шақырым, орташа салыстырмалы биіктігі 100-200 м. Бедердің оң пішіндері солтүстікке қарай жалпы еңісі тегіс немесе сәл төбелі беткейлі аласа таулар болып табылады. Олар өзендермен және көптеген уақытша су ағындарының сайларымен бөлінген, көптеген жыралар, бастапқы жүйектің шайылуы, шөгу мен көшкін процестері анық көрінеді. Зерттеуші Жандаев оның беті тегіс, кейбір жерлерде эрозиямен қатты жарылғанын атап өтеді [Жандаев, 1972, 160].<sup>172</sup>

Зерттеу аумағындағы, тау бөктеріндегі шлейфтің оңтүстігінде абсолютті биіктігі 880 ден 1100 метрге дейінгі, ені 2-2,5 шақырым дейінгі төменгі тау алды алқаптардың негіздері орналасқан, олар беткі құрылымның өзіндік ерекшеліктерімен ерекшеленетін сатылы тау бөктерін (тау алды алқаптар) құрайды. Төмен тау алды алқаптардың беті жайылымдық жерлер үшін пайдаланылады. Шалғынды өсімдіктер шамадан тыс жайылымнан және тапталуынан айтарлықтай тозған. Кейбір аудандарда қара топырақтың қабаты іс жүзінде өсімдіктермен бекітілмеген. Солтүстік экспозицияларда бұталар мен сирек ағаш өсімдіктері өседі. Төменгі тау алды алқаптар шаруашылық қызметте айтарлықтай қарқынды пайдаланылғаны көптеген антропогендік бедер пішіндерімен және жерді ұтымсыз пайдаланудың жанама белгілері арқылы көрінеді.

#### *Аллювийлі жоталы-алқапты жазық*

Тау астындағы еңісті жазық тұрақты және уақытша су ағындарын шығару конустарының бірігуі нәтижесінде пайда

<sup>171</sup> Колотилин Н.Ф., Бочкарев В.П., Антоненко Э.М., Новицкий С.А. Инженерно-геологические условия предгорной зоны Заилийского Алатау (Тянь-Шань) «Наука», Алма-Ата. – 1967. 140 б.

<sup>172</sup> Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.

болады. Тау асты жазығының бедері аллювиалды жазықтың беткейлерімен салыстырғанда бетінің тік еңісіне байланысты бедерде айқын көрінеді. Шығару конустарының беттері жайпақ төмен түсулермен кезектесіп отырады. Шығару конустары қиыршық тасты материалмен жинақталып, сары топырақты саздақтармен жабылған. Тау асты жазығының шөгінділері құмды-сазды және сары топырақты тәрізді. Генезис бойынша олар пролювиалды, аллювиалды және делювиалды болып келгенімен көбінесе бір-бірімен үйлеседі [Вислогузова, Владимиров, Гуськова, Медеуов т.б., 1991, 176.; Колотилин, Бочкарев, Антоненко, Новицкий, 1967, 140].<sup>173</sup>

Жазықтың аумақтың морфоқұрылымдық ерекшеліктері мен су ағындарының белсенділігінің салдарынан пайда болған күрделі бедерлік құрылымы бар. М.Ж.Жандаев атап өткендей, таулы жазықта инверсиялық қозғалыстар орын алады, сондықтан ландшафт біршама көтеріліп, қарқынды түрде бөлінген [Жандаев, 1972, 160].<sup>174</sup>

Гипсометриялық тұрғыдан жоталы-алқапты жазық 820-дан 990 м дейінгі абсолютті биіктік диапазонында орналасқан. Оң жақ беттегі бедерді пішіндер солтүстік бағытта созылған жазықтарға, жоталарға және төбелерге ұласады. Кейбір жерлерде олар аңғар арқылы бөлек төбешіктерге бөлінеді, солтүстікке және оңтүстікке қарай шығару конусы басында, жоталар аяқталады. Жазық, далалық шөптесін өсімдікті аңғар түбінде қарағаш өседі. Кейбір жерлерде үстіңгі жүйектермен жоталардың бетінен шығып тұратындықтан салыстырмалы биіктік диапазоны 5-10 метр аралығында болады. Мұнда қазіргі заманғы зират, сондай-ақ, ежелгі обалар мен ежелгі қоныс орындары бар бірнеше жоталы тегіс аумақтар бар. Жоталар мен қыраттардың арасында еңістеу

---

<sup>173</sup> Вислогузова А.В., Владимиров Н.М., Гуськова А.И., Медеуов А., Нурмамбетов Э.И., Потапова Г.М., Сарсеков. Рельеф Казахстана (пояснительная записка к Геоморфологической карте Казахской ССР масштаба 1:1 500 000). Часть 2. – Алма-Ата: Гылым, 1991, – 176 б.; Колотилин Н.Ф., Бочкарев В.П., Антоненко Э.М., Новицкий С.А. Инженерно-геологические условия предгорной зоны Заилийского Алатау (Тянь-Шань) «Наука», Алма-Ата. 1967. – 140 б.

<sup>174</sup> Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.

сайлар немесе құрғақ аңғарлар бар. Рахат өзенінің тегіс аңғарының көлемі 250-350 м дейін, тереңдігі 5 м дейін жетеді.

*Көлбеу аллювиалды жазық (шығару конусы)*

Онда Есік, Рахат, Өрікті, Қайназар елді мекендері, сондай-ақ, біздің заманымызға дейінгі 2000-2500 жылдарға жататын археологиялық ескерткіштер – обалар бар. Негізінен, жазық солтүстік пен солтүстік-батысқа қарай аздап еңісі бар тегіс беткейден тұрады. Жазықтың бедері өзен аңғарлары және жыралардан, бедердің жасанды теріс және оң түрлері – малта тас карьерлерінен, үйінділерден, арықтардан, каналдардан, жолдардан және тұрғын үй құрылыстарынан тұрады. Есік, Рахат өзендері және уақытша су ағындары тау етегінде аллювиальды-пролювиалды материалдың үлкен массасын таулы жазығында орналасқан шығару конусы түрінде орналастырады. Бұл материал жинақталғанда, ол конустардың өлшемін арттырады, содан кейін олар үздіксіз шлейфті қалыптастыру үшін біріктіріледі. Конустардың мөлшері өзендердің қуатына байланысты болып келеді.

Абсолютті биіктіктің ең төменгі белгілері жазықтың солтүстік бөлігінде орналасқан. Өзен жайылмаларының беттері мұнда 754-781 м биіктікте орналасқан. Тау бөктеріндегі шлейфтің гипсометриялық биіктігі оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай, Есік өзенінің аллювиалды шығару конусының абсолютті биіктігінен (860-920 м) Рахат өзенінің аңғарына қарай (720-750 м) төмендейді (3-сурет). Морфометрияның бұл сипаттамалары аллювиалды жазықтың аккумулятивті шөгінділері зерттелетін аумақта Есік өзенінің қатты ағынының әсерінен түзілгені анық. Есік өзенінің көлбеу аллювиалды жазығының қазіргі контурларының ұзындығы 15 шақырымға дейін жетеді. Бұл аллювийлі жазық Есік өзенінің сол жағында орналасқан және өзеннің сол жағынан солтүстік және солтүстік-батыс бағытта аздап еңіске еңкейеді. Еңіс таулы жазықтың қазіргі бедері негізінен орта және кейінгі антропоген шөгінділерінен қалыптасқан.

*Рахат өзенінің эрозиялық V-тәрізді таулы өзен аңғары*

Алқап аласа тауларда орналасқан және Рахат өзенінің эрозиялық белсенділігінің нәтижесі болып табылады. Өзеннің бастауы су алабының биіктігі 3000 м сәл асады (Рахат тауы). Зерттеу аумағына Іле Алатауы жотасының аласа таулары ғана кіретіндіктен, бойлық бейін бойынша биіктік айырмашылығы 1180 метрден 860 метрге дейінгі аралықтағы 300 метрден тұрады. Эрозиялық V-тәрізді өзен аңғары кейбір жерлерде тереңдігі 200 метрге дейін шатқалды құрайды. Олар алқаптың кеңейтілген бөліктерімен кезектесіп отыра аккумулятивті шөгінділер пайда болып алқап трапеция тәрізді болады. Таулы өзендердің арналарына жазық өзендерде кездесетін ирелендер, өзен иірімдері, қайраңдар, аралдар, шығанақтар және т.б. сынды барлық морфологиялық элементтер тән. Алқаптың оң жағында қара жол және оң жақта тау соқпағы бар. Алқап негізінен өрік, бөріқарақат, алма ағашы, долана, итмұрын және т.б. тәрізді жабайы жемісті ағаш-бұта өсімдіктерімен өте тығыз жабылған. Төмен таулардың беткейлері тік болғанымен, олар өсімдіктермен бекітілсе де ішінара сол жақта топырақтың бұзылуы кездеседі. Аңғардың шығысында оң жақ бетінде екі терраса бар.

#### *Жайылма аласа және биік*

Бедердің бұл түрі тұрақты су ағындарына, Рахат, Есік өзендеріне, сондай-ақ Есік өзенінің ежелгі аңғарына немесе оның сол тармағына сәйкес келеді. Аласа таулы бөлігінде жайылмалар қиыршық тастар мен қойтастардан тұрады. Рахат өзенінің жайылмасының ені 5-7 метрден аспайды және ағынға байланысты. Оның жазық бөлігімен салыстырғанда бойлық биіктік айырмашылықтары өте тік. Шығару конусы аймағында олар кеңейеді, содан кейін тарылып, қайтадан су ағындарының кішігірім арналарына айналады немесе мүлдем жоғалады. Өйткені су тасты-қиыршық тас қалыңдығына сүзіле келе шығару конусының жоғарғы жағында өзен арнасы екі тармаққа бөлінеді. Сол жақ тармақ негізгі арнаға, ал оң жақ Өрікті ауылына қарай бағытталады және Есік өзенінің ежелгі арнасының сол саласы болып табылады. Шығару конусының жайылмаларындағы шөгінділер малта тас, жұмыр тас, қойтастар, сондай-ақ, төменгі

тау алды алқапта бүйірлері шайылған орындарындағы саздақтар. Аллювиалды жазықта жайылмалар негізінен ені 5-7 метрден аспайтын ұсақ түйіршікті шөгінді жыныстардан тұрады.

Есік өзенінің жайылмалары зерттеу ауданына, аллювиалды жазықтағы 4 шақырым жер телімі, саяжай ауданына да кіреді. Жазықта төменгі жайылма 100-150 метр аралығында өте кең, ал биік жайылма 250-ден 350 метрге дейін жетеді. Аллювиалды шөгінділерден қойтасты-қиыршық тас материалымен жинақталған. Сол жақ бет тереңдігі 10 метрге дейін тік еңіс болса, қарама-қарсы оң жағы 5 метрден аспайтын тереңдікте еңістеу. Жайылмалардың тереңдігі 1-2 метр. Қазіргі уақытта Есік өзенінің ежелгі арнасының жайылмалары ағынды сулардың болмауына байланысты Өрікті ауылының тұрғындарының құрылыс алаңына айналып жатыр.

*Есік өзені аңғарындағы аллювиалды-пролювиалды көлбеу өзен террасасы*

Өзен террасасының контурлары жоғары дәлдіктегі ғарыштық суреттермен айқын анықталады. Олар жайылманың бойында орналасқан. Террасаның негізгі аймағының жазық, оң жағалауында, ені 20-дан 650 метрге дейін төмен және фрагментті, сол жағалаудағы шағын учаскелерде, зерттеу аумағының солтүстік бөлігінде ені 200 метрге дейін тік 10 метрлік беткейі бар. Жайылмадағы жас шөгінділер 1963 жылғы 7 шілдедегі Есік өзенінің алабындағы селдің нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Жайылма шығару конусының пішініне ие, периферияға жақын, кеңейеді. Жайылманың ықтимал осал аймақтарына, сел процестеріне қарамастан, бетінің екі жағынан да белсенді шаруашылық дамуы жүреді.

*Антропогендік жолмен өзгерген бедердің түрі*

Рахат өзенінің қазіргі арнасы төмен тау алды алқаптан шыққан кезде антропогендік жолмен екі тармаққа бөлінген. Сол жақ тармағы тау алды алқаптың етегімен өтіп, кейбір жерлерде беткейлерді шайып, Рахат ауылына қарай ақса, оң тармағы төменгі тау алды алқаптың етегін көктей өтіп, тау бөктеріндегі жазықты бөліп, Өрікті ауылына қарай бағытталады. Өзен суы жоғарыда


аталған ауылдар мен іргелес егіншілік алқаптарын суаруға пайдаланылады. Оң тармақтың оң жақ беткейі Рахат және Есік өзендерінің бассейндері арасындағы су алабы болып табылады. Рахат өзенінің екі тармағының арасында су тасқыны мен сел кезінде өтетін қойтас-малта тас материалы бар өзеннің құрғақ арналарын қамтитын, салыстырмалы түрде 10 метрге дейін асатын (шығару конусы) бөлінген тау бөктеріндегі жазық орналасқан.

Шығарынды конусы бедерінің беті өте күшті техногендік өзгеріске ұшыраған. Б.з.д. 2000-2500 жылдарға жататын ежелгі обалар мен қоныс орындары тау бөктеріндегі жазықтың беткейлерінде орналасқан, қазіргі заманғы су арналары қазылған, елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су жинау жұмыстары жүргізілуде. Аллювиалды шөгінділерді (қиыршық тастар, қойтастар) және тау бөктеріндегі алқаптың түбіндегі қара топырақтардың жоғарғы қабатын өндірудің жергілікті учаскелері де байқалды. Арна бойында электр станциясының тіректері орналасқан, өзен аңғарының өсімдіктері шығарынды конусы шегінде мал жайылымының әсерінен толығымен бұзылған. Сол тармақ бойымен, шығарынды конустарының шегінде, төменгі тау алды алқаптың етегінде ферма мен мал қоралары орналасқан. Археолог мамандардың айтуынша, солтүстікте төменгі тау алды алқапта орналасқан қала жұртында бір кездері сумен толтырылған, периметрі бойынша екі қолдан жасалған ор болған. Сондай-ақ, Талғар-Есік жолының оңтүстігінде орналасқан тау бөктеріндегі жазықтың аумағы қазіргі заманға сай жерлеуге арналған зират ретінде пайдаланылады. Сонымен, зерттелетін аймақтың тау етегінде антропогендік бедер түрлері кең таралған және бедердің табиғи сипатына айтарлықтай әсер етіп, өзгертеді.


#### *Бедердің морфометриялық ерекшеліктері*

ArcGIS бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып Airbus сандық бедер моделі (24 м.) зерттеу аймағының морфометриялық сипаттамалары алынды: гипсометрия, еңістік, экспозиция және эрозия желісі (2, 4 а, б-сурет). Еңістік тау бөктеріндегі аллювиалды жазықтың экспозициясында солтүстік-батыс бағыттары басым. Алайда, Есік өзенінің ежелгі арнасы

(Өрікті ауылы) мен Есік саяжайлары (Кұлжа жолы – Есік қаласы автожолының бойында) арасындағы жазықта тау бөктеріндегі жазық беткейінің солтүстік экспозициясы басым. Бұл жазықта сак обалары ансамблі және аттас музей орналасқан. Айта кету керек, тау етегіндегі жазықта б.з.д. 2000-2500 жылдарға жататын ежелгі обалардың, қоныс орындарының болуы жазық бетінің бүгінгі күнге дейін айтарлықтай өзгеріссіз сақталуын дәлелдейді. Аллювиалды тау бөктеріндегі шығару конустардың экспозициялары негізінен солтүстік-батыс бағыттағы учаскелерді қамтитын солтүстік бағытқа ие. Зерттелетін аумақтың төменгі және ортаңғы тау алды алқаптарының бедерлік экспозициялары тұрақты және уақытша су ағындары аңғарларының бағытына тікелей байланысты. Осылайша, бірінші ретті су ағындары шығыс және батыс экспозициялары бар субмеридионалды бағытқа ие. Оңтүстік және солтүстік-батыс экспозициялары бар екінші және үшінші ретті субэндик бағыттағы су ағындары (4 а, б-сурет). Айта кетерлігі, қазіргі тау етегіндегі жазықтағы Есік өзенінің арнасы цифрлық бедерлік үлгіні өңдеу нәтижелері бойынша қазіргі арнаның батысына қарай бүкіл су арнасы өткенін анықтады. Бедер бетін цифрлық морфометриялық талдау негізінде 1 – ретті Есік өзенінің біртұтас су ағынын анықтау Есік өзенінің көне арнасы немесе өзеннің едәуір үлкен сол тармағы осы жерден өткен деп болжауға негіз береді. Ежелгі өзен арнасы Есік қаласының ортаңғы бөлігінде батысқа бұрылып, Өрікті ауылының бойымен өтеді, одан әрі Рахат өзенінің аңғарына жеткенше, Рахат өзеніне параллель құрай отырып солтүстік-батысқа бұрылады. Ағысы бойынша Рахат өзені сол жақтан Саймасай ауылынан солтүстікке қарай Кұлжа жолы маңында Есік өзенінің көне арнасына құяды, ал оң жақтан Есік өзенінің қазіргі арнасына құяды.



4 а-сурет. Бедердің экспозициясы



4 б-сурет. Эрозиялық желі. Бедердің түзілу процесстері

### *Бедердің түзілу процестері*

Бедердің қалыптасуының табиғи және антропогендік факторлары ажыратылады. Табиғи бедердің қалыптасуының кейбір негізгі факторларына климат, жер сілкінісі, геологиялық және литологиялық жағдайлар, бедердің морфометриясы жатады.

Іле Алатауының климаттық ерекшеліктері бедерді түрлендірудің экзогендік процестерін алдын-ала анықтайды, бірақ таулар да климатқа әсер етеді. Орографияның әсерінен ауа массаларының айналымы өзгеріп, фронтальды процестер күшейіп, жауын-шашын көбейіп, жергілікті желдер пайда болады, температураның инверсиясы және т.б. шығады.

Жотаның климаттық жағдайлары тау жыныстарының ауа-райына ықпал етеді. Таулардағы жауын-шашынның салыстырмалы түрде көп болуы, жиі жаңбыр жауып, қар мен мұздың еруі өзендерде күшті су тасқынын тудырып, осыған байланысты алапат сел жүреді. Жыл бойына әркелкі жауын-шашын эрозиялық процестердің маусымдық көрінісін тудырады. Олар әсіресе көктем мен жаздың басында қарқынды болады. Оңтүстік және оңтүстік-батыс бағыттағы тау беткейлеріне әдетте жауын-шашын аз түскендіктен олар қаттырақ қызады да, соның әсерінен өсімдіктер әлемі де сирек болып келеді. Сондықтан, олар ашық күйде қалса, олар оңай жойылады. Жартылай шөлді климатта тау етегі аймағында денудациялық процестер аса қуатты емес. Бұл, су және жел эрозиясы, топырақтың шөгуі, ауа райының бұзылуы және т.б. [Жандаев, 1972, 160].<sup>175</sup>

Соңғы онжылдықтарда Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі адам әрекеті бедердің беткі қабатын айтарлықтай өзгертіп отыр. Өзен аңғарларында (Талғар, Есік, Түрген) қойтас және қиыршық тас материалдарын алу үшін қазба жұмыстары жүргізілуде, кірпіш өндіруге арналған шикізатты алу үшін тау бөктерлері бұзылуда (Қайназар өзенінің аңғары), қиыршық тастар төсеп (Қотырбұлақ өзенінің аңғары), жолдар салынуда, тұрғын үй аумақтары кеңейуде және т.б. Мұндай адам қолымен атқарылатын

---


<sup>175</sup> Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.

істер аумақтың бедеріне айтарлықтай әсер етеді, экзогендік процестердің дамуын жеделдетіп, кері әсерін күшейтеді.

Аллювиалды жоталы-алқапты жазықта флювиалды бедер түзуші процестер басым болып келеді (сурет 5). Осының әсерінен болатын процестер нәтижесінде Рахат өзенінің жоғары ағыс кезеңінде жазық шайылу және жергілікті бүйірлік эрозия пайда болады. Негізінде, флювиальды процестер кезіндегі тегіс жазықты бедерлі құлама етектер мен жоталарды тудырды. Зерттелетін алқаптың ауданы ортағасырлық қала жұрты, сондай-ақ ежелгі кезеңдерге жататын тұрақтар орналасқан бірегей тарихи-археологиялық нысан болып табылады. Жазықтағы жеке бедердің түрлері адам қолымен жасалған, периметрі бойынша тастармен қаланған шағын көне обалардың дөңес пішіндері шамамен 2000 жыл бұрын жасалған, ежелгі қоныстардың қирандылары да орналасқан. Обалардың төбесіндегі солифлюкциялық шұңқырларға ұқсайтын ойықтар тонау барысының көрінісі болуы мүмкін. Бұл бедер түрлері қабірлердің кейінірікте тоналғанын көрсетеді. Жазықтың жайылымдық қорларын қарқынды пайдалану нәтижесінде жазықтағы өсімдіктердің аса жоғары деңгейде тозғанын атап өткен жөн. Жақын маңдағы Рахат және Өрікті ауылдарының тұрғындары тау бөктеріндегі өндеуге келмейтін аумақтарды жайылым ретінде кеңінен пайдаланады. Төменгі тау сағасының тозған жайылымдары аталмыш аумақты аса жиі пайдаланғанын көрсетеді. Осының нәтижесінде топырақ қабаты тұтастай шайылып, ауа-райының әсерінен бұзылады. Ол өз кезегінде жайылымдық жерлердің тозуына әкелуі мүмкін. Бұл құбылыс бедердің бетін эрозиялық процестердің дамуына, үгілуіне және тегіс шайылуға қабілетсіз етеді.

Тау етегіндегі көлбеу аллювиалды жазықтың бедеріне (шығарынды конусы) жазықтық және ұсақ ағынды шаю, сондай-ақ, сызықтық эрозия мен ағындар қатысады. Осы аумақтағы климаттық жағдайлардың ерекшеліктері (қарқынды нөсер ағыны) жазықтықтың шайылу құбылыстарының етек алуына әсер етеді. Жаңбыр кезінде, әсіресе нөсер жаңбыр кезінде, тік беткейлерде көптеген ұсақ су ағындары таяз жерді шаяды.

Жаңбырлы ауа-райында оны даладан байқауға болады. Ашық беткейлерде тереңдігі 5-10 см болатын параллель қарықтар (атыздар) бар ұсақ ағынды түрлері жиі кездеседі. Ауданның таулы бөлігінде тегіс шаю процестері, сонымен қатар, сел түзетін ошақтардың жандануына ықпал етеді. Тегіс шаюдың құбылыстары әсіресе өсімдік жамылғысы жоқ жерлерде немесе жануарлар аса көп жайылып, тақырға айналған жерлерде айқын көрінеді [Жандаев, 1972, 160].<sup>176</sup>



5-сурет. Бедер түзу процестері

Тау етегіндегі жазық бедерінің күрделі сипатының нәтижесінде (су ағындарымен бөлінген, әртүрлі шаруашылық мақсатта пайдаланылған) сақ обаларының (ашық аспан астындағы музей) аумағындағы шектеулі шаруашылық қызметі жазықтың беткі табиғи өсімдік жамылғысын сақтап қалды. Мұндай

<sup>176</sup> Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.

табиғатты қорғау шаралары жер бедерінің қауіпті экзогендік процестердің әсеріне және даму тұрақтылығына ықпал етеді. Тау етегіндегі жазық халықтың негізгі қоныстану орны, құнарлы ауылшаруашылық мақсаттағы жерлері болып табылады. Сондай-ақ, бұл жазық ондағы әртүрлі экзогендік процестердің дамуына, техногендік әсерге өте сезімтал болып келеді. Бұл морфометриялық жағдайлар (еңістік, экспозиция, эрозиялық желі) және литологиялық қасиеттер (оңай шайылатын сары топырақты саздақ). Сондықтан, жерді тұрақты пайдалану үшін кез-келген шаруашылық қызмет кезінде геоморфологиялық жағдайларды ескеру қажет.

Тегіс шайылу өлшемдері негізінен беткейлердің тік болуы, нөсердің қарқындылығы және топырақтың физика-механикалық қасиеттері сияқты факторлармен анықталады. Сандық түрде, олар бір жазғы маусымда 500-800 м<sup>3</sup>/га құрайды. Жазықтықты шайудың қарқындылығы көбінесе топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерімен, жер бедерінің сипатымен, өсімдік жамылғысының тығыздығымен және басқа факторлармен анықталады. Бірақ бәрі тең болған жағдайда, шайылған топырақтың мөлшері беткейдің тіктігіне тура пропорционал болып келеді. Тұрақты тегіс шайылумен бедер біртіндеп жұмсақ, тегістелген контурларға ие болады. Жаңбыр ағындарының белгілі бір жерлерде шоғырлануы беткейлерде, әсіресе сары топырақты саздақтардан тұратын маңызды шұңқырлар мен сайлардың пайда болуына әкеледі [Колотилин, 1961, 155.; Жандаев, 1972, 160].<sup>177</sup>

Өзен аңғарларындағы бедердің түзілуі негізінен флювиальды аккумуляция мен эрозия процестеріне байланысты болады. Тау етегіндегі жазықтықта эрозия процестері көбінесе өзен аңғарларының бүйірлік эрозиясы түрінде көрінеді. Рахат, Есік, Қайназар және т.б. өзендерінің арналары ирелендей кеңейетін аңғарлары бойымен жайылмалар мен тау

---

<sup>177</sup> Колотилин Н.Ф. Деформации горных и береговых склонов. Академия Наук Казахской ССР. Алма-Ата. – 1961. 155 б.; Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.

жыныстарының беткейлерін шайып кетеді. Ең қауіпті эрозия мен жағалаудың құлауы су тасқыны кезінде орын алады. Рахат өзені аңғарының бүйірлік эрозиясы археологтарға оң жағалауда, аласа тау алды алқаптар мен шығарынды конусының шекарасында тас дәуірінің тұрағын анықтауға мүмкіндік берді. Көбінесе бүйірлік эрозия табиғи түрде шөгінді жыныстарда тік беткейлерді, ал ғылым үшін дайын көлденең профильді береді. Тау жыныстарының жиналуы шығарынды конусындағы, аласа және биік жайылмаларда байқалады. Негізінен процесс сел және су тасқыны кезінде болады.

Гравитациялық бедер түзу процестері эрозиялы-жоталы және адырлы аласа таулы жерлерде жүреді. Гравитация процестері қазіргі жағдайда оның бедерін айтарлықтай өзгертетін Іле Алатауында ең кең тараған деструктивті құбылыс болып табылады. Іле Алатауында көшкін құбылыстары алуан түрлі. Баурайдың етегіне қарай баяу көшіп бара жатқан топырақ массасының беті әдетте біркелкі емес және терраса тәрізді, бұзылу орны жарты шеңберлі контурдың тік ашық қабырғасы түрінде анық көрінеді. Көшкіндердің өлшемдері алдыңғы жағынан да, биіктігі жағынан да бір метрден жүздеген метрге дейін ауытқуы мүмкін. Олар кайназойдың борпылдақ шөгінділері дамыған төмен және биік тау алды алқаптардың әртүрлі экспозицияларында кездеседі. Рахат өзенінің аңғарын жаяу аралап жүргенде, біз үлкен көшкіндерді тіркедік. Дегенмен тау алды алқаптардың тік беткейлерінде көшкін процестерінің өту ықтималдығы жоғары.

Көшкіннің пайда болу себептері жер сілкінісі, жер асты сулары, жауын-шашын және антропогендік факторлар әсерінен беткейлердің гравитациялық тепе-теңдігінің бұзылуы болып табылады. Ортаңғы тауларда, әсіресе сатылы аласа тауларда, топырақтың бұзылу жағдайы көбірек байқалады (6-сурет). Олар тік беткейлерде (30° астам) топырақ – өсімдік жамылғысымен, сары топырақты саздақтарда пайда болады. Морфологиялық топырақтың бұзылуы - бұл бірнеше-ондаған шаршы метрді құрайтын шағын, жалпақ ойпаттар. Олардың тереңдігі топырақ

горизонт қуатына 40-50 см сәйкес келеді. Мұндай бұзылулар атмосфералық жауын-шашынның аналық жыныстың бетін ылғалдандырып, оның дымқыл сіңіп ауырлаған топырақ қабатымен байланысын әлсіреуінің әсерінен пайда болады. Бұл жағдайларда физикалық тепе-теңдікті жоғалтқан күлгінденген қабаты бұзылып, суға төзімді иллювиалды қабаттан сырғып кетеді. Бұған көбінесе тік беткейлер, сондай-ақ, жер асты дүмпулері ықпал етеді [Жандаев, 1972, 160].<sup>178</sup>



6–сурет. Топырақтың бұзылуы, Рахат өзенінің сол жақ беткейі

Эрозия процестерінің кең таралуына бөлшектелген бедер, ылғалды климат және тау беткейлеріндегі борпылдақ түзілімдердің қуатты жамылғысы ықпал етеді. Жаздың қарқынды жауын-шашыны, әдетте, сызықты эрозияның күшеюіне әкеледі. Оның көрінуінің сыртқы түрлері – тар, ойық қазынды сайлар немесе беткейлердегі терең эрозиялық ойықтар, олардың одан әрі өсуі жыралардың пайда болуына әкеледі. Жарлардың ең қарқынды өсуі сарғыш топырақты жыныстардан тұратын және эрозияға белсенді түрде ұшырайтын «тау алды алқаптар» аймағында байқалады.

<sup>178</sup> Жандаев М.Ж. Геоморфология Заилийского Алатау и проблемы формирования речных долин // АН КазССР. Отд. географии. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 162 б.: ил. ; 21 см.

Қорыта келгенде, археологтар тарапынан Рахат ескерткішін зерттеу әлі де жалғасатындығы белгілі, десе де алынған материалдарды өңірдің тарихи ландшафтымен, физикалық-географиялық жағдайымын байланыстыра қарастырған абзал. Пәнаралық байланыстарды күшейте отырып ежелгі «рахаттықтардың» шаруашылық қаракетін, қоршаған ортаға көзқарасын, жосын-жоралғылары мен дүниетанымын нақтылауға әрі толықтыруға болады. Яғни, тарихи үдерістерді қайта жаңғырту үшін пәнаралық байланыстар мен ұстанымдарға кеңінен жүгінген жөн. Ол ілкіде тіршілік еткен тұрғындардың заттай және рухани мәдениетін кемел түрде зерттеуге де кеңінен мүмкіндіктер береді.

### **Палинологиялық және карпологиялық зерттеулер**

«Қ.И. Сатпаев ат. Геология ғылымдарының институты» қызметкері С.А. Нигматованың «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» ғылыми-қолданбалы зерттеу аясында жүргізілген палинологиялық және карпологиялық зерттеулер нәтижелері.

#### *Палинологиялық талдау*

Далалық қазба жұмыстарынан палинологиялық талдауға 5 топырақ үлгісі, споралы-тозаңдық 4 және карпологиялық талдауға 1 үлгі ұсынылды.

Топырақ үлгілерінің палинологиялық талдауының нәтижелері:

1-шаршы, солтүстік бөлігі (0,60 см тереңдікте).

Палиноспектр сипаттамасы: ақшыл мацерат, органикалық заттар аз. 2 препараттан анықталған тозаң дәндерінің жалпы саны 63 дана. Жусан мен алабота сынды бұталы шөп түрлерінің тозаңы басым. Ағаш тозаңы үйеңкі тозаңымен бірге ұсынылған (*Acer sp.*) – 1 дана, алабота – 21 дана тозаң дәні (13%), жусан 11% – 17 дана, 3-қалақты 6% – 10 дана, *Scabiosa sp.* – 2 дана (1,2%), шатыршагүлдер (*Ariaceae*) – 3 дана, (2%) көкнәр (*Papaveraceae*) – 2 дана, лалагүл – 2 дана, *Lamiaceae* (ерінгүлділер) – 2 дана, бұршак

дақылдары (*Fabaceae*) – 3 дана. Жалпы алғанда, спектрдің құрамы өсімдіктердің аймақтық түрін көрсетеді.

4 шаршы батыс бөлігі (0,63 см тереңдікте).

Палиноспектр сипаттамасы: іс жүзінде органикалық заттарсыз ақшыл мацерат. Пелит бөлшектерінің массасы. Топырақ саңырауқұлақтары. Іс жүзінде анықталмаған тозаң: 3 дана, алабота тозаңы және 3 қалақты үлгі 2 тозаң, 2 дана – *Typha sp.* тозаңы (қоға). Кірпіштің фрагментінен алынған үлгі саздақ топырақ сумен араластырылған болуы мүмкін.

4-шаршы батыс бөлігі (0,70 см тереңдікте).

Палиноспектр сипаттамасы: көптеген пелит бөлшектері, көмір, органикалық фрагменттер (жәндіктердің бөліктері, топырақ саңырауқұлақтары, өсімдік тіндері) бар ақшыл мацерат. Шөпті өсімдіктердің тозаңы басым болатын палиноспектр анықталды. Барлығы 100 тозаң дәні бар. Жусан тозаңы (*Artemisia sp.*) 32%, алабота (*Chenopodiaceae*) 28 %, 3-қалақты 20 %, қылша (*Ephedra sp.*) – 2 %, бұршақ (*Fabaceae*) – 3%, ойраншөп (*Ambrosia sp.*) – 4 %, ерінгүлділер (*Lamiaceae*) – 5 %, лалагүл (*Liliaceae*) – 3 %, дәнді дақылдар (*Poaceae*) – 3 %. Жалпы алғанда, спектрдің құрамы өсімдіктердің аймақтық түрін көрсетеді.

7-шаршы оңтүстік бөлігі (0,58 см тереңдікте)

Палиноспектр сипаттамасы: шөпті өсімдіктердің тозаңдары басым болатын палиноспектр анықталды. Пелит бөлшектерінің массасы. Тоzaңы ұсақ. Барлығы – 57 тозаң дәні бар. Олардың ішінде – алабота *chenopodiaceae*, 40% – 23 дана, жусанның үлесіне (*Artemisia sp.*) 30% – 17 дана, дәнді тозаң 27% – 15 дана, лалагүл тозаңы (қызғалдақ, *Tulipa sp.*) 2 тозаң дәнімен ұсынылған, бұл мацераттағы тозаңның жалпы аз мөлшерімен айтарлықтай байқалады (сурет 1, 2).




Мацерат – бұл, кейде шөп майы деп аталатын майлы шөп сығындысы. Мацерация процесінің арқасында бірегей қасиеттері бар сұйықтық алынады. Тұндыру кезінде шөптердің биоактивті заттары алынып, ерітіндіге өтеді. Майды экстракциялау принципі – май барлық белсенді заттарды оған орналастырылған өсімдіктерден, гүлдерден, тамырлардан, саңырауқұлақтардан

және өсімдік әлемінің басқа өнімдерінен алады (Дубашинская, Хишова, Шимко, 2007, 70-79).<sup>179</sup>

*Карпологиялық талдауға алынған материалдың сипаттамасы*


Карпологиялық талдауға 6-шаршының батыс бөлігінен 0,70 см тереңдіктен шамамен 4 кг топырақ берілді (5 үлгі). Жуғаннан кейін және үлгіні кептіргеннен кейін 127 грамм құрғақ масса алынды. Оны бинокуляр астында зерттеу көптеген тамыр фрагменттері мен шоқтардың кішкентай фрагменттерін көрсетті. Сонымен қатар, жабайы өсімдіктердің тұқымдарына жататын жалғыз тұқымы анықталды (алдын-ала болжам бойынша - алабота тұқымдас (*Atriplex sp.*) (сурет 2).

Жемістердің аз мөлшері бұл өсімдік ежелден өзінің жемдік және қоректік қасиеттерімен танымал болғанына қарамастан оны тұрақты жинап пайдаланды дей алмаймыз.



1–сурет. Рахат (қоныс, қалашық) ескерткіші бойынша жасалған  
плинологиялық талдау нәтижелері: Үлгі 1: 1 – *Scabiosa sp.*, 2 –  
*Artemisia sp.*, 3 – *Lamiaceae*, 5, 6 – *Chenopodiaceae*, 7 – *Acer sp.*, 8 –  
анықталмаған пішін, 9 – *Liliaceae*

<sup>179</sup> Дубашинская Н.В., Хишова О.М., Шимко О.М. Характеристика способов получения экстрактов и стандартизация (часть II) // Вестник фармации. Витебский государственный медицинский университет. №2 (36) 2007. – 70-79 бб.



2–сурет. Рахат (қоныс, қалашық) ескерткіші бойынша жасалған карпологиялық талдаудың нәтижелері: үлгі 5: 1, 2 – көкпек тұқымы - *Atriplex sp.*, 3 – шөптесін өсімдіктердің тамырларының фрагменттері, 4 - қазіргі көкпек тұқымдарының фотосуреттері, 200 есе үлкейтілген түрі.

Бүгінгі таңда қолдағы материалдар осы мәліметтерді ғана көрсетіп отыр. Алайда келешектегі археологиялық ізденістер барысында алынатын материалдар «рахаттықтардың» егіншілік мәдениеті туралы қосымша ақпараттарды беретіндігі сөзсіз.

## Генетикалық талдаулар

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мен «TreeGene» ЖШС молекулярлық-генетикалық зертханасы арасындағы 2023 жылғы 13 маусымдағы №1-81 «TreeGene» ЖШС зертханасының (бас маманы Дж. Граника, бас маманы У.Н. Коккузова меңгерушісі Д.Д. Мукушкина) және «Вильнюс радиокарбон» қызметтер көрсетуге арналған шарттың талаптарына сәйкес төмендегідей зерттеулер жүргізіліп, қорытындылар алынды: «TreeGene» ЖШС молекулярлық-генетикалық зертханасы тарапынан үлгілерді ұзақ сақтай отырып, адамның сүйек қалдықтарынан ДНҚ-ны бөліп алу бойынша №1 қосымшаға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Олар: 23 аутосомды маркер бойынша ДНҚ-ның фрагменттік талдауы; Y хромосомасының 27 локусы бойынша ДНҚ-ның фрагменттік талдауы; мтДНҚ гипервариабельді аймақтарының нуклеин қышқылының ретін – ДНҚ-дағы нуклеотидтердің ретін анықтау процесін (Секвенирование) жүргізу (HVR1 және HVR2); гаплогруппаны анықтай отырып, генетикалық профильдерді алу және деректерді салыстырмалы талдау.

Биологиялық материалдың үлгілерін алу барысында зертханада тістерден, сүйек үлгілерінен ДНҚ алу жүргізілді (2023 ж. далалық маусымды қазба жұмыстары). № 3 оба (реттік саны 48 индивид), (сурет 1, 2, 3) және № 4 оба (реттік саны 49-50 индивидтер), (сурет 4, 5, 6).

***Техникалық ерекшелік шеңберінде келесі міндеттер қойылды:***

- Ұсынылған үлгілерден геномдық ДНҚ бөліп алу.
- Аутосомды STR-локустар бойынша ДНҚ генотипі.
- Y хромосомасының STR локустары бойынша ДНҚ генотипі және гаплогруппаны анықтау.
- Митохондриялық ДНҚ бойынша генотиптеу (HVR-1 және HVR-2) және гаплогруппаны анықтау.

***Аталмыш тарауда қолданылатын терминдер сөздігі (гlossарий).***

*Палеогенетика* – археология мен молекулалық генетиканың түйіскен жерінде орналасқан, биологиялық қалдықтарда кездесетін ежелгі ДНҚ-ның генетикалық зерттеулерімен айналысатын зерттеу саласы. Палеогенетика әдістері адам популяцияларының генетикалық құрылымын, оның уақыт бойынша динамикасын тікелей зерттеуге және молекулалық генетика, археология және антропология мәліметтерін тікелей салыстыруға мүмкіндік береді.

*ДНҚ* – бұл молекула, онда организм, оның барлық қасиеттері мен белгілері туралы тұқым қуалайтын генетикалық ақпарат шифрланған. ДНҚ құрамында төрт негіз бар: аденин, гуанин, тимин және цитозин. Осы төрт негіздің комбинацияларымен организм туралы генетикалық ақпараттың барлық массивін жазу қамтамасыз етіледі.

*Y* – хромосома - ХҮ жынысын хромосомдық анықтау жүйесіндегі екі жыныстық хромосоманың бірі, ерлерге тән және оның көп бөлігін өзгертпей әкеден ұлға беріледі. STR локустарының зерттеулері адамзаттың генетикалық тарихын ер адамдар арасында бөлек тексеруге мүмкіндік береді.

*Митохондриялық ДНҚ (mtДНҚ)* – эукариотикалық жасушалардың митохондрияларындағы сақина тәрізді шағын молекула. mtДНҚ-ның анадан оның барлық ұрпағына және одан әрі - тек қыздармен берілуі mtДНҚ-да бір рет пайда болған мутациялардың сақталатынын және көптеген аллельдер – гаплотиптермен ұсынылған біртұтас локус ретінде ұрпақтар қатарында өзгеріссіз берілетінін анықтайды.

*Аутосомалар (аутосомды хромосомалар)* – жыныстық хромосомаларды есептемегенде, барлық жұптық хромосомалар. Жыныстық хромосомалар – ХХ немесе ХҮ, олар адамның жынысы туралы ақпаратты алып жүреді.

*Мутация* – геномның тұрақты өзгеруі, оны осы жасушаның немесе организмнің ұрпақтары мұра етіп алуы мүмкін.

*Гаплотип* – мұрагерлік бойынша берілетін (бірлесіп) бір хромосомадағы мутациялардың жиынтығы. Y-хромосомдық гаплотиптер ер адамдар тарапынан, mtДНҚ гаплотиптері - ана

тарапынан тұқым қуалайды. Гаплотипке бір фрагменттің (STR – short tandem repeats) әр түрлі қайталанған полиморфты (өзгермелі) учаскелер кіре алады.

*Гаплотип* – барлық ұрпақтар мұра еткен, мутация (әдетте бір нуклеотидті алмастыру) болған, ортақ ата-тегі бар, ұқсас гаплотиптері бар адамдар тобы/популяциясы.

*Жалпы ата-тек* – популяция генетикасында пайдаланылатын ұғым. Барлық ерлер бір ортақ атадан – «Y-хромосомды Адамнан», ал барлық әйелдер бір «митохондриялды Евадан» шыққан деп болжанады. Y-хромосома және мтДНҚ маркерлерін зерттеу популяцияның әйел және ер бөліктерінің тарихын тексеруге және салыстыруға және олардың популяциялық геноқорға қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Ұрпақтан ұрпаққа тек бір ата-аналық жолымен ғана берілетін бұл маркерлер, ең болмағанда теориялық тұрғыдан алғанда, генетикалық оқиғаларды қазіргі заманғы адамның ең танымал ата-бабаларынан – «Y-хромосомды Адам» және «митохондриялды Евадан» қазіргі заманғы популяцияларға дейін қайта құруға мүмкіндік береді.

*Зерттеу жүргізу барысында зертханада келесі реагенттер мен жабдықтар пайдаланылды.*

**Реагенттер:**

– «Prepfilеr ВТА Forensic DNA Extraction Kit» жиынтығы, Life Technologies (АҚШ);

– «Verifiler Plus PCR Amplification Kit» жиынтығы, Life Technologies (АҚШ);

– «YFiler Plus PCR Amplification Kit» жиынтығы, Life Technologies (АҚШ);

– «Genescan 600 LIZ dye Size Standard v2.0», Life Technologies (АҚШ);

– «Hi-di Formamide», Applied Biosystems (АҚШ);

– «10x Running Buffer for 3130», Applied Biosystems (АҚШ);

– «POP-7 Polymer for 3730/3730xl DNA Analyzers», Applied Biosystems (АҚШ);

- «Genetic Analyzer 24-Capillary Array, 36 cm» капиллярлық құрастыру, Applied Biosystems (АҚШ);
- «BigDye Terminator v3.1 Cycle Sequencing Kit», Applied Biosystems (АҚШ);
- «Exosap-it PCR product Cleanup», Applied Biosystems (АҚШ);
- «AmpliTaq Gold 360 Master Mix», Applied Biosystems (АҚШ);
- Mtdna (HV1 және HV2), Applied Biosystems (АҚШ) гипервариабельді учаскелерінің ПТР праймерлері.

**Жабдықтар:**

- «GENEAMP PCR System 9700» амплификаторы, Applied Biosystems (АҚШ);
- «ABI Prism 3130» генетикалық анализаторы, Applied Biosystems (АҚШ);
- «Nanodrop OneC» спектрофотометрі, Life Technologies (АҚШ);
- ВМВ-II микробиологиялық қауіпсіздік қорабы – «Ламинар-С»-1,2 (NEOTERIC), Lamsystems (Ресей);
- UVC/T-AR, Biosan (Латвия) ПТР жүргізуге арналған УК-бокс;
- Мульти-вортекс V-32, Биосан (Латвия);
- Minispin Центрифугасы, Eppendorf (Германия);
- Eppendorf Research автоматты диспенсерлері (0,5-10 мкл, 10-100 мкл, 100-1000 мкл), Eppendorf (Германия).

**Алынған нәтижелер.**

**Геномдық ДНК бөліп алу.**

Зерттеу үшін № 1 кестеге сәйкес тіс үлгілері ұсынылды. Нысандардың басым бөлігі 2 тіс, 8-нысаннан бір тіс және 3-нысаннан 4 тіс ұсынылды.

Бұл кезеңде тіс үлгісін ағынды суда балшықтан мұқият жуу қажет болды. Әрі қарай, 2% сутегі асқын тотығына 12 сағатқа салынып, содан кейін дистилденген сумен жуылып, құрғатылды. Сондай-ақ, құралдар (тістеуік/пинцет, тіс бұрғысының бұрғысы) 3% Мистраль ерітіндісіне салынып, содан кейін жуылып және

жұмыс алдында 70% спиртпен күйдіріле отырып өңделді. Тістеуік/пинцет және тіс бұрғысын пайдалана отырып, сүйек үлгісі ұнтаққа айналғанша майдаланады. Сүйек ұнтағынан ДНҚ алу кезінде PrepFiler BTA Forensic DNA Extraction Kit protocol, Life Technologies (АҚШ) коммерциялық жиынтығы қолданылды. Осы реагенттер жиынтығының хаттамасына сәйкес магниттік бөлшектерде бөлу технологиясы пайдаланылды.

ДНҚ бөлу процедурасы орындалғаннан кейін NanoDrop OneC, ThermoFisher спектрофотометр көмегімен (АҚШ) бөлінген ДНҚ шоғырлануы мен тазалығын бағалау жүргізілді. 260 нм және 280 нм (260 нм/280 нм) толқын ұзындығындағы сіңіру қатынасы ДНҚ препаратының тазалығын көрсетеді. ДНҚ үшін 260нм/280нм мәндерінің арақатынасы шамамен 1,8 болса, препарат таза болып саналады. 260 нм/280 нм көрсеткіштерінің мәндері төмен болған жағдайда препарат құрамында 280 нм-де айтарлықтай сіңірілетін ақуыз, фенол немесе басқа контаминациялаушы заттар қоспаларының көп мөлшері болады. ДНҚ немесе РНҚ препаратының тазалығының тағы бір көрсеткіші 260нм/230нм сіңіру мәндерінің қатынасы болып табылады. Таза препарат жағдайында бұл қатынас әдетте 1,8-2,2 құрайды. 260нм/230нм коэффициентінің төмен мәндері препараттың ДНҚ бөлу процедурасынан кейін қалатын компоненттермен ластануын көрсетеді.

№ 1 кесте – Зерттелетін биологиялық үлгілер, бөліп алынған ДНҚ концентрациясы және тазалығы.

№	Биологиялық үлгілердің атауы және маркіленуі	Тіс үлгілерінің саны	ДНҚ концентрациясы (нг/мкл)	A260/A280 көрсеткіші
48	№ 48 тіс үлгісі	2	19.0	8.16
49	№ 49 тіс үлгісі	2	7.9	1.85
50	№ 50 тіс үлгісі	2	7.3	1.67

## **ДНҚ-ны ауtosомды STR-локустар бойынша генотиптеу**

Ауtosомды хромосомалардың STR локустарын және Y хромосомаларды анықтау үшін өндірушінің хаттамаларына сәйкес ThermoFisher (АҚШ) өндірушісінің Verifilerplus PCR Amplification Kit және YFiler Plus PCR Amplification Kit коммерциялық жиынтығы қолданылды. Полимеразды тізбекті реакцияны (ПТР) пайдалана отырып ДНҚ амплификациясын орнату GeneAmp PCR System 9700, Applied Biosystems (АҚШ) термоциклирінде жүргізілді.

Одан әрі AB3130, Applied Biosystems (АҚШ) моделді генетикалық анализаторда фрагменттік талдау әдісі жүргізілді. Осы мақсатта белгілі бір үлгіде алынған ампликондар және генетикалық анализаторды жүктеу үшін келесі реагенттер пайдаланылды: GeneScan 600Liz Size Standard; HiDi Formamide; 10x Running Buffer; POP7 полимери.

Алынған бастапқы деректерді талдау (\*fsa форматындағы файлдар) GeneMapper ID-X Software v.1.4, Life Technologies (АҚШ) компьютерлік бағдарламасының негізінде жүргізілді. Одан әрі Y хромосома бойынша гаплотопты іздеу Y-DNA Haplogroup Predictor - NEVGEN (Milos Cetkovic Gentula and Aco Nevski, under the auspices of the Serbian DNA Project, 2015) жалпыға бірдей қолжетімді дерекқоры арқылы жүзеге асырылды.

Митохондриялық ДНҚ-ның HV1 (16024-16365 nt.) және HV2 (00073-00340 nt.) гипертүрленгіш аймақтарының нуклеотидтер тізбегін анықтау үшін біз алдымен AmpliTaq Gold 360 Master mix, BigDye Terminator v3.1 Cycle Sequencing Kit, Life Technologies (АҚШ) коммерциялық реагентті пайдалана отырып, полимеразды тізбекті реакцияға негізделген HV1 және HV2 энзиматикалық күшейтуді жүргіздік. Полимеразды тізбекті реакцияны (ПТР) қолдану арқылы ДНҚ күшейту Applied Biosystems (АҚШ) GeneAmp PCR System 9700 термоциклінде жүргізілді. Ампликондар ExoSAP-IT Express reagent, BigDye X Terminator Purification Kit, Life Technologies (США) реагентінің көмегімен тазартылды. ПТР реакциясының сапасын аралық бақылау агароздық геледегі электрофорез арқылы жүзеге

асырылды, одан кейін Gel Doc XR+, BioRad (АҚШ) гельдік құжаттама жүйесі арқылы ДНҚ фрагменттерін анықтау жүргізілді.

Ампликондарды тазалағаннан кейін AB3130, Applied Biosystems (АҚШ) моделінің генетикалық анализаторында Сэнгер бойынша реттілік жүргізілді. Алынған HV1 және HV2 нуклеотидтер тізбегін өңдеу Sequencing Analysis Software 6 v. 6.0, компьютерлік бағдарламасы арқылы жүргізілді, зерттелген митохондриялық ДНҚ учаскелерінің консенсус тізбегін құру Applied Biosystems (АҚШ) өндірушісінің SeqScape software v3. 0 компьютерлік бағдарламасы негізінде жүргізілді.

Митохондриялық ДНҚ-ның HV1 және HV2 учаскелері бойынша гаплотопты анықтау MITOMASTER (Brandon MC, Ruiz-Pesini E, Mishmar D, Procaccio V, Lott MT, Nguyen KC, Spolim S, Patil U, Baldi P, Wallace DC. MOTOMASTER: a bioinformatics tool for the analysis of mitochondrial DNA sequences. *Pilum Mutat.* 2009 Jan; 30 (1):1-6.) жалпыға қолжетімді базасы негізінде жүргізілді. Үлгілерді генотиптеу нәтижелері № 2 кестеде берілген.

### **Генотиптеу нәтижелері бойынша мыналар анықталды:**

1. аутосомды хромосомалар бойынша генотип анықталды.
2. 48 нысанда еркек жынысын анықтайтын Y-хромосомада орналасқан Y-indel локусы анықталды. Алайда Amelogenin локусында 10 үлгінің арасында ДНҚ фрагментациясына байланысты Y-спецификалық фрагмент немесе Y-хромосоманың қысқа иінінде ықтимал делециялар анықталған жоқ.
3. Анықталған генетикалық профильдер бірдей емес, яғни әртүрлі жеке адамдарға тиесілі.

№ 2 кесте – «VeriFiler Plus PCR Amplification Kit» коммерциялық жиынтығы, ThermoFisher (АҚШ) компаниясының көмегімен үлгілерді генотиптеу нәтижелері, 23 аутосомды локус және жынысты анықтаудың екі маркерлері бойынша.

№2 кестенің жалғасы

№	STR локустарының атауы	Генотип (аллели)		
		48	49	50
1	<b>D3S1358</b>	15/16	15/15	15/18
2	<b>vWA</b>	17/23	14/16	17/18
3	<b>D16S539</b>	10	-	9/11
4	<b>CSF1PO</b>	-	-	10/12
5	<b>D6S1043</b>	-	-	11/18
6	<b>Y indel</b>	2	2	2
7	<b>Amelogenin</b>	X	Y	XY
8	<b>D8S1179</b>	17	10/16	13/13
9	<b>D21S11</b>	-	-	28/29
10	<b>D18S51</b>	-	-	14/19
11	<b>D5S818</b>	-	11/11	11/11
12	<b>D2S441</b>	10	11/11	11/14
13	<b>D19S433</b>	15/17	-	14/15
14	<b>FGA</b>	23/23	-	22/23/24
15	<b>D10S1248</b>	-	-	13/13
16	<b>D22S1045</b>	11/15/16	11/15	11/15
17	<b>D1S1656</b>	17.3	-	12/15.3
18	<b>D13S317</b>	13/13	-	9/11/12
19	<b>D7S820</b>	8/11	-	11/12
20	<b>Penta E</b>	10/10	10/16	-
21	<b>Penta D</b>	9/9	10/10	11/13
22	<b>TH01</b>	7	-	6/9.3
23	<b>D12S391</b>	17.3/22	19/19	19/21
24	<b>D2S1338</b>	-	24/24	-
25	<b>TPOX</b>	-	-	8/8

**Y-хромосоманың STR-локустары бойынша ДНҚ генотиптеу**

Y-хромосомалардың STR-локустары бойынша ДНҚ-ны генотиптеу үшін өндірушінің хаттамасына сәйкес «Yfiler Plus PCR Amplification Kit» коммерциялық жинағы пайдаланылды. ДНҚ фрагменттік талдауы ABI 3130 Genetic Analyzer генетикалық анализаторында жүргізілді. Аллел нұсқаларын анықтау «Gene Mapper ID-X Software» v.1.4, Applied Biosystems (АҚШ)

бағдарламасының көмегімен жүргізілді. Белгіленген генетикалық профильдер бойынша Y-DNA Haplogroup

Predictor-NEVGEN онлайн болжамын пайдалана отырып, ерлердің туыстық жолы бойынша гаплогруппаны анықтау жүргізілді.<sup>180</sup> Үлгілер мен гаплогруппаларды генотиптеу нәтижелері № 3 кестеде берілген.

**Генотиптеу нәтижелері бойынша мыналар анықталды:**  
– **R1a M198 гаплогруппасы** - \ № 50 үлгілері;

**митохондриялық ДНҚ бойынша генотиптеу**

Гипервариабельді телімдердің нуклеотидтік бірізділігін анықтау үшін HV1 (16024-16365 нт.) және HV2 (00073-00340 нт.) митохондриялық ДНҚ ПТР пайдалана отырып, осы телімдерге арналған ерекше праймерлерді пайдаланылды. ПТР-өнімдерді секвенирлеу алдында нұсқаулыққа сәйкес «ExoSAP-IT» реагентінің көмегімен праймерлер мен нуклеотидтердің қалдықтарынан тазарту жүргізілді. Тазартылған ПТР өнімдері ABI 3130 Genetic Analyzer генетикалық анализаторында тікелей және кері праймерді пайдалана отырып, «BigDye Terminator v3.1 Cycle Sequencing Kit» реагенттер жиынтығының нұсқаулығына сәйкес екі бағытта секвенирленді.

Нуклеотидтік тізбектерді талдау және мтДНҚ полиморфизмдерін анықтау Applied Biosystems (АҚШ) компаниясының «Sequencing Analysis Software 6» v, 6.0, «SeqScape Software» v3.0 компьютерлік бағдарламаларының көмегімен жүргізілді. Референт ретінде Кембридж эталондық жүйелілігі пайдаланылды.

HV1 және HV2 митохондриялық ДНҚ телімдері бойынша гаплогруппаны анықтау MITOMASTER онлайн дерекқоры негізінде жүргізілді.<sup>181</sup> Археологиялық үлгілерді генотиптеу

---

<sup>180</sup> Milos Cetkovic Gentula and Aco Nevski, under the auspices of the Serbian DNA Project, 2015.

<sup>181</sup> Brandon M.C., Ruiz-Pesini E., Mishmar D., Procaccio V., Lott M.T., Nguyen K.C., Spolim S., Patil U., Baldi P., Wallace D.C. MITOMASTER: a bioinformatics tool for the analysis of mitochondrial DNA sequences // Hum Mutat. – 2009. – V. 30(1). – P. 1-6.

нәтижелері және анықталған болжамды гаплогруппалар №4 кестеде берілген.

№ 4 кесте – Болжамды гаплогруппасы бар мтДНҚ (HVR-1 және HVR-2) бойынша үлгілерді генотиптеу нәтижелері.

мтДНҚ аймағы	I	III	VI	VII	XI	XII	XIV
HVR1	16223T, 16298C, 16327T	16172C, 16311C	16172C, 16223T, 16257A, 16261T, 16266T	16077C, 16109G, 16115A, 16270T	16291T, 16390A	16126C, 16304C, 16311C	16311C, 16380G
HVR2	-	-	-	-	-	-	-
<b>Болжамды Гаплогруппа</b>	<b>C</b>	<b>HV6</b>	<b>N9a</b>	<b>H1b</b>	<b>H85</b>	<b>H5(T16311C)</b>	<b>H2</b>
мтДНҚ аймағы	XV	XVI	XVII	18	20	21	22
HVR1	16298C	16270T	16189C	16172C, 16223T, 16261T	16223T, 16311C, 16386G	16223T, 16311C	16223T
HVR2	-	-	-	263G	-	-	-
<b>Болжамды Гаплогруппа</b>	<b>HV0</b>	<b>M39c</b>	<b>H2a2a1g</b>	<b>M33a</b>	<b>N5</b>	<b>I1</b>	<b>U4a</b>
мтДНҚ аймағы	23	25	28	29	30	31	32
HVR1	16362C, 16380G	16270T, 16411T	16069T, 16126C, 16145A, 16261T, 16291T	16223T	16223T, 16270T, 16327T	16232A, 16249C, 16304C, 16311C	16189C, 16311C
HVR2	-	-	-	168A	-	-	-
<b>Болжамды Гаплогруппа</b>	<b>D4b</b>	<b>H1b</b>	<b>J1b</b>	<b>N</b>	<b>L3e</b>	<b>F1b</b>	<b>R11</b>
мтДНҚ аймағы	35	37	39	42	43	44	45
HVR1	16223T, 16319A, 16356C	16223T, 16362C	16223T, 16234T, 16278T, 16309G, 16362C	16071A, 16073A, 16104G, 16291T	16081C	16172C, 16311C	-

<b>HVR2</b>	73G, 263G, 315C	73G, 152C, 194T, 263G, 310C	73G 263G (315.1C)	-	-	-	57C, 73G, 263G, 315C, 324G
<b>Болжамды Гапло группа</b>	<b>M21b</b>	<b>D4b</b>	<b>G5</b>	<b>H2a</b>	<b>H2a2a1</b>	<b>HV6</b>	<b>H1e2c</b>
<b>мтДНК аймағы</b>	<b>46</b>	<b>47</b>	<b>49</b>	<b>50</b>			
<b>HVR1</b>	16019T, 16183C, 16189C, 16223T	16150T, 16183C, 16189C	16223T, 16298C, 16327T	16223T, 16327T			
<b>HVR2</b>	152C	73G, 263G, 311C	-	-			
<b>Болжамды Гапло группа</b>	<b>N9b</b>	<b>G2a</b>	<b>C</b>	<b>L3e</b>			

**Генотиптеу нәтижелері бойынша мына жайттар анықталды:**

1. Мынадай гаплогруппалар бірнеше үлгілер үшін анықталған:
  - С гаплогруппа - № I, № 49 үлгілер;
  - L гаплогруппа: субклад L3e - № 50 үлгілер;

## Аутосомды хромосомалардың генетикалық профілі

Наименование	аллели
Локус D3S1358	15/18
Локус vWA	17/18
Локус D16S539	9/11
Локус CSF1PO	10/12
Локус D6S1043	11/18
Локус Y indel	2
Ampelogenin	XY
Локус D8S1179	13/13
Локус D21S11	28/29
Локус D18S51	14/19
Локус D5S818	11
Локус D2S441	11/14
Локус D19S433	14/15
Локус FGA	22/23/24
Локус D10S1248	13
Локус D22S1045	11/15
Локус D1S1656	12/15.3
Локус D13S317	9/11/12
Локус D7S820	11/12
Локус Penta E	-
Локус Penta D	11/13
Локус TH01	6/9.3
Локус D12S391	19/21
Локус D2S1338	-
Локус TPOX	8

Наименование	
Локус DYS576	18
Локус DYS389I	13
Локус DYS635	25
Локус DYS389II	-
Локус DYS627	11
Локус DYS460	11
Локус DYS458	16
Локус DYS19	-
YGATAH4	12
Локус DYS448	20
Локус DYS391	-
Локус DYS456	16
Локус DYS390	24
Локус DYS438	-
Локус DYS392	-
Локус DYS518	-
Локус DYS570	18
Локус DYS437	14
Локус DYS385a	11
Локус DYS385b	11
Локус DYS449	-
Локус DYS393	13
Локус DYS439	11
Локус DYS481	22
Локус DYF387S1a	-
Локус DYF387S1b	-
Локус DYS533	-






## Y хромосомасының генетикалық профілі - R1a m198 гаплогобы

## Сиквенс мтДНК – гаплогруппа L3e


Consensus for segment HV1 for specimen 50

ATTCTAATTTAAACTATTCTCTGTTCTTTCATGGGGGAAGCAGATTTGGGTACCACCCAAGTATTGACTCACCCATCA  
 ACA  
 ACCGCTATGTATTTTCGTACATTACTGCCAGCCACCATGAATATTGTACGGTACCATAAATACTTGACCACCTGTAGT  
 ACA  
 TAAAAACCCAAATCCACATCAAAAACCCCTCCCCATGCTTACAAGCAAGTACAGCAATCAACCTTCAACTATCACACA  
 TCA  
 ACTGCAACTCCAAAGCCACCCCTCACCCACTAGGATACCAACAAAACCTACCCACCCCTTAAACAGTACATAGTACATAA  
 AGC  
 CATTTATCGTACATAGCACATTACAGTCAAATCCCTTCTCGTCCCCATGGATGACCCCCCTCAGATAGGGGTCCCTT  
 GAC  
 CACCATCTCCGTGAAATCAATATCCCGCA

1–сурет. Аутосомды хромосомалардың генетикалық профілі  
(№3 оба).



2-сурет. Аутосомды хромосомалардың генетикалық профілі (№3 оба).



3– сурет. Аутосомды хромосомалардың генетикалық профілі (№3 оба).

49 Үлгі

Аутосомды хромосомалардың генетикалық профилі

Назиевовање	аллели
Локус D3S1358	15/15
Локус vWA	14/16
Локус D16S539	-
Локус CSF1PO	-
Локус D6S1043	-
Локус Y indel	2
Amelogenin	Y
Локус D8S1179	10/16
Локус D21S11	-
Локус D18S51	-
Локус D5S818	11
Локус D1S441	11
Локус D19S433	-
Локус FGA	-
Локус D10S1248	-
Локус D22S1045	11/15
Локус D1S1656	-
Локус D13S317	-
Локус D7S820	-
Локус Penta E	10/16
Локус Penta D	10/10
Локус TH01	-
Локус D12S391	19
Локус D21S338	24
Локус TPOX	-

Ү бойынша генетикалық профиль анықталмаған

Сиквенс мтДНК – гаплогот С

>Consensus for segment HV1 for specimen 49

```

ATTCTAATTTAAACTATTCTCTGTTCITTCATGGGGAAGCAGATTTGGGTACCACCCAAGTAT
TGACTCACCCATCAACA
ACCGTATGTATTTCTGTACATTAAGTCCAGCCACCATGAATATTGTACGGTACCATAAATACT
TGACCACCTGTAGTACA
TAAAAACCCCAATCCACATCAAAAACCCCTCCCATGCTTACAAGCAAGTACAGCAATCAACC
TTCAACTATCACACATCA
ACTGCAACTCCAAAGCCACCCCTCACCCACTAGGATACCAACAAACCTACCCACCCCTCAACA
GTACATAGTACATAAAGC
CATTTATCGTACATAGCACATTACAGTCAAATCCCTTCTCGTCCCCATGGATGACCCCTCA
GATAGGGGTCCTTGAC
CACCATCCTCCGTGAAATCAATATCCCGCA
    
```

4–сурет. Аутосомды хромосомалардың генетикалық профилі (№4 оба).



## ҚОСЫМША

2023 жылдың қыркүйек айында «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында «Рахат ескерткіші: 2017-2022 жж. археологиялық зерттеулер нәтижесі» атты көрме құрылды. Көрмеде көрермендерге ескерткіш аумағынан XX ғ. ортасынан бастап күні бүгінге дейінгі уақыт аралығында анықталған кездейсоқ олжалар мен археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған тас дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі аралықта сан түрлі мәдениетті құраған ортаның өмір-тіршілігінен, дүниетанымы мен салт-жоралғыларынан, тарихынан хабар беретін артефактілер, остеологиялық материалдар, жерлеу кешендерінің сызбалары, фотосуреттері ұсынылды. Әр витрина хронологиялық тәртіппен, бабаларымыздың аса құнды мұрасы ретінде сақталған анағұрлым қызықты жәдігерлер туралы мәлімет берді. Ондай қызықты түпнұсқа және сирек кездесетін жәдігерлер ретінде тас құралдар, аңдық стильдегі шаш түйреуіш, сүйек жапсырмалар, зергерлік тас балға, үйкеуіш, ауыздық пен шахмат фигурасын атауға болады. Сонымен қатар экспозиция тақырыбын ашу мақсатында ғылыми жариялымдар және қосымша ақпараттық тақталар, карта-жоспарлар, қазба процесін көрсететін суреттер де қамтылды.

**«Рахат ескерткіші: 2017-2022 жж. археологиялық зерттеулер нәтижесі» көрмесі**





**«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорына  
қабылданған артефактілер тізімі**

№	Атауы	Табылған жылы, жері	Археологиялық қазба нәтижесі	Кездейсоқ табылған	Фотосы
1.	Қазан. Б.З.д. V ғ. НТК 85	2009 ж. Рахат ауылы		1	
2.	Белдік үзбелері. XI–XII ғғ. НТК 205/1-2	2012 ж. Өрікті қалажұрты	2		
3.	Белдік үзбесі. XI–XII ғғ. НТК 219	2012 ж. Өрікті қалажұрты	1		
4.	Тас құрал. Б.з.д. 40-12 мың жыл. НТК 226	2015 ж. Рахат тұрағы		1	
5.	Су диірмен. XVII-XVIII ғғ. НТК 227	2015 ж. Рахат ауылы		1	

6.	Белдік үзбелері. XI–XII ғғ. НТК 254/1- 2	2015 ж. Өрікті қалажұрты	2		
7.	Ат әбзелдерінің бөлшектері (тағаның шегелері). Орта ғасыр. НТК 376	2017 ж. Рахат сайынан табылған		9	
8.	Ат әбзелдерінің бөлшектері (ауыздық). Орта ғасыр. НТК 377	2017 ж. Рахат сайынан табылған		1	
9.	Ат әбзелдерінің бөлшектері (айылбастың бөлшектері). Орта ғасыр. НТК 378	2017 ж. Рахат сайынан табылған		11	
10	Балтаның басы. НТК 381	2017 ж. Рахат сайынан табылған		1	
11	Шаш түйреуіш. Б.з.д. IV-III ғғ. НТК 382	2017 ж. Рахат сайы «Нұрмұхан бетов экскавейш нс»	1		

12	Алтын үзбелер. Сары металл. Б.з.д. IV-III ғғ. НТК 383	2017 ж. Рахат сайы «Нұрмұхан бетов экскавейш нс»	3		
13	Асықтар. Б.з.д. III-II ғғ. НТК 388	2017 ж. Рахат сайы «Қазақ- корей бірлескен халықаралық экспедиция сы»	12		
14	Моншақта р. (Сүйек- 20, паста- 5). Б.з.д. III-II ғғ. НТК 389	2017 ж. Рахат сайы «Қазақ- корей бірлескен халықаралық экспедицияс ы»	23		
15	Тостақ. Қыш. Б.з.д. III-II ғғ. НТК 390	2017 ж. Рахат сайы «Қазақ- корей бірлескен халықаралық экспедицияс ы»	1		
16	Ұршық басы. Б.з.д. III-II ғғ. НТК 391	2017 ж. Рахат сайы «Қазақ- корей бірлескен халықаралық экспедицияс ы»	1		
17	Өзектас. Порфирит. Кейінгі палеолит. ҒКҚ 181	2018 ж. Рахат сайынан табылған.		1	

18	Пластинал ық сынық. Порфирит. Кейінгі палеолит. ҒКҚ 184	2018 ж. Рахат сайынан табылған.		1	
19	Нуклевидті сынық. Кейінгі палеолит. ҒКҚ 185	2018 ж. Рахат сайынан табылған.		1	
20	Шахмат фигурасы. Сүйек. Ортағасыр. НТК 443	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	1		
21	Дәнүккіштің фрагменттері . Ортағасыр. НТК 444-446	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	3		
22	Диірмен тас. Ортағасыр. НТК 447, 448	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	2		

23	Бдыс. Қыш. Ерте темір дәуірі. НТК 449, 450	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	2		
24	Құмыра. Б.з.д. III ғ. Б.з. II ғ. НТК 466	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	1		
25	Ядро. Тас. XIII ғ. НТК 489	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	1		
26	Келі. Тас. XIII ғ. НТК 490	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	1		
27	Қазан фрагментте рі. Ортағасыр. ҒКҚ 190	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	2		

28	Хұм ернеуінің, қабырғасы ның фрагментте рі. Ортағасыр. ҒКҚ 191, 192	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	2		
29	Құмыра түбінің фрагменті, тұтқасы. Ортағасыр. ҒКҚ 193, 194	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	3		
30	Ыдыс қабырғасы, тұтқасы, ернеу фрагментте рі. Ортағасыр. ҒКҚ 195, 196, 197, 198	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	4		

					
31	Металл массасы. Ортағасыр. ҒКҚ 199	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	1		
32	Қазан ернеуінің фрагменті. Ортағасыр. ҒКҚ 200	2020 ж. Рахат кешенінен табылған.	1		
33	Бұйым. Бетінде аңның бейнесі бейнеленген. ҒКҚ 239	2020 ж. Рахат ауылынан табылған	1		
34	Қазан. Қола. Б.з.д. V-IV ғғ. ЕҚМ НТК 530	2024 ж. Өрікті ауылынан табылған	1		 <p>Консервация және реставрация жасалды</p>

35	Шаппа (шот). Қола. Б.з.д. V-IV ғғ. ЕҚМ НТК 531	2024 ж. Өрікті ауылынан табылған		2	 Консервация жасалды
36	Тоға. Қола. Б.з.д. V-IV ғғ. ЕҚМ НТК 532	2024 ж. Өрікті ауылынан табылған		1	 Консервация жасалды
37	Орақ. Қола. Б.з.д. V-IV ғғ. ЕҚМ НТК 533	2024 ж. Өрікті ауылынан табылған		3	 Консервация жасалды
38	Біз. Қола. Б.з.д. V-IV ғғ. ЕҚМ НТК 534	2024 ж. Өрікті ауылынан табылған		1	 Консервация жасалды
39	Бұйым. Қола. Б.з.д. V-IV ғғ. ЕҚМ НТК 535	2024 ж. Өрікті ауылынан табылған		1	 Консервация жасалды
40	Қыш ыдыстар фрагменттері (шырағдан, ыдыс бүйірі)	РАК-ЕАКЭ-2021	13		

	III мыңжылды қтың аяғы ЕҚМ ҒКҚ 254				
41	Дәнүккіш. Тас. III мыңжылды қтың аяғы ҒКҚ 255	РАК- ЕАКЭ-2021	1		
42	Дәнүккіш. Тас. III мыңжылды қтың аяғы ҒКҚ 256	РАК- ЕАКЭ-2021	1		
43	Жебе ұшы. Темір. XII-XIII ғғ. НТК 537	РАК- ЕАКЭ-2021	1		
44	Құрал (Зергерлік балға). Тас. III мыңжылды қтың аяғы НТК 538	РАК- ЕАКЭ-2021	1		
45	Құрал (Зергерлік балға). Тас. III мыңжылды қтың аяғы НТК 539	РАК- ЕАКЭ- 2021	1		

46	Түрен (Соқа) Тас. ІІІ мыңжылды қтың аяғы ҒКҚ 257	РАК- ЕАКЭ- 2021	1		
47	Бойтұмар. Тас. Ортасында саңылауы бар. ІІ – б.з.д. І мыңжылды қтың басы НТК 540	РАК- ЕАКЭ-2022	1		
48	Саптаяқ тұтқасы. Қыш. ІІ – б.з.д. І мыңжылды қтың басы НТК 541	РАК- ЕАКЭ-2022	1		
49	Пышақ. Қола. ІІ – б.з.д. І мыңжылды қтың басы НТК 542	РАК- ЕАКЭ-2023	1		
50	Түймелер. Сүйек. ІІ – б.з.д. І мыңжылды қтың басы НТК 543	РАК- ЕАКЭ-2023	2		

51	Бойтұмар. Сүйек. II – б.з.д. I мыңжылды қтың басы НТК 544	РАК- ЕАКЭ-2023	1		
52	Түймешік. Қола. II – б.з.д. I мыңжылды қтың басы НТК 545	РАК- ЕАКЭ-2023	1		
53	Асық. Сүйек. XII-XIII ғғ. НТК 546	ҚҚРАЭ - 2017	1		
54	Құс тырнақ. Сүйек. XII- XIII ғғ. НТК 547	ҚҚРАЭ - 2017	1		
55	Жапсырма. Сүйек. XII- XIII ғғ. НТК 548	ҚҚРАЭ - 2017	1		
56	Тоға. Темір. X- XI ғғ. НТК 549	ҚҚРАЭ - 2017	1		

57	Тоға фрагменті. Темір. X- XI ғғ. НТК 550	ҚҚРАЭ - 2017	1		
58	Шегелер (фрагменттер 5 дана). Темір. XII- XIII ғғ. НТК 551/5	ҚҚРАЭ - 2017	5		
59	Ұршық басы (фрагменті) Қыш. XII- XIII ғғ. ҒКҚ 258	ҚҚРАЭ - 2017	1		
60	Пышак (фрагмент). Қола. XII- XIII ғғ. НТК 552	ҚҚРАЭ - 2017	1		
61	Ауыздық. Темір. XII-XIII ғғ. НТК 553	ҚҚРАЭ - 2017	1		
62	Жүген шығыршығы. Темір. XII-XIII ғғ. НТК 554	ҚҚРАЭ - 2017	1		

63	Ыдыс (фрагмент). Қыш. XII- XIII ғғ. ҒКҚ 259	ҚҚРАЭ - 2017	1		
64	Қарғаша (фрагмент). Темір. XII- XIII ғғ. НТК 555	ҚҚРАЭ - 2017	1		
65	Таға фрагменті. Темір. X- XI ғғ. НТК 556	ҚҚРАЭ - 2017	3		
66	Жапсырма. Сүйек. VIII-X ғғ. НТК 557	ҚҚРАЭ - 2018	2		
			<b>117</b>	<b>38</b>	<b>Барлығы: 155</b>

## Рахат археологиялық кешені бойынша жарияланымдар тізімі

1. Туранин И. Древний город – возле Рахата. // Еңбекшіқазақ. 1999, №38.

2. Мухтарова Г.Р. Қол жеткен арман // Вопросы археологии Казахстана. –Выпуск 3. – Алматы, 2011. – С. 22-28.

3. Нурмуханбетов Б., Мухтарова Г.Р. Могильник Иссык – Некрополь Иссык-археологический комплекс Есик-Рахат Республиканский государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык» //Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии.Тезисы докладов Круглого стола, посвященного 20-летию Независимости Казахстан. – Караганда, 2011. – С. 54-57.

4. Б. Нурмуханбетов, Т. Тулегенов. Охрана, использование и музеефикация Есик-Рахатского археологического комплекса в зоне заповедника-музея «Иссык» // «XXI ғасырдың басындағы Отандық археология және этнологияның мәселелері мен жетістіктері» атты Ә.М. Оразбаевтың 90 жылдығына арналған «IV Оразбаев оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / құрас.: Р.С. Жұматаев, Ж.М. Терекбаева, А. Айтқали; жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 397 бет. – С. 88-92.

5. Г.Р. Мухтарова, Б.Н. Нұрмұханбетов, Е.А. Джасыбаев, Т.Ж.Тулегенов. «Музеефикация городищ Рахат, Орикты и их сельской округи» // «Актуальная археология. Школа молодых археологов стран СНГ» материал международной конференции. РФ, Москва., – 2014.

6. Б.Н. Нурмуханбетов, Т.Ж. Тулегенов, Е.А. Джасыбаев. Городища Рахат и Өрікті – резиденция сакских царей и города сакской элиты. Археология шыңына шыққан: К.А.Ақышевтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы – Алматы, 2014., 248-256.

7. Т.Ж. Тулегенов, А.Г. Чекин. Археологические исследования на Рахатском археологическом комплексе // Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұғырлар атты «ІХ-Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы. 28-29.04. 2017 ж. 123-127 бб.

8. Т. Тулегенов. Археологические раскопки на могильнике Рахат // «2017 Asian Archaeology» Халықаралық археологиялық конференция. – Тэджон, Оңтүстік Корея, 2017. 143-150 бб.

9. Г.Р. Мухтарова. Рахат қалашығы: бағзыдан тартқан тамырын // Егемен Қазақстан. – 2018. №160. 5 б.

10. Г.Р. Мухтарова, Т.Ж. Тулегенов, Ж. Құрбанәлі, Дин Ян, Миау Ифей, Жау Хан Чин. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Рахат қалашығындағы 2017 жылы жүргізілген археологиялық ізденіс жұмыстарының кейбір қорытындылары [электронды қор]: // «edu.e-history.kz» <http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/837> – №2 (14) 2018.

11. Мухтарова Г.Р. Роль заповедников-музеев Казахстана в изучении археологических памятников по Шелковому пути // Археология шеңберіндегі Ұлы Жібек жолының І-Халықаралық форумы. – ҚХР, Шэнши аймағы Сиан қ., 11-16.05.2018.

12. Т.Ж. Тулегенов. «Есік» қорық-музейінің археологиялық жұмыстары [электронды қор]: // «Қазақстан» РТРК-і «Таңшолпан» сазды-ақпараттық бағдарламасы. <https://kaztrk.kz/video/07122018-tansholpantangy-aqparatty-sazdy-bagdarlama-tolyq-nusqa-48201> Жүгінген күн: 07.12.2018.

13. Е.А. Джасыбаев, Д.В. Ожерельев, Т.Б. Мамиров. Полевые исследования многослойный стоянки Рахат в 2018 г. // Археология Казахстана. - №1-2. 2018. – 215-224 с.

14. Д.В. Ожерельев, Е.А. Джасыбаев, Т.Б. Мамиров. Первые данные о стратиграфии и культурной атрибуции многослойной стоянки верхнего палеолита Рахат (Юго-Восточный Казахстан) // Краткие сообщения института

археологии. (Глав. редактор – Н.А. Макаров), 254 Выпуск. – М., ИА РАН, – 2019. – 57-71 с.

15. Д.Қ. Зікірия. Позднепалеолитическая стоянка «Рахат» // «Еңбекшіқазақ» аудандық қоғамдық-саяси апталық. №10 (6897). 08.03.2019 ж. – 3 б.

16. Bexeitov G. Ospanov E. Satayeva B. Tolegenov T. Results of archaeological excavations conducted at the Rakhat monument in almaty region (based on the reporting materials for 2015-2016) // «Далалық археологиялық зерттеулердегі жаратылыстану ғылымдарының әдістері мен әдіснамасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 124-128 бб.

17. Г.Т. Бексеитов, Т.Ж. Тулегенов. Конструктивные особенности курганов сакской культуры Жетысу на материалах могильников Орикти I и Рахат III (итоги сезона 2019 г.) // Ұлы дала тарихы мен мәдениеті. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Шығыс пен Батыс», 2020. – 58-63 бб.

18. Дин Ян., Ифей М., Ханчин Д., Юн Л.Д., Мухтарова Г.Р., Тойбаев Т.Н., Тулегенов Т.Ж. Рахат қалашығындағы барлау және қазба жұмысы туралы // Археология и культурное наследие. 2017. № 6 (239). С. 121–123.

19. Дин Ян., Ифей М., Ханчин Д., Юн Л.Д., Мухтарова Г.Р., Тойбаев Т.Н., Тулегенов Т.Ж., Құрбанәлі Ж. Қазақстан Есік-Рахат оңтүстік-шығысындағы ерте темір дәуіріне жататын № 1 қорғанының қазба есебі // Археология и культурное наследие. 2020. № 3. С. 3–12.

20. Е.А. Джасыбаев. Первые результаты раскопок на многослойной стоянке Рахат (слои 1-3) в юго-восточном Казахстане // «Қазіргі заманғы археологиялық зерттеулердегі нақты-ғылыми әдістемелер: теория мен тәжірибе» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2020. – 85-86 бб.

21. Е.А. Джасыбаев, Д.В. Ожерельев, Т.Б. Мамиров. Изучение верхнепалеолитической стоянки Рахат в северных

предгорьях Заилийского Алатау» // «І-Есік оқулары» «Алтын Адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты Халықаралық ғылымтәжірибелік онлайн-конференция материалдары. – Есік, 2020. – 78-82 бб.

22. Т.Ж. Тулегенов, А.Г. Чекин, Ж. Құрбанәлі. Археологические раскопки городища Рахат в полевом сезоне 2019 г. // Археология Казахстана. - № 2 (8). – Алматы, 2020. – 65-78 с.

23. Г.Р. Мухтарова, Т.Н. Тойбаев, Т.Ж. Тулегенов, Ж. Құрбанәлі. Қазақстан Есік-Рахат оңтүстік-шығысындағы ерте темір дәуіріне жататын N1 қорғанының қазба есебі // Археология и культурное наследие. – №3, – 2020. ҚХР. – 3-12 бб.

24. Г.Р. Мухтарова, Б.А. Железняков, Т.Ж. Тулегенов. Средневековая керамика поселения Рахат (по материалам исследований 2019-2020 гг.) // Археология Казахстана. - № 3 (9). – Алматы, 2020. – 82-93 с.

25. Тулегенов Т.Ж., Джасыбаев Е.А., Чекин А.Г. Археологический погребальный комплекс Турген, Орнек, Рахат к вопросу о цветных курганах // «І-Есік оқулары: Алтын Адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайнконференция материалдары. – Есік, Қазақстан. – 2020. 138-142 бб.

26. Х.А. Айтқұл, Б.А. Железняков, Д.Қ. Зікірия. Керамика поселения Рахат IX – начала XIII вв. (предварительные результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021 г.) // ХАБАРШЫ «Тарих сериясы» / ВЕСТНИК «Серия историческая» / JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University». – №4 (103). Алматы «Қазақ университеті» 2021. – С. 101-111.

27. Г.Р. Мухтарова, Х.А. Айтқұл. Жетісудың қола дәуіріне қатысты кейбір мәселелер («Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» жобасы бойынша 2021 ж. жүргізілген далалық зерттеулердің негізінде) // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально политические науки», №4 (71).

28. Х.А. Айтқұл, Г.Р. Мухтарова, Б.А. Железняков, А.М. Косжанова. Жетісудың қола дәуірі жерлеулеріне қатысты кейбір мәселелер // II Есік оқулары Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған «Еуразия далалық белдеуіндегі мемлекеттіліктің пайда болуы мен дамуы: алғышарттары, кезендері, салдары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдар жинағы. Есік қ., 22 қараша 2021 жыл. – 136-143 бб.

29. Д.Қ. Зікірия. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ археологиясының бір бөлігі ретіндегі «Есік» музей-қорығының археологиялық жұмыстары // «Қазақстандағы музей ісінің дамуы мен археологиялық зерттеулердің жаңа тенденциялары мен перспективалары» атты I Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Саумалкөл – 2021. – 52-59 бб.

30. G.R. Mukhtarova, T. Tulegenov, Zh. Kurbanali, Ding Yan, Miao Yifei, Zhao Hanqing, Lu Zhiyong. Field search works in 2019 on the territory of Rahat archaeological complex // II Esik Readings collection of materials International scientific and practical online conference «The Origin and Development of the Statehood of the Steppe Belt of Eurasia Background, Periods and Consequences», dedicated to the 30th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan Issyk, November 22, 2021. – 227-236 бб.

31. Х.А. Айтқұл, Ж. Құрбанәлі, А.М. Қосжанова, Б. Рахымбай. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 2021 ж. далалық зерттеулері // «Ежелгі және ортағасырлардағы мәдени байланыстар: Жаңа зерттеулер мен ашылымдар» тақырыбында белгілі ғалым, археолог, педагог, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология, этнология және музеология кафедрасының негізін салушы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың 100 жылдығына арналған дәстүрлі «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы. 28-29 қазан, 2022. – 70-79 бб.

32. Х.А. Айтқұл, Д.Қ. Төлемісова, А.Д. Байсабаева, К. Мамырбеков. Рахат археологиялық кешеніндегі далалық зерттеулер // «Қазақстандағы археологиялық зерттеулер – 2021»

ғылыми мақалалар жинағы. – Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, 2022. – 134-139 бб.

33. Г.Р. Мухтарова., Х.А. Айтқұл, Д.Қ. Төлемісова, Д.Қ. Зікірия, Б.А. Железняков, Ж. Құрбанәлі. «Рахат шатқалын мекен еткен ежелгі тұрғындардың жүргізген шаруашылығының аспектілері (Археозоологиялық зерттеулер – Рахат қонысының 2021-22 жж. остеологиялық материалдар негізінде)» // «Орталық Азияның жазба ескерткіштері (аударма және интерпретациялау мәселелері)» атты тақырыптағы «ІІІ Есік оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясы. Есік. 2022 ж. 22 қараша. 121-126 бб.

34. Х.А. Айтқұл., Г.Р. Мухтарова., Д.Қ. Зікірия., Д.Қ. Төлемісова. Қола дәуіріндегі Жетісу тұрғындарының қыш ыдыстары (Рахат археологиялық кешенінде жүргізілген далалық зерттеулер негізінде) // ХАБАРШЫ «Тарих сериясы» / ВЕСТНИК «Серия историческая» / JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University» – №4 (107). Алматы «Қазақ университеті» 2022. – С. 189-196.

35. Г.Р. Мухтарова, Е.А. Джасыбаев, Б.А. Железняков, Т.Ж. Тулегенов, Б.Е. Сатаева. Результаты археологических исследований памятника Рахат в полевом сезоне 2020 г. // Марғұлан оқулары-2022: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 12–13 сәуір 2022 ж.). Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2022. – 200-213 бб.

36. Г.Р. Мухтарова, Т.Ж. Төлегенов, Х.А. Айтқұл, Ж. Құрбанәлі. Кейінгі сақ кезеңіндегі обалардың құрылымындағы өзіндік ерекшеліктері // Еуразиялық далалық өркениет: адам және тарихи-мәдени орта. Еуразия даласы археологиясы V халықаралық конгресінің материалдары (Түркістан қ., 12-14 қазан 2022 ж.). 5 томдық. Алматы-Түркістан: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2022. 2 том. – 265-276 бб.

37. Тулегенов Т.Ж. Археологические работы на могильнике Рахат II в полевом сезоне 2019 г. // «Ежелгі және ортағасырлардағы мәдени байланыстар: Жаңа зерттеулер мен

ашылымдар» тақырыбында белгілі ғалым, археолог, педагог, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология, этнология және музеология кафедрасының негізін салушы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың 100 жылдығына арналған дәстүрлі «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы. 28-29 қазан, 2022. – 130-135 бб.

38. Х. А. Айтқұл, Т.Ж. Тулегенов, Д. Қ. Зікірия, Ә. Ж. Амаргазиева, А.М. Қосжанова, А.Д. Байсабаева. «Есік» музей-қорығының 2022 жылғы археологиялық ғылыми ізденіс жұмыстарының қысқаша қорытындылары // «Орталық Азияның жазба ескерткіштері (аударма және интерпретациялау мәселелері)» атты тақырыптағы «III Есік оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясы. Есік. 22 қараша 2022 ж. – 173-183 бб.

39. Х.А. Айтқұл, Д.Қ. Зікірия. Қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорының қола дәуірі коллекциялары негізінде) // «New Era international journal of interdisciplinary social researches» Халықаралық академиялық-ғылыми журнал (Түркия), желтоқсан 2022. – 194-205 бб.

40. Айтқұл Х.А., Мұхтарова Г.Р., Төлемісова Д.Қ. Тас еңбек құралдары // Абай атындағы ҚазҰПУ ХАБАРШЫСЫ, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(78), 2023. 165-175 бб.

41. Х.А. Айтқұл, Б.А. Железняков, Д.Қ. Төлемісова. Результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021-23 гг. (по керамическим материалам) // ХАБАРШЫ «Тарих сериясы» / ВЕСТНИК «Серия историческая» / JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University» ғылыми журналы. 2023. – №4 (111). С. 227.

42. Х.А. Айтқұл, Т.Ж. Тулегенов, Д.Қ. Зікірия, Ж. Құрбанәлі. «2021-23 жж. Рахат шатқалындағы далалық зерттеулерінің нәтижелері» // IV Есік оқулары «Музей кеңістігінде тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау, зерттеу және

пайдаланудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдар жинағы. Есік қ., 27 қазан 2023 жыл. – 156-165 бб.

43. Х.А. Айтқұл, А.Г. Валеев Д.Қ. Төлемісова, А.Д. Байсабаева. «Рахат шатқалында жүргізілген геоморфологиялық зерттеулер» // IV Есік оқулары «Музей кеңістігінде тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау, зерттеу және пайдаланудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдар жинағы. Есік. 27 қазан 2023 жыл. – 165-182 бб.

## ҚОСЫМША

2023-2024 жж. ҚХР «Shaanxi TV News» телеарнасы Чань-янь-Есік Қытай-Қазақстан бірлескен археологиялық жаңа жетістік жобасы аясында «Жібек жолы Алтын адамы: Есік-сақ ордасын іздеу» атты деректі фильм түсірді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетіне қарасты «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ы мен ҚХР-ң Шэнши провинциясындағы Сиань археологиялық институтымен бірлескен Рахат археологиялық кешенінде жүргізілген археологиялық экспедицияға арналған.

Археологиялық экспедиция 2016 жылдан бастап «Бір белдеу, бір жол» Халықаралық стратегиялық бағдарламасы аясында келісім шарт негізінде жүргізілді. Фильм «Алтын адам» табылған қорымда орналасқан, музей-қорықтың қарамағындағы 8-ші обаға жүргізілген қазба жұмысынан бастау алады.


Фильмнің негізгі идеясы – Рахат қалашығы «Алтын адамның» ақ ордасы, резиденциясы болуы мүмкін деген археолог Б.Нұрмұханбетовтың ұстанымынан туындаған археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі.

Деректі фильмде екі елдің ғалымдарының бірлескен археологиялық зерттеу жұмыстарының барысы тартымды көрсетілген. Көрермен Жетісу жеріндегі сақ-үйсін мәдениеті, сақ-үйсін обаларының құрылымы, Жетісудың тұмса табиғаты мен археологиялық ескерткіштері, тарихи-мәдени мұрасы мен олардың зерттеу жағдайынан хабардар бола алады.

2024 жылы 31 желтоқсан күні ҚХР «Shaanxi TV News» телеарнасынан 50 минуттық деректі фильмнің тұсау кесері өтті. Болашақта фильмді қазақ тіліне аудару жоспарланып отыр.



17-сурет. Рахат қонысы. Аэрофото  
 Рис. 17. Поселение Рахат. Аэрофото  
 Pic. 17. Rakhat settlement. Airphoto







## ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

### РАХАТ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

Мухтарова Г.Р., Айтқұл Х.А., Тулегенов Т.Ж.,  
Зікірия Д.Қ., Құрбанәлі Ж., Дин Янь

*Басуға 18.10.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 170x240 1/6  
Көлемі 21,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым.  
Таралым 100 дана.*